

# Еркінбай ӘКІМҚҰЛОВ

12017  
4619к

Н Е М Е Р Е







Еркінбай ӘКІМҚҰЛОВ

ЖЕМЕРЕ

“ҚАЛАМГЕР” БАСПАСЫ  
Алматы  
2017

ӘОЖ 821.512.122-31

КБЖ 84 (5) Каз)

Ә85 ә 47

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насиҳаттау және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды турлерін сатып алу, басып шыгару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Әкімқұлов Е.

Ә85 Немере. / Еркінбай Әкімқұлов. — Алматы: «Қаламгер» баспасы. 2017 — 285 6.

ISBN 978-601-03-0450-5

Жазушы Еркінбай Әкімқұловтың «Немере» атты жинағына кезінде оқырман қауымының жылы ықыласына ие болған бір топ хикаяттары мен әңгімелері еніп отыр.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5) Каз)

ISBN 978-601-03-0450-5

© Әкімқұлов Е., 2017  
© «Қаламгер» баспасы, 2017

## **ЖАҢАРЫМ – ЖАРЫҚ ДУНИЕМ**

Әлі күнге дейін жан баласына айтпаған, журегімнің терең түкпіріне салып, ақ тұмардай сақтап жүрген сырым еді, саған айтайын, ал сен өзің білерсің. Бәлкім, қызықта көрінбес, өмір де мұндай хикаялар, бұл тексті оқиғалар көп те шығар, оған дауым жоқ, таласып қайтем... кімнің басынан не өтпейді! Шешем: «Пенде, пешенеге туғанда не жазылса, соны көреді» – дейтін. Онда шіп-шикі бала еkenбіз, – күлетін ек: «Осылар бізді тентек болмасын, қорқытып қояйық дейді ғой, мазаны ала беретін болған соң. Эйтпесе маңдайға жазылған деген немене? Қалай жазылады, немен жазылады, ол неге көрінбейді? Терінің ар жағындағы ақ маңдай сүйек шимайланатын шығар» деген ой келетін. Сөйтіп, құрғана адамның бас сүйегін көріп қалғанда үрке тұрып үңілуші ек. Араб әрпімен түсініксіз бірденелер, сызулар салынатын болар деп ойлайтынбыз. Дәнеңде де көрінбейтін. Бертін ұқтық: ислам дінінің қара халықты тізгіндең ұстауға деген бір тәсілі екен. Бұл сүренің Құранда қалай жазалғанын бір Құдайдың өзі білсін, бірақ тіршілік төркініне аударып қарағанда, меніңше, өте бейнелі ой, барынша астарлы айтылған сөз. Дүниеде төрт құбыласы тең адам бар ма? Басқаша айтқанда, «Аңсаған армандарама әбден жеттім, болдым-толдым, дейтін жан табыла ма? Табылса, көп пе, аз ба?.. Ол арасы белгісіз. Кесіп жауап беру қыын ғой. Өмір саған қалағаныңша сатып ала салатын магазиннің майы емес екен, әйтеуір. Алдыңа әкеп қоятын тартымды тағамға да ұқсамайды.

«Өмір деген – бір мұхит, батасың да кетесің. Тәуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің» дейтін көнекөз қариялар. Сол ұлы айдында әліге шекті арпалысып, бірде батып, бірде шығып, өлмей жанталасып келе жатсам, ол, алдымен, мендегі рақатын көре алмаған зор махаббаттың күш-қуаты болар. Ересен алып толқындарда желқайығымның быт-шығыпай келе жатсам, ол да – сол бір қыздың маган мәңгілік сыйласап кеткен сәулелі сағынышы болар. Аты кім еді дейсің бе? Оған асықпайық.

Саған, бәлкім, талайлардың: «Ой, біздің бастан өткен қиыншылықтарды айта берсең, бір кітап болар еді» дейтін әңгімелеріндегі әсер етсе, өзің біл... Қайтсе де, мен қатты тоғанғандықтан айтуға еріксіз мәжбүр бол отырмын.

\*\*\*

Сонымен елу үшінші жылы Алматыға келіп оқуга түстім. Қазір «оқуга түстім, деп айтуға оп-оңай болыш отыр, әйтпесе маңдай терді бес төгіп дегендей, «әупірім тәңіріммен» өткізгенбіз. «Мен ұрлыққа шыққан тұні Ай жарық болды» деп Мәжнұн айтқандай, конкурс деген пәленің бүқпалап кеп бас көтерген жылы болатын. Оған дейін жоғарғы оқу орындарының өкілдері иықтарына қоржынын салып, мектеп-мектеп, аудан-ауданды ара-лап, табандарынан тозып, әр балаға жалынып: «Әкетай-көкетай, оқытамыз, диплом береміз, адам бол шығасың» – деп, әзер жинап әкетеді екен. Соның өзінде «өлдім-талдым» дегенде бір орынға – бір баладан әзер. Нағыз «коммунизм» болған ғой. Сол «коммунизм» тура елу екінші жылдан асып, елу үшінші жылға жеткенде телпегін көтеріп шыға келгені бар емес пе!

Бір орынға төрт жарым адам таластық. Нан талаптар көп. Қазіргідей бір баланың соңынан екі-үш кісі өкпесін үстал ауырып жүретін заман емес, өңжей, ақ ауыз, үр-пексары балапандар не көрсе, өздері көретін. «Кон-

курс» деген сөзді де тұңғыш естуіміз, тұл-төркіні «талас», «жарыс», «бәйге» дегеннің төңірегі болса керек. Ат бәйгесі, құнан бәйгесі дейтіндер рақат қой: жиырма-отзының қиқу сап жібересің де, қайтып келгенше қалпағыңды қолыңа алып қарап отырасың. Кімдер озып келді, көзіңмен көресің, қолыңмен ұстайсың. Әділ шаршы топ куә. Құлагердің қылтасын қигандай қияннаттық ат жарыс та үнемі бола береді дейсің бе! Ал дүниедегі ең қыын бәйге – адамдар бәйгесі. Онда көзбен көруге болмайтын, қолмен ұстaugа келмейтін тобықтан қагулар боп тұрады. Шүкір, әйтеуір, ең алғашқы конкурс боп, балапан басымен, тұрымтай тұсымен, ешкім әлі жағдайға бейімделіп ұлгермеген, тобықтан тотаймай озғандар оқуга іліндік қой.

Алып үшқан көңілге білінбес қанат біткендей. Қарлығаштың таңғы самалы ауада шарықтап сыпсың қаққаны сияқты. Мына жарық дүние, әділетті аспан, таңғажайып табиғат ақ жаныңды әлдилеп, қытырыңды келтірер қисапсыз мол қуаныш нұрын шашады. Бұл галамда адамнан мықты не бар еken! Оның тегеурініне төтеп беретін нәрсені білмеймін. Жеңемін десе, жеңеді. Жасаймын десе, жасайды. Жер бетіндегі жеті ғажайып та соның қолынан шыққан ғой. Шындал оқимын деген адамға институтқа тұсу деген сөз бе еken! Химия, физика дегеніңізді бір табаққа тұздықтап, мұғалімнің алдына қоя салғанда, ауыздарын ашып, тамсанып отырып қалған жоқ па! Осыдан екі ай бұрын, он жылдық бітірерде, арман боп тұрган медицина институты тақымының астына бір-ак түсті. Қолымда – жатақхана берген ордер, танауым делдиіп, орынды-орынсыз әдемі тұрган көзілдірігімізді қайта-қайта жөнде, шірене басып келемін. Үстімде ағайым бір жыл киіп, оқуга жүрерде маған берген қызығыт күлгін коверкот костюмім бар. Сәл қолпылдаған кеңдігінде жұмысым жоқ, өзімше қабығын аршыған пияздаймын. Мұндай бал шырын көңілге кім кесе-көлденең келуші еді?

Ордерді жатақхана комендантына ұсынып: «Ал, енді, құдаги, әкеліңіз алақанға ақ төсекті», – деп түрмын іштей масайрап. Мұрыны пышақтың қыры секілді еңгезердей ұзын әйел еш жылуы жоқ тұздай көзімен қарап:

– Бар, ким-кешегіңді түтел алғып кел, осы жерге, – деді де, үстімдегі әдемі, бірақ сөмпендең тұрған костюмді көріп: – Мұны да шеш, тапсырасың, – деді.

Түсінбедім, аң-таңмын. Басқа жұртқа қарасам, бәрінің қолында бүктеп-бүктеп белінен бір байлаған әртүрлі киімдер. Мән-жайға ертерек қанығып қалғандары маган түсіндіріп жатыр.

– Иіс-қоңыс қалада қыдырмау керек екен. Сейтіл түгел жалаңаштап отқа қақтамақ. «Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма» дегенді білмесе керек бұлар.

– Медицинаға түскен жігітке сол тілмен айтсайшы: санитарлық дезинфекциялаудан өткізбек.

Мениң есіме чемоданымдағы қара былгарысы жылтылдаған кожанка түсті. Оны да үлкен ағайым берген. Ішім күйіп барады, жылап жіберуте шақ түрмын.

– Жоқ, – дедім комендантқа жетіп барып, – күйдіруге беретін қос-қостан киім жоқ менде. Айтыңыз, кімнен рұқсат алу керек. Барамын мен сол кісіге, Құдай болса да! – Марқұм әкем анық ашуға мінгенде, осылай өргөжеттікке басатын еді. Мен де салдым сол қайсарлыққа.

– Немене дейсің! – деп шаңқ ете қалды комендант. Ыққаным жоқ, долы намыс қамшылағандай.

– Кім әмір берген “өрте” деп? Айтыңыз, тұра соның өзіне барамын.

Жаңағы көкшіл көзі зәр шашып қандаладай жарылайын деп тұрған комендант әйел, енді ішек-сілесі қатып күлмесі бар ма! Сүк қолымен мені көрсетіп, бауырын басып сықындарды ұзақ. Оған біраз жарамсақ қосылды. Әжуалады. Жыным ұстап әзер түрмын. Әлден уақытта күлкісін басып:

– Бар, директорға бар (ол кездे институттарда

директор болатын), рұқсат әкел! Қарай гәр, өзінің шашарын! – деді айналасына мақұлдата қарал.

– Қорқады дейсіз бе! Да лада жатқан дүнием жоқ.

Директорға келдім. Қабылдаудында тосып отырған ешкім көрінбеген соң, секретарьшасынан сұрамай кабинетке қойдым да кеттім.

Кең бөлменің төрінде газетті тігінен құлаштал жайып қадалып отыр екен директор. Басы көрінбейді. Газет ұстаган салалы саусақтары жұдырық боп түйіліп мені тосып тұрғандай. Бастапқыда тіксініп шошып қалғаныммен, бойымды тез жинап:

– Рұқсат па, ағай! Саламатсыз ба? – дедім.

Жауап болған жоқ. Сәл бөгеліп тұрдым да, қарсы алдындағы бос орындықтың оң жағындағысына жайлап отырдым. Маған қарал көз қызығын салмады да. Адам келді-ау, ит келді-ау демеді. Әлі отырмын. Мұрнымды тартып жөтеліп қоямын, тамағымды кенеймін. Назар аудармайды. Нәл

– Ағай, мен сізге келіп ем. Өтінішпен...

– Үм-м... – Басын көтерген жоқ, сол газет құшақтаған қалпы.

Мен әдел сақтап тағы тостым. Бір қызық зат оқып отырған болар, ойын бөлмейін дедім. Талай уақыт өтті.

– Ағай, мен бір өтінішпен сізге келіп ем...

– Үм-м...

Назар аудармады. Бүкіл ынтасы газетте. Ақыры «ым-м» дегені: «айта бер, шаруаңды, бір құлағым сенде» дейтін тәсіл-ау деп, жинап келген ашу-ыза, арызарманымды асығыс айтып шықтым. Не дер екен деп бөгелдім. Үн жоқ, газет оқып отыр. Аздан соң тағы да:

– Үм-м! – деді Бұл неғылған «ым-м»! Үққан-үқпапанын сезу қиын. Келеке, әжуга құсал көрінді Комендант сайқымазақ күлкісін ашық, айдан анық білдіріп еді, мынау онан асқан жұмбақ болды-ау. Енді тіпті намыстанайын дедім.

— Негылсаңыздар да сонау Керекудің аққұмынан алғып келіп отқа салатын айып тоным жоқ, сіздерге... — деп булығып барып тоқтадым.

— Тоқта, бала, — деп директор басын көтерді. Үнінде жылы биязылық байқалды.

— Не айттың? Қай жерден дедің? — Бір қылыш таңданыс білдіріп, шынымен сұраған секілді.

— Сонау алыс Павлодар облысының Аққұм ауылынан келіп ем, — дедім, мен де даусымды барынша жұмсартуга тырысып. Мейірі түсе ме деп үміттеніп тұрмын. Газетті жинастырып қойып, енді маган ойланған қарады. Коверкот костюмнен басқа жылтыр қара былғары күртепі қолтығыма қысып алғам. Әрі-беріден соң қысылдып терлеп кетсем керек:

— Теріңді сұрг, саспа! — деді сәл жымышп. — Тура Аққұм ауылынансың ба? Атың кім? Фамилияң кім?

— Заңгар... Тайбагаров.

— Бірінші курсқа түстің бе?

— Иә...

— Аққұмда қазір кімдер бар?

Мен түсінбей қалдым. Мұндай сұрақты күтпеген болуым керек. Оны ол да байқады.

— Тайкелтір деген кісіні білесің бе? Бір кездे сол ауылда тұрушы еді.

— Білем. Ол кісі менің әкемнің агасы.

Ол сенерін де, сенбесін де білмей аныргандай. Элденеге ойланып қалды: «Мына қу кіріптар боп отырган соң, қосып жіберген жоқ па екен?» — деп күдіктенген тәрізді.

— Кәне, Тайкелтір деген қандай кісі, суреттеші? — Мен сол иығымды қиқаң еткіздім.

— Қалай?

— Тұс ерекшелігін, кескін-келбетін айтып көршідеймін.

Мен енді байқадым: манадан бері нанбай отыр екен айтқандарыма.

— Образын жасайын ба? — дедім сәл қуланып. Образ деген сөзді мектептен ұнататын ем. Тайкелтір атамды суреттемегендеге, кімді суреттемекпін.

— Портретін бер!

— Қапсағай ірі денелі, көзі бүркіттің көзіндей, орақ тұмсық, көкпар тартуга жараптандай ұзын қолды, алғып бойшаң кісі. Тұлғасы тік, өн бойында артық-аспай бір қырым ет болған емес. Оң жақ қабағының астында теңгедей қалы бар.

— Тоқта, тоқта! Болды. Түсінікті.

Мен тоқтагам жоқ, атамды қолмен тудырып, өзім тәрбиелеп өсіргендегі жеріне жеткізбей бейнелесем деймін.

— Сағат неше қазір?

Мен қабырғадағы бауы салбырап тұрған сағатқа қардым. 5-тен асқан екен.

— Жүр, бала, кеттік. Атың кім дедің?

— Заңғар.

— Жүр, Заңғар, кеттік.

Атымды айтқанына ішім жылығанымен, әлденені босқа бұлдіріп алдым ба деп, екі ұдай әре-тәре күйде орныман тұрдым. Тайкелтір атамды қайдан біледі бұл кісі? Текке мылжындағым-ау деймін. Шешем баз бір уақытта кейіс білдіріп: «Сөзге үйірлеусің, балам. Артық сөз ақылдылықтан шықпайды» деуші еді. Жоқ бәлеге бастамаса нетті!. Кешегі Ұлы Отан соғысында өлген әкемнің көзін көрген киімдей бір қолпылдаған костюм мен қалбырақ қара тон үшін ойламаған, орынсыз жазаға ұшырап қалмасам жарап еді «Жұртпен көрген ұлы той» деп басқа студенттермен бірге өткізе салмай, елден ерекшеленіп өзіме де обал жоқ. Күдігім тағы көбейді. Таңғалысым өз алдына. Атамды танитын бол шықты гой. Қалай? Осы сауал көңіліме келді, қынаптан суырған қылыштай сұрай салдым.

— Сіз менің атамды білесіз бе?

— Жүр, оны кейін естисің. — «Кейін айтамың» демеді  
Әлі зілі бар сөз бе мынау! Даусында бірақ салқындық  
байқалмады. Тәуекел, не де болса!..

Көгілдір тұсті жап-жаңа «Волганың» артқы есігін  
ашып, иегін қақты. Ішке кірдім. Көгілдір пұлшыпен  
қаптаған екен... Сыза жөнелдік...

\*\*\*

Машина жасыл қақпаның алдына кеп тоқтады. Қа-  
ланың тау жақ сырты екен, біршама жүрдік. Көшелерге  
қарап отырдым. Ленин проспектісінен де өтіп кеттік-  
ау деймін. Жол-жөнекей ол кісі де тіс жармады, мен  
де апамның айтқан ақылын еске алып, аузымды жауып  
отырдым. Тағы да сөзден сөз туып, әлденені бұлдіріп  
алсам... «ұн демеген үйдегі бәледен құтылады».

— Мана-ар! — деп, дауыстады директор ағай жасыл  
қақпадан кіріп, есіктің алдына барғанда. Жұмсақ, жылы  
үнмен айтты. Мен бес-алты қадам кейінде келе жат-  
қанмын, үйдің алыс түкпірінен шыққан майда сыңғыр  
дауыс естілді. Сыртқы есік ашық екен.

— Манар, бері шық, сырттан қарсы ал, мен бүгін ерекше  
қонақ шақырып келем. — Іштен бөгелмей толықша, жүзі  
жарқын, ақ құба әйел жайнап шығып, сәл құлімдеп  
қолын ұсына берді. Мұндай тәртіптен беймағлұм ауыл  
баласы, мен байғұс, сәл аңырып: «Сәлеметсізбені» де  
айтар-айтпас қос қолымды ала жүгірдім шалдарша.  
Қызырып, ыржалақтап тұрсам да, ағайдың «шақырып  
келдім» дегенін көкейіме түйіп қалдым.

— Бұл, — мені таныстыра бастады директор ағай, — әлгі  
өзіңе жыр ғып айтатын Тайкелтір ақсақалдың баласы  
екен. Көктен іздегенім жерден табылып, үйге алтынның  
сынығын әкелгендей болып отырмын.

Әйел бір тұсті ықылас пейілмен:

— Үйге кір, қалқам. Ұялма, — деді. — Бүгін жүрегім  
әлденеге алып үшқандай болып еді, осы қуаныш... Қымбат

кісіміздің, өзін көрмесек те, көзін көрүте бұйырып тұр екен ғой. Киімінді шешпініп, жуынып, дем ала тұр, қалқам.

Екі дүркін айтылған «қалқам» деген жылы сөзден соң аздал еркіндік сезім туды. Шешем «айналайынды» айында-жылына бір естіртетін, мінезі қаттылау кісі еді. Мына кісі қас-қағым ішпінде, қос қалқаны құшақтата салды. Жан-жағыма көз тастадым. Кіреберіс ауыз үй әдемі тәргіппен жиналыпты. Аяқкиімдер тұрган ағаш-ұялардың бір босына апарып су жаңа қоңыр брезент туфлиімді қойдым. Ақ сәтенмен қымтаған киім ілгішке қара былгары тоным мен коверкот костюмімді ілдім. Киімдеріме көз қызығымды тастап, оңаша қалған бұл сәтте өзіме-өзім риза болып тұрмын. «Молодец Занғар!» Комендантың сөзіне қайыса кетсөң ғой, мына тұғалы үстіңе киген тәп-тәуір дүниелер ендігі қамырша иленіп жататын еді даусыз. Оны былай қойғанда, бұндай танысуға жүз жыл тілек қойғанмен жете алар ма ең, жете алмас па ең. Институттың директорының өзі құрметпен қонақша шақырды. Қапыда айрылып қалған бауырымен қайта табысқандай құшағын жайып қошемет көрсетеді. Қандай қиялдасаң да, тіпті түсіңе кірмейтін нәрсе ғой. Бейне бүгінгі күннің ертегісі дерсің! Не де болса енді өлмейтін шығармын деп ойлап қоямын. Шешем айтушы еді: «Пендесіне жақсылық етейін десе, жаратқанға қын емес», – деп, сол жаратқанның жетімегіне жіберген бір жапырақ бақыты да. Жерге қаратсын ба!..

Біздің елдегідей қара құман емес, бұрап қалсаң мөлдіреп өзі келе беретін тегін суга әтір сабынды аямай көпіртіп, мәйкінің жартысы малмандай болғанша әбден жуындым. Онынши кластың ақырында қойған шаш, қазір мысық мұрттанбай қайырылып бәтуа-бітімге кеп қалған, жақсылап тарадым. Бәрі ойластырылып есептелген ғой. Жағасының кей шетіне аздал кір дағы түскен көйлегімді сәл тыжырынып киіп болғанда, ішкі үйден директор ағайдың даусы естілді:

— Заңгар-ау, Заңгар!

— Не, агай!

— Мұнда кел! — Дауыстың қай бөлмеден шыққанын толық аңғармадым. Оň жақ есікті аштым, ешкім көрінбеді. Сол жақ есіктен сығалап ем, жан байқалмады. Қарсыдағы бөлме де бос. Оның жанындағы бір есікті ашқанда, телефонмен сөйлесіп тұрган агайды көрдім.

— Мені шақырыдыңыз ба, агай?

Сөзін бөлмей, маған сол қолымен жатаган жұмсақ отырғышты көрсетті. Ұққаным жоқ. Телефонның бір үшін басып:

— Креслога отыра тұр, — деді маған. Сейтіп әлгі жатаган жұмсақты нұсқады. Ақырын жайғастым, былқ ете қалды. Қалың сабанға құйрығынмен түскенде осын-дай болатын еді.

— Иә, иә, — деп сөзін жалғады телефонға. — Сол ауылдан, баяғы ауылдан. Иә-иә, Аққұм... Ол жағын әлі сұраған жоқпын. Кім білсін? Тез келсөндерші, көресіндер гой. “Телефонға шақыр” дейсің бе? Ол сактығыңыз ба, сағынышыңыз ба?

Әңгіме мен туралы болып жатқанын сезіп отырмын. Бізге ынтыққан тағы біреу болды.

— Бері кел, мына кісімен сөйлес, — деп, агай телефонның сабын қолыма ұстата берді. Бірінші рет алым. Баспақтың тоқпан жілігіндегі бар екен. Бір басын құлағыма кептеп, екінші тілік-тілік дөңгелек тұсын аузыма әкеліп, қатты жөткіріп алдым. Одан кейін: «һы-һым», — деп даусымды кенедім. Тәртіп осылай болатын шығар деймін өзімше. Тыңдал тұрмын. Құлағымның әргі түбінен кеп өзі қалың қамыстың арасынан көрінбей қырқ-қырқ еткен жабайы үйректің үніндей бірдене естілді. Одан әрі аңырып есуастарша тұра бермейін деген ой келді ме:

— Мен бала емеспін! — Біздің жақта қыздарды бала деп атайтын әдеті бар-тын. Шатастырып тұр-ау деп ойладым. — Мен ұлмын. Қай ұл керек сізге? Иә, Тайбағардың

баласымын. Қанша перзенті бар дейсіз бе? Үшеу. Мен – ортаншысымын. Атым – Заңгар. Үлкен ағайымның аты ма? Қалдар. Тайкелтір атам қуатты жүріп жатыр.

Сонан соң «Жарайды, ағайыңды бер», – деген сөз айтылды да, үні шықпай тым-тырыс бол кетті. Мен біткен шығар деп дағдарып ем, директор ағай кеп қайта алды қолына.

– Ха-ха-ха! – деп күлді ол. – Сен, немене, жас жігітті сонша тергеуте алғаның! Ол саған қырдан келген қарақшы гой деймісің, әлде ауданға ақпар беріп тіс қаққан есепші деп отырсың ба? Онан да Багила екеуің тездеп келіңдер де, бауырларыңды көріңдер. Көрімдіктеріңді ұмытпаңдар. Давай, давай! – Телефонды орнына жайгастырып қойды да, әлі состиып тұрган менің арқамнан қақты. – Осында бір ағайың тұрады. Елден ертеде кетіп қалған. Солар келеді қазір. Қысылмай еркін отыр. Бүгін осы үйдегі ең үлкен қонағы сенсің.

Қала бетін алғаш көрген, оның алпауыттарының арасына тұңғыш тап болған ауыл баласы бірден мажығып қалмасын деп тұр-ау, еркелетіп алақанымен сипап қояды. Жалданып өсіп қалдым, арқа жүнім көтерілгендей.

– Иә, есіме тұсті, атам айтып қоятын оқта-текте. “Жоқшылық, жетімдік әлегімен ауылдан ертерек кетіп, өз бетімен оқып, Жетісу жағында қызмет істеп жүрген аталас ағайынымыз бар” деп. Ұмытпасам, прокурор дейтін. Сол болмаса...

– Дағыс, дәл таптың, Заңгар. Және біраз аға-женғелерің болады. Сен енді кәмелетке толып, азамат қатарына қосылдың. Дастанқан басында кішімін, жаңа жүздесуім деп жасқаншақтама, сөз реті келгенде әңгімеге араласып отыр.

Соны салмақпен ойға сіңімді, байсалды етіп айтып, енді өзі байыздалп отырмай шығып кетті. Шаруа жабдығына шықты ма екен. Бас қонақпын деп бағжиып қалмай, қолғабыс берген жөн шығар. Шиырылған асықтай ауыз үйге бір-ақ аттадым.

— Кәне, тәте, неге көмектесейін, айтыңыз, — дедім. Туа бітті осы үйдің адамындағы, қысылу-қымтырылуды қойып, жайраңдал тұрмын. Қолға іс тисе, көлде жүзген балықша сырғымақпын. Манаң тәтей елпілдеп жүзіме құмарта бір қарап алды да:

— И-и, қалқам-ай, ауылдың баласы осындағы адам жатырқамайтын бауырмал ғой, кел, көмектесе ғой, айналайын! — Сипаттамасын да, қуанышын да бірден бағыштады. Онысы жаңыма майдай жақты. Әсіресе “ауыл баласы” дегенді соншалық жылдылықпен айтқанда, жәшіктегі неше түрлі бөтелкелерді сүртіп кеттім. Әрқайсысын айнадай ғып ысқылап жатырмын. Иненің көзіндегі қылау қойғам жоқ, ішкені ішіп, ішпегендері осы шынылардың жүзін көріп отырсын. Ақыры бұл менің тойым болғалы тұр ғой. Соңан соң үлкен бөлмеге апара бер дегендерінің бәрін тап-түйнақтай еттім. Құрақ ұшып жүрмін, әшейіндегі қолапайсыздық нышаны да жоқ. Бұл ептіліктің қайдан келгенін өзім де біле бермеймін. Неткен қуаныш, неткен бақыт! Лақтырган тасың тауга өрмелейін десе, қиын емес екен ғой. Директордың үйі түгілі, есігінен сығалай алмайтын жаман студент енді бір сәт төлтумасындағы тайраңдал жүр.

Әп-сәтте есік пен төрдей ұзын үстелдің үсті ішіп-жемге тұнып қалды. Неше түрлі тағам, неше түсті ішімдік. Маған тамақтардан көзіме оттай басылғаны — майдалап тураған қазы-қарта мен ақ тегенеге құйылған қымыз. Өзгесінің бәрі атын да, затын да естіп білмен бейтаныс дәмдер. Қайсысын қалай жеп, қалай ішетіні жалғыз жаратқанның өзіне ғана аян.

Қонақтар келе бастады. Дабыр-дұбыр, қызу-жарқын дауыстар шықты тыстан. Екі иығына екі кісі мінгендей балуан тұлғалы біреу күжілдеп сөйлеп, қуыршактай ақ қағаз келіншекті көбелек құған балаша айдал кірді. Даусы арыстанның үніндей екен.

— Қайда, әлгі біздің бауыр, қайда? — деп гүрілдеп қояды.

— Немене, жаңа түскен келіншектей тығылып, көрінбей ме мына аға-жеңгелеріне?!

— Ассалаумагалайкүм! — деп ұлken бөлмеден жүгіріп шығып, коридордың ортасына кеп қалған атандай кісіге қос қолымды ұсына бердім.

— Ой, айналайын, келші кәне! — деп етшең жұмсақ оң қолын ұсынып, сол қолтығына қапсыра тартып, иығымнан ақырын-ақырын қағып қойды. — Міне, жігіт болған деген осы. Бек әйбат. Бар, енді, жеңгеңе сәлем бер.

— Армысыз, тәтей! — Манадан бері қара торы өніне қызыл жалқын қуаныш қаны ойнап, күлімдеп тұрған тал шыбықтай әйелге ұлken ықыласпен амандастым. Күріштей аппақ тістерін көрсетіп:

— Бар бол, төрем! — деп шашымнан сипады. Екеуде де мейлінше іш тартқан жақындық көрсетті. Ертеде ажырап қалған аталас тумамыз осы болар деп тұрмын. Базардан әкесі келген жас баладай мәз-мейрам күй.

Төңкеріліп, дөңкиіп түскен сиырдың қарыны секілді бүйірі жұмсақ диванға кеп орталарына алып отырды. Жағдай сұрап жатыр.

— Ауыл-әл түгел аман ба?

— Қашан шықтың, қашан келдің?

— Тайкелтір аға әлі күйлі ме?

— Шешеңнің дені-басы сау ма?

Мен де түк қалдырмай нақпа-нақ жауап беріп жатырмын.

Қонақтардың бас-аяғы жиналып болған соң, жүргі дастарқан жайылған үстелді қаумалай қоршап отырды. Директор ағай менің қолымнан ұстап, ұзын үстелдің төр жақ басындағы жеке орындыққа жайғастырды. Бұл да мен күтпеген тосын жай, қысылып, денем ысып, көрікке түскен шоқтай қызарып кетсем керек:

— Багана ұялма дегенім қайда! — деп сыйырлады сый ағам құлағыма тақап. Жүрегім сәл орныққанмен, тізелерім дірілдеп, ішкі әлемнің өрекпүі әзір басылар

емес. Көптің сұсы басады деген осы. «Көп қорқытады, терең батырады», бірақ сол көпшіліктің ішінде мен де бармын ғой. Бар болғанда, шынтуайтқа келгенде, осылар дәл бүтін мен үшін, мені сұлтау қып жиналып отырған жоқ па? Қысылып, қызаратындаі әлдекімнің бау-шарбагынан аттамаған секілдімін. Не болды сонша! Қазір болса болған шығар ығай мен сығай. Әйтпесе бұлар да осыдан жиырма-отыз жыл бұрын маған ұксас жалбыр тонды, жалаңаяқ бала болмады дейсің бе? Болғанда қандай?! Мұрындарының сұы кепсе, кепкен шығар. Тіпті бұлар шынардай шалықтап бұтақ жайып кеткенмен, қастарында бала терек болмаса, өңкей шынар неге сән?

— Інім, тамағынды же, қысылма, — деді оң жағымда төрде отырған жонып жасағандай бітімді, қыр мұрынды көрікті еркек.

Өзімді-өзім үгіттеп, бірқыдыру есімді жисам керек, манағы асау тайдай бастықлаған қалышыл, діріл сейіліпті. Алдыма жеке тәрелкеге бөлектеп салып қойған тағамды шөп-шаламынан қоса қарбытып жібердім. Алдымен қазы-қарталары кетті жөнеп. «Ас ішсөң, атауындаі іш» деген. Өзім де түскі тамақтан бері нәр татпаған ашпын. Оны өзегіме ас барғасын байқадым. Қарбып асаған халықтың ар жағына ел қонатындаі уақыт өткенде, шетте отырған директор ағай орнынан тұрды.

— Ал халайық, достар! Рюмка, бокалдарға түгел құйылды ма? — деп өз сұрағына өзі жауап берді — Құйылды ғой деймін. Онда бір сәт құлақтарыңыздың еркін маған берсеңіздер. Құрышын қандырайын. Ал егер қандыра алмасам, артық жайылған ықыластың оқасы болмас. Қайткен тұста да жақын жүргегімнің жанынан орын берген достарым, сендер осы сәттен етпісірім уақыт бұрын басталған біз Манар екеуміздің жанымыздың сексеуіл шоғындаі қызулы бір шағын қызықтау үшін бас қосып отырсындар. Шет жағасынан деректер де бол қалған шығарсындар. Мен сонау бір

қыын-қыстау замандағы жоғалтып алған бейкүнә бозбала шағыммен жадырай жұздескен халдемін қазір. Оны есіме салған, тоғыз қабат сандықтың түбінде жатқан сырымды құпияда кілтін тауып ашып берген – мына бала жігіт, – деп, маған қарай қолын созып, алақанын жұмсақ жайып көтерді. Орныңнан түрегеліп көрін деген ишарат. Орнынан түрдым. – Заңгар! Мұны, осындай қырдың киігіне Алтайдың маралына ұқсаған бота тірсек таза мөлдір қалпымен табиғаттың өзі тәнті етейін деп айдал әкелген болар. Отырағой, қалқам, – деді маған электр шамына көзі жұлдыздай жалт етіп. – Дәл осы Заңгарға жетер-жетпес оң-солымды таныр-танымаста маған, енді ойлап қарасам, баға бойламас жақсылық жасаған бір адам болған еді. Ата-анадан ерте айырылып, әр есікте бір жүргенде, менің кітапқа ынталды көріп, кейбір жаман ағайынның сол үшін талай таяққа жыпқанында араша боп, ақырында неше күндік үлкен жолға өзі атқа мінгестіріп әкеп, Ертістен өткізіп, Керекуге жеткізіп, одан үлкен қалаға жетерлік қаржысын беріп, «бетіңнен жарылқасын» деген асыл азамат бар-тын. Кейінде етекжеңді жиып, ес кірген соң талай хат жазып, бір хабарына зар боп қойғандай ем. Асырып айтты демендер: сол өлген үмітім тіріліп, өшкен ойым оянып, ару анадай еміреніп тұрган жай бар. Мені тағдырдың жолайрығынан кездесіп, қараңғысынан құтқарып, сәулелі жағына қарай жөн сілтеп жіберген кісі, мына Заңгардың атасы – Тайкелтір деген ақсақал бұл дүниеде әлі бар екен, тірі екен. Сол кісінің есендігі үшін, жақсы зәу-зәу, үрім бұтағы үшін. Бәйтеректей бөлек біткен қария бір мен емес, талай жыртық борбай жетім-жесірге пана болған шығар-ау!

Директор ағай осыны айтып, қазтабан, тырна ұршық стақанды жоғары көтерді. Сол кезде жүрттың бәрі жапатармағай «жә» десіп, қолдарына рюмка бокалдарын ұстап, орындарынан түрегеле бастады. Міне, мәселе қайда жатыр?! Менің атама көрсетіліп жатқан құрмет болды

гой бұл. Не жайсанды аяғынан тік тұрғызды-ау қасиетті қария. Ауылға барғанда жыр қып айтып, рақат күйге бөлөрмін-ау!

Қуандан мен қорыққан барабар демекші, мен мына көрініске өзімше елтіп бөгеліп қалған екен, құрметтеуші агайын келіп, қолыма шампан құйған бір үршық стақанды маған да ұстартты:

— Іш осыны, ештеңе етпейді, жүргегінді басасың. Мына кісілермен соғыстырып шық. Соңан соң сені ешкім қыстамайды.

Мен қол алған кісішіне қайта жағалап, тырна тірсекті тегіс зыңғырлатып шықтым да, бар пәрменіммен сілтеп салдым. Тілеуінді бергірдің кеңсірігімді жарып кетпегеніне шүкірлік еттім. Бұрын елде дәмін татып байқағанда, қырдың жазғытұрғы жуасындағанда өсер ететін еді. Тегінде, өзінің жұту ережесіне қайшы келсем керек. Енді зерен кесеге құйылған қымызды ішіп, жеңілденіп серги түстім. Айналаның бәрі жарасымды да бапты қүйіне келген екен. Балқып отырмын.

Ағай енді бір сәтте әңгіменің тиегін маған бұрган екен. Жекелеп таныстырып, соңында өзіне жетектеп келтірген коверкот костюм мен қаудырлақ тонның хикаясына түсті. Атамды суреттеген жерімді айтып тағы мәз болды. Сөйтіп шыны ма, сыны ма мен күтпеген бір оқыс әзіл айтып қалды:

— Қаласаңдар, біздің Заңгар қазір бәрінің образ, портреттерінді беттеріңе қарай айтып шығады.

— Немене, баланы сонша ұялтып, — деп Манар тәтей қарынан тартып еді, көңілдері шампаннан соң кемпірқосақ атқан көп, отқа май құйғандай лап ете түсті.

— Жасау қолыңнан келсе!

— Айтсын, тыңдайық!

— Мүмкін, ішкі жан дүниемізді, мінез-құлқымызға дейін ақтарар.

— Өй, қойсандаршы!

Бұл сөздер мені шапқа тұртуден гөрі есіркеу құсан көрінді «Тоқтай тұрындар», – дедім ішімнен. Шампаның кемпірқосағы біздің іште де бар шығар. Мектепте көзіне қарап ойын оқу, ажарына қарап мінезін тану дегенді шығарғанымыз бар еді.

Аз ойланып отырдым да, жасықтық жасамайын, тоным су боп бара ма деп, тәуекелге тарттым.

– Несі бар, айтсақ айтамыз, – дедім еңсемді көтеріп. Мұндай құқайды күтпеген жұрт мынаның шыны ма дегендей аңтарылып қалды. Мен: “Қане, қайсынан бастайын?” – дегендей жағалай бір-бір сүзіп шықтым.

– Қойындар, – деді әлдекім, – баланы тәлкек қылмай!

– Қоятын дәнеңе жоқ, айтылған сөз – атылған – оқ, – дедім тайсалмай. Бетім былш етпейді, барым да, нарым да дегендей түр мендегі. Әлі сенімінен гөрі қызықтағаны, таңданғаны басым секілді. Сәлден соң алды тіксінген кескін байқатты: «Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты». Құлағым, расында, дедие шошайған, қадалып қараган кісіге құлкі шақыратын құлақ еді. Әйелдердің жеңілтектеу біреуі мырс етіп төмен қарады. Мейлі. Дүние кезек, бізге де күлетін сәт келер. Рұқсат тосып отырмын.

– Тілеп тұрган аурудың емі жоқ, көрсетсін бала сәуегейлігін, – деді он жағымда отырған келісті қараторы кісі.

– Онда тұра сол ағайынның өзінен баста. – Бұл директордың берген желі.

– Маған бәрібір, – дедім мен. Сөйтіп қамшылар тұсымдағы қыр мұрынды, жарасты әдемі, сұлу бітімі бар, көз жанары мейірімге толы кісі ілкі шапағат сезім тудырады екен. Сузіле қарап, ойымды термелеп кеттім.

– Атам қазақ: «түсі келгеннен тұңғым» деп тегін айтпаған шығар. Сымбатты тұлғаныз бер мейір-бан жүзіңізге қарап жоталы парасат көргендей боп отырмын. Өзінен гөрі халқының қамын ойлайтын жүрегінде діттегенінен таймайтын жарық жұлдызы бар

азамат ағасы болсаңыз керек. От шашқан жанарыңызда ең сүйсінерлігі – еш өтірік жоқ. Тартысқанда тұлпардың белін үзетіндей табандылық теуіп тұр. Халық мұддесі дегенде айла амалыңыз да аз болмаса керек. Тек күндердің күнінде сырт сұлулығыңыз ішкі жан байлығын жеңіп кетіп жүрмесе?! Сырт сұлулыққа жерік әйел деген қауым бар ғой.

Мен ойымды өстіп тамамдай бергенде, манадан мелшиіп тыңдал, міз бақпай отырган адамдар түйе қарын шөп жанғандай ду етіп, мәз боп күле бастады. Көп оқыған кітаптардың қайсыбір абыздарша бұлай сарнап кетермін деп үш үйіктасам түсіме кірген бе?! Тартынайын дедім. Әр нәрсенің шегі бар, әзіл-ойын кемерінен шығып кетіп жүрсе, қаудыр тонның көкесін сонда көремін. «Аяз би, әлінді біл, құмырсқа жолынды біл». «Абырой деген деп үтатын болсақ, осы да тақияға тар келмес». Менің енді бұл сәтте үнсіз қалып, сай-саланы қуып кеткенімді аңгарып қалды-ау деймін. «Оны болсаң, келесісіне көш», – деп қаумалады. Шаттана күліп, ризалық пішін білдіргендеріне қарағанда, көп ауа жайылmasам керек. Бұл сезім тағы да тау бұлағындей екпін әкелді. Адамның он қабат ойын оқу – арқа талып аруақ шақырумен тең. «Жығылсаң, нардан жығыл» деген емес пе мәрт халықтың мәтелі.

– Енді келесі кісіге!

– Тоқтамай бағаңды бере бер.

«Жарайды. Тілектерің сол болса», – деймін ішімнен. Көрген-білгенімді, оқыған, естігенімді аянып қалмаспын.

Бал ашып, бағасын айтатын екінші кісі – жаңағы мақтаған ағайдың оң жағында отырган қабагы қатың-қылау, дөңгелек жүзді әйел. Зайыбы болуы лазым. «Атының сыры иесіне мәлім» демекші, кезегі келгенде жаратпаған сыңай танытып, тымырайып қалды. Өтірік болса да жайраңдаған жасанды қалып іздеген жоқ. Мейлі:

– Пішім мол болғанымен, мол жаратылған даналық қасиетті көре алмай отырмын. Ел анасы дерлік шал-

қып жатқан ақылдың етек-жеңі білінбейді. Заты-жаратылысында адамға пайдасы да жоқ, залалы да жоқ, өзіне деген жақсылықты қара қылды қақ жарғандай бөліп ала білетін пияздай пысық кісі. Елге жетпегенмен, жерге жетер ақыл парасаты бар. Соны кейде көпсініп, жұртқа бағыт-бағдар сілтейтін болады. Қайсыбір жаманатқа тән қақаң-сұқаңы, сыпсың сөзден үршық иретін қылышы жоқ, ойын көлденеңінен жайып салатын ер мінезді адам. Сонысынан талай жұрт именеді, талай жұрт сыйлайды. Жекебасына қонып жатқан бақ болмағанымен, талайы зор дәuletке еншілес қонған жан. Сонысын төкпей-шашпай, ысырап етпей ұстай біледі. Ризамысыз, тәтей?

Әйел сыпайы жымып күлді. Сыр берген жоқ. Қабағындағы жаумайтындей бала бұлт бұл кезде сейіліп қалған екен. Қалған жұрт әлгіндегідей ду етіп мәре-сәре бола қоймады. Маңғаз әйелге қарап көздерімен құлісті де, көздерімен ұғысты да қойды. Кейде шындық екеш шындықтың да бұралқы иттей еленбейтін әдеті гой. Жиналған топқа көзімнің қиығымен қарап қоямын. Директорыма көз тастап ем, менің мына тосын өнерімді қызықтаған қалпы жерден жеті қоян тапқандай мәз. Маған не керек, директор рақаттанса жетіп жатыр.

— Бұл топтың бірінен-бірінің жасыратын сыры жоқ. Бас қамшыны, бала! — деді таза көңілді біреу. Басқалар сол сөзге ымыра жасағандай.

«Шешінген судан тайынбас». «Сұрағанға – тілеген». «Қолға құрық тигенде, талағында битің болса, аянарлық-аярлық мінез көрсетпе» дейтін Тайкелтір атам. Сол есіме түсті және бүгінгі дастарқан да сол кісінің қияндағы құрметі үшін жасалып отырган жоқ па! Бұндай билік қолға күнде тие бермес.

Маңдайы жұмырлау, торсық шеке, қисық танау, жылан көз, жалпақ ауыз бас сүзетін бұқадай алдыма өкірендереп келе берді.

— «Бір мінезі – көл, бір мінезі – шөл, бірде бие, бірде

түйе» демекші, аз еңбегінізді көп байлайтын әдетіңіз бар екен. Талантыңызды ел ұға бермейді деп кейитін кездеріңіз де аз емес сияқты. Кеулең жеп тоймаган, қырнал жеп тоя ма? Қарпып қызмет істеуге құлқыңыз жоқ, құлқыңыз болса, мойныңыз жар бермейтін екіүдай мінезіңіз байқалады. Аз біліміңізді бұлдаپ, жолдас-жора жамылып, шырқап бір кетсем дейтін ойдан осы жер ортасына келгенше ада болмапсыз. Ортаға да, ошақ басына да мазаңдығыңызды көбіне өзіңіз де сезесіз. Бірақ оны үнемі кеш, қолды сілтеп қалғаннан соң ұғасыз. Баз бір шақтардағы түбі тесік аңқылдаған ашық көңіліңізді ескеріп, дос-жарандарыңыз кешіріп жүре береді екен. Табиғат – талант бермеген деп ешкім айта алмас. Бірақ бас асаулықты жеңетін күніңізді әлі болжап болмапсыз. Соны жеңгенде, баяғыда самғап кететін бе едіңіз.

Осылай деп бөгеліп қалдым. «Қарапайымдылыққа мейлінше жарлы екенсіз, оты жоқ қеудеге наң пісіру – жігіттің соры» деген ой тарамдарын тарақтайын деп отырган тұста көзіне көзім түсіп кетіп, түгін тастап жатқан жыландаі сұрланып қалған екен, қорықтым, зәрем қалмады. Төбе шашым тік тұрып, аяғым дірілдей жеңелді.

Дереу ой келді: аурудың алдын ал деген. Мен жан-жағыма қарамай бөсіп жатқанда, бөтелкесімен басымнан бір қойса құнымды кім іздейді? Құнымды іздер-ау, іздейтін адам табылар-ау. Есірткенге еліре бермей, есім барда бас-аяғын бүтіндең бәтуага кеп қояйын. Құран гып ұстамас, сөйтсе де көк ноқайға қыр боп тұрады ғой.

– Аға, жеңгелер! – дедім олардың құлқілері басылар-басылмастан. – Әзілдеріңіз жарасқан жақсы жолдас-жора шығарсыздар. Қолқаларыңызды қолыма алып шапқанда, әлдебіреуіңізге артық тілім тиіп кетіп, ескі жараның аузын қазсам, ол тілек өздеріңізден, өздеріңіздің келісімдеріңізден болды, менің қара көзім мен қарақұсымды қарақышыға алып жүрмеулеріңізді

сұраймын. «Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ» дейтін, айтыстың аулы тым алшақ. «Жапалакқа да жан керек», депті ғой бір батыр.

- Қара, мұның қуын!
- Мынауың нағыз тазша бала бол жүрмесін!
- Өзі құшыкеш қой деймін.
- Қорықпай-ақ қой. Бөгелмей тарта бер.
- Ортамызға бір балшы керек-ақ еді!

Қалай қағытса, солай қағытсын, мен қайтсе де мәселенің басын ашып алдым. Не деп болады: бұлардың іші-тысына кіріп шыққан жоқпын ғой. Әулекіліктің ақылды миды көтерген мойынға көк жаға болған жері бар ма? Қияметтей қалаңыздың көгілдір қақпасын жаңа қаққан ауылдың аңқау баласы да тіршілік таразысына түскенде, «аузың қайсы десе», құлағын көрсетер» ынжық, аңғал емес. Оның да көнекөз қариялардан алған тәлім-тәрбиеңі болады, мектептен алған ілім, үлгісі болады. Түптеп келгенде, бәрің де сол ауылдан шыққансыңдар, ағайындар!

Бәйгеден озып, салым сап жүргендей енді бір айналғанда алдыма сүттей аппақ, пісте мұрын, күлкіден аузы босамайтын күріш тіс келіншек отырды. Ұлудың істігіндей қара кірпіктерін пащ еткен ойнақы қарақат мойыл көздері көп нәрсе сездіріп тұр.

– Ер жігіттің: «Па, шіркін, дәл осындағы болса жарым» дейтін, келісті көрікті табиғат сараңдық етпей берген еken сізге. Жаратылыс сыйлаған сұлулыққа түзік тағылымның тұздығы қосылса ғой, қайран. Сіздің күні бойғы күлкінізге қарап, сол тұздықты таба алмай әлекпін. Мың кешірім болсын, қымызы жоқ бос күбі деуден аулақпын. Атай көрменіз. Тек майы алынып қалған ақ айран болмаса. Таласпаймын, ол да әдемі сусын. Затыңыз ақ, адап жаратылған, ақкөңіл әйел екенсіз. Ақкөңілділікті пайдаланатын сұмдар аз ба өмірде? Сол Құдай берген күлкіні қойып, ел қатарлы салмақты болуга күнде қырық

уәде жасайтын көрінесіз іштей. Бірақ одан үлкен зардал шегіп жатпаған соң, ұмытып кететін көрінесіз. Өмірден ұстаган мол мақсат, берік бағыты жоқ, күні өткенге мәз көбелек адамдар болады. Сіз сөз жоқ ол санатқа қосылмайсыз. Сілкініп тастап, өзіңізді-өзіңіз билер болсаңыз, абыройлы биіктегіңіз бар алда.

Байқаймын, бағанағыдай емес, күлкі азайып келе жатыр. Бәлкім, менің жорамалым сұрқай шыға бастады ма, әлде жұрттың еті үйренді ме, әуелгі кеу-кеу аз. Мөлшерге кеп қалдық па? Кезек енді директор ағай мен Манар тәтейге келе жатыр. Әрине, олар туралы да көкейге келген сыр, түйінді біраз сұхбат етуге болады. Бірақ «өзің су ішетін құдыққа түкірме» дейді қазақ. Қызды-қыздымен көктен түскендей артық-аспай сілтеп жатқаным жоқ, шамалап бір нәрсе айттармын. Оған нәркүмәнмін. Сонсоң ойымды сабақтап:

— Аға, тәтейлер, — дедім. — Сөзді тұтқан ауылдың баласы едім. Жақсысын айтсам, жағынып отыр дерсіздер, тамсанып кетсем, турасын айтады дерсіздер. Дастанқан үстіне сын жүрмейді дейді ғой. Бәріміздің алдымызға жайған ортақ дәм ғой. Дәм иелеріне мінездеме жасаған көргенділік болмас. Одан соң сол қанатта қалған еki кісіге қысқаша тоқталып, осы бір қабыргамды сөгердей бол отырған жүктен құтылайын.

«Тура биде туған жоқ» дейді қазақ. Бейтаныспын десем, арыма сермеген қылыштай қиянат болар еді, бұл еki кісінің маган жақындығын бағана білгем: аға, жеңгем. Жеңгемнің мамырдың күніндей шуақты жүзі өте-мөте сүйсінткен. Үлкен сыпайылық пен оқып-білім алған мәдениеттің белгісі көрінген. Өмірінде адам баласына реніш сөз айтпайтын нағыз көргенді жан. Қазақ әйелінің ата-бабадан келе жатқан инабат үлгісіне, бүтінгі озық заманың ойлы парасатын алған. — Осыларды өлеңдей шұбыртып термелеп барып тоқтадым да, іле ағайға ауыстым. — Тояттаған бүркіттей, сырты маңғаз болған-

мен түбі бос па деп қаламын. Алдына барған адамның терең тубін аңғармай қалатын өзімшіл тәкаппарлықтың обалын қайда қоямыз. Қара қылды қақ жар деп алдына алмас қылыш қойған адамның қаталдығынан не пайда, қаттылығынан не қайыр? Заң мен адамның арасында асқар тау мен тұңғиық көл жатқан жоқ па? Одан дайын самолетке мініп ұшып өте салмау керек. Асыл деп ұстаган затты аяғына дейін асылдандырмақ ердің ғана еркі. Білікті сана мейіріммен жалғасты. Өмір болған соң жұмыртқаның да тауыққа бір сәт ақыл үйрететінін ұмытпаған жөн. Осымен көреген көзілдірігімді алып орнына қоямын, ага-женгелер, рұқсат болса?

- Бәрекелді, өркенің өссін!
- Бәріміздің бір-бір қабат терімізді сыпырдың!
- О дүниенің елегінен өткендей болдық!
- Жиырмасыншы ғасырдың тазша баласы бол жүрме?
- Ха-ха-ха! Ха-ха-ха!
- Ха-ха-ха! Ха-ха-ха!

Оң жақта отырган ағай нұрлана күлім қағып орнынан тұрды. Көмейі бұлқілдеді.

– Қазақ әділетті сөзге әрқашан тағым еткен. Біз бір семьяның адамындай бол кеткен достармыз ғой. Жақсы семьяның ың-шыңы сыртқа шықпайды. Қуанайық, жолдастар, бәрімізге ортақ, жанымызға жақсы іні келді қайтсек те. Жетістігімізді жасырып қалсақ, білгеніміз қайсы. Осындай таза жеткіншек, таза ұрпағымыз үшін тост көтерейік. Байқасаңдар, бұл біреуіміздің де атамызды білмейді. Үй иесі біздің кім екенімізді таныстырган да жоқ. Артық-кем айтса да, көңілдеріңе түйін ғып сақтамаңдар. Дұрысын тұластай қабылдаңдар. Ескі діни ұғыммен айтсақ, бұл бізге жіберген Құдайдың періштесі болар. Жас періштені жазғырмайық.

Бұл сөзден кейін директор ағай орнынан тұрып, тағы да оқығандардың ізеттілігімен сыйайы кешірім сұрады. Бәріне үйітқы болған өзі екенін, творчестволықпен

табылған балашпаны өз басы жәнсіздік көрмейтінін, сырламай, сынамай ашық айтты. Мені бүтін гана көргенін, жатакхана шатағын, оқуга өз күшіммен тускенімді сүйсіне, күлдіре әңгімеледі Қорғасындағы ұйып қалған жерлерді сөйтіп ерітті, аздал балқытты.

— Бұл бала КазГУ-дің филология факультетіне түсетін бала ғой, — деді сонда біреу тұрып. — Үлкен жазушы бол кетер ме еді?

— Талайына берсе, осыдан да жазушы болады. Чехов та дәрігер ғой.

— Психологтерге медицина да зәру! — Бұл директор ағайдың сөзі.

— Оның керек емес жері бар ма? «Адам баласы бірбіrine өмір бойы жұмбақ бол келді, бола береді», — деген ғой Белинский.

— Қайда жүрсе де бұл балаға көмектесіп, үлкен жолға салу керек.

— Эй, мынаның өзі де бір жерден жарып шыгар.

Көшілік қауым тарқар кезде менің аталас прокурор ағайым мен женгей қалып, шамалы кідірді. Әңгіме менің болашақ тұрғын жерім турасында екен. Прокурордың: «Менің қолымда тұрып оқиды» дегеніне директор ағай мен Манар тәтей көнген жоқ.

— Бізде тұрады, біз күтеміз. Өзіміз тәрбиелейміз. Сен туысқан болсан, бізге Алланың өзі алып кеп отыр.

Сонымен институт директорының үйінде жатып оқитын болдым. Коверкот костюм мен қаудыр тон мәселесінің ақыры осыған кеп сайды.

\*\*\*

Шынымда айтсам, қолға түскең қояндай соншалық қысылып-қымтырылғаным жоқ. Жағам жайлау, әкемнің үйіндей сезіндім өзімді деп те айта алман. Үй ішінің мамыражай мейірбандағынан ба кең тыныс, жан

сергітер еркіндік білінді. Кісінің шаңырагы болған соң, аяқ ұшынан басып жүресің деген әуелгі күдік желге үшқан, тұтіндей сейіліп кетті. Өз алдыма жеке бір бөлме. Жазу үстелі Ағаш төсек. Төсек тұсында көз жауын алатын әдемі кілем. Кейін білдім, түрікмен кілемі екен. Бұрышты этажерка. Қабыргада ат басында аспалы айна. Бір сөзбен айтқанда жаңыңа қажеттің бәрі бар, тек жатта оқы, тұр да оқы. Дандайсыма!

«Дандайсыманың» көлдене кеп маған алабөтен адам еске салған жоқ, Мен өзіме-өзім солай төтеден-төте шарт қойдым. Себебі айтқызбай ұратын нәрсені айтпай үғу үшін адам баласына ақыл, сезім берілген емес пе? «Семіздікті қойғана көтереді» деген мәтелді естігем, білем. Жуас, момын болғасын ғой. Одан басқа бір жануар көтере алмайды екен тойғанды, семіргенді. Бірақ сол моп-момақан, жайбасар, көнбіс түлік, атан түйені алып ұратын қара мұртты сағызыша шайнайды. Олай болса жуастың да өмірден еншілі сыбағасы болғаны ғой. Менің де әлім жетіп алар үлесім, бейілдеп берер парызым болғаны ғой.

Қызыл тұңқелеп жапқан кең сарайдай ақ үйде төрт үлкен бөлме бар. Көпшілігі апандай кең, асырып айтсаң ат шаптырым дерлік. Жасауы, сәні келіскең. Ішіндең ықшамды оңтайлысы маған берілген бөлме. Оның өзі жаңағана айттым, мұнтаздай жарасымды. Осы «алты қанат ақордада» төрт кісі тұрамыз. Директор ағай, Манаң тәтей, мен... жоқ, үшінші мен емес, үшінші директор ағайдың алыстан туысатын аласы, атын білмеймін, жұрт «апа» деген соң мен де солай атадым бірден. Сонсоң, төртінші – мен. Апай аяқ-қолы жылдам, қағілез кісі. Осы үйдегі қыбыр-жыбыры көп тынымсыз тірлік солай үйретті ме, жоқ әлде жаратылысында шаруақор, еңбекшіл адам ба, екі қолын алдына сап, аяқ сұйтқанын көрген емеспін. Таң бозарғаннан қараңғы түсіп, жұмыстан Манаң тәтей келгенше, тыным таппайды. Манаң тәтеймен бірге қазан-

аяқ арасында бірталайға дейін жарысып барып, сонсоң ғана тоқтайды. Әдеті ме, болмаса күні бойғы арқандалған аттай үй ішіндегі әрлі-берлі жүрген қиқым жүрістен сұрліге ме, әйтеуір ертерек үйкітайды.

Татымсыз көбік сөзге жоқ, біртоға, ақ сары жүзіне ашу ұяламайтын адам.

— Апа, — дедім бір күні көкейімді қыжылдатып жүрген сұрақты одан әрі жасқай алмай. — Бір сұрақ сұрасам айтасыз ба?

— Айтайын, білсем.

— Мен осы үйде тұргалы біраз боп қалды. Әзірге төрт кісіден басқа ешкім көрінбейді. Бұл семьяның балашағасы қайда деп сұрауга талай оқталдым. Батылым жетпеді. Алабөтен жаман ойым жоқ, тек білгім келеді. Құпия болмаса...

Сүйкімсіз сауалды қоярын қойсам да қызара қызылғанымды сезіп тұрмын. Бетім дуылдайды, денем ысиды. Жаңа таныс апайым еңсесін көтермей күрсінді.

— Үң, қарагым-ай! Тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар бар ма бұл жарық дүниеде! Адалына, ағына, жақсысына берсе, құдай осыларға берер еді. Жақсыны құдай бір жерінен қинайды дейді гой. Сонша тіл тигізіп Алла тағалага неғылайын. Бір жаман немесі болғаны рас, бұлардың. Бірақ көп ұзатпай жаратқан өз бергенін өзі қайтып алды. 12–13-терге келгенде машина қағып апатқа ұшырады. Ал Манар тәтең сол бір баладан кейін көтермей қойды. — Соны айтты да көзіне жүректі езер мұнды жас алып «соңымнан ер» дегендей бұрылып ілгері басты. Мен үнсіз ілестім. Апай аспан түсті көгілдір сырмен боялған айқаспалы есікті жайымен ашып, үй иелерінің жататын бәлмесіндегі қабыргада ілулі тұрган суреттерді иегімен нұсқады. Алтындей күрең сары жұқалан сыры бар өрнекті де оюлы ағаш рамкамен қоршалған үш кісінің портреті: ағай, тәтей және ортасында шілдекті жүгерінің көлеміндегі аппақ тістерін түгелдей көрсете мәз бол

күлгөн 7–8 жасар ұл бала. Балапан лашының мезгілсіз ұшырып алғып, соның өлшеусіз орнын осындай саумал сағынышпен алданыш етпекке кейіннен ойластырып ілінгендей. Әрқайсысы бөлек сурет, бөлек жаратылыс болғанмен, жаңғақтың қаузызындај жымдасқан бірлік сезім тудырады көңілге. Аяулы мұң төгеді көңілге.

— Ендігі тірі болғанда сендер құрбылас жігіт бол қалатын еді ғой. Алланың ісіне амал бар ма?! – деп, апай ақжаулығымен сарқылып таусыла бастаған көз жасын сұртті тағы. Кеудесі тола шер менен зар ма, күрсінгенде көкірегі қарс айрыла жаздайтын, бұл кісінің өмірі де көне таудың қатпарындај сан қыртыс, санап болмайды. Асылы, адамның жан жарасын өзінен басқаның сипаганы майдай жақпайтын құбылыс. Қанша емші, зерек, сезімтал саналғаныңмен, өзінен артық ешкім білмейді, түсінбейді де.

Апай шаруа қамына кетті, мен онаша бөлмеме кірдім. Кешкісін тамақтан соң, үйге алғып келген қағаздарымен көпке дейін тесіле ойланып отыратын ағай, бұғін ол әдетінен жаңылғандай. Мазасыз калың ой қоршап, көңілін жөн білмей адасып келген бейбақ шер тілшелейтін секілді. Қабағынан еңсе басқан ауыр күйін тамырладап түгел ұқпасам да, жан дүниесінің толассыз толқыны көп әлбіз лебімен сезімге ұратын секілді. Қызметінде бөтен, қолайсыз жағдаятқа ұшырады ма еken? Олай деуге Манарап тәтейдің бет жүзінен өзеурей келген өзгеше реніш табы көзге түсіп тұрған жоқ, алыста қалған уайымның қара көзінің терен түпкірінде мәңгі жасырынып көңілсіз сес беретін, күнделікті көрінісі. Сол көріністің сәл ұшқын берер көмескі жарқылы. Қайтсе де үп еткен желдей, болмашы қозғалыс байқала ма қалай? Артық сөз, артық қимыл жоқ. Қабағынан ұғысатын шуакұты мінез жұбайлар үшін үлгі-пішімі өздеріне етене үйреншікті сыр болар, бәлкім. Адасып аңқылдаپ, буынсыз жерге пышақ ұрып менің нем бар, өз бөлмеме

кеттім. Апай да жұмсақ төсекті, жамбасқа алған. Ертерек жатып, ерте тұратын дағдысы.

Бұл уақытта бәсіре боп қалған бөлмеме кірген соң, жайлы бір тыныштық, орайлы оңашалыққа бой ала бастаған кең тынысты ілкі жеңілдік қайыра табысты. Қолыма жаңадан шыққан «Абай» романының екінші кітабын «Ақын агадан алдым. Кеше ғана бастап оқығам. Кең тынысты өзіміз өскен шалқар дала, алғашқы бетінен аңқылдаған ыстық құшағын аша берді. Жаны жай тауып, өзгетіршілік, мұқым дүние ұмытылып, ұлан-байтақ әсерлі өмірге балқыған сезіммен толассыз сұнғи түскендей ем, есіктің қалай ашылғанын білмеймін, арт жағымнан кеп, біреу иығыма қол сап тұр екен. Қатты үйқыдан оянған кісіше селт ете қап, қарасам: ағай зорлана езу тартып құлімдеп тұр:

— Мұқанұды оқып жатыр екенсің гой, — деді, сәл таңданған сабырлы дауыспен. — Оқы. Сосын пікір алысамыз, жаңа шыққан дүние гой. Занғар, жатарда тесіліп ұзақ оқыған жарамайды, көзге зиян. Жүр, онан да далаға, таза ауаға шығайық

Сыртқа есік алдына шықтық. Қора жайы кең, тауға қарай бау-бақша, жеміс ағаштары кетеді. Алма, шабдалы, шие, қара өрік, бақшадан — құлпынай, помидор, бәдірен. Біздің елде бұлардың бірі өспейді. Құмға өніп шығып, пәлегін кең жаймай, бытырлап түйнек салатын жұдырықтай-жұдырықтай қара қарбыз біздегі. Оны да құшақ толатын ата-тегіндей болмаған соң елемей, менсінбеген бе орыстардың «дынка» деген атауына қосылып «діңке» деп кеткен. Бұл бау-бақшаны да осында келгеннен бері танып-білдім.

Қазір күздің қалың айы. Қазан маусымының тамамдалып, қарашаның басталған кезі. Тұнгі ауа дене сергітерліктеі салқын. Аспан қара көк ала ашық. Жаздағыдай шүрегей көп жұлдыздар көрінбейді. Қалғандарының өзі жыртық үйдің тесігінен түскен сәуледей қалтырап

ойнап, көзге сүрінбей, әткеншек тебеді Қол созым жерде  
ғана шеккен нарға ұқсап, томага түйық тау қарауытады.  
Аулақта көңілге әлдекандаі үрейлі түйсік тепкен тау  
өзенінің сарылы. Үрген иттің даусы естілмейді. Ит қайдан  
үрсін. Үйге үйықтайтын ит үруші ме еді! Тау, бақша, қала,  
тау өзені – менің әлі бойым үйренбеген дүниелер. Ауыл-  
ды аңсаймын, далага шықсам, ауылды ойлаймын. Оңаша  
қалсам, ауылды ойлаймын. Кішкентай ініммен қалған  
шешемді ойлаймын. Салқын ауадан ба, әлі бауыр баспа-  
ған мынау бейтаныс көріністен бе, жоқ шешем еске  
түскендікі ме, денем түршігіп, тізем қалтырады.

Темекісін тұтатып, манадан әрлі-берлі өз ойымен  
жүрген ағай менің көкейімді барлағандай:

- Тоңған жоқсың ба, Заңгар? – деді
- Жоқ. – Мен көпе-көрінеу өтірік айттым.
- Ауылды сағынып жүрген боларсың?

– Жоқ, әлі... – Тағы да бұтып қалдым. Бұл жолғым шикі  
дәмі білініп тұрған жалған намыс еді. Шынына келсем,  
есейгендігімнің жүген-ноқтасы сыпырылып қалатындаі.  
Оны білдіру мұрнынан сұы кеппеген ноқайлық сияқты  
көрінеді.

- Апаңды ше?

Енді жалтаратын бұрылыс қалған жоқ. Тұлқі бұл-  
тақтың барша қияң-қалтарысы түйыққа тірелді

– Иә, ара-тұра сағынатыным рас. – Адам баласына  
біткен өр көкірек, өзімшілдікті қойсаңызышы! Белінен  
басып, «сағындым» деп, турасын бір-ақ айтпай, тағы да  
қиялап тартып кеттім. Не білгісі, не сыр аңғарғысы кеп  
тұр екен бұл кісінің?

– Анда-санда дейсің ә, Заңгар! Әрине, әрине. Барлық  
ісінде жиып, ысырып қойып, күндіз-туні анаңды ойла,  
сағын деп ешкім айтпайды. Ол тіршлікте мүмкін емес  
шығар. Бірақ әлден анда-санда еске алсаң, жүре-бара  
ұмытып кетуің де мүмкін-ау! Ондай жат бауырлар не-  
кен-саяқ болмас. – Осы сөзді аяқтар-аяқтамастан тобық

жүтқандай қинала жөтеліп барып, тамағын қырнап түкіріп тастады. Қараңғыда қалтасынан бет орамалын алғып, жанарын, аузы-мұрнын сұртті. Менің құлағыма күдік, күрсінуінен мұны, зілі басымдау «мүмкін-а-ау!» деген төрт буын сол бояу, болмысымен әлі дірілдеп тұр. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» дейтін шығар енді. Жоқ, оны айтпады. Жұмбактап, термелеп алыстан орағытып кетті. – Карагайды қолдан егеді, сосын өле тырмысып өз бетімен де шығады. Мына таудағы сыңсыған қалың қарагай тамырын тасқа тігіп, солай өсіп-өнеді. Ал шеңгел еккен адамды көрдің бе, жоқ болмаса, естідің бе! Жантакты ше! Оларда, бірақ тасқа бітер қуат, қасиет жоқ. Құм мен сорға өседі. Жарық дүниеге шеңгел мен жантакты шыгаратын соған лайық қуарып, қансыған таз топырақ екен. Мен, жаным Заңгар (Бұл сөзді ол ерекше ет-бауыры елжіреп айтты), сен алғаш күні көргенде-ақ, қас-қабағынан, зерек зерденін танып байқаганым, сенде адамды жан жүрегінмен беріле аялап, ардақтай сүйетін жақсы жаратылыс бар екен. Заманында кім болсаң да, қандай қызмет істесең де, ол қасиеттен зиян көрмейсің. Иә, апайдан біліпсің. Менің, біздің, біз Мәкең екеуміздің өзіміз-ақ айттар сырымыз еді. Оқасы жоқ. Жоққа жүйрік жете ме! Сол жалғыз баладан кейін жас иіс иіскеу, бізге бүйірмай қалды. Баламыз бол, баламыздай бол деген телмірген тілекті айтпаймын. Бірақ осы үйдің толық бір адамындағы есепте өзінде. Туысып жақын бола ма, ұғысып жақын бола ма, ол адамына байланысты. Жүр, үйге кірейік. Салқындаап қаларсың...

Төсекке басым тигенмен, көпке дейін көзім ілінбеді. Терезеден қалт-құлт еткен әредік ақ жұлдыздар көрінеді. Алмастай жарқылдамай, жазғытұрғы көпсіген шаңдақ жолда баяу жылжыған сары алтын қоңыздай қозғалады. Адам қоңыз болмаса, кісінің жасаған жақсылығын білу керек қой. Айналайын, ағатай! Тәнір табыстырган

агатай! Сенің осы айтқан ардақ ақыл сөзің үшін де, мен шаш-етектен қарыздар болсам ше! Жылы үйің, жақсы төсегің, аялы алақаның өз алдыңа. Біреуге болмысыммен беріуге мұнгаздай мәлдіреген таза көңіл жетпей ме! Сол жаныңды сезіндім, сездім, агатай. Қаласаң туган бауырың болайын! Оны аз десең туган балаң... болайын! Эйтеуір, сендер, сіздер уайым-қайғыға бата көрменіздер! Ол директорлығыңызға бас игенімнен, табынғанымнан емес, директор бол, кім бол, арманы көп жұмыр басты пендесіз ғой. Сіздердің кірпіктеріңізді сулатпауға барша жан-жігерімді салармын. Атақ-аттарыңа зәредей кір жүктырмаспын да...

Онсыз да Қазақстанның, қала берді, Одақтың төрт тұсынан келіп, тым-тырақай студенттік жаңа өмір кешкен масаң кеуде бозбала бірі-бірінің қайда тұрып жатқанын зәрулік етіп пе, дәрулік етіп пе! «Алыста бір жеке пәтерде тұрамын дегенде, «фүйт», жатақханадан кетіп! Солпаңдал!» – деп, теріс айнала берген. Бәрібір оларға: «Директордың үйінде тұрам» десең де. «Пішту», – деп мазақ етер еді. Тыныш жүргүре сол сенбегені жақсылдағы.

Әзірге сабактарды құлдилай оқуға зейінім жоқ. Бейтаныс дүние. Оның үстіне орысшаға да орашолақтаумын, бірі құлагыма кірсе, бірі тіпті айдалаға кетеді. Көп болса, қатты қиналып бара жатсам, әкеңді танытып бет қаратпай жаттармын деп қоямын өзімді-өзім сендіріп. Оған шамам келеді. Жалғыз сөзін қалдырмай кітаптың айтқанын алдыңа қойсан, бесің болмаса да төртіңе тартыншақтамассың. Бір-екі үш жыл сөйтіп, қарыскан соң, аргы жағының қогадай жапырыларына сенімім мол. «Ұра берсе, құдай да өлең!».

Әзірге мені баурап қызықтыратыны, ақ халат пен ақ кәтелек қалпақ. Шайтан, нағыз дәрігердің өзі сияқтысың! Бір күні өлген кісінің сүйегін көрсетті. Шошып кеттім. Денемді, өн бойымды өзер уыстап ғұстап тұрдым. Жоқ,

кейін олай емес. Үйреншікті делебе секілді. Сабагына да солай төселіп, менгеріп кетерміз, деп қоямын. Ағайға: «Атыңа дақ тұсірмеспін», – деп, қараңғы бөлмеде үйқым келмей ант беріп жатқаным да сол.

Көзім ілініп кеткен екен, таң атып қалыпты.

Аппақ таң. Торғын шәлінің тұсіндей.

\*\*\*

Тұн баласына ұзақ уақыт кірпік ілмей құныға кітап оқитын машиқ таптым. Бұрындары елде жүргендеге қанша емінсем де екі-үш парактан әрі жылжи алмай көзіме үйқы тығылатын. Онда шалқаңнан түсіп, қарақұсынды ұлпа жастыққа төсегеннен болар деген ой келуші еді. Қандай қызық кітап болғанмен, жарым сағат жылжи алмай пеш түбіндегі кәрі мысыққа ұқсап пырылдайтын сәттер ұмыт емес. Қазір тіпті басқаша. Баяғы күндізгі қалау өз бағдарын күрт бұрып, тұнгі сменаға ауысқандай. Ұң-шыңыз тұнгі смена жанға рақат, жайлы. Ойынды ұлғайтып, санаңды өсіретін кең жайлау, еркін атырап. Таңдал, талғап, қажеттісін теріп алып дегендегі жүйелеп оқуды кім білген, қолға түскен қандай кітап болса да бет қаратпай әп-сәтте тауысып шығамын. Ішінде романы да бар, өлең кітабы да бар. Қиял-ғажайыптар мен қым-қиғаш оқиғалы шығармалар да кездеседі. Ағайдың кітапханасы бай екен. Арасында біздің әлі өспеген балғын тісіміз батпайтын, неше алуан кітап қара ормандағы сыңсып тұр. Күндер келер, оған да тіс батар. Әзірше айналдыратыным – қазақша дүниелер. Аспанында ай тербеліп, алтыбақан әнін емген ақ мамық түндерде екі ғашық жолығысар, тылсым тұнық махаббаттар... Мені көбірек тартатын, жүрегіме қарай көктемгі көбелекше желпілдеп бет-бағдарсыз елпіл қағатын – осы махаббат жайлы кітаптар. Мынау

жұмақтың төріндей мейірбан шаңырақтан ба, жаңа есті өмір студенттік арманға қол артудың қос-қос қуанышы ма, үй иелерінің тұнгі мінезімді әлі аңдай қоймаганы ма, сиқыры бөлек қияли қойнауга қаперсіз сұнғи бердім.

Енді орысша кітаптың ең бір иықтылауынан ұстағым келді. «Жығылсаң нардан жығыл» деген. Итарқасы деп күшім жетпегендеге, екі-үш оқып ұғынармын. Қолыма Джек Лондонның «Мартин Иден» деген кітабы ілікті. Қырға шыққан өгіз арбадай шиқылдатып, тартып бердім. Бұрынғы тұздық-мұздығымен қотара жұтатын қазақшадай қайдан болсын, сүрініп-жығылып дегендеге, майлы батпақ кешкен кісіше баяулаған хал еді. Ұйқы келе ме, немене! Жоқ, әлі орысша роман оқу ертерек пе екен? Олай деуге нобайын түсініп жатырмын. Мылқаудың ымымен салыстырғанда, аттылы кісідей. Сонда да, шіркін, қазақша оқу, талқанға май қарығандай гой. Көзім бұлдырай ма? Шаршадым ба екен? Жоқ, шаршамаған секілдімін. Ұйқы емес.

Қызырып күн шығып келе жатқандай. Ақ торғын шәлінің түсіндей айнала боз дүние. Тура алдынан, оқып отырған кітаптың парагының арасынан бозарып, кәдімгі күнде көретін алтын күн шыр айналып ұшырағандай. Екі беттегі жыбырлаған жолдар, әріптер жаз күнінің кешіндегі шіркей-шыбынша көз алдынан ду етіп көтеріледі де, арты таңға айналып кетті. Бұрын таңды терезеден көретінмін. Артыма бұрылмағаным анық. Келесі сэтте кітап та, үстел де, өзімнің он саусағым, тұла бойым тұтел қолмен ұстап болмайтын белгісіз ақ шәліге оранып қалған екен. Қабырга да, төбе де, айнала тептегіс ақ таң. Көзімді үқаладым – ашық. Үстелді ұстадым – орнында. Сипалап кітапты іздедім – ашулы, жаңа басталған күйінде жатыр. Орнынан жайлап тұрып, сол жағымдағы қабырганы іздедім – ол да орнында. Шүріппесін тауып, шамды өшірдім. Ақ таң сол күйі. Сол сэтте шеңберлі қос сызық шоқ серіппе сымдай үйіріліп

шырайнала берді де, арты тас, қаранды түнекке айналып кетті. «Біткен екенсің бала! Көзден айрылдың!».

Осы ойдың көкейге құйындаған ұшып жеткені сол-ақ екен, төбеден жай түскендей сылқ ете қалдым. Басым түбі жоқ шелектей қаңғырлар, алқам-салқам майыса берді. Не болғанын білмеймін! Бір уақытта ес кірді ме:

— Апа! А-па-тай! — деп қатты айғайлап жібердім. Шешемді айттым, туған шешемді. Жарық дүние парық бол, арпалысты жанкешті шақ келгенде тіршілік иесіне деген, артық арнаудың еріксіз өзі оянатыны ақиқат екен. Құлындаған даусымның қанша шыққанын білмеймін, жел ұшырган қаңбақтай қаңғалақтап солығымды бас-сам, жаныма үй ішінің адамдары жиналып қалыпты. Екі әйел екі қолымнан ұстап, ағай екі иығымнан салмағын салмай жай басып тұр екен. Су ішкізді. Үндери енді шыққандай болды.

— Не болды, Заңғар!? Неден шошыдың?

— Шамды өзің өшірдің бе?

— Кітап оқып отыр ма ең?

— Өзің төсегіңді салып жатпапсың да ғой.

Төтенше тұтқындан соққан жебе түйсік тілімді байлап тастағандай үріккен, жаны ашыған сұрақтарды түгел есітіп, тұтас жадыма ұстағанмен жауабына әлдімшәлдім күрмеліп отырмын. Бір кезде барып:

— Көзім көрмей қалды, — деп боздап жылап жібердім.

— Қой, жылама, жасыма! Жігіт емеспісің! — Ағай шарасызыдау жарықшақтанған дауысымен жұбату айтты. Әлі де толық паршалай алмай, мұз ойылып, сенде қалған адамша аңтарылып қалған ахуалды айнала ұнсіздік аңғартқандай. Көзімнің түбі тартып, шанышқандай әлсіреулі күйде жатсам да, үй-іші адамдарының шын абдырағаны, әуелгі шарасызық шырмауынан шыға алмай, дел-сал бол тұрғаны, шеке тамырының солқ-солқ соғысындағы сезіледі. Оңай ма, тас түскен жеріне ауыр.

\*\*\*

Көз шарт таңылған. Дүние ал қара тұман, әуелгі ақ мұнар да жоқ. Болғанда тұпсіз тұнғиық кеуілжім күнгірттен не пайда, не қайыр. Шалқамнан шаңырақ атып жатырмын. Жілсіз мatalып шандыла шырмалған мүшкіл хал, мынау арқаға аяздай бататын, түрменің темір торына ұксас кереует төсек жан-жақтан, аңыз-дап келіп, қабақтың түбіне анталай жабысатын мың сан инелер қайта ұшып кетісімен-ақ, сонау-сонау еркебұлан базарлы күндері, жаннаты мол дүниені еске салады. Қанша ойланбайын десең де, орала береді. Сиқырлы әлем, әсем табиғат, алуан шөптің шырынын іздең, құж-құж қайнаған бал арасындей қым-қуыт қызықты өмір он екіде бір гүлі ашылмаған, зәмзәм сұындағы заманың жарты жұтымын да ұрттамаған бейкүнә бозбаланың алдынан шынымен-ақ мәңгілікке қиқулап ұшып кетпегің бе? Жыл сайын сәніне сән, әніне ән қосып, құбыла ойнап, самұрықша самғап жатқан жаунар жер менің аласұрған аяулы зейінімде Темірқазық жұлдызындағы бір орыннан тапжылмай қалып қоймақ па! Сезінермін, ұғармын, тұспалдармын, танырмын, жақұттай жайнап жатқан жаратылысты! Бірақ соны таңырқай да тамсана, жадағай жарты әлемді айқара ашып, сұлулығын сіміре көретін бір күн туда ма, жоқ па? Әлде, әйтпесе, тағдырымның тәлкегі бол, табан жолымды тықылдатып, кеудеден жан шықпаған соң, сырты шұғыла, іші көргүнек, тұртқандек тірлікті де қылша мойыннан қия алмай, құсалықпен баз кешіп өтермін бе? Масыл болып жалпиып отырмаспын-ау, дегенмен, болған-біткен кәсібің құлқыныңың шеңберінен шықпаған соң, өз бетімен оттаған жануар, жәндіктен айырмаш қайсы! Сонда осынау мақау әлеметті тас-талқан ғып жеңіп шығып, баяғыдай маңдайыма жеңіс шырағын қайта жағар құдіретті күш табылмай ма? Келермісің жарқырап, кетермісің сұңқылдал...

Күдік, күмәні көпсұрағымды дәрігерлердің алдына күн сайын көлденең тартамын. Шындал байлар қазығы жоқ, тайғанақта жігерсіз жауапты қайталап кеткеннен басқа бітірері жартымсыз, олардың да. Көңілімді жұбатқаны көкейіме қонбайды. Кейінгі кезде жаныма жоламай сыргақси берегініне қарап, бишара докторлардан да дәрмен қашқан-ау деймін. Мазасын алып, берекелерін кетіріп мөңкіген күндерім, алғашқы уақыттардаған. Бұл күнде, басқа түссе баспақшыл, шыңғырганнан не шығады деп қатты қиналған сәттерімде де тұлдана тістеніп, ыңылдаған әріге барған емеспін. Түйе жайып, қой бағып өскен, шеміршегіне темір тығып, ағаш мұрындық кигізгенде мыңқ етпейтін сабырлы, сартап міnez жұрттың ұрпағына көз ауруы деген не тәйір! Шыдам, шыдау деген сөзіңді сынаптай сырғытпай сенімді айтсаң болғаны, он жыл шыда десен де, бұлк етпей шыдайын. Су қараңғы соқыр боп қалмасам жараганы.

Ауруханаға әуелгі алып келген күні: «Қауіпті ештеңе жоқ, қорықпа! Әлі-ақ көзің шырадай жанады», – дегендеріне де, міне, бүгін аттай алпыс күн болды. Күн озған сайын алуан түрлі арпалысты ой көшкіндеп, мазаңды жүндей тұтеді еken. Ішқұса боп, әлденені жайпап жіберердей ыза кернейді баз бір шақ. Күн ұзын сарғайып жатқан ауруды ашу қыспағанда ше? Алпыс күн! Ол әкенің базарға барып келуін күту емес қой. Онда да не сыйлық, не жылтырақ алып келер еken деп тағатың таусылады емес пе. Дауыс зарым шықпағанмен, осынау шымырлап қайнаған іштегі шыдамсыздықты көріп-кеткен кісіге қинала құбылып, күз аспаныңдай әлемтарлық боп жатқан бет-түсім білдіріп қойса, ол үшін мені жазғыра көрмендер, жарандар!

Жұз қарап, тоқсан тексеріп қойған диагнозы – катаракта. Екі көздің де қараышыққа кеп қосылатын жібек шәлінің жібіндей тамырлары жазатайым мергіккен. Ол қай кезде, қандай соққыдан қатерге ұшырап жүр, –

қанша ойлансам да бас-аяғын бажайлай алмаған өз-өзіме жұмбак сыр. «Жас кезінде ойнап жүріп, балалықпен білмеген шыгарсың», – дейді Көздің тамыры үзілгөнін сезбейтін қандай ойын ол! «Биік ағаштан секірген шыгарсың», – дейді. Оны кім санапты? Қай биқтен, қашан секіргенін, қай бала жаттап жүреді екен? Үңзаң келетіні, сандалып осылай жоқтан өзгені сұрап миыңды шірітетіні. Одан да, әкесі өлгенді де есіттіреді: «Енді осы көзден айырылғаның – айырылған! Қолымыздан келмейді! – деп, кесіп айт! Жүрегі жарылып, өті ақтарылар дей ме екен!

Сол соқырларыңың өзі талай көзқаастардан өмірді тереңірек сүйеді, тереңірек түсінеді, керек болса!

«Кереңнің қолына түспе, мылқаудың астына түспе». Бұлардың қармағына іліккен соң осы ғой, бір езуінен байлап, көлдің шетінен ұзакқа жібермей бұлғаңдатып қояды. Шіркін, еркіндік! Шіркін, жарық дүние! Қадіріңді кім білген?! Сені қасиет тұтпады, емірене сүймеді деп, жұрттың бәрін көзден айырып, көрсоқыр ету қажет пе екен сонда? Иә, қажет сияқты. Мөлдір көктен қараганда жер бетінде құмырсқаша жыбырлап жүрген екі аяқты, жұмыр басты пенделер қайырымды, – қатыбас, жалықпайтын жасампаз бен жатып ішер жалқау, әпенделік пен алаяқтық, аяулы арлылық пен ұрықарылық, батылдық пен жасықтық, ерлік пен йәрлік... боп қол таразының қос басына салғандай қақ айырылып, екіге бөлінеді екен. Таразыға салғандай оп-оңай болса жарық дүниені ластап жүрген бөлігіне от қойып өргеп жіберу, сөйтіп айналаны, көкжиекті тазалыққа тұндыру қыын болмас еді-ау. Бірақ ондай заманың ауылы алыс шығар. Осы кезге дейінгі ықылым уақытта ондай бір батыл әрекет боп көрмесе, алдағы ықылым жылдарда да жүзеге аса қояр ма екен? Мейлі ол іске аспаса, аспасын. Ең қиыны, жанында жүріп, ақ тер, адал еңбегін сінірмей-ақ, шөп басын сындырмай, дүниенің рақатын сипырып ішіп, шалқып тасыған арамтамақ азбандарды көріп

тұрып, азғын екенін біле тұрып, әлгі аққұла таразының харам жағына шығара алмайтының, шығармақ түгіл «сен сондай былғаныш, нассың» деп, көзіне шұқып та айта алмаймыз. Сөйтіп, маңдайы жарқыраған мұттәйімдер адалдар мен аңқаулардың аузын ұрып, олардың маздаған жан жалынына харам қолдарын қыздырады. Мысалға, біздің ауылдағы шөп бригадирі жыл сайын пәленбей мың тонна іскірт салдық, оған түгенбай колхозшы қатысты деп, жарық дүниеге келметен адамның атын жазып, ақысын өз қалтасына ұрады. Сол пәленбай-түгенбайлардың тонналап «жинаған» мая-мая шөптері ақпан бір ақырганда ада-боп шыға келеді. Алаяқ әрекетті бригадир бәрінің көзін бақырайтып қойып жасап отыр, сонда да оны сотқа сүйрелеп жатқан ешкім жоқ Немесе, біздің ауылда мұсәпір, момын Жотаханның сұлу жас қызын, қатыны бар кассир жігіт алдап-сулапabyroisyz етіп жайына кетті. Жуас Жотаханды аяп болса да, әлгі алаяқтың бетіне түкірген, ит-терісін басына қаптайтын бір адам табылмады. Кеменгер көзбен кенеле қарасаң, әлемдегі жақсылық пен жамандық жарқырап шығар алтын күн мен үрей төгер, қауіп-қатері көп тұн сияқты тең бөлініп айқын көрініп тұр гой. Мұнтаздай мәлдір өмірді лайлаушы, ақ-адал тіршіліктің бетін күйелеуші, жарық дүниені қадірлемейтін опасыздарды, ұятыздарды түгел бір көрсөкүр етіп қинау, жазалау, қажет сияқты дейтінім содан. Тым болмаса, алпыс күн!

Міне, мен де жазықсыздан алпыс күн жатырмын гой құса болып! Алда қанша күн жатарым, сол бойы тұртінектеп қаларым, — ол әлі тірі пендеге аян емес.

Елеңдеп сыртқа құлақ тосамын. Жарық дүниеде күн сайын ұлы думан, ұлы той. Оның ең шоқтықты шыңы, асқаралы қызығы — Жаңа жыл келgelі де бір жұма өтті. Үлкен қалаға келіп, оның ерен қызығының бірі — Октябрь мерекесін тойласап, тамашалау да бұйырмадан екен. Ол аз десең, аспаннан ақ маржан шашылғанда,

ауыл-аймағының ұл-қыздарымен ақша қар ойнап қарсы алатын Жаңа жыл тым-тым алыстағы, Ақкүмның астында қалып, кербез де сұңғыл ортаның сиқырлы сазын іңкәр құшаққа енді ала бергенде күйлі қос ішек тарс кетті. «Аузың асқа тигенде, мұрның қанаасын» деген осы. Қаланың қызығын аңсап келген мен жоқ едім, білім қуып келіп ем. Білімің де, қызығың да өзіңе, ең болмаса табан жолымды көрер көзімді қайтарсан мың алғыс айтар ем саған! Үміттенемін. Үмітімті үзбендер, адамдар! Қол ұшын беріңдер! Жақсылыққа – жақсылық, кеудемде шыбын жаным тұрса, қарымтасыз қалмаспын.

Манағы табиғат таразысының адал жағынан шығып, бір топ адам келді жаныма. Олар көп күттірмей, көп сағындырмай аязды күннің өзінде кеуделері гүлгө толып, күлімдеген жұздері нұрга толып, салауатты шаттық өмірді көл-көсірғып ала келді. Мен оның бәрін көзіммен емес, жоқ көзіммен, тастай жұмылған көзіммен көріп жаттым. Ауруханаға келіп түскен түннің ертесі, Октябрь мерекесі болатын. Шілденің кешкі көліне асыққан үйрек, қазша ел орнынан тұрысымен көше бойлап, дабыр-дұбыр тынбаган демонстранттар аяғы басылғанда, директор ағай мен Манар тәтей келген. Жалғыз өздері емес, бір топ бол келіпті. Бейне бір менің ауруханадан жазылып шығуыма жеткендей. Құба-құп, орнынан атып тұрдым. Әлі кесепат кеселге көндікпеген бас асау кезім.

— Ассалаумагалейкум! — Қол созғаным жоқ, сыпайы орнынан көтеріле бергем.

— Қозғалма, Заңгар! Біз өзіміз-ақ, — деп директор ағай екі иығымнан ұстап, еркелеткендей төсекке жайлап отырғызды. — Мына аға-женғелерің, құрбыларың келіп тұр, — деді онан соң. Прокурор ағайым мен женғейім екен. Онан соң ұяң жіңішке, жұмсақ дауысты қыз балалардың үні шықты. Ұзақ әңгімелесіп, әлге қуат, көңілге сенім тұғызар сөздер сабактап көп отырысты. Әрі-беріден соң менің науқасымды тілге тиек ете бермей,

тіршіліктің қызық-шыжық құлқілі жайтардан сыр шертісті. Қайырласар кезде еркектер ертерек шығып кетті, әйелдер жағы аз-кем аялдап қалды.

— Занғаржан, — деді сонсоң Манаар тәтей жұмсақ қоңыраудай даусымен, — уайым дөртке шипа болмайды. Таусылып ойлана берме. Қолыңа «жазыламын, сауығамын» деген сенім құсы қонсын, қарағым. Біз күн ұзын сан сапалақ жұмыстан босамаймыз гой. Мына екі жас құрбыңмен танысып қой, қолдары ұзындау, бізден гөрі жиірек кеп тұрар, — деді. — Ал, қыздар, қол алып танысындар.

— Менің атым — Айсәуле, — деді бірінші қыз. Даусы ашықтау, бірақ ерке, назды үн шықты. Шыбықтай саусақтары алақаныма, сәл қонақтап өтті.

— Жанаар! — деді екінші қыз. Даусынан әлденеге қысылған толқыныс сезілді. Ұян, балғын бейне елестеді. Жұмсақ қолынан біргүрлі ыстық леп, жылы жел соққандай.

Содан бері ұлкендер аптасына бір рет, қыздар кұнара кеп көніл сұрап, жанымды жадыратып кетіп жүретін дағды ұстады. Әуелде екеуі бірігіп, қатар ұшқан қос қарлығаштай өртте қалған жаралының аузына су тамызып, имене басып келетін де, кейіннен жеке-дара жүруді шығарды. Маған екеуінің бұл мінездері әзірге беймәлім. «Хабарласа алмай қалдым. Үйінде жоқ екен», — дейтін, жалғыз келгендері табатын себептері. Қай-қайсысының да жүрегінде де ерекше жанашырлық, суға кеткен адамға қол ұшын бергендей қайырымдылық байқалатын.

Әзірге ешбірінің өміріне қызығып, кім екендерін ежіктей сұраган емеспін. Бал шырындай таза да тәтті көнілдерінен, әңгіме арасындағы кейбір сөздерінен ұқығаным, еліктей ойнаған екі жас та кәмелетке жетер шаққа ілінген, оныншы класта оқиды. Құрбылық жұптасуы ата-аналарының дос-жарандығынан кеп оянса

керек, әйтпесе оқитын мектептері өзге. Балалық-тазалықтан көп сыр сақтай алмай білім үяларындағы жақсы, жаманды аңдаусыз ортаға тастап, қыза айтысып кететіні бар. Мен әзірге көп сөйлемеймін, олар да мені ілуде болмаса, ауыз аш деп ынтықпайды, саламат, саумал тіршіліктің шат-думан ағысына құлағымды түріп, үнсіз тыңдал жатамын. Барша ықыласыммен балқи үйіп, мұңды сағыныш кеудеге құйылып, нөсер жаңбырдан соң жасыл жайлауга ұқсап ширығатын жадыраңқы қуат-күш пайда болды.

Қазақтың тутан Айды көріп қуанып, келер күннен бағзы жақсылық тілең: «Ескі айды есіркесең, жаңа айда жарылқа» – дейтін арманын менің сонау-сонау, алыста жатқан аяулы анам өзінше бүгінгі дәстүрге теліп: «Ескі жылда есіркесең, жаңа жылда жарылқа» – деп отыратын. Зымыраган уақыттың осынау бір-бірінен шақпақ-оттық алмасатын кезінде жан жібін желбіреткендей қос құрбы естен кетпес қуанышқа бөлеген еді мені.

– Біз саған не әкелдік, білесің бе? – деген, ер баланың мінезіндей батылдау Айсәуле. Сәбидей елпілдеген ақпейілі, әйтпесе тұтқыыл сұрақты көңілге алып қалар десе, олай қоймас еді. Мен сезініп, шамалағанның өзінде де әзірге жасырынбақ ойнайын деп жатқаным жоқ қой. – Болжамдап болса да, түйінін табайын демесең, ренжіме, Занғар, өзіміз-ақ, айтайық. Біз Жанаң екеуміз де бір түсті етіз сыйлық әкелдік. Ойлап табуга тырыспасаң, тым құрыса, әділ бағасын бер. Аз болса да жасы үлкен, өмір табалдырығын бізден бұрын аттаған ағасың. Екеуміз де саған гүл шоғын ұсынбақпыз.

Әзілқой, ақжарқын ашық қыз ойнап айтып тұрған шығар деп ойладым мен. Қыста ақ қар, көк мұзда жайқалып өсетін қызық гүлді қайдан таппақ бұлар, жердің қиыр кіндігі субтропикадан алып келмесе. Ақылдасып алып жұмбақтап тұрған сырлары болда ма екен бұл.

Шешуінен шатассам да, әділдігінен айнымаспын,

достарым, Мен үшін ғана емес, жер бетіндегі ақ, адал азаматтың, кеудесіне қысылмай, мактана тағар нәзік, сұлу ғұлсіңдер ғой сендер. Сен екеуің, – Айсәуле мен Жанар – гұмыр бойы солмайтын жастықтың шоқ ғулісіңдер. Шешуі осы болса, әділ сын шын сыйластық, мейірім десем не дер еңдер оған, Жанар мен Айсәуле?

– Не, сонда екеуміз де саған бүтін ғул болып сыйланып тұрганымыз ба? – Айсәуле сықылықтап құлді де, оған соншалық биязы, сыпайы сыңғыраған қысқа құлкі қосылды. Бұл – Жанардың құлкісі. Жібектей жұмсақ, шымқай ашық жас үн. Оның еркіндеу, ұзагырақ құлкісін бірінші рет естуім. Айсәуленің оқыс сұрағынаң ба, жоқ болмаса, Жанардың жөні бөлек жарасымды құлкісінен бе, жүрегім әлденеге дір етті. Есімді жинап, ендігі сауалға жауап іздедім.

– Гұл сыйлануға, адамға шаттық шашу үшін жарапса, оның несі айып, құрбылар. Бүтін бүршік жарса, ертең – ашылғаны. Гұлдің жайнап құлпырганы – талапкерлерге бұйырганы да.

– Онда қолыңа алып, иісін иіскеп, сынның айт, – деп Айсәуле, тағы да сықылықтап шынымен-ақ қолыма бір топ ғул сабағын ұстата берді. Қатты таңырқап қалдым. Қырда жайқалып өсер хош иісті ғул тек жазғытұрымның ғана еншісі деп ойлаған басым, әуелде сасайын дедім. Алаканыммен сипалап, саусақтарыммен шымшып көрсем, расымен ғул. Біреуі тіпті әтештің желбезегіндегі қодырайып тұр. Иіскедім. Болар-болмас, әлсіз майда көкөріс тіршіліктің тынысы келді. Құдай-ау, иіс сезімім тамаша еді ғой: даланың мұрынды жарап аңқыған ашық ғулдерінің наз буы қайда кеткен. Жоқ немесе, мұрынмен қош айтысқан шығармын. Яки, қаланың ғулі осындаі көлеңкеде өскендей нәрсіз, бозғыл бола ма.

– Не, Заңғар, иісіне елітіп қалдың ба? – деді Айсәуле менің мұрнымның шуылдағанын есітіп қойып, ұялтпауга тырысқандай.

— Шынымды айтсам, қаңтардың кезінде гүл құшақтаймын деп өмірімде ойлаған жоқ ем. Соған елтіп, есендіреп жатырмын. Қандай тамаша жан едіндер, айналайындар!

«Айналайындар» дегенді, бір түсті қуаныш, қайғымен айтқанымды өзім кейіннен барып байқадым. Сөйтсем, қыздар да үнсіз мұңайып қалған екен.

— Енді, Жанар, сен ұсын гүліңді! — деп Айсәуле тыныштық бұзды.

— Заңгар, келе жатқан Жаңа жылың құтты болсын! Сырқатынан тез сауық! Күнді көруіне тілектестін.

Жанар гүл шоғын қолыма ұстата беріп, соншалық қимас та қымбат тілекпен жанымның арман аңсауына қыран қанат бітіргендей болды.

— Рақмет, Жа-нар! Көп-көп рақмет.

— Ну, олай болмайды. Сендер шартты бұздындар.

— Айсәуле шапшаң қабак түйіп, торсиып қалғандай.

— Поздравить ету потом. Алдымен гүлге баға берсін.

— Онда кешір, Айсәуле! — Жанар бейкүнә қылышының өзіне қысылған іспетті. Қызара күлімдеген шыгар, аяп кеттім.

— Мен әзір екеуіңе де ризалығымды ғана білдірдім. Ал сыйларыңа тағар сыным жоқ. Гүлге сын журмейді, оған тек марапат пен мақтаныш қана лайық. Екеуің де гүл шоғындей жүрген жерлерінің сәні бола беріндер. Мұздай бастаған жанымды гүлдей құлпырттындар. Мың алғыс айтсам, аз болар сендерге.

— Сен қусың, Заңгар. Шалдарша сөйлейсің, — деп Айсәуле жарқылдаپ үн қатып, сыңқылдай күлді. — Ортақ байғазы байлап, бізді жарастырып жіберейін деп жатсыңғой. Ойлама, біз Жанар екеуміз еш уақытта ренжіспейміз.

— Соларың жақсы. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос».

Қыздар Жаңа жылдың алғашқы күні тағы да келді.

Түяқтары тырсылдан, күліп-ойнап келе жатыр. Екеуің жүрісі екі басқа. Айсәуле бүкпесіз ашық мінезін паш

еткендей, қысылып, қымтырылмай, «бұл менің басқан қадамым» – деп, жаббар иемнің жалғызы тәрізді тайраңтайраң етеді. Әзірге әйел затының алуан сырлы иірім қалтарыстарының жүзден бірін де үйренбекен. Кешегі күнге дейін шалбар киіп, шыбықты ат қып ойнағаны байқалып тұр. Ойлағанын ұзамай алақаннан көретін қаперсіз бала. Онысы ақ атластай адал жанына жарасып бір қылыш құбылып ойнайды. Жанарадың жүрісі де, мінезі де мұлде өзгеше. Сезімпаз көңілі қарлығаштың қанатындағы оңай қалқып, шаттана шалқып ұшатын, еш мызғуды білмейтін секілді. Сары майды жүқалап тілгендей жұмсақ әдептілік, сыпайы сынықтық байқалады. Аяқалысында да сондай майда қоңыр әуезді ырғақ, әсем саз. Табиғатынан, әлде үлкен тәрбиенің үлгісі ме деп қаласын.

Тұскі асты ішіп болғамыз, енді «жайлы жамбасқа» дейін толық бір сағаттай уақыт бар. Өзім де жүрөгім лүпілдеп тосып отыргамын. Аяқтарының дыбыстарын аңдысымен, орнынан турып ыңғайланған бастаған ем, екеуі екі қолымнан ұстап, коридорға шығарды.

— Заңгар, сен бізден құтыла алмайсың, — дейді Айсәule, есен-саулық жоқ, салғаннан. — Кешегі ойынды қайта жалғастырамыз. Менің жұдырығымды ұста. Ішінде не бар, айт! Ойлануга отыз секунд уақыт берем. Жана, сағатыңа қара.

— Апырым-ай, Айсәулеш-ай, келгеннен қинай келесің-ау ағанды. Алақаныңда тұрған не екен? Соншалық асықтырғаныңа қарағанда еріп кететін зат болмаса...

Қыз қолын жұлып алды да, дереу қайта ұстатты. Мырс етіп, бір қолымен аузын басқандай болды. Құлуте даяр тұр. Сездіруге жақын. Расында, ұзақ ұстауга келмей сыр беріп қоятын нәрсе шығар. Онда не болды. Қазір – қыс. Ку қыздар қар әкеп тұрмаса. Сол кезде Жана:

- Отыз секунд өтті, — деді. Мен қосарлана:
- Болмайды, болмайды.
- Жарамайды, жеңілдің.

— Жоқ, жеңілгенім жоқ. Отыз бір секунд емес, тұра «отыз» дегенде, дәл таптым. Керек болса, мен әуелден-ақ айтып салғам.

— Иә, иә, ұтылдың.

— Ұтылғанның ақысы, — деп Айсәуле қойдың құмалағындағы түйіршік қарды желкемнен көйлегімнің ішіне салып жіберді. Арқамнан мұздай құмалақ төмен қарай домалап бара жатты.

Қыздар секіріп, шулап аурұхананы басына көтерді. Қарауыл кемпірдің даусы шықты. Біз асау күлкімізді қақпалап әзер тоқтадық. Сабырга көштік.

— Заңгар, жаңагы жотаңнан жортқан ескі жылдың қары. Ал мынау жаңа жылдықі. Қазір жауып тұр. — Қолыма сығымдалған біруыс дымқыл ұлпа ұстата берді Жанар.

Үлпілдеген үкіге ұқсап, қызу қолға тиісімен көз жасындағы ыршып шыққан ару ақ қар, сұр аспаннан сәлем алып, сандуғаш боп келдің бе? Таза қыршын, ашырқанар иісің қандай әдемі! Айналайын, туған көктің кіндігінен жарып шыққан ақ ұлпа, саусағыма тигенде бір секундтық ғұмырың, болмаса да, мен әкелген сезім қандай мөлдір еді, сен әкелер ырыс қандай шалқар еді. Сенің ашпақ құшагынан туған жердің тас емшегі иіді. Көкейіме елім түсіп, жерім түсіп, онда тұңғыш жауған қарды есіме алып, қолымдағы салмагы жоқ ақ ұлпаны асай бастадым.

— Пәлі, Заңгар, немене, сенің қар жейтін әдетің бар ма еді? — деп Айсәуле қар ұстаган қолымды ерініме жабыстырып жіберді. — Жұр, одан да аспанға аузыңды аш.

— Несі бар, ашсам ашайын, егер сендер сыртқа алып шықсандар? Адамның жарты ырысы аспаннан емес пе?

— Жарайды, Жанар, сен оң қолтығынан ұста.

Екеуlep сүйемелдеп, далаға алып шықты. Сарайыңды ашатын тұнық жұпар ауа. Бетіме, маңдайыма жапалақтап қар тие бастады. Көзім таңулы. Аузымды аштым. Бір-екі ұлпа түсті. Талмап-талмап жібердім.

— Мынаны қара, аузың балықтың аузындаі әдемі екен

ғой. Алма қалай сыйды бұл ерінгे! – Бұл баяғы тілі тыным таппайтын Айсәуле. Көңілді қыз. Еркелеп, қағыттың сөйлегенді жақсы көреді.

– Алма піс, аузыма түс, – деп, ол айтқаның қар құсал ұшып кеп түссе, еріннің бір есебін табар ек қой. – Әзіліне әзіл қайтардым. Қыздар өз ара әлдене деп сыбыр-сыбыр ете қалды. Көмейлерін күлкі қыттықтағандай.

– Заңгар, енді бауырсақ сыймас ауыздан айрылғаның осы шығар, – деп Айсәуле қаттылау жылтыр затты ерніме төпей берді. Күздің жайдары лебіне ұксас хош иіс мұрында жарып жіберердей. Алма! Шыны, алма! Әй, қу қыздар-ай! Дереу қырш тістеп, қомағайлана шайнай бастадым. Үстін-устін жалмаңдал тұз жеген түйедей күртілдетіп бара жатқан соң қыздар шыдамады білем:

– Жарамайды, жарамайды. Сен қар жеймін деп шық-қансың, – деп, Жанар алмаға жармасты. – Оның кезегі әлі келген жоқ.

– Алманың дәмін білмей қаласың қарға араласқан соң. Онан да ішке кірейік. Ой, Заңгар-ай, өзің бір пәлесің ғой! – Айсәуленің қызық тілеген көңілі саябырлайын деген секілді.

Аурұхананың ішіне кірген соң:

– Біз саған бүгін екі түрлі алманың сортын әкелдік, – дейді Айсәуле тағы да бір жұмбақ айтуга әзірленгендей күліп. – Екі ағаштың жемісі. Дәмінде де өзгешелік болуы мүмкін. Қайсысы қандай дәм береді, ажыратып көрші, мықты екеніңді білейін.

– Мен мықтымын деп қашан айттым сендерге.

– Жоқ, сен мықтысың, сондай білгішсің. Бізді сезбейді деме!

– Сыпайы сырын жасырады, болмасын, Заңгар. – Бұл қосыла сөйлеген үян, үнді Жанар. Мен енді әзілдің аяғы шынға айналайын деп бара жатқанын байқадым. Бойжетпеген бала көңіл арманшыл да елгезек. «Ойын түбінен от шығады» боп жүрмесін! Мына халімде қыз

менің не теңім. Есінді жи, жігітім. Шел қаптай бастаған ойды сергітемін деп, от құшып қалма. Бірақ әзіл-қалжыңмен оянған ойын сондай жан шуағымен аяқталуы керек емес пе. Әзіл-күлкіде тұрған не бар?! «Күлкісіз өткен күн – бос өткен күн» – дейді екен француздар. Жарым жолдан бөгелгенім болmas.

– Сыпайылыққа сыйынсам да, сыр сандығым кілтті емес. Ол сандықтың сендер үшін аузы әрқашан ашық.

– Қарай гөр, қарай гөр, бұны...

– Онда бірінші жеген алмаңың ерекшелігін айт?!

– Қандай алма?!. Байқамай қалдым мен.

– Пәлі дейсің, бұл сөйтеді!

– Екі сылтау, бір желеумен тойып алайын деп тұрғой.

– Бір тістегеннен дәмін ажырататын жемісті жердің баласы емес едім, енді кайттім? – Отірік солқ-солқ жыладым.

– И-и, жарығым-ай, еңіремеш! Мә-мә!

Бұл жолы қомағайланбай бір тістем үзіп алдым да, жай қаузап, ұзақ талмадым. Расында, дәм-қасиет, ерекшелігін, сорт-сапасын таңдайыма түтел тізіп ұстап қалмасам болmas.

– Болдың ба?

– Болдым. Енді келесі түрін әкеліңдер?

– Жоқ, алдымен біріншісіне баға бер.

– Жарайды онда. Тәтті екен. Ашырқандыгын ашқылтымдау дәмі бар ма, қалай. Таудың таза жұпар ауасын жұтқандай жайлыш сезім. Жүргегің еш сезбейді. Көбік болып қарынды қамтитатын, жегенге ғана рақаттанып, артынан аш өзегіңді өртейтін сыздауыт салқын жақтың жемісі екені анық, әйтеуір. Қайратты, қазыналы топырақтың алмасы. Сабагынан бүгін барып үзіп әкелгендей. Алматының от қызыл, нұрлы нәрі бар апорты болмаса неғылсын! Сынса, күрт сынар, иесінің табиғатына ұқсап тұрғой.

– Таптың, дәл таптың! – деп қыздар алақанын сартылдатып жіберді. – Енді екіншісін көр.

Ол ауызға тиғеннен өзінен-өзі еріп жүре берді. Сұлы, балшырын татады. Піскен сары қауынның иісіндей уылжып тұр.

— Мұның тегіне де тағар кінәм жоқ. Тұстіктің қызу күні мен ыстық топырағынан жаралғандай өн бойына жылы леп ұратын секілді. Жұғымдылығы жақсы болғанмен, тамақтың тұрақтылығында опа аз дер ем. Бірыңғай тәттілік кісіні жалықтырады гой. Жаныңа жалын, тәніңе тамақ болар алмаға не жетсін, шіркін, — деп ондай жемісті өзім жеп көрмесем де, аяғын әдейі жұмбактап жібердім.

— Ондай алма болмайды тіпті.

— Болғанда қандай!

— Жоқ, өтірік айтасың.

— Неге? Болмаса болуы мүмкін гой.

— Ә-ә! Солай ма! Жеңілдің гой. Жеңілдім де.

— Жарайды, жеңілдім.

— Жарайды деме, тура жеңілдім де.

— Ал тура жеңілдім.

Сөйтіп қыздар өз «жеңістеріне» мәз боп, улап-шулап кеткен еді. Мениң де жаным онан кейін қайтқан қаздай улап-шулап қала берген. Олардың әр келгені, жастыққа тән кінәсіз сыр, сұхбаты — мен үшін мереке. Дерт азабынан арылып, жасыл жайлауда асыр салып, әрі-бері шапқылаған тай-құлындағы, желпіне жазылып қаламын.

Міне, жекелеп басқан аяқ дыбысы естілді. Кілемнің үстімен жүргендей сыпайы, жұқалаң жүрісіне қарғанда, бұл — Жанар. Мен олардың аяқ басысынан-ақ ажыратамын. Жанарда даланың ұяң да, әдепті ерекше естияр, сезімтал сыпайылығы бар. Әр сөзі үкі қауырсынымен бет сипағандай. Қала мектебінде оқыса да қайсыбір тәлпіштеу, тәкаппар қылыштардан аулақ. Сылқым-сылтың жасандылықты әлі үйренбеген, өмір бақи үйренбес те. Жүрісінің өзі әдемі саз, еліктең ойнайды.

Тагатсыз тосып жатырмын. Жақындаған бергенде төсектен басымды жайлап көтеріп:

- Жанар, сенсің бе бұл? – дедім.
- Иә, Заңгар сәлемет пе! – Құрысқан арқаны маймен сылағандай жағымды жайдары үн шықты. – Мен екенімді қайдан білдің?
- Сені жүрісіңнен танитын болдым қазір...
- Қалай?
- Сен сәнді де жұмсақ адымдайсың және біргүрлі жүрегім лүпілдейді сол күні.
- Қуанасың ба?
- Қымсынуды былай қойып, ақ жарылып адалын айтсам, қуанамын деген жылы сөзден ыстығырақ шуағы мол «шаттанамын, ессіз рақат шаттықа бөлениемін» – шыныма да, сырима да осы сөз сәйкес келер еді. Сен қасыма келсөң, дүниенің қараңғылығын ұмыттып кеңейіп, толып қаламын. Артық айтсам, Жанар, кешір, бірақ неге олай екенін өзірге өзім де, анық білмеймін.

Қыз үндеғен жоқ, демін ішінен алып сыр бермей сыпайы отыр. Жан дүнием толқып, тебірене айтқан өзекті ой, үмітімнің қыз бетіне, оның аяулы ақ жүзіне жалт етіп шыққан өрг жалынын, мөлдіреген қара көзінің нәркестене үшқын тастап, сызылып төмен қарал сәл ұялғандай сәтін көре алмай отырмын. Қолымды созып, балаң балқыған сезіммен алақанымды жайдым. Қыздың сүйріктей сүйкімді де ыстық саусақтары тегеурінді тұғырына кеп қонақтағандай. Елеусіз, болмашы діріл жүрек толқынының жиі серпіп тұрғанын сездіретін секілді. Жанар кенеттен:

- Заңгар, сен апаңа хат жазып тұрасың ба? – деп, оқыс сұрақ қойды да, жылы саусақтарын жылыстаташып әкете берді. Мен селк ете түсіп, шошып оянғандаі, әзер ес жинадым. Бақсам, дүрсілдеп тұрған өз жүрегім екен. Төбеден жай түскендей есендіреп едәуір отырып қалдым. Тастан-тасқа секірген тау тағысының, абайсызда жарға

құлап жан жүрөгі езіле жаракаттанғаныңдай өлмей қалған мүшкіл халім бұл сауалды тас маңдайға әкеп тірегендей, тоқмат-түйінін таба алмай сенделдірумен келе жатқан. Қалай жазам, қайтіп жазам, не жазамын? Ұшпағына шыға алмай, ішім толып, кеудем күйреп, амал айналасын әні-міне көз ашылар күн болардың жақын қалғандай әлсіз үміт-шырагы алдаусыратып әкете берген. «Суга кеткен тал қармайдының» әрекетінде жасамаптын. Иесінен көптен көзі жазып қалып, енді соның буынсыз майысқақ, майталмен жүйрік саусақтарын ширыға күткен домбыраның шерлі ішегі ойда жоқта дың етіп, бір тартылған тәрізді. Іштегі дергің бұл запыран уы сыртқа теуіп, көк жуа жегендей кеңсірікті қуалай аңы иіс кетті. Жалған намысты қойып, шынымды айттым. Жанар мені құрбылық көнілмен ұялта ма деп ем, асығыс ойға бармай:

— Кел, онда жазайық, — деді.

— Қалай! — Мен таңырқағанымды жасыргам жоқ. — Эріптер дұрыс түспеген соң ыңғайсыз болмай ма? Масадамның қолыңдай деп, күдіктеніп жүрсе...

— Жүрексіздену саған жараспайды. «Көз — қорқақ, қол — батыр».

— Сонда не деп жазамын? Шошып жүрсе шешем...

— Сен шошытпа, осылай да осылай, сабақ қыын, хат жазуга да қол тимейді де.

Жазғы кештің самал желі тербеген айнакөлдің құрагыңдай майысқан неткен жақсы қыз еді бұл! Аузың ашылмай көмейіндегіні көріп түрғой. Хат жазып хабар беріп, хабар алыш туру ауылдан алғаш қадам басқан үртекбас балаға үлкен тіреніш, мықты медеу емес пе. Қыздың сезімтал жүрөгі — соны айтпай-ақ аңдып, дәл баққанын қараши!

Қағаз, қалам бас жақта жастықтың астында жатқан. Қараңғыда кім жазып көріпті, қолым дірілдегендей болды. Қалам ұстауды да ұмытқан сияқтымын ба, тәнірім-ау! Дәптердің бірінші бетін оңтайлан қойып,

Жанар оң жағымнан кеп қолымды ұстады. Еңді оның ыстық алақаны жай жұмылды, қаламсап ұстаган қолыма тиді. Нәзік саусақтардың жылуы күпті көңілге күш-қуат қосқандай.

— Бірінші класты еске түсірдің гой, Жанар. Ұстазым боп сен келсөң, шәкіртің мен болайын-ақ.

Жанар сыпайы күлді де:

— Әзірге осы уәдеге тоқтайық, — деді Жайшылықтағы ақ қағазға аямай ақтаратын, ұялмай сырласатын шама жоқ қазір; аман-есендікті сұрап, өз жағдаятымды, қалың-қалың кітаптардың арасынан шығып, хабар беруге де мұрса болмай жүргенін айта келіп, қысқы канкул таяғанымен елдің қалың қары мен боз боранынан жасқанатынымды, адасып үсіп өлмей, жазғы мол демалыста бір-ақ барғаным абзал екенін, оған дейін екі жақтың сағына шыдау керектігін, «сабыр түбі сары алтын» екенін төгіле отырып аяқтадым. Сөйтіп, талайдан иінімді езіп, еңсемді көтертпей жүрген ауыр жүк сәті келіп оп-оңай түсті де, моншадан шыққандай жеңілейіп қалдым. Хатты конвертке салып, адресін жаздым. Бұл менің түнекте жазған бірінші хатым және «жұмақтың төрінен жазғандай ең бақытты, ең шарбатты сәлемім еді. Өйткені ол хат әлдилеп өсірген анаға арналды, оны жүрек жылуына бөленген кінәдан пәк екі оң қол бірігіп жазды. Мен осынау таңғы ауадай таза сезімге толқи тебіреніп, еліктің лагындай елбіреген іңкәр жанға алғыс, рақметімді жаудырдым.

— Бұл жақсылығыңды немен өтерімді білмей жатырмын, Жанар, — дедім, жүргегім алқынғандай ентігіл. — Мәңгі қарыздармын.

— Олай деме, Заңгар. Менің бұл құрбылық парызымен. Сенің қайғыдан сергігениң біз үшін қуаныш.

— Сені тапқан ата-анаңнан айналдым. Бақыт нұрына бөлен! Қыздың нәркес көзіне көзім түсіп, сөз әсерін қолма-қол сезіп түрмаган соң, ойыма келген әдемі, көңіл

тербетер деп тапқан тізбектерді іркіп қап жатқаным жоқ.  
Ата-анасына ақ тілегімді жаудырып жібергенімді бір сәт  
бағып, баяғыдан он оянып, үш ұйықтасам жадымнан  
кетпей жүрген сауалды есіме алдым.

— Жанар, айып етпесең бір қолқам бар, — дедім үрлых  
істеген кісідей қысылып. — Сұрасам айтасың ба?

— Айтуға лайық нәрсе болса.

— Сендерді, Айсәуле екеуінді Манар тәтей әкеп  
тансыстырды. Содан бері талай-талай уақыт өтті. Аты-  
жөндерің кім? — деп мен сұрағаным жоқ әлі, біз пәлен  
едік деп сендер тіс жармайсындар. Ішмнің сезетіні  
әйтеуір, жан ұғатын жақын адам екенсіндер. Әсіресе,  
сен келгенде бір жасап, жасыл жаһанда жүргендей  
боп қаламын. Осынша жаны сұлу, өзі сұлу қыз кім, оны  
тәрбиелеген қандай адамдар? Білуге бола ма?

— Айдан келген адаммын, — деп құлді әуелі Жанар.  
Сонсоң: — Менің қолқам болсын, Заңгар. Осы сауалдың  
жауабын қазір алуға асықпасаң. Мен шамам жеткенше,  
сенің бақытты болуыңа көмегімді, тілеуімді аямаймын.  
Күнде кел десең, күнде кеп тұрайын. Сен сауығып шыққан  
соң, өзің, бәрін білерсің. Ал Айсәуле кім, оны өзінен сұра,  
— деді.

Мен қыздың тұпкі ойын аңғарғым келіп:

— Егер, сауықпай су қараңғы боп қалсам ше? — дедім  
қаттылау үнмен.

— Жоқ, сенің көзің көретін болады. Өйткені, оны  
Жанар айтты деп үк.

«Сұрасам, айтасың ба?». Асығыстықпен артық қойыл-  
ған сауал болды ма?

Екі күннен кейін мен Одессага жол тарттым.

\*\*\*

Қасыма жетекшім де, жебеушім де болатын, қадам  
бассам кезігер қын халіме қарлығашша ара тұратын  
медқарындағы қосып берді Училище бітіргеніне әлі бір

жыл өтпеген, содан ба істеген ісін кешегі оқумен өлшетін, елгезек, ашық мінезді орыс қызы. Қазақ арасында өскен бе, қазақшаға да судай, тілі жатық, әрбір лебізі кітап сөзіндей үйқасып, майысып тұрады. Аузынан шыққан әңгімесінде тартымды жүйе бар, жағы-жағына тимейтін сөзшең емес. Зады, бұл тума тәрбиеден, не оқып алған өнегесі болуы керек. Ұзақ жолға гаріп-науқас зарықпасын деп осындаі онқай асықтай оңтайлысын жолбасшы еткен тәрізді Өзін Лариса деп таныстырган. Сағыз сапардың алғашқы екі күнінде-ақ бала жастан бірге өскен құрбықдай, сөзіміз жарасып кетті. Оның бағыт-күтуінің сыртында әмірші екені, менің ауа қармаған мұсәпір екенім ұмытылып, арада жақсы ұғыстық орнаған секілді. Лариса әзірше өзі де жалыққан жоқ, мені де қамықтырган жоқ. Бейне бала кездегі құбылысына қайта кездесіп қалғандай, мектеп, техникумда өткен өмірінің ең қызық деген күндерін күле отырып, қызықтап әңгімелеп берді. Талай ынжық бозбаланың сүмірейіп соңына түскенін, бірақ иық теңесер тұздықтысы кездеспегенін де бұкпеген. Соғыс басталғанда шешесі екеуі, эвакуациямен Қазақстанға келіп, әке майданда қаза болған соң, туган жердей тұрақтап қалып қойған. Содан ба қазақтарды қатты ұнатады екен.

Лариса ән де салды. Жағымды қоңырқай әдемі даусына әлдеқандай белгісіз мұң җанды тербейтін тәрізді. Адам жатырқамайтын ашық қыз менің бірер жас қалыңқы екеніме қарамай, күрдастай жұлқылап, қолқа салды:

- Заңгар, ендігі кезек сенікі.
- Ән салу ма?
- Иә. Сұраймын!
- Қалай, неме жетісіп айтам!..

– Эх, сен Заңгар, жап-жас бол тым уайымшылсың, «Өлең шер тарқатады» – демеуші ме еді қазақтар.

Мен ойланып қалдым. Қапелімде көкейіме ешбірі оралар емес. «Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең

таппас» – деген осы. Бірінші курстың танысу кешінде шама-шарқымызша концерт қойып, сонда, балалық па, бір-екі ән шыгрқағаным бар еді. Сол ойыма түсіп, кеудеме асқар таудың аргы жағында қалған сағыныш сазы құйылды. Көзім онсыз да таңулы, өзімнен-өзім ыңылдалап кеттім. Қоңырқай, жарықшақ мұнды даусым бар еді. Соғыстан соңғы жылдарда майданнан есенсау қайткан ер-азаматтың қуанышы ма, ауылда тойлар көбейіп, жұрт маган «даусы жақсы» деп, ән салдыратын. Әуелде денем жанған шоқтан ысыса да, келе-келе ұятты қойып өлең айту мاشағыма айналып кеткен-ді. Қазір де күн талшығындаи нұрлы орыс қызы қолқалап тұрган соң тепсінген бұлақша өзі еріксіз жылжи жөнелсе керек. Бірінші шумагын ыңылдалап айттым да, енді соны баяу үнмен сөзіне қостым. Білгенімше, сезгенімше, бар ынта, барлық нақышыммен сызылтып жатырмын. Эн ақырғы нұктесіне қонғанда, Лариса:

– Иә, білем Абайдың өлеңі гой, көп естігем, – деп қалды. Ойы аяқталмаған секілді. – Айтпайтыныңды білсем де сұрайын, Заңгар, бұл өлеңді алыста қалған қалындығыңа арнаған боларсың?

– Жоқ, – дедім мен жұлып алғандай. – Саған арнадым. Қалындық іздеу салтанатына үлгіріппіз бе біз!..

– Рақмет, Заңгар! Бәріне кенелесің әлі.

– Оны кім білген..

Бұдан кейін әңгіме қай арнаға бұрылар еді, бірақ осы сәтте поездың радиоторабынанabyrжыған асығыстау ерекек даусы сарнап берді: «Тындаңыздар, тыңдаңыздар! Сейлеп тұрган поезымыздың радиоторабы. Жоластар, қадірмен жолаушылар, араларыңызда келе жатқан дәрігер-гинеколог, не акушер адам болса, тездеп сегізінші вагонға жетуін өтініп сұраймыз. Онда бір жас ана толғатып босана алмай жатыр. Көмектесіңдер, аяңыздар, ағайындар! Күтеміз, келіңдер», – Лариса сасқалактағандай сыр берді:

- Заңгар, естідің бе?
- Естідім. Сенің септігің тимей ме?
- Қайдам... Мен акушер емеспін гой.
- Училищеде ештеңе оқымап па едіңдер?
- Аздаған сағат жүрген...
- Онда барғаның жөн. Дәрігер ұшыраса қалса, тіпті жақсы. Болмаса...
- Жақсы... Мен тез барып келе қояйын.

Ларисаның «тезі» өте ұзакқа созылды. Басыма құдікті ойлар келе бастады. Біз төртінші вагонда келе жатқанбыз. Тамбурларда әлденеге ұшырап қалып жүрмесе. Олай деуге ебедейсіз жан секілді емес еді. Егер Лариса бір кесапатқа кезігіп, қайтып оралмаса, менің күнім не болмақ. Байлаулы көзбен қайда барамын? Далада қалмаспын-ау, сонда да арнайы шыққан сапардың сәті келе қояр ма? Орысшаға тіл шорқақ.

Уақыт төртінші сағатқа ауганда, Ларисаның аяқ тықыры естілді.

- Тірімісің, әйтеуір, сонша кешіктің гой.
- Тірімін, – деді қыз біргүрлі шаршау да мерейлі үнмен.

- Ой, Заңгар, сұрама қандай қиын болды.
- Аман-есен босанды ма өзі?
- Босанды. Жас ана, тұңғыштың толғағы екен..

Мен үшін осы хабардан аргы жағының көк тиынға қажеті болмаса да, жалғыз шеккен азабын ең жақын сырласына бөліскендей самбырлап әңгімелеп жатыр. Жүрегінің дауаламай, қорқып, өзімен-өзінің ішкі жан дүниесі арбасқаны бір хикая секілді. Бүкіл составта бір дәрігер ұшыраспай, бар сын, бар тауқымет жалғыз өзіне тиген. Дәрігер емес, акушер де емес, қияңнан кезіккен кесапатқа ұшырап, қолдан келмес тірлікке мойын сұнып, кісі өлтіріп алса, заң алдында жауап береді. Онда құздан құлап ағып жатқан сарқырамага өзін саудасыз тастағанмен, тепе-тен әлеуметтік тәуекел гой. Артта анырап ана-

сы қалмақ. Ана байғұс қызының қайырымдылығына ет жүрегі езіліп, кешпрер де, бірақ жаңа бүршік жарған жас қайындаған балауса балшырын өміріне улы тікен қадалмай ма. Жақсылыққа-жақсылық деп, қарлығашша шиқылдап аласұрып ұмтылған арашаң теріс соққан желге ұксап өні айналып кетсе не болмақ. Аласұрып жанталасқан арпалыс ой, қауіп сақтық сезімдердің шарпылысын қиып кеткен бір ғана себеп болған. Ол – толғақ қысып, естен талып, жан дәрмен болған жас ананың су қараңғы гарыптігі. Көздері танадай бол жарқырап, одан боталап жас парлаганда, қымбатты сұлуды ажалға қимай, жын соққандай мелшиіп тұрып қалған да, вагон проводнигі келіп:

«Бұл қыз соқыр екен, көзі көрмесе керек» – деген соң барып, бел шешіп кіріскенін сезбеген. Мынау әлі оң-солын танымаған қыршын өміріндегі бұндай оқыс шешімге қалай батыл барғанын өзі де аңғармаған. Бір купеге поездады әйел біткен жиналып, ақылшылар көбейіп, ес деген қоса шығып, ақыры төрт сағатқа созылған айқас сәтімен, жеңісімен табысып, жарық дүниеге жас нәресте келген, ана да аман қалған. Сөйтіп, ақ түйенің қарыны жарылып, адамзат шырылдап жерге түскенде гаріп ана алақанын жазыпты. Жұмылған қолдан умаждалған қағаз түседі, бүгісін жайып, оқып карағанда екі қабат келіншектің өз қолымен жазған кемілдік қағазы екен: «Мені арашалаған адам жазатайым өлтіріп алса, қылмысқа бүйірмауды сұраймын. Люда Меньшикова».

Лариса өз өміріндегі осы бір қиямет оқиғаны, ар алдындағы алғаш сынақтан сүрінбей өткенін толғанысы басылмаған лұпілмен, өзіне деген біргүрлі сүйсініс, таза көңлімен баян етіп шықты да:

– Заңгар, – деді жанашыр жағымды үнмен. – Сенің жолың болады екен. То есть, жолымыз болады екен.

– Қалай? Түсіндірші? – дедім әңгіме ақырының өзіне кеп соғарын ойламаған мен.

— Жас ана қыз туды. Қыз деген — жол, жақсылық.

Шынымда айтсам, бұл ырым: соқыр ана, дүниеге келген қызалақ, бәрі бейкүнә жаратылыс болса да, менің мынау мүшкіл халіме жағдай кеп қосылған сүрқай, жат белгідей көрінді.

— Жоқ, — дедім жұлым алғандай. — Лариса, сен өкпелеме, біздерде онына келген шаруаны жұмбақтап айтқанда «ұл болды» дейді. Зор еңбегіңе алуан алғыс, бірақ осы ырымыңа жаным құлап тұрган жоқ.

— Эрине, мен сені жұбатайын деп қиялмен ойлап тапқаным жоқ, халқымның салтындағы белгіні айттым мен де, — деп, жолсерігім бұртиып өкпелеп теріс айналғандай болды. — Сен бара ғой деген соң, барған едім ғой...

Қыздың соңғы сөйлемі жанымды елжіретіп, «ақ адамды есірке, аяла, жүрөгіне қаяу салма, ол да бір сирек қазына» дегендей, ширатылған жүйкелерді жұмсартып, құшағымды жайыш, еркелеткім келді, әлдилегім келді.

— Лариса, сен жақсы қызыңы, сенің жаның керемет мөлдір, — дедім дауыстап. Жауап қатқан үн де, қыбырлаған қимыл, қозғалыс та байқалмады. Қыз купеден шығып кеткен бе? Қап, ренжітіп алдым-ау. «Андалай сөйлеген — ауырмай өледі» деуші ме еді.

Ақыр аяғында Ларисаның жасаған жорамалы келмей, біз Одессадан жолымыз болмай кері қайттық. Салғаннан ем-дом жайына соқлай, консультациялық кеңеспен қарын тойдырды да, тәтті тілмен сылап-сипап шыгарып салды.

Күдік күздің сүрғылт бұлтындағы қалыңдай түскен. Қамқоршы аға, жеңгелерім де түйіңқа тірелген сеқілді. Дауыстарын сергек, көңілді ұстауга тырысқаны байқалғанмен, жан түпкірлерінде белгісіз қобалжу бар. Өзім де күйзелемін: айдаладағы, оқу ізден қаңғырган бір бала үшін...

Арада он шақты күн өткенде Манар мәтей мені

Москвага алыш үштү. Бұл құдайдың азабын қойсайшы, кітаптан оқып, қиялмен жасап алған арманды астанамен көз жұмұлы, көңілмен ғана, құлақпен ғана түстеген елестей танысамын деп кім ойлаған. «Москваны бір көрген адамның арманы жоқ» – деп, ұлы Жамбыл берген бағаға тәңір сөзіндегі таңдай қагушы ек. Сол ұлы қала, қазақтың ойда жоқта ғаріп болған жас түлегіне құшағын жайған шығар. Неге жаймасын, мен де оның перзентімін, менің де үлесім бар, менің де тілеуім бар. Менің әкем Тайбагар гитлерлік фашизмге социализм жүргегін бермеймін деп, қан құйлы жаумен алысып, қазаға ұшырады. «Армысың, аяулы Москва! Бармысың, ардагер Москва – Ленин жүрген, Ленин сүйген ұлы қала!» – деймін іштей, жаныммен күбірлеп. Үмітім көп саған артар, үміті көп саған артар азаматтың?!

– Кремль түбінен, Ленин мавзолейі жанынан өтіп барамыз! – деп Манар тәтей құлағыма біргүрлі қобалжыған, толқыған қуанышпен сыйырлады.

Мен басымды сәл көтеріп, малақайымды жұлып алдым. Кремль, Ленин мавзолейі тұрмақ, күнде сан жолығатын мұғалімге сан рет томпаңдалап домалап жығылатын малақай ғой ол!

– Қане, қай бағытта? – дедім ең болмаса, сол жаққа мойын бұрып, зиянат етуге ыңғайланғандай.

– Оң жағында, қалқам!

Мектепте сарнап жаттап алған Жамбыл өлеңі еске түседі. Шіркін-ай, бір керемет сиқыр келіп жалғыз минутқа ғана көзімді шырадай ашып жіберсе ғой, фотоаппараттың сыртылындағы осы сәтті жүргіме мәңгі түсіріп қалсам, бұл жарық дүниеде арманым болмас еді.

– Қалқам, әлі-ақ сауығып шығып көресің, Ленинде, мавзолейді, – дейді, мені жұбатып Манартәтей. – Бәлкім, осы сапардан қайтарда-ақ тамашаларсың!

Москваны көру жазбаган екен, ондағы институт бізді Сверловск қаласына қарай сілтеді. Сверловск –

Новосибирскіге қарай жолдама берді. Сібірдің жаңа астанасына бұл жолы тағы да поезден Лариса алып барды. Бірақ, әрине, қыз туатын соқыр әйел де жолжөнекей кездескен жоқ, ол шаһар бізге көп құштарлық та білдірмей, дереу кері қайтарды.

\*\*\*

Сөйтіп, алты айға созылған үргін-сүргін аяқталып апрельдің ортасында, Алматыда операция үстелінің үстінде жаттым. Дәрігерлер мен медсестралардың сыйрыры сыйрыр сөйлескені, күбір-күбір күңілдескені жазғытуым араның ұясын еске салады. Оған қайшылар мен скальпель, шприцтердің сыртылдаған дыбысы қосылып, қазанның қақпағын қырғандаі тұла бойды қышырлатады, шабуыл алдындағы тыныс тәрізді. Осынау айнала тіміскіленген қым-қиғаш үнге көніл аудармау, мән бермеу керек делінген, ақыл-кеңес солай, тәртіп солай. Мұны докторлар да, қамқор жандардың бәрі де айтқан. Жанар да өтініп еді.

— Сен қорықпа, Занғар, — деген ол. — Бәрі жақсы болады. Мен тамаша тұс көрдім. Қарсы болмасаң, айтайын?

— Жалынып, жалбарынып тілеймін, айта ғой!

— Иә, сен мазақтайсың өстіп!

— Жоқ, шыным, не деп қарған десен қарғанайын.

— Жарайды, онда. Айдын шалқар, мөлдіреген үлкен көлекен ғой деймін, көп адам бол шомылып жүр екенбіз. Бір кезде ала құйын бол қатты жел соқты да, көлдің бетін жайындаі толқын басып, астан-кестен болып кетті. Біз жеңіл ырғып-ырғып шықтық та, сен аптығып, абдырап қалып барасың, жаң дәрмен алға ұмтыласың, бірақ жағаға қарай өршеленіп жылжымайсың, там-түмдап қана. Біз: «Ұмтыл-ұмтыл», — деп айғайлаймыз. Сен оны естімейсің, тек қолдарыңды сермел, қармана бересің. Сол уақытта жағада тұрған алып бәйтерек өзі иілді ме, дауыл иді ме,

саған қарай бұтактарын созып, еңкейе берді, созыла берді. Сен ақырында сол теректің арқандай ұзын шыбықтарына жармастың. Терек енді дүлей желге қарсы тұрып, сұңғақ бойын жинады, сен жағаға, біздің оргамызға кеп түстің. Оянып кетсем, таң жарқырап атып келеді екен. Шіркін, әжем тірі болса, қолмен қойғандай ғып жорып берер еді. Жанарадың балапан ойынша жалғыз жетіспей тұрганы осы түстің жоруы секілді.

— Мамаңа жорытпадың ба? — дедім, қайтер екен дегендей сынап. Қыз сәл ойланып қалды да:

— Мамам тұс жори алмайды, — деді екі үштылау ғып. Өтірік айтты. Мен де онан әрі қазбалагам жоқ, ұялтып не керек жас баланы! Бар болғаны іштей сүйсініп:

— Айналдым! — дедім Жанарага естірте дауыстал.

— Кімнен? — Әуенге ілесіп отырып байқамай сұрады.

— Түсіннен!

— Оған да рақмет!

Осы кезде қасымыздан «Қайырлы күн, Занғар! Сәт тілеймін!» деген Ларисаның ашық үні естілді де, ғайып болды. Жанаар оны білетін. Екеуі емеуіріндерімен ғана амандасты, Жанаар мақтадай ұлбіреген жұмсақ жылы қолымен қолымды үнсіз, екі дүркін қысып, шығып кеткен.

Енді, міне «қазанның қырғыштарынан» қашып осыларды, аралда қалғандай, менің мынау мұсәппір халімнен хабарсыз аяулы анамды ойладап жатырмын.

Жергілікті наркоз жасалды, сонда да бар санам орнында. Бір сөзін ұғып болмайтын, бір бейнені түстеп танып болмайтын иін тірескен ығы-жығы базар ма, гүрілдеп-сарқыраған толассыз ағысты тау өзені ме, биік құздан опан-топан боп ақтарылған сел ме, дүние соншалық анық сезіп болмас күйге түсті де, ішпіндегі ерекше есімде қалғаны: қос шекем мен қарагұсымнан әлде-бір бүркіт тырнағымен шеңгелден алғып, мұрнын тескен тайлақтай солқылдатып сүйрегендей. Содан есептіреп, жан кетті ме деп, бір еміс-еміс ойлағанымды білем,

арғы жағы атап астында тұншығып тынған жылымшы көлдей бірдене... Есімді жисам, дәрігерлер түр екен:

— Құттықтаймыз, Заңгар! Азамат екенсің. Операция өте сәтті шықты. Соңдай шыдамдылық көрсеттің, — деп, құттықтап жатыр.

— Рақмет, рақмет!!! — дедім, даусым өзер шығып.

Жұрттың өзің үшін қуанғанынан артық рақат сезім болмайтынын сонда алғаш үқтym. Бірсөтанам басымнан сипап еркелеткендей болды. Қазір ол алыста. Жанар қайда екен? Ол неге менің жарық дүние үшін алысқан сағаттарымда жанымда болмаған? Жанашырлық достығы қайда! Соншалық назаланып өкпе айтатын ол менің қол алысқан қалындығым ба еді, келешекте бірге аттануға уәде беріп пе еді? Құле қараған қызға ұміттене қалатын бозбаланың өзімшіл көңілі шығар. Мәңгілік сенің жанында боламын деген жоқ еді ғой ол.

— Заңгар! — деген сыбырлай шыққан дауыстан селк ете қалдым. Лариса екен.

— Құттықтаймын сені. Тамаша! У-үһ, құдайым-ай! Бәрі ойдағыдай болады дегенім қайда! Көрдің бе айтқаным келді! Сүйіншімді бер, — деп барлық жан-күйін, шаттығын жайып салып жатыр. Дүниеде мұнан басқа тілегі жоқтай елпен қағады.

— Рақмет, рақмет, Лариса. Қалағанынды ал! Не қалайсың?

— Қалағаным ба? Бересің ғой. Ой, менің сүйіншім оңай...

— Айтсайшы енді! Сенен, сендей сұлу қыздан не аяйды дейсің!

— Э, солай ма? Ендеше менің қалағаным мынау, «Шұп!» Айнадай жалтырап, тып-тынық мәлдіреп жатқан көлге шолп етіп, меруерт моншақ түсіп кеткендей, майда толқын кішкене сақина шеңбер жасап, денемде жайылып бара жатты. Өмірімде қыз ернінің ерніме бірінші тиюі

— Лариса!

Жым-жырт құлаққа ұрган таңадай. Тығылып қалды ма, жасырынбақ ойнамақ па?

— Лариса, қайда кеттің? — Әйтеуір сөйлеп жатырмын сасқанымнан. Қуанған мен қорықкан бірдей деген.

— Ол бағана кетіп қалған, — деді барлыққан әйел даусы. Қыз өзі сүйсе, қаңтарылып тұра бермес. Бақытты жігіт екенсің!

— Оны әлі көреміз, — дедім қарап жатпай. «Көрермізде» қандай мағына барын аңгарсам бүйірмасын. Қайткенде де, өзірге аман қалдың деген үміт дүниесінің қызығын шоғы болар.

Үшінші күн дегенде бұрынғы жатқан палатаға алыш келді. «Кемедегінің жаны бір» деп мұндастар, сырлас бол қалғандардың бәрі сүйсініп, алақайлап жатыр. Операциядан соң екі күннен астам, реанимацияда аялдасам керек. Ол жерге бейсауда ешкім жіберілмейді екен. Достарым, ағаларым, жеңгелерім мені палатада күтіпті.

— Қайырлы болсын, қалқам! — деді сәл қарлығып шыққан қоңыр дауыс. Сөйтіп келіп маңдайымнан иіскеп, қолымнан қысты. Бұл — директор ағай. Үні соншалықты жылы, көңілі босап тұр ма, кім білсін.

— Ұзағынан сүйіндірсін, айналайын! — деді Манар тәтей қолымнан, бетімнен кезек-кезек сүйіп. — Құдайдың мұнысына да шүкір. Жақсылығы кең жаратқан ием, жар бола гөр.

— Мұрнын шу еткізіп бір тартып қойды.

— Қарағым, қанатым, келші! Аман болшы! Жарқырап алдыңнан күн шықсын! Бұл мениң прокурор ағайым, желіндісирындың үргіндегі быттиған жуансаусақтарымен басымнан, шашымнан сипап жатқан.

Келесі кезек кімдікі екен деп тосып жатырмын.

— Құттықтаймын! Сәтін берсін енді! — деді сыйызды әуеніндей жіңішке дауыс. Бұл — Бағила жеңгей. Прокурор ағайымның келіншегі. Ол кісіні қырықтан асса да,

әлі әйел деп айтуға қимайды, көздері баланың көзіндей таза, жаны ақ қағазды үрлеп қалғандай елбіреп тұратын елгезек адам. Егер мен Багиланың әкесінің орнында болған болсам, о бастан Аққағаз деп ат қойған болар едім. Қазір күйеуі де соны аңғармай ма, аңғарса да қимай ма, осы үлпілдеп тұрган келіншекті былшитып Багила дейді.

Ендігі күтіп, аңсап тосқаным – Жанарап. Мана палатаға алып келгенде апыр-топыр көп қозғалыста жүрісін байқап үлгірмеп ем. Араларында бар ма, жоқ па. Бар болса, қалай тағаты жетіп тұр екен. О, оның беріктігі мен нәзіктігі тере-тең!

– Ал, енді Заңғар, – деді директор ағай, бізге рұқсат ет. Ұақыттымыздың мол емес екенін білесің өзің. Мынау құрбыларың келіп тұр көңілінді сұрап. Соларға жол берейік! Жақсы енді, айналайын!

– Үлкен рақмет, сіздерге! Тұған бауырдай аяладыңыздар.

– Жарайды, жақсылап жазылып ал. Мына жеңгелерің келіп тұрады.

Үлкен кісілер сампылдаپ сөйлеп шығып кетті де жастар өзіміз оңаша қалғандаймыз.

– Уң! Саган қолымыз өзер жетті-ау! Сәлем! – деп екі иығымнан қаусыра құшақтады.

Айсәулемісің? Барсың ба, қайда жүрсің? Ауырып қалғаннан саумысың өзің? Хабарласпай кеттің гой? – «Әркімнің өз тілін тауып сөйлесу керек», – дейтін шешем. Бұл қыз ерке өскен, сыпайы сөйлегенді түсінбей қалуы кәдік.

– Өзім де осыны айтып, өкпелер деп ойлап ем. Тура үстінен тұстің-ау. Кешір, өкпен орынды.

Айсәулені енді тоқтату қыын. Жанып тұрган бензинге су шашып нем бер еді. Бір ай емес, бір күнін үлкен өміртариҳ етіп әңгімелейтінін біле тұра тұрткі болған өзім. Енді асықпай тыңдай бер.

Айсәулелер, анығырақ айтқанда, әкесі қызмет ба-

бымен Целиноград қаласына ауысып, шешесі де сондай қуанышты. Өзі, сіңлілері болса, тұған қаласы – Алматыны қимайды. Бірақ түбінде қайта оралары сөзсіз. Әсіресе, мұндағы достарын қимайды, соның ішінде, ерекше Жанар екеумізді. Маған операция жасағанын Жанарқадан есітіп, үйі ішіне: «Алматыны сағынып кеттім», – деген де, мектебінен екі-үш күнге сұранып тартып отырган. Содан кеше Алматы тұман деп қабылдамай самолеттен шаршап-шалдығып түскен беті екен. Аспан айналып жерге түссе де мейлі, тек осы сәтке үлгергеніне риза.

– Жарайсың, Айсәule! Сендей досы бар құрбының арманы жоқ, болуы да мүмкін емес, – дедім таза бейілмен. – Бірақ таза ертегі, аңызға ұқсап кетті ме, қайдам! - Шынын білгім келіп, әдейі қытығына тидім.

– Какой ертек?! Сенбейсің бе, осының бәріне? – Ол қатты таңғалды. – Сен не, біздің көшіп кеткенімізді естіген жоқсың ба?

– Естігемін, – дей салдым. Ұялтпайын деген ой келді. Аralарында ши жүгірткендей болмайын. Айсәуленің шапшаң мінезі құтқарып кетті.

– Да, я сама виновата, көшерде хабарласа алмаған. Сондай асығыс болды, бір күнде кеттік те қалдық. Мына Жанарка айтпағаңда, бұл жолы да келе алмайтын ем.

Бұдан әрі Айсәулені тыңдай беруге шыдамым жетпей:

– Жанар келді ме маған? – дедім әдейі. Оның кісі сөйлеп тұрғанда өздігінен араласпайтынын білем.

– Да, Жанарка, сен неге аманаспайсың? Ұялып тұрсың ба?

– Сәлеметсіз бе! Құттықтаймын! – Жанарканың сызылған ұяң үні шықты. Қос қолымды создым. Жүрек дүрсілдеп тулап барады. Алқымға, еркіндікке қарай ұмтылатын тәрізді.

– Рақмет, Жанар! Ең бірінші бол қолымды алатын қарындастым деп жүрсем, елдің сонында қалғансың

ба, жаным-ау! Мынау Айсәule болса бір сәрі, алыста, үшарға қанаты болмаған...

— Тілек тіл мен қолдағана ма екен, Заңгар! — деді Жанар күліп бойжеткен қыздарша қысылмай. — «Жастар шын өтінсе, қар жанады» дейді. Шыныңызды айтыңызшы, біздің көңіліміз шығар сізге жебеу болған?

Жанар менің қиялдан тауып бара алмаған ойымды өзі жүйелеп тауып айтты. «Сен кеудендердегі меруерт мөлдір сырды шығаруға батылың жетпесе, біздің шын сезімге сыпайылығымыз жоқ. Ішпің бәрін сезіп жатып, бергі жағыңмен бұлданбай-ақ қой». Бұл қасындағы құрбысынан жасырган тәсілі және оның аңқау көңілін жұбатқаны. Құліп-ойнап қатар жүргенмен, алыс жан түкпірінде сақтайтын күпия ойларының болғаны да. Назарды жазғы кештің қоңыр салқынындай қойнауга бұрган жөн.

— Менікі заманы бір жастың, әзілі ғой. Сендердің бүгін осы жерде, жақын қамқор жандар ішінде болатындарыңды сезгемін. Мана палатага алып келгенде-ақ сыңғыраған дауыстарыңнан танығанмын. «Соқырдың патшасы — құлағы» дегендегі бауырмал жылды сөздеріңді мен ешқашан ұмытпаймын, зердеме алтын әріптермен жазып қойдым. Кесапат кеселмен шегінбей айқасып мойымауға қайраған күн нұрын сепкендей қамқорлықтарың. Тұңғиық теңіз кешіп, әлсіз ұмітпен алға жылжыған ақ кеме болып тұн-тұнекте малтықсам, қара мақпал мылқау көрді алдаспандай жарқылдатып қиғылаған сендер жаққан жүректің маяктары!

Осылай қыздарға арнап, оқыған кітаптарымдағы теңеулерді, білетін қанатты сөздерімді үсті-устіне тепелей бердім. Көз таңулы, көңіл ояу, неден ұялмақпын. Қыза-қыза келіп екеуін өзіміздің елдің кәрі-жасы аңызғып айтатын Хұсни, Қорланмен салыстырып жібердім. Айсәule: «Ол кім, ол кім?» — деп, ынтыға кетті. Бұрын естімеген екен. Орыс мектебінде оқитын қазақ қызы Хұсни, Қорланды қайдан білсін, кінә жоқ қой. Жанар

естіген бол шықты. «Қорлан» өніндегі апалы-сіңлілі қыздарға, «Халық композиторы» Естай ғашық болған сұлуларың, деп еш мақтансыз, сөз арасы қып айта салды.

Айсәуле әдеттегідей таңдай қақты. Бүгінгі мәз-мейрам көңіл ме, бөлекше желікпен енді өзім жатқа білетін «Бір мысқал» өлеңін тақпақтап кеп: «Хұсни мен Қорланға шығарған ақын сипаттамасы», – деп тоқтадым.

Қыздар қырдың желіне кеуделерін тосқандай, шаттанып қалды. Менің әзірге мұратым да іздеген қиясына барып қонғандай.

Айсәуле ертең Целиноградқа ұшатынын айтып, адресін, суретін беріп қоштасты.

– Енді сауығасың. Қалай қолыңа қалам алдың, осы адреске хат жаз. Қыдырып кел. Көріспесек, риза бол!

– Ризамын, Айсәуле. Қолқаларың орынды. Тірлікке жазса жүзеге асырамын, – дедім, қолын қысып. Олар өкшелері тықылдаپ кетіп бара жатты. Екеуінің жүрісі де, мінездері сияқты, екі бөлек.

Бұлбұл үні келетін сияқты құлакқа. Алыстан көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға болмайтын ғажайып құпиялы нәзік сым арқылы кеп, менің жүрегіме жалғаныш қалғандай. Бірақ әлі бұлбұл сайрайтын жадыранқы жайдары жаз жеткен жоқ, мамыр айының бас кезі Жанжануар, табиғат атаулының түгел түлеп жасаңғыраған шағы. Жарық дүниенің сырнайлы, сыйбызылы дәуреніне Жер-ананың перзенттері жаппай балбырап, елти мас болып, мың сан үнді берекелі сауық құмарына қосылған. Бұл кереметті тып-типыл ғып қырып тастап, мелшиген тас меніреуге айналдыратын, күндерінің күнінде бір құдірет туады деген, адамзат баласының басына кіріп-шығатын нәрсе емес секілді. «Заманақыры болғанда, жер-дүниені топан су алады» деу, ислам діні уағызының мынау тамылжыған тәтті тіршілікті тонамақ болған сұмдық қылмысты ісіндей. Бір сағатының өзін балша жалайтын бәйшешек ғұмырынды бейтәбәріктеп, адам

бойындағы, жаратылыс жұмырындағы әлсіздік атаулыны, ірік-шірікті алға шыгаруға бола ма?!

Бұлбұлдың сан құбылған сазды үні бәсеңсіп, атша көкектің сұңқылдаған сарабдал үні келеді. Аспан көк пен жайқалған жер бетінің әсемдігіне айғайлап даусын қосып, жасырынбай, бұқпаламай, өзі атын айтып мақтанатын мықтың сол ғана!

Тіршіліктің мәлдір әуезіне мен дирижер боламын деп мәз. Адам бір тілде сөйлесе, күстар бір үнде сайраса, қызық та болмас еді ғой.

Тереземнің тұсына көгершін кеп қонды. Халық кептер деп атайдын, жабайы көгершін. Үнемі тамағынан ғана сөйлейді, аршын төсінен күй төгеді. Тұншыға таңданып, ынтығы үзіле әлдене сырды құйқылжытпақ. Төрт буын, жеті буын, сегіз буын, он бір буын гып қайырады, жұлдызды әлемге ғашық болған ішкі ынтызар өлеңін айтады.

Ол өлеңді біз көзі таңулы, кеудесі ашық жандар жақсы тұсінеміз. Ол – өмір туралы өлең, жарық дүние туралы жыр. Сәуленің мамырстан қасиетін бағалаушы көзі көрмейтін бейшаралар болса керек. Қаны бұзық залымдар мен зиянкестерді бір-екі жыл ғаріп етіп алар ма еді, онда түрме атаулының қажеті болмас па еді.

Ондай әділетті «құдай» қайда дейсің! Жастық қиял ғой, әншнейін!

Бүгін таңертенін көңілім сергек, қиялданып, арманыма арман жалғап оянғамын. Сайрамаған бұлбұлдың, әлі келіп жетпеген шынашақтай құстың әсем үнін жасап жатқан өз жүргім болар, бәлкім. Бір жақсылық жететіндей, ең қымбатыммен жолығатындей самғаулы сезім. Бүгіндері арманыма айналып бара жатқан Жанарыммен, кеше ғана тілдескенмін. Енді оралып келмейді өзір ол. Осы сырқаттан жазылсам, өзім іздең баруым керек.

Кеше жанымда ұзақ отырып, кетерде бір сыр айтқан.

– Сен өкпелемейсің бе, Заңгар? – деген.

– Неге? Саған ренжіп не болты?  
– Құлағым сенде... Не сыр ол?  
– Менің папамды басқа қалаға жұмысқа ауыстырыпты. Соған үйіміз көшкелі жатыр. Мені қалдырмайтыны белгілі ғой. Жанарың жарық дүниені қайта көрген күні қасында болсам деп ем... – Қыз мұңайғандай, баяу тыныс білінді.

Бұл хабар мен үшін де үлкен соққы еді. Сымпылдан үшайын деп тұрған үйректі қатты үркітетіндей әсер. Үшқыр сезімді әзер тізгінде:

– Мұңайма! Сен менің Жанарымсың, жарығымсың. Көзім ашылса, қайтсем де іздел табамын. Сенсіз маған дүние бос! – дедім.

Есті қыз артық айтып бара жатқанымды аңгарып, алақанымен аузымды баса қойды. Соншалық әдемі, нәзік, жылы иіс келді. Мен қыздың қолынан алғаш рет сүйдім. Ол – Жанарадың қолы еді.

– Мә, Заңғар, әзірге мына конверт. Кейін ашып қарарсың. Өзімдей көрмесен де, көзімдей көрерсің.

Аузы жабық конвертті саусақтарыммен сипап, сан қайталап ұстап қоямын. Қазір де солай Ішінде қаттылау бір қағаз және жұмсақ зат бар секілді. Сурет, хат, орамал шығар деп ойлаймын. Басқа біреуте аштыргам жоқ, әуелі өзім көрмеген соң не пайда! «Жақсылық дегеннің аты көп, бір атауы – сыр сақтау» – деп отыратын шешем.

Қуаныш толқыны жанымды тағы бір тербел өтті. Ол маған қарлығашша ойнақсан, екпіндең үшып келе жатқан сияқты.

Жаңа гана дәрігерлер төрт көздері түтел топтана кеп қарал: «Тамаша, бәрі жақсы», – деп кеткен. Әлде соның жібектей желі шығар.

Емдеуші дәрігерім Ефим Иванович келді. Қағілез жеңіл жүрісінен байқаймын. Құліп сөйлейтін, ақшуақ жаны бар кісі.

– Шаттан, жілтім! – деді жақындай бере. Менің

атымды айтпай, әменда «жігітім» дейтін. – Күн сәулесіне ұрын барап сағат келіп жетті Құттықтаймын. Көзілдірік киуге дайындал. Бірақ абайла, жарыққа әсте-әсте үйренген жақсы. Суға шомыларда да адам бір дегеннен күмп беріп, қойып кетпейді ғой. Мұнда да солай.

Арқамнан ұстап, ақырындал отыргызы. Таңулы дәкені жайымен шешіп жатыр.

– Көзінді жұм, ашып қалушы болма. Олай етсен, жарамайды. Бейнет зая кетеді. Өзіңе-өзің қастығың бар ма! Шыда...

Самбырлап сөйлеп жатыр. Аузында дамыл жоқ. Ала жаздайғы еңбегінің жемісі ғой, тәкпей-шашпай жинап алғысы келеді-дағы. Сөйтіп, жұмулы тұрган жанарыма комбайыншының шаң-тозаңға киетін кептеме көзілдірігіне ұксас бірденені әкеп байлады. Орнықты етіп, ат ерттегендей әбден баптап болған соң барып:

– Ал, енді көзінді жайлап қана аш, – деді Аштым. Қою түнек қараңғы. Ештеңе көрінбейді.

– Аштың ғой, – деді дәрігер жасырынбақ ойнап тұргандай.

– Иә...

– Жақсылап ашып-жұмып көр кірпігіңді.

– Иә...

– Ал енді бір нәрсе тұстедің бе?

– Жоқ, ештеңе байқалмайды. Тас түнек.

– Молодец! Онда жақсы.

– Не жақсы?

– Саспа, жігітім, саспа! Бәрі тамаша, қазір көресің. Ал енді ше?

Алдынан тұңғі машинаның тұманнан шыққан фарындей алтын сақина елес берді «Айналайын, жарық сәуле! Айналайын жарық дүние!». Құбірлеп, Құран оқыған дүмше молдаға ұксап кетсем керек. Дәрігер:

– Эй, жігітім, саған не болды? – дегенде, бір-ақ селк еттім де:

— Ура, саңылау, жарық, алтын сақина! — деп айғайлап жібердім.

— Э, солай ма? Ондай болса құттықтаймын, алтын сақинаңмен, Ай сәулеңмен, Жанарыңмен! — Осыны айтып Ефим Иванович мәз боп ұзақ күлді. Бетім ду ете қалды: «Бұл кісі маған келіп жүрген қыздардың бәрінің атын біледі екен гой!». Эй, білсе-білсін, күдайдан жасырмағанды адамнан жасырып бола ма!

— Эзір қыздардан келген хатты оқуға болмайды, — деді дәрігер сонсоң салмақты қалышқа ауысып. — Екі-үш күн қоя тұр.

Маған бұл екі-үш күн екі-үш жылмен барабар болды. Ақыры шыдамым таусылып Жанар берген конвертті аштым. Жарыққа алғашқыда тек оң көзді үйретіп жатқан. Оң көзіммен конвертті сәлемдеме-аманатқа қарадым. Орамал, сурет және төрт бүктелген қағаз. Жүргіме басып, сүт пісіріп отырдым. Қайран жарық дүниенің қуанышы!

Арқамды терезеге беріп, қолымды әйнектен түскен сәулеге оңтайлас Жанардың суретіне қарадым. Дөңгелек алтын сақинаның алдына кеп, мәлдіреген сұлу қыздың бейнесі тұра қалды. Сәл ғана күлімдеген нәркес қара көздері, ашық ай маңдайынан тұра түскен әдемі мұрыны, оймақтайеттілеуеріні, жұмыртегіс иегі, қияқтай созылған қасы ертегіде айтылған хордың қызын елестеткендей. Осында үріп ауызға салғандай керемет сұлуды мен де алты айдан бері қиялыммен тоқып ем, сол қиялдан келіп түсіппін. Ұлы суретшілердің қылқаламынан жаңа ғана салынып, қабыргаға ілінген ғажайып бейнені елестетеді. Көзінде тұнған ойда, жүзінде тұнған тазалықта шек жоқ. Перизатым, іңкәр жаным, Жанарым! Мен сенің жолында бар өмірімді сарп етемін. Тек, мендік бол!

Орамал ұстадым қолыма. Алаканыңды қытықтайтын ақ жібек жұмсақ матаның жиегі көгілдір жібекпен өрнектеліп, бір шетіне «Жанар, 1954» деп жазылыпты.

Қыз жанындағы нәзік майда орамалмен бетімді сипадым да, хатты ашып оқыдым. «Занғар! Адамның адамдығы қындықта сыналады. Өзіңнің қайсарлығың мен өмірге құштарлығың екеуі екі жақтап сені жағаға қайта алып шыққан сияқты. Біз араша болды деп ойласаң, ол сендері шоқты үрлеуғана. Таныстықтың, достықтың белгісі болсын деп, осы бір бұйымдарды қалдырып барамын. Қажет десең сақтарсың. Біз Н. қаласына көшкелі жатырмыз. Көзің жазылып шыққан күні өзімнің кім екенімді айтамын деген уәдем бар еді. Сонымды орындағын: мен ата-анадан жалғызбын. Экем аты – Сагын, фамилиям – Баймурзина. Папам обком секретары бол қызметке ауысты. Енді біз басқа қалада тұрамыз. Бөтен не сыр айтайын, менің әлі оқушы екенімді ескерерсің. Жанарың. Хатты дүrbіге үксас алтын жүзікпен сығалап оқып шыққанда бас айналып, есендірелдей әсер байқалды. Үміт жібі үзіліп бара жатқандай. Әлде жаңа жанған шырагымды шынымен өшіріп алдым ба? Қалбаландаңап терезеге үмтүлдым. Эбестік істедім бе тағы да жұмылмақ па аяулы әлем? Бұ сонда не болғаны? Өкпем өрекпіп ергенек ағаштан үстадым. Палаталас жолдастардың көзі көретін біреуі су алып берді. Ішіп алдым. Ала құйын өрг бықсып барып өше бастағандай. Қорқып қалған жаралы жүрек бекерге үріккен екен, жанарымның жұмулы қалпын байқамай, әлекке түсіппін. Балапан торғай үстайтын мысықтай баяулап кеп ашқанда жарық дүние сыйырайып күліп қарсы жүгіріп келеді екен. Құшағымды еркін жая бердім. Айналайын ақ әлем, енді қайтып алдыманан бұл-бұл үшпашы! Құлың болып күн кешейін, бірақ саған теңгеретін ғажайып күбылыс жоқ.

Жасыл бүйра теректер менің шат-шадыман көніліме қосылып, алақандарын сартылдатып соғып тұр. Таңертеңгі мөлдір нұрга оранып, роза гүлінің бояуындағ әдемі көп этажды үйлер көрінеді. Әсем астананың басына салған орамалындағы, қарлы Алатау жарқ етті. Көшеде

ағылып ойнаған неше түрлі машина, автобус. Алыста зыңғырлап аруанадай боздап бара жатқан трамвай үні. Жол жағалауы ығы-жығы халық. Бәрі май мерекесіндегі, ақ жұмыртқа секілді. Жүрістері асығыс та болса сәнді. Әне, анау қолдарына портфель ұстап құлыш-тайдай асыр салған студент қыздар барады. Орталарындағы сұңғақ бойлы сымбаттысы, Жанар сияқты ма, қалай?

Жанар қазір қасымда болсаң ғой, шпркін! Сен мені тастан қайда кеттің? Шын жақсы көрсөң, бұлай азаптамас едің ғой. Жоқ, аяулым, іңкәрім, мен сені қайда кетсең де іздел табамын. Сенің нәзік жүргегінің барша құпия сыгры – қолыма ұсынған ескерткіш сыйларың шығар. Сенің таза жаның, ақ бейілің, ынтызар ықыласың мені түннен күнге сүйреп әкелді, Жанарайм! Жанарайм болсаң, менің өмірімнің жарық дүниесі бол қаласың!

Он күн өткеннен кейін ауруханадан шықтым, ойда жоқта тапқан аға-жеңгелерім ұлан-асыр той жасады. Содан жаз шыға институттан академиялық демалыс алып, алыстағы елге – Керекуге кеттім. Анамды, аулымды әбден өлердей сағыныппын. Мұндай тауқымет бейнетті кім көрген...

\*\*\*

Екі айдай жатып, балалық мауық тарқағаннан кейін, жүрек тағы да әлденеге алаңдай бастады. Сағыныш кернеген болар. Ол да жағалауын кеміріп жеп ендей беретін сазды жердің өзені сияқты ғой. Қайран, Алматы – алғашқы махаббатымның оянған жері! Бозбала қанатты қырандай самғатып алып, сонсоң қапыда құрсауга салып, қайратымды сынаған қала, қазір менің ең қимасымның бірі бол түр. Жылы жаққа қарай күзде қайыра ұшатын құстай, менің көңілімнің бұзыла бастағанын анам да сезді.

– Балам, неге жүргегің күпті бол жүр? – деді, жанына шақырып. Үн-түн жоқ қасына келіп отырдым. – Қабагың

салыңқы, бұрынғыдай көп ойнап күлмейсің де. Элде науқасың бой жаздырмай қалды ма?

Шіркін, ана жүрегі деген осы: көңіл күйінді кірпігіңің қозғалысынан байқайды. Кешегі мәлдір қара көзіне жіңішке ақ талшықтар тор жасаған, бірақ отты ұшқыны әлі өше қойманты. Көз қызығымен маған бір қарап қойды. Жауап күткендей. Ажарлы өңін әжім қаптап, бетіне уайым сзықтары із тастаған. Мен деген қайғы табы кешегі Қалдаратамның қайғылы қазасынан болар. Бұрынғы ашық мінезді кісі қазір біржолата өзгеріп, зіл қаратастай бол қалған. Ойыма ағайым оралды. Эй, өзге десе өзінің өзегін жарып беретін азамат еді-ау! Маңдайға сыймай кетті гой. Көктемде тың игеруге көшіп келіп жатқан елдің есірік бір-екі баласы көлге түсеміз деп, су жұтып батқанын көріп, жанындағы машинамен өтіп бара жатқан ағайым (аудандық партия комитетінің секретары еді) жалма-жан тоқтайды да, көлге киім-пиімімен қойып кетеді. Балаларды итаршылап жағаға шығарады да, мұздай суда тамыры тартылып өзі көл түбіне кетеді. Жұрг ертеңіне мұрдесін әзер табады. Мен үшін де, бұл қаза, төбеден жай түскеңдей болды. «Жүрерсің көпке дейін көндіге алмай» дегендей, шығарға жан бөлек болған соң, амал не! Бұл қайғыға менің сырқаттан сылынып тұрғанымды көріп, шешем байғұс тағы да күйзеле қаусаған еді. Мен жанында бір-екі ай болып, уайым ептеп ұшып жеңілденіп еді, енді, міне, әлденеден қатты алаң болған сыңай танытып отыр.

—Денсаулығым жақсы, апа, қорықпаңыз, — дедім.  
— Көзім әбден жазылған. Еш жерім ауырмайды, — деп келіп, үзіліп қалған оку өзіне тартып алаңдатып жүргенін мәлім еттім. Басын төмен салып, жанындағы үйисқан жұнді түтіп едәуір үнсіз отырды. Мұң тоздырган сыңай аңғартып, күрсініп алды.

— Қайтейін, тәңірінің жазғаны осы болса, көнбекенде не шара! — деді кенет тамағына өксік тығылғандай жабырқап. Шешем жаратылысында емендей қатты кісі

болатын; бірден иліге кеткеніне таңырқап та, түсінбей де отырмын. Көздерінен күміс моншақтар жас етегіне барып тамып, лезде жайылып жоқ болды. Денем дір ете қалды, шешемнің жылауын бірінші көруім. Экем соғысқа кетерде де көзіне жас алмаған, қарақағаз келіп, бұкіл ауыл шулап жатқан уақытта: «Елмен көрген ұлы той, балаларыма жүрім берсін!» - деп, қара орамал тартып түнерген де қойған. Сондай болаттан берік кісінің көзіне жас алуына бір жағы шошып та отырмын. Элде қартая бастағанның белгісі ме? Ағатайым Қалдардың төтеннен келген қазасы еңсесін езіп, жанын жібітіп кетті ме екен? – Айналайын, енді жас емессің! – деп, тағы кідірді. – Азамат болдың. Талабың шығар, әйтпесе елдің өзіндегі баласы трактор айдан, малын бағып ауылда жүр. Қазір, мынау жер көтереміз деп жүрттың бәрі шулап, осында ағылып жатыр. Табысы белден көрінеді. Бірге болсақ, аш-тоқтықты бірге көрер едік тағы. Сенің жеңіл көшпейтініңді білем. Қалың ойда жүріп салмақтап шешкен шығарсың. Жарайды. Бар оқуыңа. Мен әйтеуір жаныңа батқан сырқат па деп ем...

Шешем көзін етегінің ұшымен сұртті де: «Бері жақында», – деп, басын иіп ымдады. Алдына кеп тіземді бүктім, мандайымнан, басымнан сипап, көзімнен кезек-кезек сүйді.

—Қайда жүрсөң де, күнің жарық болсын! – Мен шешемді емірене құшақтап, шекемді кеудесіне сүйеп, бір сәт тұрдым.

Алматыға құстай ұшып жеттім де, медицина институтынан документтерімді шапшаң қайырып алып, Жанар тұратын Н. қаласына тартып кеттім. Қыздың адресін ауруханадан шыққанда, Манар тәтейден алғам. Адресі болғанда қазіргі мекендеген қаласының аты ғана. Жанар Н. шаһары деп жұмбақтаған соң, мен де солай сыр сақтағым бар.

Н.шаһары Алматыдай керілген керім қала емес, облыс

орталығы екен. Бірақ қасындағы әдемі, мәлдір сулы өзені айрықша жарасымды сияқты. Біздің Керекудің жанынан өтетін ерке Ертіс секілді кең арналы емес, сұлу қыздың жалғыз өрім тоқпақтай бұрымын елестетеді.

Педагогтік институттың тарих факультетіне документ тапсырдым. Бұл ретте де жолым ондалып конкурс қатты болмай, бірінші курсқа қабылдандым. Жалпы, мектепте қаланған білімнің негізі жаман соғылмаса керек, институт дегендерің сөз болмай, бөрікпен ұрып алатын бозша торғайдың балапанындай кездесе берді, астамшылық болмасын!

Әскер семьясының мүшесі, қарт шешесі мен оқушы інісі ғана бар деп, жатақханадағы онсыз да саусақпен санаарлық орындардан біреуі пешенеме дөп келді. Адамы түгіл агашина дейін бейтаныс қалада жататын жерің болу – шексіз қорғаныш, қисапсыз байлық. Жанарды тапқан күнде де, ол маған жайлы төсек, жылы орын бола алмайды Гой.

Жатақтан койканы, төсекті жайғастырып қойып, енді қалалық моншага қарай желдей есіп келемін. Былғары күрте мен коверкот костюм чемоданның ішінде жайғасулы. Облыс орталығында оны «өртейміз» деп ынтыққан ешкім болған жоқ. Астананың институттары екен, елден ерек пысықсынған.

Үлкен көшени кесіп өте бергенімде:

– «Занғар!» – деген әлдекімнің даусы естілді. Айналама көз салдым. Тротуарда көк қылаң жадағай костюм киген, ұзын бойлы, қара көзілдірікті кісі тұр екен. Оndай адамның менде несі бар деп, бұрылып арт жағыма қарағанда, әлгі даусы тағы шықты. Көк қылаң костюмді кісі екен шақырып тұрган. Таңырқап, жанына барғандаған таныдым. Алматыдағы директор агайым.

– Сәлеметсіз бе, агай! – дедім, ұрлық үстінен ұсталғандай қызарактап. Ол көзілдірігін алып, күлімдеп қолын ұсынды.

— Иә, қайдан жүрсің, Заңгар?

— Осында... — дедім абыржып.

— Жай ма? Қашан келдің?

— Бір айдай болды.

— Негып жүрсің?

— Оқуга тұстім.

— Қайда?

— Пединститутқа.

— Е-е, мединститутты тастадым де. Жарайды, жарайды. Дұрыс болған. Кешке мынау адреске кел, — деп, қолыма лақтың тіліндей көк қағаз ұстата берді. Сөйтті де бұрылып жүріп кетті Қағазды оқып қарасам: «Уәлиханов көшесі, 47 үй. Аманов Жанғазы Аманович» — деп жазылыпты. Директор ағайдың жаңа адресі болды бұл. Аң-таңмын, сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Немене бұл, сиқыр ма, Қыдыр ма, қайда барсам алдыннан шығады! Көкшіл киімі өзіне құйып қойғандай жарасып, Қыдырәліксаламның тура өзі құсан кетіп барады. «Сүрінсен — сүйрейтін, құласаң — қолтығынан көтеретін, жабырқасаң — жебейтін», ертегінің бүгінге жеткен, Ғайыперен—Қырық шілтені болмасын! Соңынан қарап көз алмай тұрып қалыптын. Экетайым-ау, мұндай да бақыт бола ма! «Шаранасымен бірге тутан» — деуші ме еді ел, қалай?!

Кеше Жанғазы ағайдың үйіне бардым. Тағы да құшагын жайып, бауырына басты. Бөтен деп бөлмеді, өзге деп ежіреймеді.

\* \* \*

Өрімтал жас болудың тіршілікте ұтырлы ән, сәні де, еселі үлесінен айрылатын мән, жөні де ұшыраса береді еken. Әні-сәні дейтінім еркелігің, ептілігің тіпті қателігің де жастыққа жарасымды, кешірімді санаңып, қанатыңды кең жазып самғайтын тұста кішінің әдеп, ізеті ер жігіттің өзін қыздай сыйылтып тастайды еken. «Өз үйің, еркін

жүр» – деп талай құлағыма құйғанмен, ауылдың баласы бір жерімнен ши шығып қалмасын деген сақтық иттің күшігіндей аяғыма орала береді. Жатақханада жатқан студенттер, «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ», бұл жездесінің үйінде тайраңдап көзді қызықтыграды. Оқуына, театрына, киносы мен қыдырысына да еркін, қанатты қырги сияқты, ал мен болсам, әлі бір «шай» деген сөз естігем жоқ, сонда да тордагы тотыдаймын. Институт – үй, үй – институт, анда-санда кітапхана, кино, жатақхана ендіктерін ғана бойлаймын. Мұнымнан зардал шегіп жатқаным шамалы: қысқы сессияда дәп-дөңгелек беспен шықтым. Абырой-атақ, мақтау, марапаттың астында қалдым. Жазғы сессияға әзірлігім де жаман емес.

Жаман болып тұрған тек қана Жанардан бейхабарлығым. Осы қалада тұрады дегенгедесенімім жоғалғандай. Қазір сегіз айдан асып барады. Сенделіп сарсылғаным, «Тым болмаса хат пен хабар сөзі жоқ» деген, әннің кері. Ағайға білдірмей әуелде Манар тәтейден:

— Тәтей, осы баяғы мен ауруханада жатқанда, өзін Жанармын деп таныстыған перште қыз, көзім ашылған соң көрінбей қетті-ау, — деген ем, әзілге сүйенген болып. — Осы қалада екені рас па?

Ақылды әйел менің сағынған ойымды сезген болуы керек. Бірақ ұялтқысы келмеді ме:

— Рас, осы қалада тұрады, — деген де қойған мән бермеген болып. Одан әрі мен де қазбалай алмадым. Шешім біреу: студенттер кештерінен, театр, кино, көшеде кезігіп қалуы ғажап емес. Қалт етіп қол босаса, осы қаланы шарқ ұрып шарлай беру. Бірақ мұным бос сандалыс болды.

Тағы бір әрекет жасадым. Әрекетім мынау: сабактан келіп үй оңаша қалған сәттерде телефонға жармасамын. Баяғы алғаш көргендегі тулап-тоңқитын телефон емес, қазір жақындасан ғасын ішіне тығып қорғана беретін тасбақадай томпиып жатады. Телефон анықтамасын

аламын да, Баймурзиндерді іздеймін баяғы. Тізімде он үш Баймурzin тұр. Қазақтың қаптап кеткен бай мен мырзалары, шіркін! Сондай аттарыңа заттарың сай болса, тоғыз ай тығылмай баяғыда-ақ менің жүргегімнің зарына «әу!» деп дыбыс берер едіңдер ғой. «Мықты екенсің, тауып көр», – деп, шіреніп-шіреніп жатырсындар, аянып жүр ме екем мен, жетісіп жүр ме екем! Темір етіктен теңгедей калған жоқ, темір тоным тозып бітті. Сейтсем де, телефонмен Баймурзиндерге шабуыл жасаймын:

– Алло, саламатсыз ба? Бұл Баймурзиннің пәтері ме?

– И-и-иә-ә..

– Кешіріңіз, Жанар жоқ па екен үйде. Шақырмайсыз ба?

– Қан-дай, Жа-нар?..

Сыздануының өзі садақпен атқандай. «Жоқ» дей салмай ма, жоқ болса, адамды тергемей. Келесі Баймурзинге ауыз саламын. Не дер екен? «Бұл үйде Жанар деген қыз тұрмайды, екіншіләй звонить етпенің!». Сонсоң тағы бір нәрселерді айтып, әбден жекіп ұрысты. Ыза болып тағы біреуіне қарай ойыстым. Телефон тұтқасын көтерген аққөңіл кісі: «Қазір, қазір, күте тұрыңыз», – деп жалбақтады да қалды.

– Эле, – деді жіңішке әйел даусы. Телефонда бірінші сөйлескендікі ме, үні ұқсанқырамады. Тексергім келді.

– Саламатсыз ба?

– Сәлеметсіз!

– Бұл Жанар ма?

– Иә, мен. – Даусы ұқсайтын секілді. Майда, жұғымды.

– Бұл мен ғой, Заңгар ғой!

– Қандай Заңгар?

– Танымай тұрсың ба? – Қапелімде не айтарымды білмедім. – Баяғы суретінді, орамалыңды берген ше?

– Менің орамал, сурет берген күйеуім үйімде, қасымда отыр. Шатастыңыз. Басқа номерді алыңыз.

– Кешіріңіз, кешіріңіз...

Міне, енді біреудің некелі әйеліне жармастық. Күлесің бе, жылайсың ба? Он үш Баймурзиндерден екі-ақ Жанар шықты. Біріншісі әлгі Екіншісі..

— Иә, мен Жанармын. Сіз кімсіз? — деді. Кішкене қыз бала екен.

— Нешінші класта оқисың?

— Төртінші.

— Отличниксің бе?

— Бір төртім бар.

— Қай сабактан?

— Орыс тілінен.

— «Орыс тілі – екінші ана тілің». Оны беске оқуың, керек.

— Жарайды. Папама не айтайын.

— Папаңа: Жанар деген жақсы бала екен деп айтты де.

— Рақмет.

Жанарды іздеудің аяғы осылай бос мылжыңға айналып бара жатқан соң бір күні аға-жеңгеме қолқа салдым: «Басыңда таныстырған өздеріңіз, енді сол Жанарды бір көрудің жолын айтсаңыздар, айып болмаса?». Бұл ең ақтық амал еді.

Жанғазы ағай шын пейілмен балаша мәз боп күлді. Жеңгей:

— Қойшы, неге күлесің, баланы ұялтып! — дей берді.

— Онан да мені іздең тапқан тәжірибелі есте қалса, үғындырып үйретсенші! Саган сонда онай болған болар, тіпті!

— Іздең көрдің бе өзің? — деді енді ағай сабырлы қалыпқа ауысып.

— Көрдім.

— Қалай? — Мен тындырған ісімнің ақиқатын түгел баяндаштым.

Екеуі мәз-мейрам болды. Жастьқ шактары естеріне түсті-ау деймін.

— Олардың үйінің телефоны анықтамаға жазылмайды.

Қаладағы ең қажетті, ең белгілі адам. Жұрт босқа мазаламасын дейді Сен білесің бе, бұрын қыз іздеген жігіт қайтушы еді? Із кесетін, қыз жүретін жолды торитын. Орталықтағы үлкен оңаша үйлерді шолып қара. Жанарды іздедім деп кешіксең ұрыспаймыз. Осылай деп ағай, тағы да күліп, құлағымнан тартып, арқамнан қағып қойды. Жүтенін сыпрыып «шүү» деп құнанды босатып жібергендей.

Жол торыдым, із кестім, үй іздедім. Ақыры таптым. Жасыл шарбақтың арғы жағындағы аула ішінде, жайқалған көгал ажырықта екі қыз көшеге қырын қарап, кітап оқып отыр екен. Анық таныдым, бірақ жүрөгім дуаламай көп жүрдім әрі бері. Менің қолымда да кітап. Шарбақтан қарғып баққа секіріп түстім. Торғай ұшып қонды-ау деп те ешкім елең еткен жоқ. Соган қарағанда бұлар да мені байқап отырса керек.

— Рұқсат па екен, қарындастар? — дедім жандарына кеп.

— Есік тұрганда шарбақтан секіріп, рұқсат сұраганыңызға жол болсын!

— Элей болсын! — дедім мен де ерегісіп. Үнінен таныдым — тұра сол. Қателеспегеніме бір жағы іштей қуаныш тұрмын.

— Ашылмайтын есіктің бір жолы осы ма деймін. — Ол ілулі ме еді дегендей құрбысына қарағанда, анау болмашы бас изеді.

— Кілті жоғалмаса, ашылмайтын есік болушы ма еді?

— Сынағандай нәркес қара көзінің қиығымен қарап өтті.

— Ол кілт сіздерде бол тұрса қайтеміз? — дедім екі ұшты етіп мен де.

— Онда шарбақтан секірген айып емес, — деді құрбы қызы әлде шыны, әлде мысқылы аралас. Мысқыл мәслесі болса, шүкір, оған біз де жарлы емес шығармыз.

— Кедейге бәрібір, — дедім сәл кекесінмен. — Пролетариаттың екі қолынан басқа жоғалтары жоқ.

— Тарихты жақсы оқыған екенсіз!  
— Өзім тарих факультетінде оқып, оны білмесем — не болғаным!..

— Сонда пролетариаттың жүрегі не қалайды екен?  
— деп күліп, сазды сұлу дауысты қыз орнынан көтеріле берді. Талдырмаш, сұнғақ бойлы, аққудың балапаныңдай әдемі екен. Көзінде — қуаныш, сейтсе де сыр бермегенсіп, сұрағына жауап тосқандай қас-қағым сәтте бөгеле берді.

— Жоқ мен іздеушімін. Пролетариаттың тілегі — сол жоқты табу.

— Олай болса жоқшы есік алдында күте тұрсын. Жоғы табылып қалар.

Екі қыз үйлеріне қарай жүгіріп кетті.

Шарбақ сыртына шығып, қарауыл секілді сілейіп тұрғанды дұрыс көрмей, ыңғайсызданып, жол шетімен әрлі-берлі жүрдім. Менің бақыттыма, көшпеде сабылған ерсілі-қарсылы жүргіншілер байқалмады, машинаның айғай-шұынан алыс бөлек қойнау. Жалтақ-жалтақ қарап қоямын, қыздар бөгеліп кідірген сияқты. Жүрек аттай тулап дұрс-дұрс соғады, денеден болмашы діріл жүгіріп өтеді. Қыздың мысы ма, үйдің сұзы ма белгісіз. Бір ыстық, бір сұық жел өн бойға елеусіз соғып, ауық-ауық оралып келетіндей.

Таң алдындағы күннің көкжиекке берер жүқалаң қызығылтымдай үлбіреген қынама бел жібек шайы кейлек киген, бойлары да, дene бітімі де өте ұқсас, бір анадан туған егіздей екі қыз боянып, таранып жарқ етіп, жасыл қақпаның есігін жайымен ашып сыртқа шыға берді. Шаштарын қос бұрымнан иықтарына асыра тастаған. Аяқтарында өкшесі жайтабандау ақ туфли. Аздаған айырмашылық өндөрінде ғана: бірі — аппақ ақ торғындағы дөңгелек жүзді, қара көздері мөлдіреп, еліктің лагынша үркіп ырғығалы тұрғандай, бірі — қара торы, бидай өніне күннің кешкі нұры ұялап қалғандай ойлы, сабырлы ажар. Өздері атын айтып таныспаса, үнін бұрын естімесе, адам

шын жаңылысардай. Екеуі де күлімдең шықты, әсірсе, аппағының жүзіндегі толқын ерекше. Кешкі көл бетіндей болмаши ұяң толқын тербеледі.

— Заманы бір құрбы ғой, жоғын бірге іздесейік, мүмкін жәрдеміміз тиер деп шықтық. — Мұны айтқан ақ торғын қыз. Құлаққа жатталып қалған жібек үн таулы жердегі дауыстай жүрекке қайта жаңғырықты. Айдан анық, жаңылғам жоқ, бұл — Жанар! Жанарым! Таптым-ау сені! Жүрегім аласұрып шаттанды. Мына құрган қақпандарыңа іліне кетсем, кім болғаным менің. Бұлай адастыра алмассындар.

Қатар жүріп келеміз. Сөзді нeden бастарымды білмейabyржу бар. Төтесінен тұра салу керек пе, әлде қиялап айналып келген мақұл ма. Бұл міндетті қыздардың өзі жеңілдетті.

— Танысып қоялық, — деді әдемі аппағы.

— Жанар, — деп қолын созды бидай өндісі. Саусағын қысып:

— Заңгар, — деп көзіне тіке, кіртік қақпай таңдана қарадым. Аққудай әдемісі қолын созды:

— Жанар! — Бетіне қарасам, сыр беріп алармын деген адамдай қиылып қана бір көз тастады.

— Заңгар! — дедім мен де еш нәрсе үқпағандай аңғал кейіп көрсетіп. Қыздардың көмейінде күлкі ойнаған секілді.

— Іздегенім бір Жанар еді, екеу бол шықты, бақталайым қандай бес батпан жан едім! — дегенде қыздар сықылықтап күліп жіберді. Әзер шыдап келе жатыр екен. Ойнап әзілдемек ойларының ұзаққа бармай ұсталғанына, балаша бұртияйын дегенмен, іштен тепсініп тұртінген қуаныш толқыны тасыған қазандай буын көрсетіп алды.

— Өзіңіз пәле екенсіз, — деп қара торы Жанар біртурлі сырмен қарады да: — Сонда да айтыңызшы, жоғалтқан кісінізге шын жолықтым деп ойлайсыз ба? Жанар есімді қыздар көп емес пе?

— Бұл сөзіңіз орынды, таласым жок, қарындасым. Иňшалла, менің арманым — жалғыз Жанар! — деп, өз Жанарымның мақтадай майда білегінен ұстаганда:

— Гапу етіңіз олай болса, үшінші адамның жолы бөлек, — деп ол қолын бұлғап қоштасып, сәл жымиды да жылдам басып жүгіре жөнелді. Біз оны тоқтатқан жоқпыш.

Ұзак қыдырдық, кинотеатрга барып, жаңа жүріп жатқан аргентиналық «Махаббат шағы» фильмін көрдік. Алдымыздан ақ арманыңға жайып қоңыр желі ескендей. Мен Жанардың сүйріктей сұлу саусақтарын, жұмсақ жылы алақанын қолдарыммен аймалап отырдым. Тәбем көкке екі-ақ елі жетпегендей, балқыған бал-шырын сезім. Жарық дүние тарс жабылып, тас-түнек тартар тұста өзі іздең келіп тапқан қолдар ғой, бұл! Адасып қаламын ба деп шошыған жүрек енді орнына түскендей. Қарлығашым, қанатым менің! Енді мәңгілік айырылмаспын сенен! Махаббатыма іштей сиынып, іштей ант етіп отырмын. Экранда да сиқырлы сұлу өнер жүріп жатыр...

Сонсоң паркті аралап, қалаға қою қарандылық түскенде үйге қайттық. Жанар көп сөйлемеді: өткен-кеткенде, көрген-білгенде айтып сырғытып келе жатқан мен ғана. Ауыл жайының, оқу жайының ерекшелену, қызық-қызық деген тұстарын теріп алғып әңгімелеймін. Ол үйип тыңдалап, сыпайы күлумен ғана келеді. Өзімнің әбігерге түсіп, тоғыз ай іздеңеніме әдейі соқпай, одан аттап кете бердім. Емешегім үзіліп өлердей болғанымды білген соң, бойын тыжырынып «пайғамбарсып» қалар деген күдік оянады. Қолдан келсе күлдіріп, ынтықтырып, үзілдіріп, іштей жүйкесін күрту керек. «Сүйем, күйем» деп, салғаннан жығыла кетсен, қандай ақылды қыз болса да тәкаппарланып, кекжие қалатыны ақиқат. Эйелге ешқашан «өліп-өштім» деме; сол сөзді жаны сүйіп тұрғанмен, өзін сенен де ерекше ұнатар тағы біреу бар-ау деген жалған дәмеге малданады. Мына Жанар ол кінәдан

пәк шығар, бірақ әлі тізгінін ұстатқан жоқ қой. Бағытты үйге қарай бұрғанда:

— Жанар, менің осы қалада екенімді білдің бе? — дедім, ішкі сырды жасыра алмай.

— Білдім, — деді ол жайлап қана.

— Мен сені ұмытқан шығар деп ем. Кемтар кездегі көңіл аулау, жай жолдастық, адамшылық болды гой деп, үміт үзіле бастап еді.. Шыдамды екенсің.

— Шыдамағанда... Қыздың жолы жіңішке екенін білмеуші ме едің! Жігіт ізdemесе, қыз қайтпек...

— Мен сені, әзер таптым! — деп, қара көлеңкелеу талдың түбіне келгенде, аш белінен құшақтап алдым. Өзіме елеусіз тартып ем, қарсылық білдірген жоқ. Алмадай қос анары кеудеме кеп жұқа көйлектен өтіп, ыстық леп соншалық ала құйын үйіріле берген. Қан тамырлар шапшып, асау ағып ерік бермес мас халде қыздың алма мойынын, ақша бетін, нәркес көзін аймалай сүйіп, бүкіл ажарына сән беріп тұратын үйірімді астыңғы ерініне кеп табыса тоқтап қалды менің еріндерім. Тілмен айтып болмайтын балшырын мезет. Қыз ұялып ұзақ сүйіспеді. «Не ойлайды тағы да!» — деп, тартынған болар. Үнсіз жүріп келеміз. Тіл күрмеліп, жүрек сөйлейтін сәтке ауысқандаймыз. Сөзбен жеткізе алмағанды ынтық құшақ, ыстық сүйістің бір сәтті жеріне жеткізіп айтып береді. О, табиғат адам етіп жаратқаныңа мың шүкір! Жүрек бергеніңе, махабbat сыйлағаныңа мың да бір рақмет!

Жанар үйінің жанына келгенде, көп аялдамай қол бұлғап, қақпаны тез жауып көрінбей кетті. Ұзақ кідіруге мұрша жоқ, жүрек ояу, көңіл мас, әлгі елестен шыға алмай қалқып келемін. Қара мақпал тұндегі жапырланған сан жұлдыз кемерінен асып төгіліп, алақайлаған аспан қуанышыма шашылған шашу секілді. Осы таза іңкәрліктің шексіз шаттығымен бозбала көңіл қанатын кең сермен барып гүлзарға ұқсас көктегі жолына шығып кетегіндей. Сол ішкі тасқынды жасыра алмай кеп есік

аштым. Лепірген көңілім үй іші қадам басқаннан-ақ сезіп қойды. Әсіресе ағай:

— Ал, Заңгаржан, сапарың бүтін сәтті болған-ау деймін. Құттықтаймын! — деп, күлді де, кең құшағына алыш қысып-қысып қойды. Сөйтіп, оңаша бөлмеге ертіп келіп жайғасып отырған соң, сөз бастады.

— Танысқандарың, табысқандарың жақсы, — деді салмақты үнмен. — Қыз әкесі әлі ештеңе білмейді, шешесі де. Біз сыйлас, дос адамдармыз. Манарап екеуміздің ойымыз: алдымен жастар өздері жолығып, өздері үйгарсын, қалғанын көре жатармыз деген ек. Тағдырларың қосыла ма, қосылмай ма, ол алдағы уақыттың ісі. Тек жалғыз-ақ айтарым: бір-бірлерінді сүйсендер де, сүймесендер де, араларында жақсы, жақын адамдардың татулығындей татулық, пейіл болу керек.

Мен басымды шұлғи бердім...

Қайран, ақылды, мейлінше бөлек кісі еді гой!

\*\*\*

Алуан нақысты, сылқым сазды жүрек тербеген күй ме, күн сәулесінің айдынкөлде алтын шашып ойнағандай сан құбылған майда толқыны ма, шебердің шабыттанған толассыз тоқыған көздің жауыналар, түрлі түсті кілемі ме, әйтеуір бір уыз дәмді тіршілік басталды. Жан дүниедегі мысқалдай көңіл ағысын, кірпік қағысынан-ақ аңгаратын сезімтал, зерек, адам баласын аяғыш, есіркегіш, инабат, ізеттілігінде өзінің хор қызындағы сұлу бітіміне жаразты мөлдір мәдениет иесі. Жанар, менің шын махаббатым бол шықты. Тілмен айтып жеткісіз, ешбір өлшеммен есептелмейтін шынайы сүйіспеншілік, ертегінің елесі емес екеуміздің бейнеміз бол жараса берген, ләzzатқа толы жас жүректер калтқысыз ұғыса берген.

Ол маған бір дәптер өлең көрсетті. Жанардың өзінің маржандай тіzlген сұлу әріптері. Жүрекке соншалық ыстық. Оқи жөнелдім де, өз көзіме өзім сенбей мұдіріш

қалдым, күдік емес, әлденеге таңданыс. Жанар ұялып, оқшауырақ барып, алуан гүл өскен бақты тамашалаған бол өзімен-өзі ойнап жүр екен. Мен бұлақтай сылдырап ақсан қыз жанының мәлдір сырына куә болдым. Қыз болса бір облысты билеп тұрган, әрісі шартарапта даңқы жүрген үлкен қызметкердің жалғыз перзенті, мен болсам қолынан кетпен, күректі әлі тастамаған колхозшының қара баласымын, арамыз аттылы-жаяулау, осынымың өзі тубінде ғашықнамадан ғөрі есек дәмеге айналып қайғы иіріміне батып кетпейін деген бұрынғы қалың құдіктер сейіліп берді енді. Көз байлаулы мұсәпір кезде алғаш көргеннен бастап тұтанған қыз сезімі бүгінгі шекті лаулап, лапылдап өршіп жеткен. Мен жөнінде қателеспейтініне де, кәміл сенулі жүрегі мұлдем секем алмайды екен. Құдай-ау, мұндай сенімді қыз миына кім үялатты!

Бұл дәптерді Жанар маган арада жақсы таныстырымызға екі жыл өткен соң көрсетіп тұр. Өзі бір жыл сырт киім тігетін фабрикада тігінші бол істеп, медицина институтына былтыр түскен болатын. Қазір мен – үшінші, ол бірінші курсы бітіргелі тұр. Біздің балаң таза достығымыздың бұл күнде махаббатқа айналғанын үлкендер жағы да сезе бастады. Бұрын да Жанғазы ағай мен Жанардың үйі іші еркін араласып тұрган соң, жастардың жазықсыз, пәк сезімдеріне көз алартып, күдік тудырмаған. Алансыз, қапысыз тату достық ержеткен азаматтардың есейген көзқарастарына айналып бара жатқанда, Жанғазы ағай Жанардың әкелерін үйіне арнайы шақырды.

— Е-е, — деді Жанардың папасы Сағын Халықович ақылды да, ойлы, қара көздері сәл күлімдеп. — Жәкеңдер бүгін неге соншалық асты-устімізге түсіп, аяғының ұшынан басып жүгіріп кетті десем, онда бір сыр бар екен ғой. Бәрі заңды болсын деп Алматыдағы прокурор ағайындарын да шақырган ба қалай? — деп, өзінің ашық

мінезімен жиналып қалған көмей қыттығының жыбырын басқандай кеңкілдеп күліп алды.

— Бұрын көңіл қосқан достар едік, енді құдай қосқан жақын жекжат боламыз демексіндер гой. Содан құдайдың бау-бакшасына, жеміс-жиедегіне көздерің тусіп, күнәкар болғандай қысылып, қызырып отырсындар! Оңай емес, әрине, оңай емес, қыз өсірген адамның көңілімен санаспай болмайды, жан пернесін сұнғыла күйшідей дәл басу керек. Ұлың ер жетіпті, қызым есейіпті деп мен қуанайын ба? Білем: «Іштеріңнен: өмір заны, осы, қуану керек» — деп қуақы ойларың жылт-жылт етеді. Сендердің орындарында болсам, мен де солай етер ем, салмақты ойға тереңдей ауып бара жатқанын сезіп, аз-кем бөгелді. Сол әрекетінің орынды, орынсызын таразылап алғысы келгендей. Ол әлгі ой арнасын кілт тоғарып, Жанар екеумізге кезек-кезек жіті көз тастады.

— Жанар, Заңгар, қалқаларым, сендер өзді-өздеріңнің құрбыларынмен анау бөлмелерге барып жақсылап ақылдасып келіндер, әбден ұтысып, түсінісіп, біріңсіз-бірің өмір сүре алмайтын достыққа жеттіңдер ме, соның жауабын іздең көріңдер!

Мен өзімнің курсас жан жолдасыммен, Жанар өз құрбыларымен бөлмелерге қарай беле жөнелдік. Ұяттан өртеніп, жұртқа қарамай есіктерді тез жапқанша асықтық. Бұтінгі Жанғазы ағайдың жай мәслихат кешінің жібек арқаны, кең тұсауы, бізге ораларын аңғармаппыз. Оны, бәлкім, Жанғазы ағай мен Манар тәтей де бағдарламаган болар.

Ең жақсысы, қыл аяғында да бізді жауап алуға қайта шақырган жоқ, қайтып үлкен дастарқанға да оралған жоқпыш. Басқа оңаша бөлмеге дастарқан жасалып, жастар жеке-дара отырды; сауық, сайран, жасауга мұрсат алдық. Кайткенде де бұл әрекет аға, тәтемнің есейген өмірімізге берген тұңғыш бастаңғысына ұқсас еді. Біз бұрынғыдан да ашылып, бұрынғыдан да табыса түскендейміз.

Үлкендердің араларында қандай әңгіме, нендей уәде болғанын білмейміз, тек әйтеуір, қатынастары бұрынғыша, бәз-баяғы қалпындағы жүріп жатты, біздің достық жұбымызға теріс қабак көрсеткен бір адам байқалған жоқ, «ойланып келіндер» деген, баяғы әке сөзі «ойланып көріндер» деген, сын екен ғой деп түйдік өзімізше. Мұндайда адам сыналған сайын шыңдала түспей ме, бір туысқан, сыйлас аға-қарындаштағы екі жыл өтті.

Институт бітіретін мезгіл де тақалды. Екінші курстан комсомол жұмысына қоян-қолтық араласкан мені институтта комсомол комитетіне секретарь етіп алғып қалмақ, бірақ мен оған келіспедім.

«Педагогтік окуга түскенде, комсомол жетекшісі боламын деп, түсіппін бе! Мектепте істеймін!». Менің бұл ойымды Жанғазы ағай да, Жанаардың папасы да қостап шықты. Ақылды кіслер ғой, өмір көрсін, жер танысын деген шығар. Жолдама, Талдықорған облысына тиді.

Соңғы емтиханға әзірлік жүріп жатқанда Жанғазы ағам шақырып алды. Ерекше қуанғандағы әдеттінше көздері ұшқын шашып, арқамнан қағып, құшақтап:

— Ал, жігітім, сүйінші, бөркінді аспанға лақтыра бер! Екі тойыңды бір жасайтын болдық! — деді қалбаңдан, маңдайы тершіл. Тура тұңғышының тойын жасайтындағы елпен қағып қуанады. — Ертең Бағила тәтең, Аққұмнан апаң мен Тайкелтір атаңды алғып келуте жүреді. Қалай барып қайтуын жақсылап түсіндіріп, жөн сілтерсің. Жарай ма!

Мен үлкен толқын қуаныштан абырап қалсам керек, «жарайды, тапсырмаңыз тап-түйнақтай орындалады» — деуді де ұмыттып, аулаға жүтіріп шығып, қақпадан бір-ақ ырғыдым. Жүтірген бетте Жанаардың үйіне жетіп келсем, әлі сабакта екен.

— Кел, қалқам, жоғары шық, — деді қыздың мамасы асып-сасқан түріме қарап. — Қазір кеп калар. Жай ме, әйтеуір.

— Жай. Түү, қандай ыстық күн бүтін! — Қара терге түскенімді бұлтарып жаздың бой жылытқан алғашқы адымына аудардым. Ол кісі бал-бұл жанған бақытты жүзімді танығандай, бір сезімтал қан аппақ ажарынан менің осы үйге ентігіп жеткенімнен де асығыс жүтіріп өтті. Қайта шығып кетудің есебін таппай отырмын. Жалпы, Жанаардың сезімталдығы осы анасына, ақылы әкесіне тартқан-ау деймін.

— Емтиханға әзірлігің қалай?, — деді, мені әңгімемен ұстай тұрғысы келгендей. — Соңғысы ма?

— Иә, ақырғысы. Жаман емес. — Шығып кетудің есебін таппай асығып отырмын. Бағила тәтейге жөн сілтеуім керек қой. Бұл Жанаарды қуанту үшін жолай бір минутке соққаным, бірақ оны қалай айтасың.

— Институтқа бара жатыр едім, асығыс шаруа бол. Жанаарға айтсаңыз, мен тез қайтып келемін.

— Сәл күтсең, келіп қалар.

— Жоқ, мен қазір...

— Жарайды онда, бара ғой.

Үкідей ұшып сыртқа шығып, медицина институтының жаңа корпусына қарай жүгірдім. Жанаар жолда жолықты. Құшақтай алып, бүрк-бүрк қайнаған қуанышымды жеткіздім. Қыз күлімдеп жайнап сала берді. Ол көбіне іштен ғана шаттанатын. Бұл жолы бөлек бұлқыныспен келген сезімді ұстап тұра алмады-ау деймін, бетімнен сүйіп алып, үйіне қарай жүгіре жөнелді..

\*\*\*

Ауылдан, Ақкүмнан келетін кісілерді күтіп алуға бәріміз теміржол вокзалина шықтық. Көп кісі бар: Жанғазы ағай мен Сағын Халықович бір машинада, Манар тәтей мен Жанаардың мамасы бір машинада, Жанаар құрбысы үшеуміз бір машинада, қаланың батыс мүйісіндегі вокзалға лезде зау етіп жетіп келдік.

Аздан соң мамырлап жылжып поезд да келе берді. Сегізінші вагоннан тоқтайды-ау деген шамасына аялдарап тосып тұргамыз. Жүрегім дүрс-дүрс етеді. Бақыт деген рақатты сезімнің көрік, балға балқыған сары темірін бір құдірет жаныма тапсырып кеткендей күйіп, жанамын. Жүрек-балға сол шоқ бақытты сомдал соғып тұрган сияқты. Жанарадың қуанышында да шек жоқтай. Жұрттың бәрі ұлы майданнан жеңіспен келе жатқан жұлдыздарды қарсы алғалы тұргандай. Қолымызда құшақ-құшақ ал қызыл гүл.

Күмістей сақалы кеудесіне түскен, қапсағай, кең жауырынды, тарамы та сұңғақ бітімді, басына қара мақпал сусары бөрік киген қария вагоннан түсіп келе жатты. Бұл менің атам – Тайкелтір ақсақал. Сырғауылдай науша бойының өзі-ақ жасында жойқын жігіт болғанын айтпай аңғартып тұр. Соңынан ақ кимешегінің етегі жерге түсіп, күміс білезіктері сақырлап, ерекше мәз боп апам келеді. Бақытты жүзі әлдекімді іздейтін тәрізді. Ең ақырында чемодан ұстаған Багила тәтей. Ұлкендер қолдасып амандасты болғанша, біз сәл сыртқарақ тұрдық. Сәлемдесіп, көрісу тамамдала бере Жанарады қабатқа ертіл мен де жеттім. Атамның мойнынан құшақтап, кеудесіне басымды қойып ем, ол кісі маңдайымнан сүйіп, самайымнан иіскеді, арқамнан қақты. Көзіне жас алғандай, көңілі босады. Соғыста қаза болған інісінің көзін көріп, еске түсірген шығар. Қайтсін! Шешем құшақтап бетімнен сүйіп: «Айналайын, айналайын» – деді. Бұл өмірінде екінші рет айналуы. Жанарады атам қолынан сүйіп, басынан сипады да, шешем құшағына қысып көзінен өпті...

Алғашқы күні Жанғазы ағайдың үйінде алыс, жақын көп кісі қонақ болып, тұн ортасына дейін дуылдасып, шақ-шак күліп, ұзак отырып, тарасты. Жастарды ұлкендер қабатына қосқан жоқ, бөлек бөлмеде өз бетімізше ойнап, күлдік.

Ертеңіне Жанарлардың үйі шақырды. Есептеліп, шақталып қана жиналған екі-үш семьяның адамдары ішіп-жеудің ыруду-дыруду салтанатынан гөрі мәнді мәслихаты бар сазды сыршыл кешті аңғартқандай. Көненің көшелі абызындай болып төрде, екі кісі мінгендей қарт отыр. Ол – менің атам. Оң жақта ақ шатырдай кимешегі, қоңырқай қаққан жүзіне ақ нұр сеуіп, көздері қуанышқа толып шешем отыр. Алпыстан асса да ажарлы өңі көп өзгермеген, сырлы мәлдір сүйн сақтаған, құм құдығына үқсас сабырлы, таза ықыласты сезім бар. Жаратылысында ойшил, дана кісі Сагын Халықовиң жүзінде бүгін бөлек толқыныс байқалады. Сол екпінді, шешен де шабытты кісі бүгін бір түсті алабұртқан шаттық шабылыс күйде еді. Ұзақ сөйлеп, көп нәрсе айтты. Елден ерте кетіп, жалғыздық, жоқшылықпен қиналып оқып, білім қуып, одан ел ісіне араласқанын, өмір, адамгершілік, уақыт, совет заманы адал еңбек мен халық жүргіне бір тоқтап, тау мен тау қосылмайтынын, адам мен адам қосылатынын, екі жастың тату тәтті сезімдерін, сол үшін алыстағы қымбат екі кісіні танысуға арнайы алдыртқанын әдемі жырдай етіп айтты. Қарапайым шындық тура айтылса, қара сөзден май таматыны рас қой. Әңгіме-дүкен құрылып, сөз кезегі Тайкелтір атама жетті. Қарт та әңгімені тым әріден, ата-баба, көне дөуірден бастап, осы мәслихаттың шетіне төңіректеп жетті.

– Елге бергенің елде кетпейді, қарагым, Сагын, – деді, Жанардың папасына әлі де үшқыны бар көздерін тура қадап.

– Кеше өз үйінде отырганда айтқаным жоқ. Мынау өздерің араласып, дос болып жүрген Жангазы әкешешеден ерте айырылып қаршадайынан жетім өсті. Көкірегінде оты бар, жетесінде саңылауы бар, алғыр бала еді ауылдағы. Соны байқап, осы бір жетім бала жаңа өкіметтің қамқорлығымен оқысын, адам болсын деп, атыма мінгестіріп, ол кезде айшылық жердей алыс

Керекуге жеткізіп тастап, тапқан-таянған қаржымды қолына ұстаташып ем. Жасаған жақсылығымды айтпаймын онда да, сол баланың қазір көшелі азамат болғанын айтам. «Қиңи-қиңи заман бопты, қарағай басын шортан шалыпты» кедей байымай ма, жетім жетілмей ме, сол қайсар Жанғазы елдің жағасы боп шыға келгенде, менің балам Заңғар ұшырасыпты ойда жоқта. Бәрін естідім, бәріне қанықтын. Кешегі Керманмен соғыста қаза болған жалғыз інімнен қалған түяқ мына Заңғаржаның кесапат кеселіне ара тұрган да өздерің көрінесіндер. Оның бер жағында, — деп, тамағын кенеп алды, — бұл бала құдай қосып сіздердей жақсы жандармен танысып отыр. Сондықтан не айтамын, балалар еліне қадірлі, ата-аналарыңа мейірбанды болсын, жастары ұзақ гұмырлы, өздері үбірлі-шұбірлі бақытты болсын! Бұрынғылар: «Ұнтымағы қосылған екі жас үш дәуірді басынан өткізеді», — деген екен гой. Бірінші – сүйісу дәуірі, екінші – сыйласу дәуірі, үшінші – аясу дәуірі. Эр дәуір шамасы он бес жылдан тұрса керек. Мені сонау жер түбінен танысуга шақырғанда сақалымды көрейін деген жоқ шығарсындар, қарақтарым, біз жасарын жасап, асарын асаган дегендегі бүгін бар, ертең жоқ адамбыз, батамызды да, өсиетімізді де қосып айтайын: «Ниеттерің қабыл болсын, мақсаттарыңа жетіндер; үш дәуір гұмырларың тек бір-біріне ғашықтықта айналсын».

Атам қолын жайып бетін сипағанда, біз Жанар екеуміз ұялып төмен қарадық, басқалар жымиып мұрттарынан күлді. Шешем де атама қосылып бата жасады. Ырым аяқтала бергенде:

— Ақсақал, тым асығыссыз гой, — деп қарқылдал мол денесі селкілдеп күлді Сағын аға. — Ойпырмай, құда тусу деген, қалың мал деген болмайтын ба еді? «Қалыңсыз қызы болса да, кәдесіз күйеу жоқ еді гой». Сөз берді екен деп, ойы-қырын жинап, теріп, қалтың аузын бір-ақ будыңызы!

— Буганмен арқалап кетер дейсің бе, Сагын шырагым,  
— деді, атам да жалма-жан, қынаптан сұрылған қылыштай жарқ етіп. — Келешек өздеріндікі, қарттар арқалап кетемін дегенмен шамасы келмейтін жүк қой. Біздікі жақсылыққа асыққан қомағай көз де. «Өлімнен басқаның ертесі жақсы» — депті гой, бұрынғылар. Жәнжосық жоралғының жасалу жағы қашпас, көз тіріде тілек айта берелік, артық болмас.

Атам жауапты әңгімеде тез ширығып уәжді ойға қатты бейіл бөлетін кісі еді. Көрген, түйгені бар, өр сөзін мақалдап, мәтелдеп, айтысушысын қия бастырмай, шырмап, матап алатын. Сагын Халықович соны тап басып аңғарды ма, әлде өз үйінде кісі күтіп отырып, сөз жарыстыра беруді артық санағы ма:

— Тайкелтір ағаның ойын білдік, Занғардың мамасы Ақжарқын апай не дер екен? — деп, мол кесек денесімен шешеме қарап бұрыла берді. Көзі электр шамының сәулесіне шомылып, қулана ұшқындалп тұр.

Шешем мұндай тосын сауал боларын күтпегенмен, түбінде осындаған бір әңгімеге тірелерін күні бұрын барлап, таразылап қойған екен, баяу сырбаз сөйлеп кетті.

— Қыншылық кездерде ауылдан ерте кеткен туыстарымыздың амандығын естіп, олардың менің балама қорған болып, аялап бағып-қаққанын, ауруына араша болғанын есітіп, аналық жүрегіммен қуанып ем; сырттарынан алғыс жаудырып ем. Оған да төргес жыл өтіпті. Енді сол тумалар, бауырлар мына қайнагамыз екеумізді шақырып, арнайы кісі жіберген соң төбеміз көкке жеткендей қуанып келгеніміз рас. Балам айтқан еді: «Мен қиналғанда сізге қолымды сүиеп, хат жаздырып, жәрдемдескен жақсы бала бар, аман болса, сол қызынызды көрсетемін» — деп. Сол бала мынау Жанаржан екен, айналайын. — Жанарға бөлек мейіріммен қарап, көзінің ұшын жаулығымен сұртті. — Сагын қарагым, балалар өздері танысқан екен,

жұлдыздары жарасса — келешегі бір болсын. Бірак, Заңгарымның сүйегі менікі болғанмен, тәрбиесі, еті анау Жангазы қайным мен Манарап келінімдікі. Мен өмір берсем, бұлар жарық дүниеге тұрақтандырып алып қал отыр. Жастардың жарасқан тағдырын қалай шешесіндер, өздерің білесіндер. Бізде бөтен сөз жоқ. Экесі соғыста өлді, Қалдаржаным анадай ажалға ұшырады. Енді қалғанына береке берсін. — Шешем көзінің алдына ыршып шыққан қос тамшыны салы орамалының ұшымен ұзақ сұрткілеп тынып тоқтап қалды. Жұрттың бәрі үнсіз, Жанардың нәзік жүргегі бұл көрініске шыдай алмады ма, қырында, бетін көрсетпей, орнынан тұрып өз бөлмесіне кіріп кетті. Тыныштықты Сағын ағай бұзды:

— Опымай, Ақжарқын апай-ай, Сіз мына ақсақалдың сөзінен де асырып жібердіңіз-ау. Көкейлеріңізден кесіліп, пішіліп қойған ойлар саулап тұrsa да маган, менің әйеліме қарап бір баспай-ақ жастар, жастар деп жортыш, желіп кете бердіңіздер ғой. Ашып айтсаңыздаршы, құда тұсуге келдіңіздер ме, қыз ұрлауга келдіңіздер ме? — деп, Сағын Халықович менің туыстарыма сынай қарады.

— Пәлі, — деді атам мұртын ширатып. — Облысымыз бөтен, алыс жердің ұрыларымыз деп келгенмен, сіздің құрығынызға ілінбейтін қай жүйрік едік біз. От ауыз, орақ тіліңізге мойынды әкеп тосқаннан басқа не мұрсат бар! — Атам да ұрымтал жерден барып тосқауыл жасады.

— Бәсе, манадан бері осылай жөндеріңе көшсеніздер етті. Ұсынған мойынды қылыш кеслейді деген ғой.

Үлкендер сырның сандығы осылай ойын-шыны аралас ашылып жабылған соң, қонақтар тарайын деді. Алыстан келген қонақтарға қосылып, мен де Жанар үйінде қонуга қалдым. Аға, жеңгейлерім қоштасып шығып кетті.

Төсек әрқайсымызға әр бөлмеге жеке-жеке салынған екен. Апам өз жанына Жанарды алып, бір төсекке жатқысы келетінін айтқанда, қыздың біртүрлі елжіреп

қуанғанын айтсаңыз! Көздері маралдың көзіндегі мәлдіреп, беті бал-бұл жаңып, шешемнің ыстық құшағына кіре берді. Мен атамның қасында жатып, шешелі-қызды екеуінің қабат соққан жүректерінің дүрсілін есітіп, тұнімен ұйықтаған жоқпын. Ақ таңды көзіммен атқардым. Мені ұйықтатпаған бақыттың тәтті сезімі еді...

Август айының ақырында қызметке кетерде біз некеге отырдық. Ерлі-зайыпты болдық дегендегі менің қызулы жан тілегіме Жанарап күтпеген тосу айтты. Қиылып тұрып өтініш жасады.

— Мен сендікпін, жаным, — деді жүрегі дүрсілдеп, жылап. — Қаласаң айтқаның болсын. Бірақ көңіліме түйген сертім бар еді: «Аттап түсер алтын босағамның ақ тесегінде әйел болсам», — деген. Сен ренжіме, ая мені, арманымды ая, қыз арманын, қазақ қызының арманын ая! — Жанарадың қараңғы тұнде көзін ұстасам, ағыл-тегіл жас ағып жатыр екен. Одан әрі еркектікке салу арсыздық бол көрінді.

Ертеңіне жора-жолдас, ағайын-туғандар болып, поезга шығарып салды.

Төрт ай жұмыс, Жанарыз жерде төрт жылдан да ұзақ көрінді. Сөйтіп оқушылар он екі күндей каникулінде сұранып, Жанарыма алып ұшып жеттім. ЗАГС-ке тіркеліп, некеміз қылғанмен тойымыз жасалмаған, менің бір жыл жұмыс істеп оралып, тұрақты келуіме қалдырылған. Оған әлі бес-алты ай уақыт бар. Жанғазы ағайдың ақылымен некелескеннен бері мен Жанарадың үйінде тұратын болғам. Қалындығымның үйіне келіп тұстім. Қатар достар күтіп алып, менің демалысқа келген құрметіме ұлken кеш жасады. Жігіттер, қыздар билеп, ойнап, көп ішті. Шетінен қызды. Мен де қызып қалыппын. Жұрт тарап, Жанарап екеуміз оңаша үйде қалғаңда, мен жігіттік әніме кайта бассам керек, дегендеге, қыздың назды ерке құшағы ыстық көз жасы есімді жидырып, серттен аттамапын. Сол тыңдампаздығым

үшін Жанар өлердей асты-устіме түсіп, құрбан боп кетердей сыйлаған. Он күн мерзім тәмамдалып, жүрер күн тақаганда достар жиналып шығарып салу кеші өтті. Жанар күштілікке, мас болмаймыз деп мықтылыққа сап көп жұтыпты. Бір кісідегі көтеретін мен де әлденеге толқып, тағы да бес-алты ай жолықпай сағынысамыз-ау деген ойды басу үшін етеп ішіп қойсам керек, тұнде Жанаармен алысқан қол, айтысқан антты бұздым. Айналайыным солқылдан жылап жатып, ұзақ аймалап, өліп-өшіп ұзақ сүйді, уәде, сертті аузына алмады. Қуаныш, жылау, өксік аралас таңғажайып бір тұн көз алдымыздан пейіштің іші деп, қиялдаған ұғымға ұқсан, оралып ойнап, махаббаттың кінәсіз мас таңымен ағарып ояңды. Қыз егіліп жылағаннан басқа сыр берген жоқ. Жанаардың тоқтаусыз босаған көңілі бейне мен енді қайтып оралар, оралмасы белгісіз соғысқа бара жатқандай, самолетке шығарып салғанда да бекіген жоқ. Ол менің көз алдымда тазалықтың, ададықтың боз таңына оралғандай, өң-тұс жоқ мөлдіреп қала берді.

Сол сурет көз алдымда өлі тұр. Иә, мен қателесіп, жағымнан жаңылысып айтып тұргам жоқ. Қазір су қаранды соқырмын; бірақ Жанаардың сол бейнесі көз алдымда мәңгі қалып қойды.

\* \* \*

Ол былай болыпты. Мені шығарып салып ебіл-дебілі шығып, сұлдесі құрыған Жанаарды құрбылары әкеп үйіне жатқызып, дем ал деп кетіп қалады. Шешесі сол күні ағаймен бірге астанаға жолай қыдырып қайтуға кетеді де, Жанар үйде жалғыз қалған. Әбден жылап денесі күйген қыз, ішкі есік, терезелерді түгел ашып тастап, сәл тыншығандай болады. Сондан ашық-шашық қалып, Жанар қатты төтенше сұыққа шалдырып, бір-екі күнде-ақ аяқ-қолы тырысып, паралич боп, гаріп күйге үшыраған.

Мені шақыртамыз дегенге өзінің мына мұсәпір халін көрсетуге намыстанған сұлу қыз, мұлде көнбекен. Сөйтіл қырық сегіз күн жатып, февральдің жиырма біріне қараған таңда дүние салған.

Мен: «Жанаар қатты ауырым хал үстінде жатыр, тез жет» – деп, телеграмма алғанда жынданып кете жаздадым. Өз қолыммен қара жердің қойынына тапсырган соң, көп уақыт жынданым да. Не істерімді білмедім, жүрегім қайғыдан өртенді: «Уды у қайтарады», – деп ішіске де салындым. Енді мен еңіреген әке Сағын Халықович пен аңыраған ана Мағираштың (Жанаардың мамасын осылай атайтын) жарығы да, жалғызы да, Жанарының көзі де, өзі де бол қалдым. Сол Жанаармен алғаш рет, ақтық рет жатқан төсекте жатып қайғымұнның көліне шомылатын болдым. Неден кетті, қалай өлді, себеп не? Күндіз-түні миымнан шықпайтын осы сұрақ. Жан жүрегі тым нәзік еді-ау! Мәдениетті, дана еді-ау! Соны жете түсінбей, аңғырт қимылмен түбіне өзім жеттім бе? Қыздың жібектен де жіңішке жүрек жібі қатты тартылған домбыраның ішіндегіндегі үзіліп кетті ме? Бұл зорлық па еді? Жалпы, сүйген қызының сертін, сені сүйген қыздың сертін бұзу – үлкен қателік қана емес, үлкен қатер екенін толық діттедім.

Содан есімді жилюға мынадай сөз себеп болды. Жангазы ағай шақырып алып ақыл айтты:

– Сен мына жүрісіңмен қарттардың жаңына жара сала берме, – деді. – Егер Жанаарды шын сүйген болсаң, қарттарды әке-шешем деп ұқсаны, оларға келін алып бер, сөйтіл, баласы бол қолында тұр.

Менің бұл сөзден есім шығып кетті. Бұл мүмкін бе? Сағын ағай мен мамам қалай қарайды? Сөйтсем бұл солардың ойы екен. Мен шарқ ұрып қыз іздедім. Есіме баяғы өзімді Одессаға, Новосибирскіге алып баратын, алғаш сүйінші сұрап, ернімнен сүйетін Лариса тұсті. Қызға мән-жайдың ашығын айттып, біз тұрмыс құрдық,

тойымыз болды. Ол – дәрігер, мен – мұғалім. Экеміз – обкомның секретары. Тұңғышымыз қыз болды, біз келісіп атын Жанар қойдық. Маган алғаш махаббатым Жанардай аса ыстық көрінеді. Одан соң Лариса екі ұл туды. Атын Қанат, Болат қойдық. Қанат – әкейдің Сағын Халықовиң да, менің де, сынған қанатымыздың қайта біту, екінші ұл, біздің адамгершілігіміздің болаттай бекуі еді.

Бес жылдан соң менің көзім қайта көруден қалып, жанарым сөнді. Жанардан соңғы уайым, қайғы бұл жанарды да алып кетті. Қаранбаған дәрігерім, бармаған жерім, баспаған тауым қалған жоқ, бірақ әлі күнге жарық сәулені көрген емеспін. Оған келіп енді жүрек ауруы қосылды. Бір күні әлсіз жүрек тоқтаса, бұл сыр ішімде кетпесін деп, сізге айтып жатырмын.

«Мұны білмеген жүрек мұздай» – дейді халық. Сол раушан гүлдей майысып құлпырған қыздың махаббаты еді, бір кезде мені мәңгі соқырлықтан арашалаған. Он жылдай жарық дүниенің, көзі барлар қадірін біле бермейтін, ақ нұрын емдім. Сол үшін де Жанардың әкешешесіне қарыздар едім. Жүрегім жазылса мектептегі педагогтік ісімді жалғастырмын. Қарттар болса, газет тілімен айтқанда, құрметті демалысқа шыққан. Жанар, Қанат, Болатты тәрбиелеп, Ларисаға көмектеседі.

Қазір ғылым мен техниканың өркендерген заманы. Бионика ғылымы жәрдемге келсе, Жанар берген баяғы жарық дүниені қайта көрем бе деп те дәмеленем.

Жанарым, менің – жарық дүнием, қайран ақын да еді ғой өзі! Махаббатымызға арнап жазған жырының есте қалғанын жалықпасаңыз, оқып берейін.

## *ҚЫЗ ҚҰНДЕЛІГІ*

Мен көп-көп толғанамын. Басыма не қиңи өйлар келіп, не қиңи сәттер өтеді. Бірақ оның бәрін жаза беру мүмкін емес, қажет те емес. Қалай басталып, немен аяқталарын болжау қиын. Бәлкім, бастан кешкен негізгі үлкен оқиға болса, соны ғана жазармын. Жайшылықтың уақ-түйегін неғыламын...

Күнделік! Бұл менің өмірім, өзегімді жарған ойлағым. Жан сырым. Жүргімде тулат, қанды қайнатқан күндерім, айларым. Тіршілігім, тағдырым. Күнделікке көп жайды сыйғыза алмайсың. Сөйтсе де... қолдан келгенше жазып көргім бар.

Бұл өзі әдеттегіден бөлекшелеу күнделік болса деймін. Жапырақ жайып, гүл шашып келе жаткан жас қыздың күйіп-жанған жан сезімдерінен өзгерек пе? Оң солын таныған, өмірге өз көзқарас, сенімі бар, қарыз-парызыды ойлап көкірегі қарс айырылған жанның күнделігі ме. Мұны өзім сенген жолдастарыма, достарыма оқытсам деймін. Ал ешкім оқымаса, мейлі. Өзім үшін...

Бастадым. Алдымен аз ғана сөз өзім жайлышты. Атым – Әсем. Қазір мұндай есімдер жалғыз-жарым емес, көбейіп барады. Жұрттың бәрінің әсемдікті, сұлулықты аңсауынан шығар, бәлкім. Заңды нәрсе. Бірақ мен өзімді әсемдерге де, сұлуларға да қоспаймын. Тіпті «ақ қағаздай ажарлы, келісті қызысың» деп мақттайтындарды қайтерсіз. Сенбеймін. Өтірік. Көргірлік. Жалған сөйлейтіндерге жыным келеді. Эрине, көңілінді көтермек оймен елеусіз, әңгіме арасы айтыла салатын жылы сөздер боладығой. Оның жөні басқа. Қарапайым, ақпейілден шықса, жаның жадырап, тынысың кеңіп калатыны рас. Ал баз біреулер көзінді бақырайтып қойып: «Сенен асқан сұлу жоқ, сенен асқан ақылды адам жоқ, қандай жақсысың» деп көпіргенде, табан тіреп тұрған жерің қозғалғандай сезінесің өзінді. Бөсіп, есіп жөнелген ол үялмайды,

естіп тұрган сен ұяласың. «Жарайды, жарайды, рақмет, тым мақтап кеттің гой: өзіңе, не керек менен, айтшы?» деп сау басың саудага түседі. Ол жалма-жан тайқып шыға келеді; аң-таң бол есінде жия алмай сен қаласың. Сондай суайттардан сақтасын!... Өзім де әйел затымын гой, дегенмен сыланған, боянған суреттей сұлулармен жаным қас. Бет-аузын опа-далаппен көмкеріп, кірпік-қасын сұрмелеп, сүркілдек, сән қуған сұрқылтайларды көргенде, көзіңе кескінсіз қуыршақ елестейді. Ойсыз, жансыз. Бірақ қимылдаپ жүретін, тамағынан ас өтетін, бір-екі ауыз оны-мұны сөйлейтін; ертеңгісін оянғаннан түнде ұйықтағанға дейін өзіңің келбет мұсініне таңырқаудан бір жалықпайтын...

Адам жанын еліктірер, бір өзінде алуан қасиет болатын қыздар бар гой. Мен сондайларды ұнатамын. Эйел атаулының бағасын биқтететін сондай сұлулар гой деп ойлаймын. Сұлулық туралы айта түссем бе екен? Жоқ, мен күнделікті олар жөнінде жазғалы отырғам жоқ, сөз басындағы пікірімнің бір шеті ғана гой.

Елден асқан ақылдымын дей алмаймын. Жұрт қатарлы: біреуден – ілгері, біреуден – кейін. Білімім де сондай. Әсіреқызыл, барша болмысын бес минутта білдіріп алатын, көктемгі қарғын судай жандардан аулақпын. Жанасқым келмейді, жиреніп кетем. Өз пікірі, ойы бар, соған орай іс-әрекеті бар тиянақты арманышыл әрі қайсар адамдар – ұлғі-өнеге. Жөн-жосықты жақсы билетін, сол үшін басқан ізінен таймайтын кісілер көп болса деймін.

Дос, құрбыларым ішінара сөз кезегі кеп қалғанда: «сен, Әсем, сондай жігерлісің» деп марапаттап қояды. Сезем, түсінем, кей қылышым ұнап кеткенде айтады. Мәпелегені, көтермелегені. Рақмет, ілтипат ниеттері үшін. «Жақсы сөз – жарым ырыс». Ал мен өзімді жайсаң мінезді, жұрттың бәріне жақсы көрінетін жалпаң шешей, мықты санамаймын. Ондайларға да бүйрекім

бұрмайды. Көлгірлер көп. Олар жүзіктің көзінен өтетін әдемі-ақ. Ойынан дәл түседі, емеурінінен таниды, сынаптай сырғиды, басынан аяғыңа дейін алтынға орайды. Бірақ қайыры аз, тиянағы тұтамдай, нәтижесі нашар, сүйкүтығынан қарның ашады, тауың шағылады. Көлгірлер – әлгі жалған сұлулардың бір түрі. Көзге шыққан теріскендей. Заманымыздың жаңа зиянкестері. Міне, осындайларды көргенде, олардың өзін сенен артық санайтынын байқағанда қаның қайнайды. Шыдай алмайсың. Шындықты айтып, кісі еместігін бетіне басасың. Маңдайын адамгершілікке қарай бұргың келеді. Бірақ олар сенің әділдігіңе, шыншылдығыңа пысқырмайды да. Өмірден ымқырып-жымқырып оңай алатын олжасы көкейін теседі де тұрады.

– Мен өз қатемді де, жұрт қатесін де байқағышын. Кісілікке жатпайтын қылықты көргенде шыдалп тұра алмаймын, бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын әдетім. Және сыпайылап, майын тамызбай, бұлтақтатпай тұра кесіп түсемін. Ондайды кім жақтырсын. «Мінезің тік, өжет, қайсарсың, адамды аямайсың» деп өзінді күстаналайды. Шындықтың ыстың шоғына шыдау қынған фой. Тік мінез болғанда біреудің басын жарып, көзін шыгарып, өткенмен де, кеткенмен де арпылдасар әпербақан, ұрда-жықтан сақтасын. Жауырды жаба тоқып, жабулы қазан жабулыға төзбеу – менікі. Сондай жағдайлардан ағынды судай лықсып шығып, сен тимесең – мен тимен «бұқ та – бұқпен» күнелтетіндер алдыңа келіп жымиғанмен, түбі сүйкімді саналмайды-ақ. «Осының білгенін біз де білеміз фой. Бірақ босқа жек көрінішті бол не керек, басымыздың іскені не!» – дейді. Расында, кейде мен де сөйтіп «жүрегіме сонша жүк» арқалап, жүрттан озғаным не, үндеңеген үйдеген бәледен құтылмай ма, тымырайған тымырсықтардықі жөн бе деп те қалатыным бар. Дегенмен ол уақытша ғана.

Майда-шүйде сөз емес, көз алдыңда шындыққа қарсы қолдарына құрық алып қику сап жатқанда, біреу байлап қойса да отыра алмаймын...

Жоқ, мен алабөтен ойдан аулақпын және өзімді дәріптейтін естелік жазғалы да отырган жоқпын. Мінезімнің бастау белгісін білдірмек ниетім ғой. Әйтпесе институтты енді ғана бітіріп, сонсоң жаңа дипломмен еңбекке араласқалы тұрган менен өнегелі Әміrbаян, естелік жазу қайдан шықсын! Оның үстіне сауда саласының қызметкері өз өмірін қалай қызықты етіп жаза алсын! Иә, мен сауда саласында істемеппін. Демек, менің мамандығымның өз ерекшелігі бар. Бірақ қалай болғанда да әділдік, адамға адал қызмет ету – басты өлшем болуга тиіс. Бірақ әрдайым осыған жауап беріп, таңдаған жолдан шыға алсам жақсы. Не нәрсеге де нар тәуекел керек. Құлагымда әкемнің осы бір сөзі, ұмыта алатын емеспін, ұмытпаймын да. Оның үстіне мен арнаулы сауда институтын бітіргелі отырмын. Бұл да үлкен сын, өмір сынны. Сауда институтын үлкен қаладағы көп жоғарғы оқу орындарының ішіндегі тандаулысы әрі қиыны санап жүр ғой. Бәлкім, солай да болар. Ал өз басым өзіме артқан жүкті ауырсынған емеспін. Шындалу керек пе, шынығу керек пе – бәрінен де өттім дей аламын.

Бұл менің мақсатым еді, ал мақсаттан есі бар адам тартына ма еді?!

Тіршілігім де ел қатарлы. Әкем мінезге бай, қой аузынан шөп алмайтын жайдары кісі. Көп жыл сауда қызметінде келе жатыр. Товаровед. Пенсияға шығатын кезі тақау. Мен – сүт кенжесімін. Бетімнен қақпай өсірді. Тіршілік тәрбиесінен гөрі кітаби тәрбие бойыма көбірек сіңген десияқты. «Сауда қызметі бал секілді, бармагыңды жаламай тұрмайсың» – дегенді бала күнімнен естіп келе жатырмын. Әйтеур бір орайы табылар. Тұрмыстары жаман емес, не ішем, не кием демейді; жүрттың бәрі

аузына қарайды. «Қолында дүние болған соң алшаңдап жүргені!». Осындағы сөздерді де естіп келемін. Сондықтан ба, әкемнің жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне, зер салым десем, артық айтпаспын деймін. Өз әкем – өзіме сынышы, қашан да айтатыны әділ сөз. Қарқ-қарқ ішіп-жеп, жарқ-жүрқ киініп алға шығайық деген емес. Жүртпен бірдей. Бәлкім, жарқыратып асып-тасуға орай жеткілікті шығар. Бірақ сол былыққа әкем жоламай ма деймін. Тереңіне бара алмаймын. Ақыры осы құпия сыр мені сауда мамандығын алуға жетелеген. Енді аз уақытта институтты тәмамдап еңбекке кірісеміз. Алдан көп қызық күндер күтемін...

Мен қаршадай күнімнен он бір-он екі жасымнан күнделік жазуды үйрендім. Бұған әдебиет пәнінің мұғалімі себеп болды. Қаладағы қазақ мектебінде оқыдым. Қолым оқудан, үй тірлігінен қалт етсе болды – қаламға жүгіремін, не кітапқа жүгіремін. Мені құрбыларым «жазушы» боласың дейтін. Қайда қалам қайраткері болу үшін жазу-сызудан басқа, ойшыл көрегендік қасиеттер қажеттігін білмейді олар. Менікі – өз тіршілігімді аңдау, жүрген-тұрғаныма есеп беріп, уақытты рәсua етпей, өзімді-өзім тәрбиелеу, мүмкін болса өзімді-өзім жеңе білу, соған орай жақсы адам бол жарқырап журу, ел тірлігіне араласу. Бұл күнделігімнің алдында екі мақсат, екі міндет тұр. Он жыл мектепте, бес жыл институтта оқыдым. Ержеттім, есейдім. Таяуда дипломды маман атанамыз. Сонда мен қылышылдаپ тұрған жиырманың ішіндегі жаспын, біріншіден, қаншалықты азамат болым; екіншіден, өзімді-өзім өмір жолына қалай әзірледім? Сол жөнінде ойлану, толғану. Талғам-тұсінігім, кісілігім неде? Ол үшін өмірге қалай қадам басуым керек? Мен қазір кіммін?

Студенттік дәуреннің соңғы жылы. Бес жыл. Бітпестей көрініп еді. Сағыз сияқты. Шайнай бересің, жағың талған соң, діңкелеп қоясың. Біреулер осылай

ойлаған. Оқу деген не, бір түяқ іліктіріп алғаннан кейін көп ішінде сөмпендей, «ергенегің мойнында, екі сона соңында» жүре бересің деп. Рас, бастапқыда бес жыл деген БАМ салу сияқты қиын көрінген. Кедір-бұдыр асулар, бұралаң белестер, қалың тогай-шоқаттар, ойпаң саз бен өр көкірек өзендер... Бәрінен сүрінбей алшаңдал, аршындал өту үшін қанша қайрат-жігер, пысықтық қажет. Біздің алдымызға қойылған мақсат та сондай еді – болашағыңа жол саласың, болашағыңың БАМын орнатасың. Оқып, білім алу, белгілі бір мамандыққа ие болу – келешек өміріңнің күретамыры. Жаңа жол біткен соң – үлкен жолға қосылады. Үлкен жолға жалғыз шығу оңай емес, тұнде жүрген адамдай елеңдейсің, қорқыныштылау. Серік, жолдас керек. Айналаңдан жаныңа ұнайтын, жүрегіне жақын, күндердің күнінде алдал, жер соқтырып кетпейтін, сенімді адам тапқың келеді. Ондай адам бар сияқты, бірен-саран емес; көп сияқты, бірақ саралап, сұрыптап, жеме-жемге келгенде, көңілің дауламайды. Таңдау деген бар; таразылау деген бар қыздарда.

Бірінші курсқа түскен жылдан бастап, бір бала соңымнан салпақтап қалмай қойды. Қызық өзі. Бір группада оқимыз. Жалт етіп қарайды, қылып қарайды. Сүзіліп қарайды. Кейде сол қарағаны өзіне от бол оралатындей қатты қызырып кетеді. Барлық тындыратыны – көз тастау. Бір жыл сөйтті. Басқалар бірінші семестрден кейін-ақ мектепте оқыған балалар сияқты құлыш-тайдай шауып жүрсе, бұл мылқау адамдай үнсіз. Оқшау. Жарқылдал, жұртқа ұқсап күліп, ойнағанын көрмейсің. Көбіне-көп тұнеріңкі. Мінезі шығар, томырақ. Эр тұстан оқуга кеп, жаңа студент болған жастар, жаңа ортаның әлі үйреніспеген жатырқауы бар, кердең көңілдері басылып жуасымаған, кез келген томырықтың ішкі сырына, жан құпиясына үңіліп негылсын. Лекция тыңдаймыз, конспект жазамыз, үш пар лекция

тамамдалысымен жай-жайымызға, қалаған жағымыздың кетеміз: біреулеріміз – жатақханаға, біреулеріміз – кітапханаға, қалада тұратындар – үйді-үйіне. Семинар, коллеквиумдарда пайым-парасатыңды, ғылымға деген өренді байқатып, җан сырыңның саңылауы бір байқалып қалады. Басқа уақытта біреумен-біреудің бәлендей жұмысы жоқ. Жатақханада тұратындардың өмірінен хабарым аз. Өйткені мен қалалықтын. Екі бөлме пәтеріміз бар. Эке-шешемнің қолында тұрамын. Кенжесімін. Үлкен ағайым мен әпкем тұрмыс күрып, өз алдарына бөлініп, жеке шығып кеткен. Сондықтан менің өмірім – институт пен үй ғана. Алғашқы жыл – аңдығаным сабак, өзгеде еш ойым болған жоқ. Оқытушылардың тапсырмасын екі етпей, кітапханадан шықпай, жоғарғы білім негіздеріне ой жібергендеймін. Есіл-дертім – оқу. Бұным үшін қыздар қызығанып, жігіттер көбірек көз тастай бастаған. Болмашы сылтау, қисыны кем сұрақ пен жанасқылары кеп, кейде қайсыбір онды әрекеттерімен көрініп қалғысы келетіндерді ішім сезеді. Не дейсің оларға: жүзінді жылытып, сипайы жымиясың да өте шығасың.

Екінші, үшінші курстарда оқу программасы да курделенеді. Студенттер де іріленеді. Бірінші курстағыдай емес, институт, аудитория, деканат, тіпті ректоратқа дейін, оқытушы-профессорлардың өздеріне именбейтік қарап, батыл жанасып, еті үйренеді екен. Ат-қісінескенше, адам-сөйлескенше. Жаппай жарыстан енді алқымы кеңдер мен намысқой, өлермендер алғашыгады екен. Ойын-сауық, қызық қуып кететіндер бір төбе, бір ауыл. Дегенмен, біздің группамыз институтты етектен тартқан жоқ, ұлғілі шоғырдың қатарында жүрді. Ұл балаларымыз бер қыз балаларымыз қылышпен бөлгендей тепе-тең еді. Он екі де он екі. Арамызда онай үйлесе кетіп, үй болған жастар да жоқ емес. Үміт пен Серік. Айгүл мен Болат. Олар бірінші, екінші курстан

дәм-тұздары жарасып, үшінші келешектерін бір арнаға салған. Жастардың тұрмыс құруы бізге өлердей қызық көрінді. Қандай батыл жандар.

Курсымыздың күйеуге ерте шыққан Үміт пен Айгүл де қыз кездеріндегідей екі беті қып-қызыл бол жетісе қойған жоқ, әрине. Қиналды, қысылды. Жүдеп те жүрді. Кішкентай сәбілі де болды. Бірақ қыындыққа еңселері түскен жоқ. Шыдады. Женді. Еңді екі-үш айдан кейін қолында – диплом, қолтығынан сүйеген жолдасы, ала-қанына алған сәбиі, күтіп отырган туған жеріне барады. Үш бірдей қуаныш! Жеңілдік аңсамаған адамға осы аз сыбаға ма! Өмірден кісі мұнан артық не тілейді. Адам бір дегеннен тау басына шыға алмайды ғой. Мұны бәріміз түсінеміз. Ақыл деген қазір дария. Біреуден біреудің қарызға ақыл сұрап жүргенін көрмейсің. Қиялы көп, ойы аз жас кеуде кімнен ақыл сұрасын! Ақыл да, ақша да төзімділік, еңбекшілікте екенін сеземіз-ау, бірақ сол еңбекке мойныны жар бермейтіндер бар ғой. Жеңіскер алдымен өзін жеңе білген адам.

Міне, менің өзін-өзі ұстай білген күрбыларым халық шаруашылығына тілеулі маман бол барғалы отыр. Көңіліміз шат. Бізді оқытты, білікті мамаңдыққа үйретті. Біз елге, халыққа қарыздар болдық. Енді сол білдірмей берген қарызды еңбегімізben өтеуіміз керек. «Ер мойнында қыл арқан шірімейді». Соған лайық болсақ!

Ал менің институт бітіру сыртында және бір қуанышым бар. Оны ешкімнен жасыра алмаймын. Жақында тоіымыз болмақ. Мен тұрмысқа шығамын. Ол қуаныш па, қуаныш есеп пе? Сіздерше қалай? Өзімшесе: алақайлаған, ішкі сезім билеген бір нәрлі сезім. Пайымдылық, сабыр, парасат қанша қажет қасиет екенін тастай қып ұқсан да кейде соған ие бола алмай қаласың. Үйленуге, үй болуға уағдаласқан күннен басталған жаңа өмір бейне өң мен түске айналғандай. Дүние сондай пәк, мөлдір, таза. Қайғылы жандар жоқ,

барлығының жүздерінде күлкі, наз, көбін түсініп, айтпай ұғысу. Ұлы суретші – табиғат сан түрлі бояу шашып ғулдеп тұр. Көктем был ай-ры-ы-қ-ша құлпырулы.

198.. жылғы 18 март, бейсенбі. Көп жүрдік пе, аз жүрдік пе, көп сынастық па, әлде аз сынастық па, ақыры біз Байдос екеуміз бас қосатын бол келістік. Сол баяғы бірінші курстан үнсіз қадалып қалмай қойған жігіт. Табанды, тұрақтылығының сыртында адал, таза, әр затқа өз пікірі бар, өткір ойлы көрінді. Ол ойларын кез-келген жерде төгіп-шашпай, жанының терең түпкірінде сақтайтын сияқты. Мінезінің ауырлығы ма, әлде соншалық сақ па, ду-ду сөзге дерек килігіп кетпейді. Тыңдал-тыңдал тұрады да, жөніне жүре береді. Артық-аудыс әңгімеге жоқ.

Қазір кейбір қыздар жігіттің сырт сұлулығына, сымбатына көп қарайды ғой. Сұңғақ бойлы, әдемі, ұзын келсе: көзге қораң көрінер артық мүше болмаса, сәнді кийініп, сәл тәкаппар, өзге жүртта еш жұмысы жоқ, болар-болмас қана құлімдеп тұрса; арасында уақыт интелектісін байқататын қуақы бір өзіл, тапқыр ой тастап, ынтығушыларды ризағып қойса, ондай жігітке әлгі қыздар көкке төбесін жеткізердей қарап еді. Іштісін ақтарып сынамас та, терең-саязын өлшеп әуре болмастай еді. Білмеймін, түсінбеймін, неге олай? Қай қыздардың қазіргі талғамы осындаиді. Көркіне ақылы сай болсын демеуші ме еді. Әлгілер: «Ақылын қойшы, құдай-ай, көзіңді сүзіп қарап отыратын көркін айтсаңшы» дейтін болты. Дау жоқ, сұлулықты суюге ешкім қарсы емес. Жарасымды киіну, сәнді журу, әдемілікке әуестік – адамзат жаратылысының арманы шығар. Солай дегенмен, біз байқамай, ағыммен, мәнсіз-мағынасыз жалаң сұлулықты, сырт жылтырақты қуып кетеміз-ау деймін. Сондықтан ойшыл ата-бабалармыз «сұлуынан гөрі жылудынан» табынған сияқты. Мен Байдос бойынан бақылай кеп сол жылдылықты жеткілікті аңғарған-

дай болдым. Алғашқы қарағанда «мен мұндалап» тұрган бөлек кескін аз. Қыр мұрынды, қара көз, аққұбаша келген жігіт. Орта бойлыдан сәл жоғарылау. Маңдайы жазық, жанары ойлы. Жалпы өң-пішіні көзді жылтытады. Сирек күледі. Ал күлген кезде тізіп қойған ақ моншақтай тістері өзіне еріксіз қаратады. Бар ерекшелігі осы. Өзі содан қысыла ма, орынсыз ыржалақтамайды. Тіпті тартыншақтай беретін секілді. Ұяңдығы – жанының тазалығы ма деп ойлаймын.

Ессіз, өліп-талып сүйетін сезім басынан болған жоқ. Айтушыларға сенсек, шын махабbat күйіп-жанудан, бір сағат көмесе, еңіреп жылаудан тұрады дейді. Кейбір кітаптарда, киноларда солай. Жастар диспуттарындағы күмп-күмп әңгімелердің түйіні осы. Ал, егер өліп-өшкен ертелі кеш жүректі желіктіріп маза бермейтін шексіз сезімоянбаса, кездеспесе, келмесе, тіптідеймінғой, мұлде жоқ болса, онда қайтпек керек. Күнделікті өмірдегі қаны салқындау, нан жеп, су ішкен қарапайым жастар (отты, қызу қанды емес) өз сүйгендерін қалай табулары керек? Мен жастарды қызу қанды және салқын қанды деп екіге бөліп тастап, қызу қандыларда өліп-өшкен махабbat, сабырлыларда сезім болмайды деген қағида тастагалы отырғаным жоқ. Эрине, махабbat сезімі адамның мінез-құлқына, табиғатына байланысты болуы мүмкін. Менің айтпағым – сол өліп-өшкен махабbat дегенді қолдан жасап, жөн-жосықсыз, шектен тыс аңыз, лақап етіп жібергенбіз-ау деймін. «Қыз жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Еңлік–Кебек», «Ләйлі–Мәжнүн», «Қалқаман–Мамыр» т.б. өз заманында әйел затын бағалау, теңдікке қолын жеткізу, керемет қасиет қастерлеуден туған шығар. Олар біздің асыл тегіміз, сөзсіз бас иеміз. Азат, мөлдір сезімдердің мәңгі сөнбейтін жұлдыздары. Үлгілері – шынайылық, тұрақтылық. Адалдық, тазалық – ар-намыстың жығылмас туы. Махабbat адам баласына ғана тән. «Махаббатсыз

дүние бос». Бірақ сол махаббатты бір ғана өлшеммен – құштарлықпен ғана өлшеу қалай? Құштарлық, күйіп жанудан басқа, татулық, оңай тіл табысып, үйлесе кету, жақсы көру, ұнатып алу, достасу, ынтымақ бейілдерді неге қосуға болады. Қандай сезімдерге жатқызған ләзім? Сүйіспендік сезім биігіне олар жетпей ме? Қиял мен арманның арасы қаншалықты шындық шырағданына тақайды? Мұның бәрін толық түсіну қын, басың қатады. Алдымен өзіңді, өз жүргегінді ұғыну қын. Ой берген, саналы жаралған адам болған соң солай шығар. Әсіреле, он-солыңды толық білмейтін, бастықпаған, асау, есер шақта. Жас, ұлу шағыңды бұлдаپ, бәлсініп, «ұстараның жүзіндей» қылпып тұрсаң. Өртенбеске халың кәні, от баспасқа не амал! Күйіп-жанудың сырты сонда деп білем. Әйтсе де жалған жану, еліктеу, ұқсау, қылымсу, алдарқану – баз бір жастар арасында шынайы махаббат сүйилтып бара жатқан, жеңілдікке ұшырап бара жатқан жаман әдет пе деп қаласың. Аңыз-ертегілердей үзіліп-талып сүйеміз деп, соларға ұқсаймыз деп сезімдерімізді күлдібалам етіп алғын да сияқтымыз. Табысқа болады, бірақ кейбір уақта сезімдерді саудаға салу көзге шыққан теріскендей көрініп қалады. Екі жақтан да – қыз жағынан да, жігіт жағынан да. Сезімді саудаға салған жерде махаббат бола ма? Сезімді саудаға салу дегеннің мәнісі не екенін түсіну қын емес шығар. Осы таңдаپ, жіліктемей-ақ қояйын. Махаббат төңірегінен пендешілік, пайда іздеуді айтатынын жүрттың бәрі білер. Міне, тұрмыс-күй өскен сайын сол есеп, пайда да ібілістей елес берсе, не шара, не қарекет. Жастарды пайдакұнемдікке үйретсек, оның ақыры немен тынбақ? Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді ойлау.. Мен сол сырт сұлулыққа көбелекше қалбандап босқа күйіп-жанбайтын, пайда андып «сауда-саттыққа» бармайтын қарапайым, адал, адамшыл махаббатты қолдаймын. Соны жақтаймын, сол үшін күресемін. Өмірден

сыбагамды аз алармын, не көп алармын – үстанған принципім осы...

Бұгін Байдос екеуміз ЗАГС-ке барып, семья болу үшін некелесетін ниетімізді білдіріп, өтініш жазып кеттік. Көңіл желді күнгі зырылдауықтай. Жүректе бір әдемі ән, жанға жағымды тәтті әуез. Үлкен арман-тілегіңе жеткендейсің. Қателеспегенің кәміл. Арман жолының жарқын, әрі жазық болуын, тақтайдай тегіс болуын көксейсің. Бірақ оны кім білген, кімнің аддына кім шығып келген. Көкейіді адалдық, сенімдік билейді.

Біз сенімді сияқтымыз. Жұбымыз бұл өмірде жазылмайтын сияқты. Байдос – маған, мен оған сенем. Бір сын мынадай белгісі болған еді. Біз үшінші курстың жазында ауыл еңбеккерлеріне көмекке барғанбыз. Орал облысы, Ақжайық ауданына. Совхоз «жас келсе – іске» дегендегі сайын даладағы қау бол өскен шөпті жинасуға жұмсады. Көз жеткіzsіз кең жазира. Үш-төрт киіз үйден тұратын қосымыз бар. Күн ыстық. Шілденің басы. Аспаннан жалын төгіліп тұргандай. Таңмен бірге оянып, ертеңгілік салқынмен, аздаған шыққа қарамай, дестеге түсіп, буыны кепкен шөпті әр жерге үйіп, шемеле жасаймыз. Он бес-он алты адам жиырма гектар жердің орылмасын тұргызуымыз керек. Аянбай қимылдан, нормаларымызды артығымен орынданап жүрміз. Ешкімнің ескертпе, ұрыс, жекуі жоқ. Бізге қарап кеңірдегін созып, жұмыс таппай күтіп қалып тұрган престеуші механизаторларды көрмейміз. Келісімді, ынталы еңбек. Сәскеге дейін дүниенің пішенин төбе-төбе ғып үйіп тастап, қарын ашып, жүрек тартқанда қосқа қарай бет бұрамыз. Қос маңында қол созымдай жерден әйгілі өзен Ақ Жайық ағады. Терімізді басып, жайпауыттау жерден кеп суға қойып-қойып кетеміз. Рақат. Малту білетіндер еркін жүзіп сайран сап, білмейтіндері жағаға таман тұрып, су шашып ойнап мәз. Күн де осындай сәскеде және кешқұрым шақта ерекше бір мәре-сәре

боп қаламыз. Жалпы, жастар жүрген жер ойын-күлкі, көңілсіздік болмайтыны аян той. Ал мынау суга шомылу айтып жеткізе алмас ғанибет. Малтуды әжептәуір үйреніп алғамын. Кәдімгідей жұртқа алақтамай жүзे беремін. Сол әдетіммен бүгін ерекше ерлігім ұстады да, елден бұрын суга секіріп кеттім. Секірген күйде, не болғанымды білмеймін, су жұтып қойдым ба, аяқ-қолымнан әл кетіп, малти алмай қалдым. Айғайлайын десем, даусым шықпайды: абдырап, сабырдан айрылып, аққан бөренедей бір батып, бір шығып, әрлі-берлі жан ұшырып су сабалай бердім. Арпалыста бір қарасам, жағадағы жұрттың жапырылысып ересілі-қарсылы жүгіріп, шаң-шүң еткен дауыстарын еміс-еміс естідім. «Әсем» дейтін секілді менің атымды айтып. «Әсем... Эсем ағып барады»... Бір уақытта есімді жисам, жағада жатыр екем. Құрбыларым төбемнен төніп, көздері мөлтілдеп қалыпты. Қозгалайын десем әлім жоқ, — жағдайым мәз болмаса керек. Аудан орталығындағы ауруханаға жүк машинасына отырғызып алып кетті. Дәрігерлерлік көмек алып, есімді жинап, ептең қалпымға келген соң, қосқа, үйірлі ортама қайта оралдым. Жолдастарым алдымнан жүгіріп шығып, бәрі мәз-мейрам бол қарсы алды. Қуаныштарында шек жоқтай. Халімді біліп, жағдайымды сұрап болған соң, жан-жақтан бірін-бірі тоспай, менің суга қалай ағып кете жаздағанымды тәптіштеп айтып жатыр. Жұрт жағаға шешініп жайғасып, жайымен түсемін дегенше мен келе-сала қарғып кетсем керек, сөйтіп өзеннің ортасынан бір-ақ шығыппын. Қалай болғанын қайдам, жағалаудан онша ұзамаған сияқты ем. Содан қыздар жағы шулап, ұлдар абдырап, не істерін білмей дағдарған. Малтуды жақсы билетін жігіттер бір-біріне: «Сен тұс, сен тұс» деп тұрганда, мен бір батып, бір шығып жанталассам керек. Сонда жүзуді жаңа үйреніп жүрген Байдос жалма-жан суга тұсіп, сабыр сақтап жайымен жетіп, қолым-

нан ұстамай, бұрымымнан алып, тартып жағаға әкеп, сыртқа шығарыпты. Көкпенбек көкбақадай түрімнен қорыққан. Бірақ жүргегім соғып жатыр дейді. Көп су жұтып қойған екем, қолымды әрлі-берлі айқастырып қозғап, терең дем жасатып, іштегі суды айдағанға ұқсайды. «Міне, сен бақыттысың, Әсем!», «Енді көп жасайтын боласың! Құтқарушиң – өзіңнің Байдосың. Ол өзінің махаббатын аман алып қалды, молодеңің «Енді тойларыңды жасаңдар, кешіктірмей!». Енді байқадым, мені мақтап, –өліп–талып жүретін жігіттің терең өзенге тепсініп тұсуге жүректері дауаламаған екен. Дарияның ортасымен ағатын жері салқындау болатыны мәлім, тамыр тартылып, өздері де жазым болудан қорыққан. Сақтанған. Ол ағып бара жатқанда, менің жаным артық па демеген. Ал Байдос жайы бір басқа.

Әрине, шын сүйгеніңді дәлелдеу үшін үнемі суға туғызған, отқа күю қажет болмас. Бірақ өмір деген күрделі, оның адам ойламаған, адам күтпеген кездейсоқ оқиғалары, қиямет кезеңдері ұшыраса қалады. Соңдайда сені қыындыққа бермеген адам, жанын қыын арашаға түскен адам – шын дос қой. Сәл нәрсеге майырылса, сәл нәрседен пайда, зиян өлшесе, ол жолдас бол та жарытпас.

Мәңгілік бірге боламыз деген сезім Байдостың көңілін қырандай қалықтатып, көзі жайнап, шаттық сырын жасыра алмай келе жатыр. Ойында белгілі арна, жүйе жоқ, бірді айтып, бірге кетеді «Бұтінгі күн қандай шуақты, аспан біздің көңіліміздей тап-таза» дейді көкке шалқалай қарап. Бірде – «ГОС-қа осы бастан уақыт тауып дайындалу керек шығар» дейді оқу есіне түсіп. «Жә, әуелі үй болу емтиханынан оңай өтіп алсақ, аман-есен...» дейді ойға шомып. Сөйтіп: «Ертең менің әке-шешем – құдалар құда түсіп, алдарыңнан өтуге барады» дейді ең басты әңгімені ұмытып кеткендей. Бұл нешінші қайталауы екенін құдайым білсін. Әлденеге толқи ма, жоқ осында бір өткелен ысыр бар ма, ауық-ауық айта береді.

Ол мені үйге дейін шығарып салды.

20 март, сенбі. Қазіргі жастар өте ақылды, білімді, бәрін «білгіш» дейді. Ол рас. Бәрін іштен біліп туады дейді. Ойын-шыны аралас дегенмен уақыт солай. Заман солай. НТР заманы. Ғылыми-техникалық революция дәуірі: бесіктен белің шығысымен техника «тілін» үйренбесең далада қаласың дейді. Сондықтан уақыт талабына сай құлшынамыз. Жаңа дәуір жасап жатырмыз. Біз құрылыс отрядтарында еңбек етіп, қажетті жерге қала саламыз. Біз дәстүрге де берікпіз. Бізді ешкім мақау, көрмедік жастар дей алмайды. Әсіресе, қара тілге келгенде алдымызға жан салмаймыз. Өмірмен, қоғам дамуымен байланысты мол теорияларға, қағидаларға жүйрікпіз. Жаттап аламыз. Таптырмаймыз. Бізде қаласа, бір оқулық кітапты бастан—аяқ жаттап алып (үтір, нүктесіне дейін), емтихан тапсыратын студенттер бар. Жеті жыл қатарынан жоғарғы оқу орнына түсे алмаған бір абитуриенттің физиканың үш кітабын бір әрпіне дейін қалдырмай термелегенін өз көзіммен көргем: Кім білсін, ондайлардан келешекте әйгілі физик шыға ма, шықпай ма! Ал құр жаттандықтың ұзакқа апармайтыны аян. Тіршілігімізде делитанттар болмаса дейміз. Игі дәстүрлерді, жақсы салтарымызды сақтасақ дейміз. Сол әдет-ғұрпымыз бойынша бүгін кешке біздің үйге Байдостың әке-шешесі, жақын туысдостары кеп маган «құда» түспек. Мениң ата-анамның алдынан өтіп, рұқсат սұрамақ, маган «ен салып», сырға тақпақ. Бұрынғының ескі салты жоқ, өздері бірін-бірі ұнатысып, уәделескеннен кейін, бас қосып, семья болуды үйғарғаннан кейін қыз жағы мен жігіт жағының қуаныш, қызықшылық үшін өзара жасалатын «формальный» құдалық жолы дейді мұны. Солай екенін біз жастар жатқа білеміз. Талай-талай естігеміз. Бірақ шындал келгенде, бастан кешпеген соң, терең мән беріп араласпаган соң көп жағдай түсініксіз.

Бұғін де солай. Байдос екеуміз біртүрлі қобалжимыз. «Құдалық» қалай өтер екен деп іштей тебіреніп, жан жүрегімізбен толғанамыз.

Үлкендер бірдеңеге келіспей қалып, біздің келе-шегімізге кесірі тимесе екен дейміз. Ұялғаннан бетінді жауып бір жаққа қашып кеткің келеді. Бірақ қайда қашасың. Өзіңнен-өзің қаша аласың ба?. Біздің үйдің дайындығы жаман емес. Стол жасалып, дастарқан үсті сықыып, әртурлі тағамнан белі қайысып тұр. Мұндай ықылас-бейілге Байдос жағы риза болар деп ойлайды, біздің жақтың кісілері. Әкем сырттай салмақты болғысы келеді. Бірақ іштей қобалжулы. Үйге бір кіріп, бір шығады. Жиі-жіңі сағатына қарап қояды. Әлі ерте. Сенбінің кешіне қарай, сағат алтыларда келмекке ке-ліскен. Қазір уақыт үштен жаңа асты. Шешем байғұста үн жоқ. Елудің жуан ортасындағы жасына қарамай, етшең мол денесін елемей, барлық шаруаға араласып, жүгіріп жүр. Жайшылықтағы аяқ-қолының ауыратынын да ұмытып кеткен. Өзге құда күтушілер – жақын көрші-қоландар мен қаладағы ағайын-туыстар.

Байдостың ел-жүрті қалаға таяу орналасқан көпке белгілі «Бестөбе» колхозында. Әке-шешесі, апа-агалары, іні-қарындасы көп көрінеді. Үбірлі-шубірлі семья болса керек. Апалары тұрмысқа шығып, агалары үйленген. Өз алдыларына бір-бір отау. Қарттар мектепке баратын кенжелерімен бірге жеке тұрады. Көкесінің қызметі – колхозда завгар. Анасы – үй шаруасында.

Сағат алты. Күтім, әзірлік толық бітіп, қазан-аяқта жүрген жастар да қол қусырып қалған. Жүрттың бәрі дыбыс күтіп, қайта-қайта қолдарындағы сағаттарына қарайды. Әркімнің ойында: «Неге кешікті? Неге кешігіп жатыр?» «Ойбай-ау, жолдың аты – жол. Сәл кешіккенде тұрған не бар! Келер қазір-ақ...» деген шыдамсыз сауал-сұрақ. Бұл мениң өз тағатсыздығым ба әлде?

Есіктің қоңырауы тыз етті. Мен көрінбей оңаша

бөлмеге қаштым. Дабырлап кіріп, самбырлап сөйлеген дыбыстары естіліп жатыр. «Ассалау мағалейкүм!» – «Уагалай-күм-әссалам», «Қош келдіңіздер!», «Аяғымыз құт болсын!», «Қанеки төрлетіңіздер, жогары шығыңыздар!». Есіктен сығалап қарадым. Бес-алты адам көрінді. Төрде кейкиген арық, ақ сұр кісі отыр. Байдостың әкесі болу керек. Қасында ұзын ұршықтай қағілез кемпір. Екі қолын тарактап ұстап мұздай боп қалыпты. Болашақ құдалар бір-бірімен атын атап, түсін түстеп танысып жатыр. Бәрі сыпайы, бәрі биязы. Бүгін алғашқы танысу, алғашқы сынасу, алғашкы әсер. Осыдан-ақ біраз қыр-сыр аңғарылмақ. Бұл, әсіресе, аз сейлеп көп бақылаған күн. Әрине, қыз айттырғалы жақсы тілекке кеп отырган соң, кім-кім де болса өзін көңілді, ақ жарқын, кең жейде ұстауға ұмтылар. Біздің туыстар да сейтер. Сөйткенмен әдет-ғұрып, жөн-жоба арасында барлық түсінік бір жерден шыға бере ме? Бізге салса – Байдос екеумізге салса, араларынан еш қылау шықпаған жақсы. Көңіл шіркіннің өстіп байыз таппайтын әдеті.

– Ал енді қалғаны болса, тамақ ұстінде тағы да таныса жатармыз. Дастанқан жасалған бөлмеге барайық! – Бұл менің әкем, көпшілікке ас жабдығы жасаулы тұрған қонақ күтетін бөлмеге шақырған.

Үлкен бөлмеге он бес-жиырма адам түгел жайғасқандай. Бір-екі орын тіпті артық та. Қажеті боп қалардың шарасы. Бәлкім, біз Байдос екеуміз отырармыз. Эй, қайдам, бүгін бізге жол жоқ қой. Үлкендер бәтуаласып, бітім тапса болғаны. Байдос әлі үйге жете алмай журғау. Кісілер жайғасып, дем басылған соң келуге тиіс. Уәде солай. Өйткені бүгін келін түсірейін деп отырган күн емес, «құдалық» басталғалы отырган күн. Сондықтан күйеу жігіттің алда жүруі жарасымсыз, әйтсе білгірлікке жатпайды.

Дәм-тұз татып, қолдар қыбырлап, ауыздар, жақтар

қымылдап сый-құрмет қошеметі басталған әредікте әкем сөз алды. Біріншіден, өзін таныстырыды. Тұып-өс-кен жерін, ата-тегін, қазіргі істеп жүрген амал-кәсібін, үй-ішін, бала-шағасын. Қысқаша жіпті казықбау шалып байлағандай екі орай салды. «Қош келдіңіздер! Қадамдарыңыз құтты болсын!» деп шарап құйылған фужерді қолына алды, көтерді, жүрттың ықылас білдірген шыныларымен қагыстыра бастады. Экемнің маңғаз мәдениетіне қуанып кеттім. Кәдімгі шетелдік қонақтарды қабылдаған, киноларда көрсетілетін банкеттердегідей. Сыпайы.

Өзі бүгін тіпті мұнтаздай. Кенжесін құтты жеріне қондырудың зор қуанышы ма, әлде кіслік биігін, кіслік үлгісін көрсетпек пе, соншалық жарасымды қымыләрекет.

Кешікпей Байдос келді. Күйеубала! Саңылау қалдырып, жартылай жабылған мен отырған бөлмеге кірді. Жымы білінген жоқ. Жайымен күлімдеп, болар-болмас, мені құшагына қысып қойды. Қуанғаны. Еншіл, оралымды өзі, дегенде. Бір-бірімізге сүйсініп қарадық. Одан қатты кетуге болмайды. Жүректер дұрс-дұрс, деміште. Енді Байдостың көзінше қонақ бөлмеге қатты құлай ден қою, қымыл аңдып, сөз тыңдаудың орны жоқ.

Екі жақ әлі сыпайы. Ду-ду желік байқалмайды. Ондай бүгін болмас та. Қазақ үшін құдалар аса қасиетті қонақтар. Бұдан асқан қонақ болмайды. Әркім өз қасиетін сақтауы керек. Әркімнің шыққан тауы биік болуы керек. Сыр білдірмеу керек, ар-намысты ойлау керек. Біз Байдос екеуміз үлкен үйден бөлінгендей оңаша отырмыз. Ол бұрын біздің шаңыраққа келіп-кетіп тұратын. Менің уәделесіп, достасып жүрген жігітімнің барын білген соң әкем анда-санда араласып, қатысуға рұқсат еткен. Былай қараганда, бұл орыстардан келген дәстүр дейді. Қазақ қызы басы кесікті қалыңдық аталмайынша жігітті үйінің маңына ұрып келтірмеген

ғой. Онысы қасиеттілік пе, қаталдық па, – кім білсін. Көшеде қаңғырганнан гөрі үйді білу сенімдірек сияқты. Қасиет – қара шаңырақ емес пе! Бастан өтпеген соң не ұтасың?!

Біз Байдос екеуміз әркайсымыз өз ойымызбен үнсіз отырсақ та көңілдеріміз, есі-дертіміз – үлкен бөлмеге. Бір кездे жарқын-жарқын дауыстар шығып, бізді орталарына шақырды. Таныспақ, көмек. Бақытты жүзімізді байқап қарамақ шығар. Әлде жай әдет-ғұрып үшін бе. Білмеймін. Бас көтеруге мұрша жоқ, екі бетім оттай боп алға аттай бердім. Қолтығымнан бір женгем ұстап алған. Бас иіп амандақсан белгі көрсеттім. Байдос та сөйткен болуы керек. Ол да қайбір ұялмай жетісті дейсің. Қабатыма кеп тұрды. Жанында аулынан келген өзінің бір женгесі.

– Ой, рақмет!..

– Бәрекелді!

– Көп жасаңдар!

– Бақытты болындар!

– Мақсаттарыңа жетіңдер! – деп саңқылдаған, сампылдаған қуанышты дауыстар естіліп жатыр. Өзің додаға түскен аттай боп тұрғанда не тыңдайсың.

– Ал, Ханзия, қызыңың құлағына сырға сал! – деген дауысты құлағым шалып қалды. Ақ қағаздай жұқа, әдеміше келген, ұзын бойлы әйел – болашақ енем болуы керек, – құлағыма алтын сырға салды. Қолдары дірілдеп, сәл қобалжығандай. Толқығаны, қуаныштан болар, іштей босағаны көрініп тұр. Мен сырға салған анаға басымды идім.

– Енді балаларға арнаған көрімдіктеріңді беріңдер! – деді біреу.

– Ой, бәрекелді, дұрыс, дұрыс!

– Қызға да, жігітке де көрімдік қойыңдар!

Енді бұдан кейін сыйларың осымен бітті дегендей женгелеріміз қайта онаша бөлмеге алып кетті. Ух!

Иығымыздан бір жүк түскендей, бір сынақтан өткендейміз. Бәрі ойдағыдай жөн-жөнімен келе жатқандай еді.

Келіспеушілік күтпеген жерден болды. Қазақтың байыргы дастарқан сыйындағы құдаға, не ерекше қонаққа бас тарту, мүшелеп сүйек сыйлау, ішіп-жем салты аяқталып, енді әртүрлі шай тағамдарына отыра бергенде: «Қой-қой, оны неғыласың! Ой, болмайтын әңгімені айтады екенсің. Намазқұл ага» деген кеу-кеу әңгіме естіліп қалды. Намазқұл – Байдостың әкесі. Шошып кеттік: не болды екен? Байдостың өні бұзылып барады. Әкесі туралы ештеңе айтпайтын. Сонда қуанышқа кеп отырып, бір шатақ бастамақ па? Неге? «Тегі, қоймаймын, неге қоям. Айтуым керек» дейді. Сол кісінің даусы. «Біздің қартқа не болған! – деді Байдос. – Мұндайы жоқ еді». Абыржып, құты қашқан. Өнтүс жоқ. Сонысына қарағанда әкесінің сырын жақсы билетін болуы керек. Тек менен ыңғайсызданып тұр. «Құдайдан жасырмаганды адамнан жасырмаймын» деді жақсылық ниетпен келіп отырған кісі, болашақ қайын атам. Сонда не айтпақ, нені жарқыратып жайып салмақ, қандай әңгіме болды екен? Дәл бүтін ортага салмаса болмайтын не шындық екен ол? Жұрттың бәрі аң-таң. Біз үлкен бөлмеге, үлкендерге құлағымызды тігіп қарап тұрмыз. Есікті жартылай ашып, сығалап қоямыз. Шай жөндел ішілмей қалған, көпшілік бастарын төмен салып ойда отыр. Суып, бабы кеткен шайды болар болмас еріндеріне тигізіп ермек етеді. Манадан бергі үнсіз тыныштықты менің әкем бұзды.

– Хош, Намазеке, бүгінгі жастар ниетін қолдаудан басқа, алып келген арнайы әңгіменіз болса әрине жасырмаганыңыз мақұл. Қажет деп тапсаныңыз айта отырыңыз. Алда-жалда жөн-жосығы жоқ десеңіз өзіңіз біліңіз. Олай болса, шырқ бұзбайтын, керісінше айрандай үйитын әңгімеге көшелік.

– Рас–ау бәсе! – деп қалды Байдостың шешесі араға түсіп. – Мұны қойыңыздаршы, аузына кішкене арақ тисе, бет алды бұра тартып, бүйректен сирақ шығарып отыратын әдеті. Айыпқа бұйырманыздар! – Даусы дірілдеп кешірім сұрады. Қолына бет орамалын алып бет–аузын сұртті. Бұл талай зардал, талай тепкінің бір ғана үштығы ма, кім білген. «Атамыз қандай адам болғаны!..».

– Жоқ, – деді ол мәнсіз бейберекет. – Айрандай үйитын әңгімем жоқ менің. Ортақ сөз... Жүргізе беріңдер. Жастар бақытты болсын... Мен бәріне қосыламын. Алдарыңыздан өтейік деп келдік. Өтіп жатырмыз... Сыйласп жатырсыздар... Рақмет! Жастар өздері келіссе, біз не дейміз. Олар бірін-бірі ұнатса, бізде тұрған не бар! Құдай ынтымақтарын берсін!. Алдарынан жарылқасын! Үлкендерде, ата-ана сорлыда билік жоқ қазір. Бүгінгі жастар әке-шеше алдындағы парыз дегенді білмейді. Үй болған соң өзімен-өзі бет-бетіне кетеді. Көмектесу, қарасу деген жоқ. Оны қойшы, күшік күйеу бол: қыздың үйіне кіріп алатындарды қайтерсің! Бәрін өздері шешіп, өздері қояды жастар. Мейлі, сөйтсе – сейтсін. Заман солардыкі. Құданы құдай қосады деген бұрынғылар. Қосқан шығар... Қосайын деп отырган шығар...

– Ойбай–ау – деп қалды біздің жақтан аузы жүйрік бір әйел бұдан әрі шыдай алмағандай. – Сіз тіпті, құда түсіп келіп отырып, әлденеге қиналып таусылғаныңыз қалай? Біздің елден адам алмақ ойларыныз бар екен, кім сөйлейді, не сөйлейді – келісіп, уәделесіп шықпаған екесіздер де, әуелім, – деп сөз аяғын жұмсартып, құлді. Бұл көкемнің: «Жарамды, сөзшен» келініңің бірі. Тілі – айыр. Бүгін үлкен ізет, сыпайылық жасап, ұзамай тоқтағаны. Әйтпесе...

Екі жақ та бір мәуріт ойланып қалған. Әңгіме дәл осы жерде қажеті шамалы арнаға бұрылып кетіп бара жатқандай еді. Жөн білетін, тура жолға салып жіберетін ешкімнің шықпағаны ма... Қап, әттеген-ай!

Байдостың әкесі сөзге қайта кірісті. Сөз бастаған әйелге қадалып:

— Жоқ, құдаги, жоқ, — деді айтысқа түсетін адамдай жігерленіп. — Олай емес, сіз түсінбей қалсаңыз керек. Біз бәрін ойласып, уәделесіп шыққанбыз. Келіскеміз. Сіздер қорықпаңыздар... Бәрі онды болды. Жай әшейін. Көңілде тұрган зат... Қашып құтыла аласың ба одан! Менің болашақ құдам Асекең — Асылхан сауда саласында істеймін деді гой, жаңылмасам. Рас па, Асеке, — деп көкеме қигаштай қарап қойды.

— Рас, Нәке, — деп көкем оның сауалына тез жауап қайырды.

Рас болса, сіз басқаша ойлап қалмаңыз, оның сізге еш қатысы жоқ... Мен, мен, сол сатушы, саудагер дегендерді ұната қоймаушы ем. Суқаным сүймейді. Тазалығы аз. Халықтың тыын-тебенін жеп ашкөзденіп тұрганы. Бетпақ.. Қолына дүкеннің кілтін алысымен мұрнынан есекқұрт түсіп шыртияды. Ілуде біреу болмаса! Біздің ауылдың өзінің жаман магазинінде жылына екі сатушы ауысады. Баяғы да... — деп енді бір ұзақ желіге көшпекке онтайлана беріп еді:

— Жә, болды, қой енді, айтарынды айттың! — деп енеміз зекіп таstadtы. Мұндай қатты соққы, зор айбат болады деп күтпеген отағасы басқа ұрған малдай қайқаңдал қалды. — Осы бір тентек су-ақ адамның ішіне барған соң, жатып алғып, абырайдан абырай қоймады. — Бірінші рет көріп, бірінші рет танысып отырған кезде құлкіге айналып, қадірін жойғалы тұрган мүшкіл халді жуып-шаймақ сияқты. Қайтсін! Біздің жақ сабырлық көрсетті. Талай сөздерден есесі кетіп бара жатса да, сыр берген жоқ. Тілдерін тістеп қалды. «Әйел жолы жіңішке» деген сол. Өз қолын өздері кессін бе!

«Қыз айттырып» алдынан өтіп, сырға тағып, қазақтың ырым-кәделерін жасап, құдалар кері аттанарда көкем бірауыз сөз айтты.

— Қадірменді құдалар! Біз енді жақсылы-жаманды уағдаласып, бата жасап, балаларға жол болсын айттық. Той жағына да келіскендейміз. Біздің тойымыз елде өтеді дедіңіздер. Оны өз жағдайларыңыз біледі. Ал біз осындағы агайын-туған, дос-жаран, қызметтес жолдастарымыз бар, бәрін үйге шақыру қыын. Бір қоғамдық тамақтандыру орнына той өткізбек ниетіміз бар. Кенже баламыз ғой, бетінен қақпай өсірген. Осы кездің сән-салтанат қызығын жасамасақ, ел-жүрттан үттү... Ауыл арасы жақын, хабарласып тұрамыз ғой, — деп көкейінде ұстаған жай-жағдаятты айтып, сонан соң жымиып өзінен-өзі құлді. — Назамқұл құда, ақкөңіл кісі екенсіз, қайбір ойларыңызды жасырмай айттыңыз. Оған өкпе, сөгіс жоқ. Ішімдегіні тап деп жымиып тұрғаннан, ақтарып салған да дұрыс. Күн көріп бала-шагаңы асырап жатқан бір-біріміздің амал-әрекетімізді, то есть, мамандығымызды мақтайдық, даттайық, ұнаттайық-ұнатпайық ол әркімнің өз еркі ғой. Жұмыс болған соң, адам болған соң барлық жерде жілтіктей бола береме, бес саусақ бірдей емес деген де бар ғой... Мен сізге ренжімеймін. Қисық, қиянаттық сез айтты деп көңіліме алмаймын. Тағдыр қосқан құда ғана емес, ынтымағы жарасқан дос болайық Бәрі балалар үшін ғой!..

Көпшіліктің көңілдеріндегі әртүрлі ала бұлттар түгел тарап, арман аспаны шайдай ашылып кеткендей. Екі жақ құшақтасып, сүйісіп, достасып тарасқандаі. Біз Байдос екеуміз қуаныштан ба, әлде күні бойға шыршық атқан жүйкенің босағаны ма, көзіміз мөлт-мөлт етіп күле бердік...

24 март, сәрсенбі. Тойымыз болатын күнге бір ай қалды. Күн деген мектептің үзіліске шақыратын қоңырауы сияқты, көңілді, үйге берген тапсырманы бес саусақтай билетін кездегідей қас-қақканша өте шығады. Біз Байдос екеуміз бір-бірімізді бір күн көрмесек тұра алмаймыз, өлердей сағынамыз. Тәулігіне екі-үш қайталап, әйтеуір,

қайткен күнде желеу тауып кездесу қажетсіз деп, өзіміз өзара келісіп, тыйым салғанбыз. Шарт, келісімге қол қойғанбыз! Уәдеміз темірдей қатты. «Кездесуге сұлтау іздеу, өзге уақыт кестесін бұзу іңкәрлік, ынтызарлық-қа салқынын тигізеді. Сезімді де қадірлей білген жөн, бағалай білген жөн. Есепсіз лепілдемей қуанышта да өзінді ұстай білген дұрыс. Эйтпесе көбелек боп кетуің кәдік».

Адам дүниеге келген соң неге өмір бақи қуанышпен өтпейді екен? Миллиондаған жылдардың жеке адам тіршілігіне тән бір қас-қагымдай сәтін не себепті шаттыққа бөлеп, уайымсыз өткізу мүмкін емес. Бұл шешімі жоқ сауал. Қалайша деп түсіндіруді талап етсең, өмір деген өте күрделі нәрсе гой деп бұлдыр жауап қайырудан аргыға тереңдегісі келмейді. Бос пәлсафдан не мүйіз шығады дейді. Адамның мәңгі қуанышты болуы деген сұрақ бос пәлсафа ма екен? Ал біз тіршіліктегі ең бақытты күндеріміз семья құру кезіндегі екі-үш айды әсерлі мол қуанышпен өткізуге көzsіз батылдық жасай алмаймыз, әлденеден қорқамыз, әлденеден күдіктенеміз. Кездейсоқ бір жағдай, кездейсоқ бір себеп кездесе қалып, сүйіспеншілігінің желкесін қызып кете ме деп қауіптенесің. Бұл жастардың еркін сүйіспеншілік қатынастарына сұғанақтық, қас күнем қараниет ой қаптал жүр деген сөз емес. Жағдай, ықылас, бейіл бар. Бірақ, сол қаншалықты таза, адал? – Тайлақша тайраңдамай, парасат пайымдылықты ұмытпа, естен шығарма деген сөз гой.

Тіршілік деген табаны қызса, тоқтау бермейтін бір тұлпар – тізгінді қатты тартып ұстамасаң болмайды деп үйретеді өмір көргендер. Дұрыс қой, дұрыс айтады. Солай етпеске лаж жоқ. Артық ақыл бас жармайды.

Арамыздағы әңгіме осы тақырып, – Байдос екеуміз қол ұстасып, қаланың әсем, сәнді көшесімен келе жатырмыз. Жаңа ғана «Жас жұбайлар салонынан» шық-

қан бетіміз. Той киімдерін алуға күніне бір-екі рет соғамыз, әзірге көңілдегідей заттардың қисыны келмей тұр. Той күні киетін көйлекке жапон ақ жібегінен сән ательесіне сұраныс жасағанбыз. Матаны бүгін-ертең қоймадан аламыз деп тұр. Енді әдемі ақ туфли керек. Ол болмай тұр. Әрі-бері жан-жақтан іздең жатырмыз. Әзірге уақыт бар, табылар. Шешем бір шебер тауып, сәүкеле жасаттырып жатыр. Әдемі үкі керек. Байдосқа әзірге қолға түскені – туфли ғана. Костюм мен көйлектің тәуірін күту қажет сияқты. Осының бәрі бір қарағанда майда-шүйде. Сол уақ-түйектен адамның тіршілік дүниесі, көңіл күйі құралады. Адамның айтқаны бола бере ме, мәңгі қуаныш жайлы ойлаудың өзі артық шығар, жалпы. «Күтіңіздер, келеді» деп алдарқатады. Әзірге алты күні кетті, енді тоғыз күні бар. Тоғыз күннен кейін «іздеңдерің ұшыраспаған екен, жарайды, тағы да он бес күн қосып берейік» демейді. Барымен – базарлаңдар деп шығарып салады. Өмірде бір рет болар қуаныш-шаттығыңа осылай салқын қараса, оған қалай шыдайсың! Жастарға деген қамқорлықтың шыны осы болғаны гой. Жоқ, бұлар ұсақ-түйек нәрсе емес. Басқа кезде көңілдерін аулап, арқаларынан қақпай-ақ қой. Неге осы ұлы той, ұлы думан сәттерінде ақ жарылып сый-сияпат, дос бейілдерін көрсетпейді. Салонға күніне екі рет бас сұғасың; тас беттеніп: «келіп тұрындар» дейді. Байдостың әкесінің сөзі анау қай күнгі «Жастар өздері шешіп, өздері қояды. Ата-анаға қарамайды, бақпайды. Жігіттердің бәрі бүгінде күшік күйеу бол кеткен...». Ал мықты екенсің, ойланбай көр. Ал шыдамды екенсің, сабырлылық жасап бақ! Ақылды болсан, осыны өлшеп-піш те, дереу шаттық шымылдығыңды желбірет! Не ойлап келе жатқанын өзі біледі, Байдос үнсіз. Қабағы салыңқы. Ішінде не барын кім білген! Бәлкім ол да той жабдығы жайында толғанып келе жатқан шығар. Қитығым ұстады. Неше күннен бері «қой, қой» деп ішіме

сақтап, айтайын деп айта алмай жүрген затым бар еді. Бір есебін тауып тиіскім келді.

— Неге ұндеңей келесің, Байдос? — Даусымды қаттылау шығарды.

Ол маган жалт етіп бір қарады да:

— Не деуім керек, Әсем? — деді сыпайы, өзіме қарсы сұрақ қойып.

— Әңгіме айтсаншы, бір...

— Әңгіме көп қой, қандайын...

Байдостың әдеті осы. Сұраған сұрағыңа ғана жауап береді. Өзінің шешкісі келген ішкі шері болмаса, қысқа қайырады да отырады. Мен оған үйренгем. Жанын, жан сырын барлап болғамын. Сөзбен әуестігі жоқ. Білмеген адам еш нәрсені жақтырмайтын, жабырқау жан деп ойлад қалуы ғажап емес. Кейде ол мінезі маган да ұнамайды. Бірақ қайтесің. Ол кейпінен бас жарылып, көз шығып жатқан жоқ

— Сен ренжіме, Байдос, — дедім. — Білдірмей-ақ қояйын деген едім. Болмады. Жұрт мақтанады: «Ішіміз — капуста секілді, қатпар-қатпар күпия, сырлар жата береді» — деп. Мениң сенен жасырар сырым жоқ. Мениң ішім капуста емес. Осы сендерде бір келіспеушілік бар-ау деген күдік көкейімде қонақтайды да тұрады. Көкең, немесе, қай күнгі сөздерді неге айтты? «Осы күнгі жастар ойна келгенін істейді, ата-анасымен келіспейді» деп? «Сатуши, саудагерді жақтырмаушы едім» деп. Тойға сараңдық көрсетіп отырған жоқ па? Осының баршасында бір қыңырлық, кесірлік, тіпті қарсылық жатыр ма деп қорқамын...

Байдос күлді. Тегінде ол шындалп айтылған ойна шындалп жауап қайыратын. Көніліне жақпаған сөзді қашырталап кететін. Бұл жолы күлді. Онысы маган ұнаған жоқ.

— Неге күлесің? — дедім.

— Жай, әншнейін...

— Жылжытпалайын деп тұрсың ба? Оның болмайды, шынынды айт!

— Шынымды айтпаймын, бұрын-соңды мен сені алдаған жерім бар ма еді?! Әсем, ренжімеші, жаңым. Сен уайымдайтында әзір ештеңе бұлінген жоқ — деп оң иығымнан алып қапсыра құшақтап, қысты. Бұл — жұбатқан түрі. Ал мен сырын ақтармай уаңбақ емеспін.

— Қой, қарағым, — дедім, өкпемді жасырмай. — Тәлекек қылмай ақтар көкейдегінді. Бала емеспін мен, басынан сипағанға басыла қалатын. Ол қипыжықтап күмілжіді.

— Ой, осың-ай, — деп қалды. — Не керек сол...

— Бірбеткейлік дейсің гой. Иә, жақтырсаң да, жақтырмасаң да турасына қол қоятын дағым. Көнсең де, көнбесең де, өз еркің.

— Көнем, айналайын, жаңым сол, көнем. Көнбей қайда барамын...

— Қойшы енді, айтшы! Ол кісінікі не қыжыл?..

— Иә, — деді Байдос ауыр курсінші. — Бастапқыда өзім де ал-дал аңырап қалып ем. Үйге барған соң ұрсып кеп берсін бе, бастырмалатып. «Мениң жағдайыммен неге санаспайсың» дейді. «Қалай той жасамақсың, қалай үй болмақсың». «Мениң саған бөліп берер малым жоқ, қаржым да жоқ осыны ойладың ба, сен кеше» дейді. Эйтеуір айтпаған сөзі жоқ. Ақыр бұрқ-сарқ етіп басылды. Қайдан тапса да бір мың сом тауып тойға қоспақ болды. Менде әкеме айттар уәж жоқ өтірік солқылдап жыламадым ба — «Көке сен кешір, қанша ұрыссаң да көтеремін. Ондай қыз жер бетінде жоқ, тойымызды осы апрельде жасамасақ одан айырылып қалуым ықтимал, себебі тұзақ салып соңында жүрген жігіттердің саны жоқ» деп еңірегендеге етегім жасқа толды.

— Бәрекелді, батырым, — дедім. Байдостың шыныңдықты қалжыңмен жеткізіп тұрғанын сезіп. — Сонымен сөз жасынды көрген екен. Таменниң экесі Еазарбай

құсап ақ батасын бермесе қайтер ең? Оны да қатпар-қатпар ішіңе түйіп қалар ма ең?

Байдос сыңқылдап күліп жіберді. Қайта-қайта күлгөніне қараганда жан сарайы жадырап, жарқын секілді. Сөзінде қапы, жүрегінде жалғандақ болмауы кәдік. Сенген ләзім.

— Бұл күнде Базарбай секілді әкелер «Барсакелмеске» кетіп тынған болар. Оңдай қауіп-қатерді санадан сылып тастайық, жаным, жарай ма?!

— Эй, қайдам, — дедім әлі де сеніңкіремей. — Ол кісі неге өйтеді, сөз жүйелерінде ықылас, мейірімнен гөрі бір еріксіздік, қыжыл, өлексе өштесу ме, сондай пәлекет бар сияқты. «Күшік күйеуі» несі, «сатушыны суқаным сүймеуші еді» деуінің мәнісі не?

— Қойши енді, Әсем, — деп Байдос жалынды. — Араққа кішкене қызса, қайдағы-жайдағыны айтып, жүртқа соқтығатын әдеті бар. Әшейінде моп-момын. Қой аузынан шөп алмайтын сыпайы кісі.

— Білмедім... Жарайды. Әлденеге бірақ жүрегім орнығар емес.

Жолай келе жатып бас қатырган беймаза ойдан құтылайық деп киноға кірдік. «Кекшіл кедей» деген француз детективі екен. Тарсыл-гұрсіл, алыс-жұлыс, өртеу-қиратудан миымыз қатып, бос қаңылтырдай, қаңғырлап сыртқа әзер шықтық. Ой жоқ, мән жоқ, әйтеуір бірдене. Осындағы фильмдерді не үшін көрсетеді екен? Шетелдің кейбір бостекі дүниелерін көруден-ақ жалықтық.

Сайрандал сергиміз деген ойымыз сәтсіз болды. Күн-дегідей серпілу орнына сергелденге түстік. Әлденеден шаршадық па, дене, тұла бой құрсау. Төмен қарап, үнделей келе жатырмыз екеуіміз де. Ерік аяқтарда ғана қалған. Біздің үйге келе жатқан сияқтымыз.

Міне, көрдіндер ме, адамның мәңгі шат болуы деген қандай қыын. Біз, жас жұбайлар, ең болмаса бір

ай толық шаттық тілеп, қайтсек те әр күнімізді еш ренішсіз өткіземіз деп келісіп едік, қандай бір қындық төбесі көрінсе де, оған мән бермей өте шығамыз деп ек. Өздеріңіз көрдініздер гой, уәдеде тұра алмадық. Қабақ шыттық, қақтығысып қала жаздадық. Салоннан, кинодан келген кикілжің, келеңсіздікті ескергенде, сенің сезіміңді өзіңнің туган ата-анаң түсіне бермейді гой. Кейде қасақана әдейі түсінгісі келмейді. Намыс, абырой деп баз бір кездерде онды жолын аңгармай теріс құлайды. Ондай қырсықты басқа салмасын! Басыңа түсті дегенше, сенің шаттық сезімдеріңе, таза ауадай пәк ниетіңе семсер сілтенді дей бер!!!

29 март, дүйсенбі. Бүгін – «Ғылыми коммунизмнен» мемлекеттік емтихан. Кейінгі күндердегі жабдығының барлығын асырып жинал қойып, күш-жігерді соған салғанбыз.

Сұрақтарды толық оқып шыққан болдық. Ал мида не қалғанын, бір жазмыштың өзі білсін. Билетті қолға ұстап ойлағанда еске түспесе, әзірге еш нәрсені талдап, жіліктеп болмастай.

Емтиханға студенттер түгел жиналып қалған екен, әлі бастала қойманты. Бізді көріп, әсіресе қыздар қоғадай жапырылып жүгірді. «О, Қозы мен Баян!», «Ромео мен Джульєтта», «Бақытты болыңдар! Махаббатарың берік болсын!». Құшақтап, жаңа көргендей беттерімізден сүйіп жатыр. Жігіттер жағы байсалды: «Тойларыңа қашан шақырасындар, ей?», «Қай күнге белгіледіңдер?», «Неке сарайна арыз бергендерің рас па?», «Құттықтаймыз ей!» деп жымың-жымың құліседі. Қысқы сессиядан кейін кейбіреулерімен кездесіп тұрганымыз осы. Студенттер бірін-бірі сағынысып қалған: жарқын-жарқын дауыстар, шақ-шақ күлкі.

Емтихан қабылдаушылар орын-орындарына жайғасты. Біз алты студент ішке кірдік. Билет алғып жатырмыз. Бетін бүркеп, «үш сұрақты ішіне бүгіп қуланған

тілдей ақ қағаздың бірін қолыма ұстадым. Он үшінші билет. Жауаптарын жақсы білетін болған соң көңілім көтеріліп кетті. Бірбұрышта шүқшиып отырған Байдосқа қарадым. Ақ қағазды жеп жіберетіндей тесіліп қалыпты. Басын көтерді. Маган қарады. Ым қақтым: «Қалай?» деп. Көзін қысты. Мәз емес-ау, шамасы. Енді иек қағып: «Сен қалайсың?» деді. Мен жыымиып қуанышымды білдірдім.

Расында, Байдосқа қыын билет келген екен.. Мен «5» алып шықтым, ол «4»-ке қанағат етті. Қуанышымыз мол, қуаныш – ортақ. Әсіресе менің көңілім шат. Жоғары баға алғаныма қуанатын сияқтымын. Және оңай сұрақтар келгеніне риза сияқтымын. Қиналмағаныма, жеңіл өткеніме мәзбін. Көрдіңіздер ме, адам дегенің құлқы қалай? Оңай, жеңіл болса, қиналмасақ дейміз. Бақ басымызға өзі кеп қона қалса дейміз. Бақ қону үшін қанша қыындықтардан асу қажет екенін ойламаймыз. Бәлкім, «5» деген баға ауыр сұрақтар келген Байдосқа лайық емес пе еді. Кездейсоқты жоққа шығарсақ – сыбаға сонікі гой. Оған өзімшілдік деген бәле жібереме. Өз көйлегің өз денеңе жақын. Сонда да болса сыртқа шыққан соң мен өзімшілдікті омырып: «Байдос, «5» деген бағаны маган емес саған қоюы керек едің дедім. Оның бетіне қан жүгірді, қуанып қалды. «Жоқ, – деді ол. – Сенің білімің тереңірек менен гөрі». Ілтипат білдірді.

Бұл күні біздің қайда барсақ та жолымыз бола береді. Жас жұбайлар салонына келіп едік: Байдосқа әдемі костюм кездесті. Ақ шатырдай көйлек. Киіп, өлшеп көріп еді – Құйып қойғандай екен. Байдостың өңі күлпірып сала берді. Алмастың жүзі секілді. Айна алдына барды. Таранды. Қалың қара шашы тым сәнді еді. Өзіне-өзі сұқтана қарады да, сосын біртүрлі қысылды. Мен көзімді тайдырып әкеттім. Бұрын алған қара туфлиі бар. Сонымен Байдос тойға әзір. Жол-жөнекей сән ательесіне соқсақ маган көйлекке деген жапон ақ жібегі келген екен. Тамаша болды. Алақай! Шеберайым

келіншек таңдал жүрген фасонымызға қарап дереу өлшеп пішті. Бойымды, белімді, кеудемді, мықынымды еппен ұстап, құлағыма: «Фигураңыз қандай әдемі!» деп қояды. Көңілімді көтергісі келген жоралғысы болар. Эйтсе де дене бітімімнің жақсы екенін өзімде сезем. «Рақмет, сізге!» деймін мен ықылас танытып. «Көйлегіңіз он-он бес күннен кейін дайын болады», – деді.

– Бір күнге осы орындалған істер де аз емес, Байдос, – дедім мен ательеден шыққан соң. – Енді дереу үйге баралық. Бізді не болды екен деп жандары тынбай күтіп отырған шығар.

Есікті шешем ашты. Жайнаған бет-ажарымызға қарап, құшақтап сүйе бастады. Бәрі ойдағыдай екенін ана жүрегі айтпай-ақ сезіп тұр. «Өте жақсы, жақсы» деп Байдос та, мен де қолдарымызды көтердік. «И-и, айналайын, көз қуаныштарым сол!» деп мәз боп қалды: «Жүріңдер, тамақтарың, шайларың әзір». Көкелерің түстікке келіп, сендерді күтіп-күтіп жұмысына кетті. Әсем жұмысына звонить етіп хабарлай сал. Айтпақшы, тойларыңың шақыру билетін жасаттырып біткен екен, кешке алғы келмекші». Апамның жаңалықтары сондай көп. Күні бойы үйде жалғыз өзі болған соң, іші пыса ма, естіген көргенінің бәрін қалдырмай әңгімелейді. Құлақ қоймасаң, қабагын түйіп, балаша бұртиып өкпелейтіні бар.

Көкем шақыру билетіне «Союзпечатъ» киоскілерінде сатылатын жадағай, стандартты бүктемені алмай: «Тойды жасайтын» ата-аналар, олай болса балаларының қуанышын паши еткелі отырған кешке солар шақыруы ләзім. Біздің некелісіп семья күрган тойымызға келіңіздер, деп жастар менің қайсыбір өмірінде білмейтін туыстарымды, жекжат-жораларымды қалай шақырмақ? Және ол әдептілікке, көргенділікке жатпайды гой» деп өз ойын дәлелдеп, соган келісуімізді սұраған еді... Сол билет дайын бопты. Тойдың боларына әлі жиырма

күннен астам уақыт бар. Шақырылатындарға алдын-ала толық, хабар жетіп, тойға кім келеді, кім келе алмайды – ертерек мәлім болады деген сөз.

1 апрель, бейсенбі. Барлық шатақ тойға осы кісі шақыратын жерден шықпасын деген ой келеді маған. Билет дайын болғалы екі-үш күннен бергі әке-шешем, жақын ақылшы ағайын, дос арасындағы дау-дамай, қызылкеңірдекталассолтөніректеболып жатыр. Кафедегі орын аз-жұз отыз адамға есептелген. Шақырылуға тиіс кісілер өте көп. Әкемнің туыстары, жолдастары, қызметтес жолдастары, шешемнің төркіндері. Байдос екеуміздің студент, оқытушыларымыз, «құдалар» – жағынан және неше жылғы жақын отырған тату көршілерміз. Менің мектепте бірге оқыған құрбы қыздарым... Осылай еске алсаң табыла береді. Жалпы есебін алудың өзіне бір күн кетті. Барлығы 258 – жанашырға жарайтын жан бар екен. Шақырсан – бәрі бұл кім демей, құшағын ашып қуана келетіндер. Міне, байқадыңыз ба, біз қандай кеңпейілміз! Қазақ қандай мейірбан? Және бұған қазақтың бұрыннан келе жатқан иғі салты: «Той дегенде домалайды қу бастарын» қосыңыз. Әкем жұмыстан келгеннен кейінгі түннің бір уағына баратын керіс осы төңіректе. Біреулерді сызады, біреулерді қайтадан жазады, біреулерді қосады. Әзірге жүз отыздың аулы түгілі қарасы да көрінбейді...

Байдос келді. Әдеттегідей қымсына басып кіреді, қымсына басып жүреді. Қайтсін, байғұс, бес минутсыз күйеу ғой. Ішімнен күлем. Кейде өзіне әзілдеп те қоямын. Қалжыңға жоқ, езу тартады бар болғаны.

Үйде көп бөгелмей, сыртқа шықтық. Әрқайсымыз кейінгі күндерде, кездеспеген сағаттарда жиналып қалған жаңалықтарды айтып келеміз.

– Адам өмірде тенін табу қыын ба десем, одан той өткізу қыын екен ғой, – дедім кейінгі кезде түйген пікірімді ортаға салмаққа.

Бүкіл тауқыметті бастан бірге өткізіп жүрген Байдос:

— Иә, айтары жоқ, — деп салғаннан келісе кетті. Бірақ лезде жөнге көшіп: — Қыындықсыз қуаныштың бағасы бола ма, Әсем, — деді мені жұбатқалы. Қапаландыру әдетінде жоқ.

— Сендер жақтан тойға қанша адам келмек, Байдос?

— дедім. — Көкем он-он бес адам жазып отыр.

Ол жөн-жосығы жоқ әлденеге жымып құлді:

— Біз жағынан ба, біз жақтан мен бір өзім ғана болатын шығармын.

— Неге?! Ол қалайша? — Мен жөн-жосықсыз жауаптан шошып кеттім.

— Сен не айтып келесің, Байдос? Шының ба?!

— Әзір солай бол тұр, Әсем. Біздің әкей жөнсіз туралы кісі ғой: «Мен тойға қаржы беріп, үлес-сыбаға қослаған соң оған масыл бол бара алмаймын» деді емес пе, бір күні отырып-отырып. Сөйтті де түнеріп, қабақ шытқан күйі үйден шығып кетті. Түсіндіріп айтып, дәлелдеп ұқтырып жатырмыз: «Ойбай-ау, отағасы-ау, құдалар өзінің әлпештеп өсірген қызына ұзату той жасап бермек. Ол қазақта бар дәстүр. Біздерді сый қонақ ретінде шақырып отыр. Солай да солай, оның еш ерсілігі жоқ» дейміз. Жоқ, баспайды. Өзінікі өзіне дәлел. Біз шешем, ағайындар бол көндіреміз деп әлек, ал ақсақал көнбей әлек. Сөйтіп, әрі тарт-бері тартпен жүріп жатырмыз. Мұны сен өзің ғана біл. Көкең мен анаңа айта көрме. Жағдай қиынданап кетер.

Мен неге екенін өзім де білмеймін, жылап жібердім. Көзімнен мөлт-мөлт жас ақты. Мұндайды күтпеген Байдос қатты састы. Абырап, алақтап не істерін білмей састы.

— Қойши, Әсем саған не болды? Қой, жылама, — дей берді. Сосын бір шақта қарқылданап кеп құлді. Жалт қарадым, Шыны-ау деймін, ішін ұстап шиқылданап мәз бол күледі. — Пай-пай Әсем-ай, бүгін бірінші апрель емес

пе! Мен бүгін сені қалай алдасам деп келіп ем... Соған да сендей бе? Бала екенсің гой өзің, – деп құшақтап, әлі сұртімеген бетімнен көз-жасымды сүйді.

– Пәлі, сен де!.. Басқалай алдайтын ештеңе таппадың ба? – деп күліп жібердім.

– Өзгесіне сені наңдыру оңайға түспес еді.

– Буынды жерің осы болғаны гой сонда.

– Қайтеміз енді... «Күлсең – кәріге күл» деген гой. Бұдан кейінгі сөздердің көп аса қызығы болған жоқ. Сандалып жүріп-жүріп таастық.

Көрдіңіз бе, күлуге, әзілге ариалған бір күннің (бірақ күн!) өзін сыпайылап мәдениетті, күле алмаймыз. Қалжындаимыз деп – қынжылтамыз. Ойнаймыз деп – ойрандаймыз. Құлдіреміз деп – бұлдіреміз. Көңілдендіру орнына – келеке, мәзету орнына – мазақ етеміз. Әдемі, адамның жанын семіртетін күлкіге әлі үйрене алмай келе жатырмыз. Абай атамыз айтқан: «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат. Екі түрлі нәрсе гой сыр мен сымбат» деген өсиет, ақыл сөзіне жүз жыл өтсе де әлі ол қанымызға сіңген жоқ. Француздар: «Күлкісіз өткен күн – босқа өткен күн» десе, ілгергі өткен Хакім Лұқпан: «Әр жақсы өткен күнімді бір жылға балап, мың жасадымды» айтып кеткен. Тіршіліктің кикілжіңіне беріле бермесек қой, әрқайсымыздың өміріміз әлдеқайда шаттық-қа шомылар еді!.. Адам бірін-бірі аяса гой, бірін-бірі сыйласа гой!

Соны орындауга не кедергі, кім кедергі?

20 апрель, сәрсенбі. Тойға төрт күн қалды. Кешегі қыруар шаруа (басындағы шашында) біртіндеп біткен сияқты. Бірен-саран олқы-солқысын есептемегендеге, тегіс көңілдегідей. Киім-кешек жағы қараған жүртты бір елең еткізетіндей сендей-ақ. Әсіресе менің көйлегім, ақ туфлиім, сәукелем... Бірақ үкісі онша болмай түр. Тұысқандар енді үкіні зоопарктен іздең жатырмыз дейді. Әзіл шығар, кім білген.

— Қане, айналайындар, киімдерің толық дайын болса, киіндерші, көрейік, — деді көкем.

Біз тез киініп келіп, қатар тұра қалдық. Бет-жүзіміз алабұртып қуанып тұрмыз. Әке-шешеміз де іштей сүйсінулі. Аса қадалмай, сұқтанбай, елеусіздеу, байбайлап, зерттеп қарайды. Қамқор ата-ананың мейірбап көзқарасы. Жандары елжіреп тұр-ау, бірақ оны лап еткізіп сыртқа шығарғысы келмейді. Кім білген, үлкен кісілерге сол қасиеті жарасар. Үнта-шынымен ұзақ қарады. «Жақсы, жарасымды, енді құтты болсын!», — деді көкем. Анамның көзіне мөлтілдеп жас келіп, боталағалы сәл-ақ қалды. Ең кенжесін құтты орнына қондыратын күндер жақындаған соң соған толқи ма, әлде өзінің де бір кездегі келін бол ақ босағаны аттағаны есіне түсті ме екен?!

Байдосқа көз қыығымды салып қарап қоямын. Ол менен қарыс сүйем ұзын, бойшаңдау. Сөлекет ерсі биік емес. Қара костюм, ақ көйлек, ақ жолақ қоңыр галстук, мейіздей жалтыраған қара туфли. Ұшатын қаршығыдай қатып тұр.

— Бәрекелді, бақтарың ашылсын! Алдарыңнан өмір бақи күн шықсын! — Екеуі ақ баталарын беріп бетімізден сүйді. «Қасиетіңнен садаға кетейін, ата-ана, сендердің қадірлерінді жете бағалай бермейміз-ау, осы! Біз үшін отқа да, суга да түсесіндер. Ал біз өзімшіл, өр көкірек жастар сол туган әке-шешені аямайтын, аяй білмейтін бәтшагалармыз, өңкей. Ойлағанымыз орындалмаса, ал өлемін деп ойбай саламыз! Не деген сұмырайлық!». Көкем мен анамның мойнынан кезек-кезек құшактап, іштей алғысымды жаудырдым. Біздің дүниедегі бірінші қарыздар адамымыз — ата-ана!

Мұнан әрі шыдап тұра алмай, Байдос екеуміз ұялғаннан оңаша бөлмеге қарай зыттық. Жүректер барабанша соғады, қуанышта шек жоқ. Байдос мені құшактап, тамағымнан иіскеді. Сосын:

— Сен кешір, Әсем — деді. — Мен бір нәрсе айтайын, соған ақыл қос. Танданып, әрі қызығып бетіне қарадым.

— Біздің қарттар тойға толық араласа алмағандарына ұялып жүр гой. Әлі де кеш емес шығар, сол керек-жарғының бір жеріне жаратар деп менен мың сом беріп жіберді. Соны қалай ұсынудың ретін таптай тұрмын.

— Өздері әкеп, бермеді ме?

— Азсынды, қомсынды.

— Әңгіме көңілде емес пе? Шын бейілін білдірсе, аз-кәбінде тұрған не бар?

— Мен де солай деп қанша айттым. Түсіндіре алмаған соң, қалтама сала салдым. Енді қалай ілтипат жасаудың мәнісін білмей дел-салмын. Сенің өзің бір амалын таппасаң...

— Жоқ, Байдос, менің араласқаным ерсі болады. Өзің бір жөнін ойластыр. Менің дәнекерлігімнің қисыны жоқ бұл жерде.

Ол тәуекел деп шығып кетті де, тез қайта оралды.

— Не болды? — дедім жан ұшырып, бірденеден шошығандай.

— Ештеңе болған жоқ. Бәрі дұрыс. «Жарайды, өздеріңе кейін керек болады, бір жерге сақтап қойындар» деп арқамнан қақты да: «Тойдың ішіп-жем, жайын ойлаң, сендер бастарыңды қатырмай-ақ қойындар» деді. Ләммим демей, жалт бұрылдым.

Әкем бұл жерде де сыпайылық сақтапты. Асып-тасып жатқан байлығы жоқ еді, тек сыр білдірмейін деген гой. Әйтпесе, осы күндері той өткізу оңай ма: сән-салтанаты бар. Дастанқан мәзірі бар, ойын-сауық думаны бар — бәріне жаның қалмай жүгіруің керек. Өзге де, өзің де бір мәз болатында жақсы өтсе деген ниеттен гой.

Көкем «дастарқан мәзірінің тамақтарын таңдауга бардық, бірақ ақшасын ертең бір күн күямыз», — деген сияқты еді. Байдостан ақша алуға ұялған гой. Оның

үстіне әуелден-ақ: «Кенже қыздың қызығынан айтын ештеңе жоқ» деген еді-ау. Ауыр тиіп жүр, бар шаруага өзі жүгіреді. Тұыстар, достары көмектесіп жатыр гой, сонда да салмақтың ауыры өзінің иығында. Көкемнің айтқанын орындағық, мә, сақтап қой деп Байдос конвертке салынған бір мың сомды маган берді. Мен біргүлі қисынсыз көріп алмап едім, қоймады, еріксіз қабылдап апама тапсырдым.

Дастарқанға қойылатын салқын тамақтар ішінде қазы, қарта, ет жағы болмай жатыр, деп көкем қобалжып жүр еді. Тапсырган кісілері табылатын болды деп телефон соқты.

Әдемі қауырсындары үлпілдеген ұзын екі үкі де келді. «Зоопарктен алып келдім» деді күлімдеп жақын бір ағайынымыз. Қалындық пен күйеуді серуенге алып шығатын машиналар керуені де толық ойластырылған.

Байдостың ата-анасы тойға он шақты адам бол келіміз депті. Оны маган өзі айтты, әке-шешеме де білдірді. Шақырылатын кісілер саны да сай.

Сонымен, өмірдегі үлкен қуанышқа жан-жақты әзірміз деп айта аламыз. Енді тек ешкімнің қабағы шытылмай, аман-есен, ойдағыдай болса деген тілек!

27 апрель, сейсенбі. Алшын ғұмырда жалғыз-ақ мәрте болатын тойымыздың тас-талқаны шықты. Одан бері де үш күн өтті. Қолға қалам алудың өзі қиын. Жаның күйіп, өзегің өртеніп, қан жылап отырғанда қолға қалам алатын жазушы емеспін гой. Күнделігімді оқитын адамға сырымды айтып, енді ақ қағаздың үстінде өзім егіліп, ішілген уды, сарғайған сананы сәл де болса сейілтсем деймін. Күнделік жазған не теңім, жайыма қарап тек жүрмей! Бұдан әрі қарай жалғыз сөйлем де жалғастырмай жыртып-жыртып лактырып жіберуге болар еді. Не қажет деймін өзіме-өзім. Жастықтың қайнаған ыстық құндеріндегі мәлтілдеп ақжан өзенге шомылғандай рақат сезімге бөленер күнделік жазатын

шығармын деп ойлап ем, әуелде. Әмір әрқашан сенің айтқаныңа көніп, сүйреген жетегіңе жүре бермейді екен. Соны ұғып, соны түсіне бастағандаймын. Күнделіктің енді бұдан былайғы жағы өзім үшін емес, өзгелер үшін сияқты. Қолына түсіп оқыған замандастарыма аз да болса пайдасы тисе, онда іштегі шерімнің тарқаганы, қанатымның майырылып қалмағаны.

Дұрыстап, лажы болса, жеке бастың күйкі, мұнына беріліп кетпей, өткен окиғаны баяндап көрейін.

Байдос той болатыннан бір күн бұрын үйіне барып келмек бол кеткен. Ата-анасының көңіл күйін, тойға қалай, қашан бағыт алады, біріншіден соны білмек. Екіншіден, ауылда өтетін той-томалақтың жайын байқамақшы. Дайындық, әзірліктері қанша – көзімен көріп, қолдан келсе, оны-мұны жетпей жатқан шаруаларына көмектесіп, көңіл демдеп қайтпақ. Бұдан да бұрын талай барып жүрген. Қолсозым жердегі ауыл. Бір сағаттық қана жол. Неге екенин қайдам, Байдостың осы сапарынан жүрегім әлденеге секем ала берді. Біртүрлі қобалжып аландаган секемшіл үрейлі сезім. Әрлі-бері ойланып, іштей толғанамын. Еш алаң, еш күдік жоқ сияқты. Барлық үргін-сүргін ақыры сәтімен аяқталып, кештің тамаша бол өтуіне ешбір шубә жоқтай. Сөйтіп себепсізден- себепсіз аландаймын. Бұл уақыт жақындаған сайын сүйгенің әрқашан қасымда болса деген өзімшіл тілектің түйсігі шығар деймін. Әйтпесе, елегізіп шошитын не бар... Байдос келіскең уәде бойынша күйеу жолдастарын ертіп түскі сағат он екілерде қызды алуға келеді. Біз біріміз – достар, жастар, туыстар бол үйде күтіп отырамыз. Күйеуді үйге кәдесін жасамай кіргізбей, есік алдына арқан керіп, олар ебін тауып өтіп кетуді ойлап, у-ду болып, ақыры күйеулер тобы мойынсынып, жөн-жоралығын жасап, қалыңдықтың қасына жете-ді гой... Сосын қыз аттандырудагы сәлем-сауқат, дастарқан, ақ тілектер айтылып, ағайын достармен тағы

да қоштасып, тағы да құшақтасып, үлкен болашаққа бақ тілеп, ересектер әйел-аналар көздеріне жас алар да, жиырма жыл жайлаған босағадан енді алтын босағага қарай бет түзейсің. Түскі сағат бірде Неке сарайына барамыз. Болашақ арманымызға заңды мөр бастырып, махаббатқа берік болуга куәлік жасаймыз. Бұл да бар өміріңде жалғыз рет болатын қызық дәстүр! Толқыны, толқуы ерекше... Казіргі шақтың салты бойынша жер қайысқан керуен машиналарға мініп, қала аралап, мәңгілік от, белгілі ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, сәулетті жайларға қуанышты көңілмен және бір көз саласың, серуен құрасың. Сейтіп, кешкі сағат жетілерде думан тойың басталады...

Сағат тілі 11-ден асып 12-ге қарай жақындалп келеді. Жүрек аттай тулайды. Әне-міне дегенше Байдостардың төбелері жарқ ете қалмақ. Қалай боп киінді екен? Қалай боп көрінер екен? Қуаныштан жүрек жарылардай лұп-лұп етеді. Күйеу күткен көпшілікте ес жоқ, қатты әбігер, Балалар құлын-тайдай шапқылап, қайта-қайта даға шығып қарайды. Еш алаңсыз, қаперлеріне түк кірмей. «Жоқ, көрінбейді» деп оралады. Мұның бәрі менің жанымды шыбықпен ұргандай. Келіскең уағдалы мезгіл де соқты. Бірақ Байдостар жым-жырт. Сағат 12.30 болды. Мен ғана емес (құр сұлде мендегі), көпшілік те қобалжи бастады. «Апымай аман-есен болса екен!». «Сонша кешігіп не болды?», «Осы күні жол жаман ғой, құдай пәле-жалаған сақтасын!», «Қойындаршы, не болса соған шет-шәлекей болмай, келіп қалар, жолдың аты – жол... Өлшеп, бағдарлап не керек! Ақ еркемнің қабағына қарандар!». Мұндайда адамдар ойға келген күдігін ұстал тұра алмайтын әдеті. Жақсы да, жаман да көпсіп кетеді. Оларкісі көңіліне қалай тиетінін бажайлап, несенің жай-күйімен есептесіп негылсын! Сағаттың әр соққан тілі де шекені шытырлатып, жүйкені қырқады. Не телефон сылдырамайды. Екі сағат кешікті. Бұл қалай? Қандай

жорамал жасап, қандай бір амал табуға болады? Төртбес жас оңаша бөлмеде отырмыз. Тойсерік құрбы қызын Сәуле. Сосын Үміт пен Серік, Айгүл мен Болат – бірге оқитын достарым. Сәуле онсыз да дегбірсіз, шошақай қыз. Ешкімге жаманшылығы жоқ, өзінің жаратылған мінезі. Кіріп-шығып мазасызданған үстіне мені қайта-қайта құшақтай береді. Жұбатқан, сабырга шақырган көңілі. Қалғандарында көп үн жоқ. «Сені кішкене толқытайын деген шығар, Әсем. Бірақ қорқытайын деу қаперіне келмес» деп байсалды ой танытқысы келеді. Сөйтсе де, іштері қуыс. Байыз таппай жүр. Машиналар керуені шашақтарын, шашбауларын желбіретіп, қаздай тізіліп тұр. ЗАГС уақыты да өтті. Негыламыз?! ЗАГС-ы бар болсын! Ол қашпас. Азамат аман болса етті! Некелесу кейін жасалса да оқасы жок! Үрейім үшқан мен сорлы енді осыны тіледім. Ең болмаса, той басталғанша жетсе екен?.. Келіскен уәдеге сай қаланың әсем жерлерін аралайтын мезгіл таяды: күйеулерден со бойы хабар-ошар білінер емес. Тағат, шыдам таусылып барады. Серікті шақырып алдым: «Обл. ГАИ-дан жайлап сұрап, біліндерші, «Бестөбемен» еki арада жазымға үшыраган жан жоқ па?» деп. Ол сөзге қалай аузым барып айтқанымды өзім де білмеймін. Дереу тексеріп оралды. Аман-есен. Кешелі бері ол жолда қауіп-қатер болмапты. Қапылыста ой тапқыш, уайым, қайғы деген ада-куде, бір жаз дидарлы жігіт Болат болатын. Неге екенін кім білсін, ол да бүгін жарқырап, оң қабақ сездірер емес. Ерекше жайбарақат, қаннен қаперсіз. Үрейленген, мазасыз да дегбірсіз сұрқай жұздер, жаутаңдаған мұңлы көздер оған ешқандай әсер етпеген сияқты. Машақат осылай басталарын ол күні бұрын аңғарған адамдай. Бір кезде үйқыдан оянып кеткендей селк етті. Сөйтті де:

– Жолдастар, жолдастар! – деп айғай салды. – Ауыр ойға тереңдей берудің қажеті жоқ. Міне, былай болады, былай жасаймыз. Маған бір идея кеп тұр. – Отырған-

дар: «Мынау не демекші сонда?» – деп елең ете қалды. Есіткенше ынтық – Жоқ, Байдостар бәле-жалаған дінаман, оның тойға үлгіретініне күмән жоқ. Менің жүрегім соны сезеді. Әсем де, сіздерде анық жақсылық нышанға сенесіздер. Олай болса жақсылық үстінде жүдемейік. Менде бір ұсыныс бар. Мынадай: көңілімізге еш секем алмай, жастар үйден сәнімізбен шығып, машиналарға отырып, қаланың көрікті мекен-жайларын аралап көретін дәстүрді сайранға жүре берелік. Күйеу жігіт орнына – жолдасымыз, Байдостың егіз сыңарындай жігіт Серік бола тұрады. Оған әрине, келіншегі Үміт қызығаныш білдіруден аулақ. Біз серуеннен қайтқанша, Байдостың ауылына бір іздеуші жіберілсін. Ұзақ жер емес қой: бір сағат әрі, бір сағат бері. Оның жазыма ұшырап қалуы мүмкін емес. Бүйтіп сарыуайымға салынып торыққаннан ештеңе шықпайды.

Бұл идея жүргіттың көкейіне қонды ма, қонбады ма, онда Болаттың шаруасы жоқтай. Жалма-жан жастарды қолдарынан тартып, орындарынан қозғап, өз еркіне үйіріп алып бара жатты. Біз аң-таң бол тосылып тұрмыз. Мұндай жағдайды кім бұрын-соңды бастан кешкен! Күйеусіз қалындықтың қала шарлап, жасағымен серуен құруы қалай? Ақылға сыя ма? Байдостар келіп қалса не дейді? Күте-күте шаршап, сосын осылай ұйғарғанымызды қостай ма, жоқ па? Ұға ма, ұқпай ма?! Ойыннан от шығып жүрмесін. Үйдегі үлкендер жағы не айтарын білмей дағдарып тосылған. Жастар болса, көзімен, көңілдерімен Болаттың идеясын мақұлдайтын секілді. Анама қарадым – жаны егіліп, көзіне жас кеп тұр. Маған ақыл айтар халі жоқ.

Осы кезде тойдың мәселесінің соңғы әзірлігімен жүрген әкем келе қалды. Мән-жайға, қын хал үстіндегі жастар шешіміне тез қанықты да, жарқырап кенет күлімдеп: «Дұрыс онда, жабырқап тұрғанша, сейіл құрып, жадырап қайтындар, ол онды ақыл екен, мен

қостаймын», – деді. Жігіттер мен қыздар ду көтерілді. Бұл не?! Қуанарымды, яки жыларымды білмеймін. Түсіну қиын; аттаған сайын алдыңнан сан қылышырақ шығады. Кейде соны өзіңше тыстал, аударып қарауга мұршаң болмайды. Менің қас-қабағыма қарап, көңіл күйімді ауламақ бәрі. Іштей қамқор дос-жаран, ағайын-тұғаннан айналасың. «Мейлі, кеттік олай болса! Күйеу жігіт қуып жетер, кеудесінде жаны болса!», – дедім мен еңсемді көтеріп. Ойнап-күліп машиналарға отырдық. Той керуені тартып кетті...

Бәрібір бірақ еңсеміз көтеріліп жарыған жоқ. Дұылданап шулаған жастар өз әзіл-қалжындарының жалғандығына қысылатын секілді. Бірер сағат «думандатып» қайтып оралдық. Байдостардан хабар білуге кеткен кісі келіпті. Қуанышты хабар жоқ. Байлауы аз, баяны кем; біреу: «Көрдік, бала кеше кешке үйінде жүрген: әкесі таңертең гаражда болған, тойға бармақшы еді гой, соган кеткен шығар» десе, біреулер: «Той жабдығымен шапқылап жүрген сияқты еді, бүгін байқай алмадық» деген әуре сарсанға салар сөзден өзге жүректі тоқтатар көзайым хабар жеткізбепті. Үйінің есік-терезелері жабық: майда, уақ балалары да көзге түспеген. Көршілері айтқан: «Бағана түске таяу түгел, бала-шағасымен бір «газикке» отырып кетіп бара жатқан сияқты еді, қалада өтетін баласының тойына тартқан болар» деп. Не ойлауға болады? Тиянақты жауап кім берер? Күйген жүректің арашасына кім түсер? Есекіретіп, әлді жеген мұндай да шым-шытырық оқиға болады екен гой!. Тұла бойым отқа салғандай өртеніп, басымның орнында қаңғырлап қауақ қалғаңдай. Кешегі «ақылдымын, жүрт білгенді мен де білемін» деп көкірек көтеретін қайсар Әсем қайда? Саған не болды? Басынды көтерсеңші? Енді не айла, не әрекет? Тойдың басталуына бір сағат қалғанда, жоғалған күйеу мен күйеу жолдастарды іздең, сабанға тастаған инені құрмақсың ба? Қаперімде топан-

га түскен кілт табыла ма? ГАИ-дан сағат сайын мәлімет алып отыр: «Бестөбе мен қала аралығында кешелі-бүгін ешқандай қақтығыс болған жоқ» деп магнитофон лентасына жазғандай, жаттанды жауап. Басқа қандай қақтығыс болуы мүмкін!.. Эйтеуір осы Байдос екеуміздің бақытымыздың арасында бір қақтығыс, бір қыргиқабақ барын әуелден жүргегім болжагандай еді. Сол ақыры қатығез қырсыққа әкеп соқпаса еді? Қазіргі сағаттардағы арман-тілегім осы.

Тойға адамдар жиналып қалған. Тарқатуға болмайды. Ал тарқатса ше? Біз төрт-бес құрбы үйде отырмыз. Есіл-дертіміз, көзіміз, құлағымыз – сыртта, сауықкеш өтетін жерде. Хабар жоқ. Сағат жетіден асып барады. Бір кездे жағы суалып, өні қуарып әкем келді. Қабағынан қар жауғандай. Менің сыңайымды аңгарған соң түсін жылытты. «Не істейміз енді... Қарағым-ай» – деді жаныма отырып, иығымнан құшақтап – Бұл тегін емес, бұл жерде бір сыр бар... Авария жоқ, ел аман, жүрттыныш... Сонда оларды жер жүттү ма, қайда кетеді?! Беу дүние-ай! Байқамаған екем, мән бермен ем!», «Неге, көке?», «Жай қарағым, оның бұған қатысы жоқ болар, бәлкім...».

Әуелі аңдағанмен, кейіннен мән бергім келмеді. Ойдың қазір бір орында тұруы қайда, сан-саққа жүгіреді. Күйеу жігіт ауырып, соқыр ішек бол қалыпты, тойды кейін жасаймыз деп тарқатса, қайтер еді? Жүрттарқар-ау, бірақ қанша тамақ рәсua бол, текке күйеді-ау әкем байғұс. Қанша шығын... Желге шашар, қара сумен ағызып жіберер адамның артық дүниесі көп пе... Қанша дәм, қанша ас ысырап. Көкем: «Шығындансақ шығынданармыз, тойға келгендерді жағдайды айтып тарқатамын» деді ызадан жарылардай. Өзін-өзі әзер ұстап тұр. Қабырғасы қайысып, жігері күм болған... Не айту керек: «Көке, – дедім – көкежан, көкетайым менің! Егілменізші, көке! Былай етейікші? Әңгіме бұл рет-

те шығындану, шығынданбауда емес. Жұрттың бәріне ұқтыра алмайсыз: сөз көбейіп кетеді. Екі рет өтер тойды өмірімде тілемеймін. Тілегім де жоқ. Өтініш сұрарым сол: мынадай төбеден ұрғандай халде тойды жүргізген жөн, жүргізе берген орынды!». Бұндай шешімге қалай келгенімді өзім де білмеймін, еңіреп жылап жібердім. Көкем аң-таң, естігенде қайран қалды. «Мүмкін бе? Сол дұрыс па! Ол қандай той болмақ?!». Состиған, селтиген жандардың көңілдерін өзім бастым: «Болады ондай той!.. Ештеңе емес, оны да көру керек! «Күйеу» мына отырған Серік болады!.. Біз келістік. Үміттің жұбайын төрт-бес сағатқа ғана сұраймын көпшілік алдында. Қарсы болмас. Қабатымызда өзі отырады гой!..». Үміт ұялып қызырақтап басын изей берді... Көзінен жас мөлтілдеп, құшақтап, мандайымнан сүйді...

Той басталған! Той жүріп жатыр! Тамада сырттан шақырылған, кешелі бергі кешкі әңгімелерден бейхабар. Желекпелеу жас жігіт еken. Байдос екеуміздің бақыттымызды, махаббаттымызды ұлде-булдеге орап, лавр мен ғұлдерін төгіп-шашып, арасында өлеңдетіп сөз беріп жан салуда. Тойдың жөні көңілді ду-ду, өлең мен қику деп ұғатын жас пері! Мұның өзі бір жарынан көпшіліктің өзге ойларға алаңдамағанына жақсы. Оған да шүкір. Бірақ адам өзінен-өзінің жан күйінен қашып құтыла ала ма? Жоқ, құтыла алмайды еken. Әрбір тілек білдірушінің: «Екі жас Әсем мен Байдостың бүгін ұлы қуаныштары...» деп басталатын әрбір сөз жүрегінді шымырталып, жаныңа инедей қадалатын секілді. Байдос қайда?! Бұл тағдырдың қандай қорлығы! Не деген мазығы! Құлесің бе, жылайсың ба? Ал той жүріп жатыр... Сонда да кейбіреулер әр жерде алакжұлақ, бастарын тәмен салып күңк-күңк, пыш-пыш. Бір кезде қанға сіңген қасиет тез арада кете қойсын ба? «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кетеді» деген гой олар. Көз қызығыммен қарап, оқта-текте

құлағымды түріп қоямын. Сықтыртып жатыр. Көздерін бақырайтып, беттерін шымшығандарды да байқап қалдым. Әсіресе есік жақтағылар. Не шықса да, біздің ағайындардан шыққан болуы керек. Өйткені кешеден бері өтірік жаны ашыған боп, қоса жыласып қабыргасы қайысқандай көрінгенмен бірін-бірі түрткілеуі жаман еді. Көзіңе мұңайған уәлескендей, бірақ өзара саңқылдастқанына қарағанда «шоқ-шоқ, бәлем, сендерге сол керек» дейтін тұрақсыз мінездер. Не дейсің мұндай жандарға, жеткен жері, санасының қаймағы сол болса!.. Іш күйеді, қан жұтасың. «Қайда жүрсің, Байдос? Саган не болды? Кеуденде шыбын жаның тірі болса, келсеңші, жетсеңші өлтірмесейші мені тірідей! Жалғанда сенен басқа сүйерім де, серігім де жоқ деуші ең ғой, ақырынғана ешкімге естірмей. Шын айтқан екенсің, аяқ-қолың сау дейін, «Бестөбеден» еңбектесең де жететін уақытың болды ғой!..

Қайда жүрсің мені сонша қайғы-шерге батырып! Іші қуыс көп дүшпанның құлқісіне табалап!.. Менің махаббатымды сынайын дедің бе? Мұндай күйдіріп сынаған кімді көрдің? Бес жыл бірге жүріп, жан-күйімізді толық ұғынысып, сосын сөз байласқан едік қой. Бес жыл сүйретіп, соңынан сүмендетті деп жазалағаның ба бұл! Егер мені шын қаламаған болсан, сонша уақыт несіне әуре болдың. Жігіттен гөрі махаббатқа қыз берік болатынын білмедің бе? Жоқ, сен бұлай алдауың мүмкін емес. Сен бізді бүйтіп қайғы-зарға көмбе, жаным. Қолыңа қанат байлад үш! Үш та мынау мазақтан, қорлық, азаптан құтқар бізді, ақырығым. Тез жет! Жет!..». Жалыныш-тілегімнің ақыры сандыраққа ұласып бара жатқандай. Күбір-куңіренісімнің шетін Серік есітіп қалды-ау деймін, қолымды қысты. Тағы да сабыр сұрады. Айтындаршы, қалай сабырлы боламын, қалай құрап қойған қуыршақтай күліп отырмақпын. Мен де адам баласы емеспін бе? Байдостан келер қырсық емес бұл?

Ол мені мәңгі сүйген, ол мені судан да алып шыққан. Оның адалдығында, тазалығында шек жоқ. Өмірі ажырамасқа ант еткенбіз...

Той күні басымызға үлт үйіріледі деп кім ойлаған.

Ең үлкен бас иесінің бірі жоқ, жазықсыз, жартылай жалған тойдың жүріп жатқанына бақандай екі сағат!... Жайшылықта ашып-жұмғанша ғана уақыт. Ал мен үшін, менің, әке-шешем, шын жана шыр бауырларым үшін ай, жылдардың азапты азығына татырлық. Сол ауыр уайымға танылып үлкен үзіліске шықтық. Би. Ойын-сауық. Ән-күй. Күйеу жігіт пен қалыңдықтың жеке би. Айнала анталаған көздер! Қасіретінді бөліп ішіп, жүргегіңді жұлмалаған азап-деррті емдейтін шын достарыңың дару көздері!. Жаны жалған қайысып, жөнсіз есіркейтін, бірақ бет-жүзінді аңдып, сұғын қадар жылт-жылт еткен жылан көздер!. «Мұжылып, бор кемік болмайын дос-дүшпанның алдында» деп езілме ойлардан ажырап, өзімді-өзім бекіттім, қайрат жидым, күш алдым. Санамды сараладым. Қайғыны қуып тастап, жүзімді жылытуға тырыстым. Жұз грамм жұтып алғанда да теріс болмас еді! Оған енді қайырылып баруга жол жоқ. Арақсыз да таудай тауқыметті айдал шығар жігер табылар, менің атымның Әсем екені рас болса! Менің атымды әкем расы Әсем деп қойса!. Музыка.

Би. Тіршіліктің шырғалаң, күйгелектігін бір сәт ұмыттыратын желкілдеген отты-күйин биіне бастық!. Сәні, мәні де бар – жынданған адамдай бос аласұру емес әдемі, ыргақ, асығыс екпін. Топырлап, жапырлап билеп жатырмыз. Жастар көп. Көңіл құстар самғатпақ. Асыр салып мәз болдық. Басқа неше алуан билер. Құрысқан денелер, тырысқан шекелер жазылып, өнене бойға жібек самал құйылғандай еді...

Үзіліс бітіп, жұрт ыстық тамаққа отырды. Жабыр-қаулық жүгі мысқал да болса азайып, басым жеңілденіп сергіп қалған секілдімін. Бірақ көңіл күз желіндей маза-

сыз. Алаңдаймын. Байдос жетіп келердей әрдыбысқа елең етемін. Ал сөйлеушілер, тілек білдірушілер әлі жақтары тынбай Байдос екеуімізге мәңгілік бақыт тілеп, екеуміз құрган отауымыз оның шаңырағы, босағасы, балашағамыз, немере-шебереміз, ақ сақал, сары тісімізге дейін түк қоймай, жақсылықты жаудырып жатыр. «Тық деген тауыққа тиеді». Мұндайда, кім білген, адап ақ тілек те жаныңа тікендей қадала ма деп ойлаймын. Әйтеуір әлдекім «аңы, аңы» деп тасыраңдаған бағасыз, нәрсіз айқайға баспаса болғаны. Сол-ақ екен бір тұстан екі-үш қиқу лап берді де, су сепкендей тез басылды. «Қыз ұзату тойында орыстың ырымына жол болсын!» деп біреу тиын тастағандай. Бұрынғылар айтыпты ғой мұндай кезде: «Ой, Алла-ай, енді көрсетпегенің осы еді!..», – деп.

Қонақтардың көпшілігі масайып, тойды сән-салтанаты оргасынан ауып, шырқау биігіне жеткен шақта, маналы бері шын күйеусіз өтіп жатқан құпия-сыр қалың қауымға толық жайылып біткен еді. Сөз де бітті. Сөйлеушілер де қыршанқы жауырдай қиқаңдал, міңгірлеп қалған... Одан гөрі екеуара, үшеуара гу-гу әңгіме. Тілектен гөрі ойын-сауықтан гөрі енді сол қызық сияқты. Зал жаздағы араның ұясында: «Не болған? Қалай болған? Тойды осылай ету орынды ма?». Бұның арты қандай бақыт болмақ? Әлеуметті алдағаны ма, бұл қалай? Бір шақта қарасам, әкем сыртқа шығып бара жатыр екен. Тенселіп барады құр сұлдері. Басым айналып, көзім қарауытып кетті. Серік сезіп қалды да, жалма-жан су ішкізді, есімді жидым. «Қой, халайық, осы шаттық та жетер, енді мына тойды тоқтатпаса, болмас! Айыптайтындар айыптасын, түсінетіндер – сөге жамандамас. Қолынан келсе, қостар, макұлдар. Той иелерінің жазығы не? Әкем далага кетіп еді, не болды екен? Жүрегі қысылып, мынау әлекке төтеп бере алмай, бір қатерге ұрынып қалмасақ игі еді!». Өз ойыннан шошып кеттім. Сорлы ата-ана біз сені қашан аяған едік!

Біз қашан қадірлеген едік! Осыдан өлмендерші, аман қалыңдаршы, әйтеуір. Мәңгі бақи қабақтарыңа көлеңке түсірмей өтейін! Алақаныма салып әлділейін.

Далаға шығып кеткен әкем бір кезде қарасам Байдосты қолынан жетектеп алып, залға кіріп келе жатыр. Өз көзіме өзім сене алар емеспін. Орнынан ұшып тұрып бақырайып қарап қадалып калыптын. «Байдос... Байдосым... бұл сенсің бе, жоқ әлде сен емес, басқа біреусің бе?! Көкем жаныма әкеп қолынан ұстатқанда, құшағымды жайып, мойнына асылып, құлай кеттім... Ол да белімнен құшақтап қатып қалыпты. Түсі құпқу, өң-сөл жоқ. Түрмеден шыққандай титықтаған, жүдеген сақал-мұрты өскен. Адам аярлық. Еш сұрық қалмаган. Аймалап, құшақтап басынан, шашынан сипап жатырмын. «Нагыз күйеу енді келді, жолдастар! Қуаныңдар, сүйініңдер менімен бірге, менің шын жанашырларыммен!». Ал шын жанашырлар бізді – еki мұнды жасты айнала қоршап алып, шетінен көздері мөлтілдеп жылап жіберер еді. Эр жер-әр жерде состиып тұрған топтар да аз емес. Олар бағанағы пыш-пыштасып мәз болған, «мұндай ғажап» тойды, «керемет» тойды бірінші рет көріп рақатқа бөленгендер. Енді аяғында сол қызықтары баянды болмай желге ұшқанына опынулы, өкініш күйігіне батулы. Төбелеріне жай түскендей. Біз үшін жаңа басталар шынайы тойдың аяғы оларға бір детективті кинофильмнің тіптен күтпеген, сан соқтырған финалы тәрізді еді. Неге өкінгендерін өздері де үқпай бармақ тістеп қалғандай. Солардың ойлағандарында тамамдалса, оны өмір бойы сөз етпек. Кісінің қуанышына қуана білмеуден асқан қорлық жоқ! Нагыз мерекелі тойымыздың қоңырауы еңді ғана соққандай. Бес жыл бір курста оқыған аяулы достар, құрбы-құрдас, жора-жолдасар ақ жайық жандарын ашып салып, шын думан-сауықты бастап берді. Өмір бейне шаттық нұрына шомылғандай. Байдостан қандай

жағдай болғанын, нендей сұмдыққа ұрынғанын сұрап едім. «Жаным-ай, оның бәрі үлкен әңгіме, кейін айтамын, жеткеніме шүкір» деген соң, тепкіленіп түйінделген жүрек одан әрі қазбалауды қаламады. Қойшы, аманесен келді гой, әйтеуір! Таң атқанша билеп, тогандалып тұрған ойын-кулкінің тиегін ағытайтың...

Үш ұйықтасаң да ойыңа кіріп-шықпайтын той-спектакліміз осылайша аяқталды.

Бестөбеге барып келін бол түсіп, ауылдың тойтомалагы өтіп, елдің алғысын алып қайттың.

Әкем екі күн үйде жүргі ауырып жатыпты да, ақырында болмаған соң, аурұханаға түсіпті. Таңертең келісімен кідірмей көкеме қарап жүгірдік. Бізді көріп көзіне жас алды. Маңдайымыздан сүйді. Қалжырап жатыр. Сөзге құлқы да жоқ. Айналып-толғанып арқамыздан сипай берді. Емдеуші дәрігеріне жолығып едік, «Жағдай онша емес», – деді ол. Қабағында жылу жоқ. Шошып кеттік. «Кең тарамды жүрек инфарктісі!». Тәуекел!...

28 апрель, сәрсенбі. Отken оқиға Байдосқа да оңай тиғен жоқ болар, мен оны «кейін айтамын» дегеннен кейін еш қолқалаған жоқпын. Есін жинасын, өзіне-өзі келсін. Отter іс өтті. «Ер-азаматтың миын жеп сымпылдай беру – әйел жамағаттардың үлкен қатесі» – деп жиі айтатын шешемнің сөздері есімде. Сол қағиданы мен де үстанбақпын. Көңілі келіп, ойы орнықсан соң өзі-қинаған күйікті жасыра бермей, жайып салар...

## **БАЙДОСТЫҢ ӘНДІМЕСІ**

«Бұл адам дегенді қойсаңшы, – деп бастады ол сезін. – Қын... қын..., Ұқпайсың, түсіну қын. Өмір мың тарау, адамдар да әр қиңи. «Білеміз, Назарқұл арамзалығы жоқ, кейде аздаған тоңмойын қырсықтығы болмаса, жаман адам емес» дейтін ел. Мен өз әкемді бес саусақтай білемін, ол кісіде мен байқамаған құпия сыр, жат мінез жоқ деуші едім. Сөйтсем, олай емес екен, бәрі бекер екен. Қатты қателесіп жүргенімді кеш аңғардым. Ең үлкен айыбым осы. Бала екенбіз, мән бермейміз және өз әкесін кім жек көреді. Эке болған соң айғайлайды, ұрсады, қояды – еркібар емес пе. Бірбеткей, қиқарлығын ескермесең, қызыл көз, қаныпезерлік жоқ деп жүретін, анам да... Сөйтсек... айтуға адамның аузы бармайды...

Жүрегім алып-ұшып ауылға жетейін. Асығып, қуанышым қойныма сыймай үйге кірдім. Іні-қарындастарымның беттерінен бір-бір сүйіп, шешемді құшақтадым. Әлденеге жүзі жабырқау екен, мені сезіп қоймасын деп айналып-толғанды; ұстімдегі келісті киімдеріме қарап сүйсініп, тәңіріне тәубе айтып жатыр. Бәрібір ол ризалығын ұзаққа апара алмай, көзіне жас алды:

«Әкең, онбаған әлі қасарысып, көнбей жүр, – деді. – Мен қарсымын, мен ондай саудагермен құда болмаймын, тойына да бармаймын. Айтатыны осы. Қаласам, ауыл тойын жасап беремін-дағы, күшік күйеу бол қайын атаңыңың қолына тұра бер, – деп айдалап шығамын. Саудада істейтін адаммен құда болмақ түгілі құдай босағасынан аттатпасын деп жүргенде, мына шірік ұл өзі байлап бердіғой мені... Иә, тапқан екенсіңдер ақымақты! Саудагерсіз де таңым атып, тауығым шақырады!», – деп баяғы құдалықта бастаған гөй-гөйіне кірсін дейсің!. Құдай салмасын, әлек-шәлегімізді шығарды. Үй іші, бала-шага болып былай ұқтырамыз, былай ұқтырамыз. Жоқ, еш ымыраға келмейді. Араға дуалы ауыз жақсы кісілерді де

салып көрдік. Жын ұғандай бет бақтырмайды. «Өзім білем. Жұмыстарың болмасын менде! Кіммен құда боламын, тойға барамын ба, бармаймын ба, — онда сендердің шатақтарың не!». — Мұндай қарғыс атқан қыңыр деп қырық жыл отасқанда ойыма келменті гой. Сейтіп шерменде күйде елге, жұртқа құлкі бол отырган жайымыз бар. Өзіңнің келгенің, жарығым, жақсы болды, ақырында пәйесіп көр, жалынып-жалбарынып бағайық. Мен тіпті аяғына жығылайын... Жүрегі болса жібір.

Жоқ әкейде жүрек жоқ екен, жібімеді. «Көрмегенім сауда қызметкері босын! Сырын айтайын, — деді, — соғыстан соңғы жылдардың бірі. Жас, аңқау кезім. Тұтынушылар қоғамының дүрдей бастығы ауылдағы дүкенді қорықпай қабылдап ала бер, кем-кетігі болса кейін көрерміз деген. Соған сеніп, «құп болады» деп, құлшынып іске кіріспейін бе. Екі-үш ай өтпей, комиссия келіп қыруар ақшаны «ішіп қойды, жеп қойдың» деп мойныма іліп кетсін. Содан арты дау-дамай бол сотқа ұласып, ақыры адалдығым үшін абақтыда отырып шыққаным бар.. Білем мен ол мұттәйімдерді! Жыныма тимесін. Мен жайлап тусіндірмек бол ем, одан еш нәтиже шықлады. «Саудада талай қарапайым, адал адамдар істеп жүр. Бәрін бір тізімге қосу қате» деген пікірім құлағына кірген жоқ.

«Ертең оқу бітіріп, диплом алған соң біз де сауда мекемелеріне қызметке тұрамыз. Сонда қалай қызметке кірісіп, күнделікті тіршілікке араласқан күннен біз де қап тесер тышқан бол шыға келеміз бе, сіздің ойыңызша!». — «Алдарыңа шығып көргем жоқ өздеріңнің ар-намыстарыңа байланысты ол. Сенің сол оқуга қалай түскеніңді... Менің қалай жібергенімді...», — деп, басын түкжитып төмен қарап отырды да, әлдене есіне түскендей айғай салғаны: «Сен шешеңмен екеуің әлден-ақ осы үйдің бар тапқанын құдалыққа тасып жатыр

екенсіндер». Жақ жүні тікірейіп шыға келгені бар емес пе. Шешем екеуміз де шошып қалдық. «Тойға қосындар» деген ақшаны апам біреуден қарыз алып берген еді. Ел арасы қарап жатқан ба, соны сезіп қойса керек. Ал тағы да бақырып, шақырып есті шығарсын. Жығылғанға – жұдырық. Болмаған соң шынымызды айтып, ұялғаннан жасалған әрекет екенін ұқытуруға тырыстық. «Осыдан тойға бармақ түгілі аяғында қия басшы!» деп апама шүйілді. Сонымен не керек тұс қайтқаннан ел жатқанша, еш мәмлеке келе алмадық. Таң атсын, ашуы басылар деп дәмелендік. Бірақ тұнімен үйықтамаған ба, ертеңгілік қарасақ, түрі жаншошырлық, қап-қара бол тутігіп кеткен. Не ойлағаны белгісіз. Ешкіммен сөйлеспейді, әрлі-бері сұстанып, қабағынан қар жауып жүріп алды. Тұске таяу бір-екі жұз граммды тастап алып, жұзі жадырап: «Жарайды, сендер жеңдіндер! Тойға баралық.. Бірақ айтпады демендер, құда бұл жолы да мені елемейтін болса, сол той үстінде-ақ, көпшілік қауымның көзінше быт-шытын шығарып төбелес саламын!. Қазір жиналындар. Эй, сен! Балаларды киіндір. Директордың «Газигі» келеді. Мынау «Қоғалыдағы» құдам – Насырханнан семіз бір мал ала кетейік. Атымыздан ұят! Жаңа құдаға жалаңдап, құр қол барғанымыз жарамас!. Сенер-сенбесімізді білмей бақырайып қалыппыз. «Неге тұрсындар? Көзге ілінер киімдерінің бәрін киіндер!». Шешем, іні-қарындастарым қуанғаннан естері шығып кеткен. Жайнаңдап күліп, дабырлап жүріп, тез киінші болдық. Өзі де шырттай. Мұртын қайта-қайта қайырып жымиып күліп қояды. Шешемді, балаларды машинаға жайғастырып болып, мені оңаша шақырды. Үйге кірдік. «Ұмытып бара жатыр екен, көмектесіп жіберші, – деді сосын – Насырхан құданың бәйге атына алыш, балалардан жасырып қойған сыйым – құранды ер бар еді, соны погребтен алыш шыға қойшы, балам. Жолдан бере кетіп, қуантайық, «Сыйға – сый, сырға – бал» деген

гой. Малын дайындал қол қусырып тұрғанда, құр алақан соқпайық. Жөні кеп тұрған секілді. Түс те алып шық. Кіреберіс оң жақтағы темір қазықта ілулі тұр». Жүргім дүрсілдеді. Бұл не пәле тағы да. Біртүрлі... сенімсіздеу... «Немене, үстім былғанады деп тұрсың ба? Онда былай кет...». Қолымен қағып ысырмаққа ыңғайлана берді. Мен шыдалп тұра алмай, погребке тұстім. Әлсіреп электр шамы жанып тұр. Сол кезде әлдене тарс ете қалды. Жанталасып жүгірдім – погребтің қақпағы жабылған екен. «Ертеңге дейін тойыңды осының астында тойларсың, күшік!» деген дауысы анық естілді. Айғай салдым... Сыртта «Газик» гүр етіп жүріп кетті... Бұл не ғаламат! Шынымен-ақ камап кеткені ме? Төбемнен жай түскендей тұрып қалдым. Содан тез есімді жиғым да, жоғары ұмтылдым. Погребтен сыртқа шығатын еденнің қақпағы тарс жабық. Қимылдамайды, көтерілмейді. Үстіне үйдег жартас қойып кеткендей. Бұл не сұмдық? Адам ойламаған хұқай бола береді екен-ау! Не істеу керек? Не істеу керек? Ең алдымен басқа келген ой осы: Айғайлап, шыңғырып мейірбан жандардың қол ұшын берулерін сұрасам ба екен? Олар арашага түсіп, сауға сұрап. Бірақ үй айналасы жымжырт, еш дыбыс естілмейді. Бос далбалаштан дабылдағ елге құлкі болмайын. Экем алжасты екен деп менің шатасуым білгендік бола қоймас. Осылай аузыма құлып салуга тұра келді. Қайтесің өз қолыңды өзің кесесің бе! Арпалысып, жанталасқаннан пайда жоқ, сабырлық жасап, бұл тас қамаудан шығудың жолын қарастырайын дедім. Қапаш-құпашта жасалған қастандыққа мұндайда шапшаң шаралар ширығып шығады екен. Погребтің бір қуысында жатқан кетпен, құректі алып, кешке дейін көртышқандай ін қазып, бір жерден тесіп шығу керек! Кісі бойында жер қаза алмаймын ба төрт-бес сағат ішінде. Бұл, әрине, оңай өткел емес. Жұртты жәрдемге шақырсаң, көрдегі даусымды кім естиді? Шадыр мінез

әйелдің қылышын көріп, бүкіл ауыл құлмей ме: «Ертең келін түсірейін деп отырган үйдің нарқына қараңдар» деп. Сосын кісі бетіне қалай қарайсың. Өмір бойы бетіңе таңба болсын! Бұл қия жар – қиын жол. Погребтің қақпағын сындырсаң қайтеді? Темір сұңгіні сілтей берсем, быт-шыты шығып қирамай ма? Сол – дұрыс. Басқа айла-амал жоқ. Тамаша әдіс тапқаныма қуанып кеттім. Қиялап кеп темір сұңгімен қарагай қақпаны қойып жібердім. Ашу-ызамен ұрғылай бердім, ұрғылай бердім. Қураған ағаш қақ-қақ айырылды, жаңқалары шытынап, жарылып түсіп жатыр. Иә, сәт! Бір нәтиже шығатында! Ақыл-айла тапқаныма ризамын. Бір кезде темір сұңгі бірдеңеге барып дүңк ете қалды. Ол не?.. Үйде іргеде тұратын ұлken қара сандық болатын. Мені тәрбиелеген әжемнен қалған көз.

Сонымен бастырып кеткен екен гой. Жүрегім су ете қалды. Осы шаңырақтың киелі қара сандығы!. Бала кезімде ішіне тығылып талай жасырынбақ ойнағам. Соны көлденең қойып кетсе, олай да, бұлай да сырғыта алмайсың. Қабыргаларға тіреліп қалады. Құр әуре боп, бос сілікпеге ілікпейін. Енді күрек, кетпенді алып үйдің бүйірін асықпай ұңғіп қаза бастадым. Әуелде нағыз жер қазғыштардай ісім тез жүрді. Қосаяқ тышқандай талай топырақты атжалғып таstadtым. Бұл қарқынмен екі-үш сағатта-ақ метро болмаса да, тунель салып таstadtыным айна қатесіз. Костюм-шалбарды бір шетке іліп қойғамын. Дене қызған. Қолдағы күрек шахтердің қайласында. Қара терге малынғанмын. Ақыры, не керек, өлдім талдым дегенде күн батпай үйдің іргесінен тесік, жарық дүниенің саңылауын көрдім. Жұрт көзіне тұспей-ақ қояйын, ымырт жабылсын деп отырдым. Терімді бастым. Тескен ұңғірге тепкішек салып сыртқа шықтым. Үйдің есігін тартсам – қара құлып.

Қараңғыда алып-ұшып ұлken жолға қарай бездім. Ендігі арман – кешікпей қалаға жету. «Не боп жатыр

екен онда?». Соны ойға алып, бір сәт елестетудің өзі – сұмдық ақырет? Манағой, қайтсе де далаға шығу өлемендігімен ештеңе еске алғам жоқ. Қазір, міне, қос өкпем қолымда – пора-порам шығып жүгіріп келемін. Жүгіріп келе жатып менің кесірімнен күйіп жатқан жан азаптарыңды, қайғы жұтып, у ішкен халдерінді елестетем. ЗАГС. Қызды үйден алып шығу салтанаты, қаланың қасиетті орындарын сайрандау... Ал тойды айтсаңызы, ол қандай күйде?!

Үлкен жолға шықтым. Машина күтпекпін. Бүгін сенбі. Ағылып жатқан әдеттегі транспорт жоқ. Шаруашылықтар мен қоғамдық үйымдардың көліктерін тізгіндең тастайтын күн. Үлкен жолда жарық жоқ, тас қараңғы. Анда-санда қара тұнді тіліп машина сәулесі көрінеді де, қол көтергеніңе қарамай, қасынан құйындастып өте шығады. Жеке меншік «Жигулилер». Иттердің жүргіші-ай!.. Бірі тоқтамайды. Енді еш алаңсыз жаяу тарттым. Күні бойы жер қазып күр сұлдері қалған адамның жүрісі өне ме... Эйтеуір қыбырлап жылжи бердім... Сөйтіп ертеңнен аш құрсақ жадап-жүдеп, азып-тозып өз тойыма өзім зорға жеттім-ау!..

Алдынан шыққан қайын атам Асылхан болды. Қайын атам деймін-ау, шын әкем деуім керек қой!..

30 май, жексенбі. Құнделікті күнде жазуды азайттым. Уақыт жоқ. Және бәрін жиып қойып, қолыңа қалам алып отыра қалып сырғытатында жаныңды толқытар қаныңды қыздырар жаңалық көп емес, шамалы. Әрине, сарқылған жоқ. Адам ойы ешқашан сарқылмақ емес. Әр күн сайын тіршіліктің алыс-жұлыс қызығын, қызық әрекетінде жүргенде адам басынан неше алуан қым-қиғаш сезім өтеді ғой. Қуанасың, ренжисің. Құлесің, құрысасың. Жақсыны көріп шаттанаңың, өмірге күштарлығың артады. Пендершілікке, екіжүзділікке жолығасың. Ондайда ызаң кеп, әлденеге қатайып ширығасың. Адам өмірі құнделікті түсірер осындай шым-шыты-

рық шиеленіс, қым-қигаш күрестен тұрса, ол тіпті де аз әңгіме емес. Тек уақыт жоқ деп, бар кінәні уақытқа жабамыз. Жоқ, олай емес, алдымен қолға алған шаруана құлық болсын деңіз.

Әркім өз жан-күйінің барлаушысы ғой. Сезесің. Түсінесің. Байқайсың. Күресу керек. Енді сол күресуге келгенде өзіңді-өзің аяйсың. Еңжарлық, немкеттілік үстемдік құрады. Оның аргы жағы басқаның қайғысына бас ауыртпау, жан ашымаушылық... Жай ғана мысал: әкемнің төсек тартып әлсіреп жатқанына айдан асты. Бұрын өмірінде бір күн басы ауырмаған адам. Енді неге ауырады, қалай ауырады, қазіргі хал-күйі – шұбап барып жатқан ағайындар аз. Шұбасын демейміз. Бірақ «Арма деген – әлге қуат», бір айда бір сағат уақыт табута болады емес пе?! Жүгіріп жатқан – үй іші біздер, сосын жақын достары ғана. Бұғін де жанында көп отырып көңілін аулап қайттық. Басын көтеріп сәл ғана отыра алады: тәй-тәй басқан балаша жайлап жүреді. Соған мәз. «Бір ажалдан қалған шыгармын. Енді тәңір жазса, тез сауығамын деп өзін жұбатады, жігерлендіреді. Ауруға қарсы жігерленген жақсы. Ауруға берілмеген абзал. Әкем мұны жақсы біледі. Мен тек сол кісінің сөзін қайталап отырмын. Қайсаrlығына қызығамын: Қашан да өр. Уайым, қайғыға берілген кезін көргем жоқ. Кешегі біздің үйлену тойымыздан кейін ауруханаға түскенде өліп кетеді-ау деп ойлап ем. Әзір, шүкір, аман. Бір ұлken соққыны көтерді. Ақыры қайырлы болар. Сауығып бұрынғы қалпына келер. Көзінен құлімдеген нұрдың ұшқыны қайыра шашыла бастады. Мейірімді қой көздері қандай әдемі, жылы ұшырайды. Өмірінде бір жанды жамандап, сыртынан ғайбат сөз айтып көрген емес. Жүртты жақын, алыс деп талғамай сүйе білетін. Дастарқан үстіндегі әңгімede кейбір туыстар жайлы: «Қойшы соны, күпілдейтін өсегі бар, пасық адам» деп қалсан, «Адам туралы үзілді-кесілді үкім шыгармау

керек; жауыздың өзінде де бір жақсылық болуы ләзім» дейтін. Сөйтіп ауруханада тәуір бол, бері қарай бастаған сергек бір күнінде көкеме сұрақ қойдым: «Өкпелемей-сің бе, көке! Бір нәрсе сұрасам», – дедім. «Сұра, жаным, сұрай гой. Неге өкпелейін, білмей жатып!». – «Сосын өкпелеп қалмасаң?.. Онда жарайды, кейін сұрармын». – «Жоқ, сұрай бер, балам!». – «Сіз осы Байдостың әкесін бір жерде ренжіттіңіз бе, есіңізге түсіріңізші?.. Ол кісінің өз қызығына, өз баласына тасбауырлық қылық көрсететіндей не ғаламат болды сонша? Сіздің мынау ауыр халге түсуіңіз де сол адамның кесірлігінен...». – Жә, балам, сабыр, – деді әкем тыныс-демін ауыр алыш. Мен өткенге ыза боламын деп көкемнің сырқатын ұмытып барады екем. Тез тыйылдым. – Адам үшін алдымен сабыр қажет. Ашу-ызаға берілме, ондай пәлден аулақ жүр. «Ашу – дүшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген бұрынғы ата-бабаларымыз... Назарқұл құданы айттың гой, жаңа. Оны негыласың, қарағым. Қателескен шығар, адасқан шығар. Сол әрекетінен ел бетіне тура қарай алар дейсің бе! Біз көргендей егжей-тегжейлі болмаса да ел оның сұмырайлығын білген болар. Қыңырлар сөйтіп түзеледі... Ал мен Назарқұл ертоқымын мойнына алыш тулайтында, безінетіндей ештеңе дей қойғам жоқ. Бар айтқаным аттандырғалы далага шыққанымызда оңашалап: «Назеке-құда, қазір заман басқа гой, қазақтың ескі салтын қайтеміз, еki баламыздың бақытты болуына қарай әрекет жасайық та. Мамандықты да салыстырмай-ақ қоялық!» дегем. Арнамысқа тиетін бөтендей бір сөз болған жоқ. Жетіскең жоқ сол мінезден! Бармағын тістеп, ертең-ақ айыбын мойындалп алдымызға келер. Адам қателессе, қатесін жете түсінсе, кешірген жақсы, балам!.. Осыны есіңде сақта!

Көздері күлімдеп арқамнан қақты. Сұрағыңа толық жауап бердім гой, дегендей бейілденді. Нашар, сасық

ойларды айналасынан серпіп таstadtы. Мен қарапайым әкемнің ақылына таңғалдым. Міне, бізге осындай кеңдік, кешірімділік жағы жетіспейді. Кешкілік әкемнен арадағы әңгіменің түйінін Байдосқа айтып бердім. Ол біртүрлі қатты қуаныш елжіреген сезімге бөленді.

18 июнь, жұма. Жас жұбайлар атандып, семья құрганымызға да – ай жарым. Қазақта оны: «Отыз күн ойын, қырық күн тойы» дейді. Орыс халқында бұл уақыт – махаббаттың бал айы. Жазғытұрым келетін тырналар тізбегіндегі құрулап ұшар қызықты ойынсауық үзілмеуі тиіс. Арасында оқу да керек. Жоқ, негізгі ниет институтты ойдағыдай бітіру ғой. Диплом жазуға міндеттіміз. Сүйкей салу емес, бір саладан тереңдеп талдап, ғылыми түйін жасау қажет. Талап сондай. Тілек те соның төңірегінде. Сондықтан оқу арасында думанды өмір кешсек дейміз. Оған кейде тіршіліктің тәттілігі тізгін бермей, тамаша қызықтар көбейіп, басты парызымызға уақыт жетпей жатады. «Студенттің бір күні жетпейді» деген мәтел содан. Жасыратыны жоқ, әсіресе институт бітіретін жылы білім шындауға мұрсат болмай кетеді екен. Көпшілік студенттер солай.

Міне, тұрмыс құрган бір жарым ай ішінде қыдырымпаз құрбыларымыздың құттықтауларынан жалығып қашуға айналдық. Әуелде бәрі орынды, жөн сеқілденді. Бейне дәстүр жаңалығындағы қызық көрінген. Құшақ-құшақ гүл, ән айтып, би билеу!.. Ғажап сияқты. Бірақ аяқ жағы ішіп, мас болу, пәтуасыз бос сөздер... Сайып келгенде, бұл әулекілік екен; алтын уақытты аямай табанмен таптау екен. Ал уақытты рәсua қылудың жазасы кейін болмақ.

...Қоңырау сылдырлады. Есіктің қоңырауы. Байдос диплом жұмысын қарап отырған. Жүгіріп барып есікті мен аштым. Үміт пен Серік, Айгүл мен Болат және Сәуле. Сыралғы ең жақын достарымыз. Той өткелі әні келеміз, міне келеміз деп қолдары тимей жүрген.

Бәлкім, әзірше мазаламайық деген болар.. Қолдарында гүл шоқтары. Құшақтасып, көптен көрмегендей сүйісп, жаласып жатырмыз:

— Апа, Байдос, қараңдаршы, кімдердің келгенін!.. Молодцы, друзья, просто молодцы! Төрлеңдер, жогары шығыңдар!

— О-го, іздегенге – сұраған! Шақырып келтіре алмай қойдық қой сендерді. — Байдос та мәз. Жыл көрмеген достарын сағынғандай. — Ал енді ақ түйенің қарыны жарылды дей беріңіз. Апа-ау, апа, солай ма, сіз қалай ойлайсыз?

— Мен қалай ойлаушы ем, қарақтарым, сендер қалай ойласандар, мен де солай ойлаймын. Жайғасып отыра беріңдер, айналайындар, мен шай қойып, қазанға ет сала берейін. Бізді көріп апам да құстай ұшып жүр.

— Тамаққа әуре болмаңыз, апа – деді Серік сөзге араласып. — Біз жай келіп, жас жұбайлардың жағдайын біліп, сіздің қолыңызды ала кетейік деп кірдік. Осы тобымызben ағаға барып, көңіл сұрап шықтық. Сейтіп қос қоянды бірдей көздеген сонарлы сапарымыз, бұл апа!..

— Э-ә! Солай ма? Кеп жасаңдар, қарақтарым. Қалай екен өзі, жақсы ма? — Ас үйге бара жатқан бағытынан оралып, диванның шетіне кеп отыра қалды. Апам менің әзілдайтін әдетімді ұмытып кеткен. Алаңсыз, жайбарақат. Өзінің түсте барып, тамақ апарып келгенінде жұмысы жоқ. Серіктерді сұхбат құруын тосып отыр.

— Байқаған шығарсындар, — дедім қыздар мен жігіттерге қарап. — Апамның шалына деген махаббаты қалай, әлі жалындал тұрган жоқ па?

Қапелімде ойында түк жоқ, мұндай сезді күтпеген кісі не істерін білмей қаупалақтап қалды. Орнынан құлімдеп тұрып:

— Кенже бала болған соң – ерке, менімен өстіп әзіл-

дай береді, – дед ас үйге қарай аяңдады. – Иә, күлсөндер көрігे күлесіңдер!..

– Апа, – деді Болат айқайладп. Үндемей қалуга ұялған болуы керек. Агатайымның денсаулығы өте жақсы екен. Кешікпей жазылып шығып, бәрімізді қуантады.

– Аузыңа – май, қалқам! Бақытты болыңдар!

Біз, міне, өз махаббатымызды тапқан үш қосақ отырмыз. Қатарларымыздың алды болмасақ та (мүмкін алды шығармыз), ақыры емеспіз. Көз майын таусып оқып, аз күнде қолға диплом алуға таяп тұрмыз. Бақытты алыстан, аспаннан іздеген жоқпыз; күнделікті қарапайым ортамызда-ақ жүрген екен. Соны уақытында байқадық, жүрекпен таразыладық. Жар таңдау, әрине оңай емес. Бірақ бір жаман нәрсе, курста, не груаппада қоян-қолтық қатар лекция тыңдалап, қатар емтихан тапсырып жүріп, неше жыл нан, суды бірге жеп, бірге ішсе де, қолдағы алтынға мән бермейтін қыздар мен жігіттер бар. Олар көп жағдайда қияли бақыт, қияли махаббатпен жүретін сияқты. Әрине, жүректерді арнайы нұсқау беріп жалғай алмайсың. Оның өз рецепті, өз емі болады. Адам жанының қыры-сырын ада-куде тану қынғой. Әркім өзінше бір әлем. Мысалға, мына арамызда отырған Сәуле құрбымыз. Сұлу десен – сұлу, әдемі десен – әдемі. Сәл женілtek мінезі болмаса, ақылсыз, парасаты жоқ дей алмайсың. Кейде тым тәкаппар.

Өзіне ол да жарасады. Жігіт көзін үйіріп-ақ әкетеді. Тәп-тәуір сырласып, қыдырыстап, жүреді-жүреді де, бір күні тайқып шыға келеді. Кім білген, құрбымыз тым міншил-ау, сыншыл-ау дейміз. Сәуленің бір жақсы мінезі өзі жайлы жүрт пікірін естігенді жақсы көреді. Міне, соны манадан бері шай үстінде ортаға алып ойнап-күліп отырмыз.

– Иә, расында, – деді Болат күліп. – Сәуле десе сәуле ғой, шіркін! Маңдайы жарқыраған бір жігіт жолыгар ертең-ақ... Қайда жүр сол...

— Лә-лә-лә! Рақмет, Болат, комплиментің! Өздерің ақ махаббаттыңды тауып алған соң, жұртты осылай мазақ етесіндер. — Теріс қарап бұртиып өкпелеп қалды. Сонсоң ұзамай бұлттан шыққан күндей күлімдеп, күліп жіберді. — Жарайды, алдымен сендер бақытты болындаршы, біз бір бұйырганын көре жатармыз...

— Қойшы, сен, Сәуле, — деп түйік мінез Айгүл аラlastы әңгімеге. — Ен таққан жігітің бар ма, былай, біздей достарыңа шыныңды айтсайшы?! Қашанғы жүре бересің. Диплом алғанша, тойыңды тойлас кетейік. Бұйырган деген сөзді өз басым қаламаймын.

— Айгүл дұрыс айтады, — деп оның ойын Серік қостады. — Бұйрық деп, бойжеткен қыз сүймеген адамына шыға салуға болмайды. Эркім өз махаббаты, өз бақыты үшін күресуі керек.

— Сонда да тағдырдан асып кете алмайсың. «Бұйырган — кетпейді, жүгірген — жетпейді» деген бар...

— Не десек екен? — Манадан ұндеңей отырған Байдосқа да тіл бітті. — Сәуле, бұл сөзінді жүрек шайлығып, махаббатқа тұнілгендік десек пе екен, жоқ әлде тоғышарлық десек пе екен? — Бәрің ортаға алып, мені ашуландырғалы отырсыңдар гой? Жоқ мен бүгін ашуланбаймын. Ренжімеймін де. Осыңдай достар талқысын көптен бері сағынып жүр ем: ал, айтыңдар, көңілдегілеріңдегіні түгел сарқыңдар! Мен соңыңда бірақ жауап беремін. — Сәуле айнала баршамызды тегіс шолып қарап шықты. Мұндай уәж күтпеген біз кенет абыржып, дағдарып қалдық. Арамызда көзі алақандай болған әсіресе, Байдос. Ойыннан, кейде байқамаса, от шығып кетпейтін бе еді.

— Жә, көп отырдық, кеш боп барады. Кейін жалғастырайық... Бүгінге осы да жаарар, — деді иіні жұмсақ Серік әлденеден қаймыққандай.

— Жоқ, қашпайық енді... Бастаған нәрсені аяқсыз тастамайық! — Бұл Үміт. Тілінің қышымасы бар: отқа май

қүйіп тұр. Неге құлғенімізді білмейміз, күні бұрын ойласқандай түгел шу етіп құлдік. Сәуле де қосылады. Достар арасындағы ақ жарқын, ашық сырды жібек жел желпігендей. Сөйтіп сыршыл да көңілді күлкі басылған кезде Сәуле:

— Жарайды, онда, — деді байыпты қалыпқа түсіп. — Мен жайында одан әрі тереңдегілерің келмейді екен. Байқаусызда жан жарасын ашып аламыз ба деп, қорқасындар гой. Қорықпай айта беріңдер десем де — әлденеге күмілжіп қалдындар. Ай, достар-ай, достар-ай! Өздерің мейлінше шынышыл болмай тұрып, ақиқатты ашық айтпай тұрып, екінші біреудің ішек-қатпарын көрсеткенін жаратасындар...

Біз бұрын-соңды бұлай сөйлемейтін Сәулені бүгін көріп, есіміз шығып таңырқап отырмыз. Әрі-беріден соң, енді қай қырынан келуді білмей міңгірлей бастадық.

— Сәуле, Сәуле! Сен қатты кетпе? Біз әншейін, қарап отырганша, қалжындар болай..

— Жоқ, жолдастар, не керек, саспай-ақ.

Айтылған сөз — атылған оқ кейін қайтарып ала алмайсың. Күнде сырласып, пікір таластырып жатқан біздер жоқ, бір кешке шыдайық. Шымылдықтарың желбірей тұрсын! Асықпай, мені тыңдаңдар? Сұраймын... Өтінемін...

Диспутқа тұскендей тамағын кенеп, бір мәрте жөткірініп алды.

— Сендер гой Сәуле жеңілtek, шошақай қыз деп ойлайсындар. «Жігіттермен жүргіш, күнде — бір жігіт. Жоқ күнде бір жігіт болмаса да әртүрлі жігіт. Бірер ай танысып жүреді де, сосын сынаптай сырғып кете барады. Неге олай? Жігіттер жаман ба, әлде біздің құрбыларымыз ба?» — деп. Ол ойларың дұрыс, орынды. Мен сендерді солай ойлады деп ешқашанда жазғырмаймын. Праволарың бар. Өйткені заманы — бір, тілеуі — бір жастармыз, одан қалса достармыз. Иә, мен томырықтар сортынан

емеспін. Жігіттер жанай келгенде бүріспеймін. Ашық жүзбен қымсынбай қараймын. Қымсынатын кемістігім жоқ. Қызға қысылған, қызарған жарасады дейді. Жоқ, ұялатын жерде ұяламыз, қызаратын жерде қызарамыз. Эр нәрсенің өз орны бар. Қазақтар: «Әйел жолы – жіңішке» деп әйел балаларын қорғаншақ, жасқаншақ қып өсірген. Оның сарқыншағы әлі де бар. Майдан қыл суырғандай инабаттық, биязылық қыз атаулының құны. Ол өте-мөте орынды тәrbие. Бірақ жіңішке деп аяқ-қолын буын тастап тұқырту – қате. Менің принципім – адам өзін-өзі тұқырта бермеуі керек: көңілді, күндей жайнап жүруі керек. Сонсоң мен еркіндікті, ақ жарқын ашық жүзді болуды қалаймын. Еркіндікті ерсілік-пен шатастырмаған жөн. Мен де өзіндей адаммын деп талай қыын өткелдерден өткен ұлken кісілерді елемей, сыйламай тасыраңдап, не жақтырмай тас беттеніп қалатын құрбы-құрдастарымыз бар. Олар өз правосын ғана біледі, өзгенің правосында шаруасы аз. Менің ашықтығымнан әлгіндейлердің пасықтығы жаман-ау деймін. Иә, маған талай жігіт сөз айтты. Ғашықтығын сездіріп жүректерін ұсынды... Мен де олардың адамгершілігіне, ой-парасаттарына ұнілдім. Кездесеміз, сойлесеміз, сырласамыз. Сонда менің байқайтыным – оларды өзіне өуелі тартатын менің сырт сымбатым, кескін-келбетім. Одан мін таба алмайды. Сосын мінезіме ұніледі, одан да мін таба алмайды. Жеңілtek, шошақайлық сырт көзге екенін аңғарады да сабырлы қалпына түседі. Бәрі ойынан шықты. Енді сездірмей менің ата-тегімді, тұқым-тұяғымды зерттей бастайды: Әке-шешем кім? Қандай қызмет жасайды. Туган-туистарым қанша? Олардың атақ-дәрежесі қандай? Әрине, бас-көз жоқ ақай-тұқай емес, анда-санда, елеусіз сөз арасында. Мен не дейін ондайда? Жалтаң-бұлтаңы жоқ шынымды жайып саламын. Жалғыз кәрі шешем бар. Бір мекеменің түннен таңға дейінгі бастығы

деймін. Тұнгі күзетші десен, тіпті шошиды ғой. Содан телміріп сүйдім-күйдім деп келген талай «ғашық» тепеңдеп, теріс айналып кете барады. Ұяты барлары бірден сырғымай, іздерін сипалап, аз-кем уақыттан соң, менің қабағымды байқап жалт береді. Бүгінгі күні, міне, осындай бір «қалыңдық емес, қайын іздеген» серілер шықты. Армандары оңай олжа, зор бақытқа бірден қол арту, жан қинамай, ұялмай әке-шешенің жинаған-тергенінен өмір құру... Осы дұрыс па?

Сәуле сәл кідіріп бағанадан шымырлап шыдамы кеткен шампанды қолына ұстал, немқұрай ғана бір жұтты. Сол кезде Сәуленің сөзіне көңілдері толғандай сүйсініп Болат пен Байдос қатар тіл қатқан еді:

— Ойларың, пікірлерің ұнап барады, Сәuletай! Айта түсші?..

Білем деген адамыңды бір пұт тұз жесен де толық білмейсің деген осы. «Кейде субъективті пікірлерің де сезіліп қалды.

— Тым тереңдей бермесек қайтеді. — Бұл Серіктің сақтығы баяғы.

Сәуле қай жілттің сөзіне жауап берерін білмей тосылғандай ойға шомып біраз тұрды. Ол бұл кезде өзін құлақ қойып тындалап отырган жолдастарының сыншыл сұрақтарына қарамай, манадан бергі ішкі толғанысты пікірлерімен әлек еді. Мына үш жігіт қолпаشتаганы ма, жоқ әлде кекесін сөзбүйдалары ма, жүйрік толғауга бөгесін жасады. Мейлі, Сәуле қазір не де болса аянып, аңтарылғанды жөн көрген жоқ.

— Ондайларға... — деді Сәуле қолындағы фужерді үстел үстіне қойып, — ондайларға өзіміз жағдай жасаймыз. Біздер, замандастары. Киген киімдеріне, жүрген жүрістеріне қызығамыз. Тегі, еліктеп, қостап кететіндеріміз де бар. Әке-шешелері болса-болмаса да, саналы не санасыз түрде сол өзімшілдердің айтқанын істеп, әлдилейді. Жастарға тізгін беруден гөрі оларды

әлдилеушілер кездесіп қалады. Мен қоғам, еңбек тізгінін айтып тұрмын. Масылдыққа мәніретпейік ондайларды, деймін. Дүниеқоңыздылыққа үйретпейік жастарды деймін. Балаларының өмір жолын «сызып» беріп, бақыт «мәуесін» қолдарына тізіп беріп, үрпағымыз өзіміз құсамай еш қындықсыз өмір сүрсе екен дейтін, ата-аналар жоқ емес. Сондайлардың кейбір сұмелек ұлдары, әлгі «жаксы жердің, дәкейлердің, қызын» іздейтін, соңына түсетін. Ал ондай ата-аналардың да өз есебі бар: терезесі тең, керегесі кең орындарды жоспарлайды. Керек болса бәрін қолмен қойғандай етеді. Сәуле ашынған, ызалы көңіл басу үшін бөгелгендей. Пікір де тұжырымдалып келе жатқандай. — Кейінгі кезде арамызда байқала бастаған бұл жексүрүн кеселді дәмеленіп, бізді іштен іріткелі жүрген бір қыырдағы шетелдік өсекшілерінің ауыздарын жапсақ дейміз ғой... Бұл менің көктен тапқан жаңалығым емес, жолығып қалып, сезіп, байқап жүрген жайлар... Ойларыңды бір ортаға салшы, деген соң айтқаным. Дәuletі мол, қарағайдай қайысып тұрған туган-туысым жоқ, ұстіме киген киімімде де жаңалық жоқ, сұлулығымды ашпайды, сән-сипаты кем. Бұгінде ондай қызға көп жігіт көз қығын салмайды. Өтірік деңдерші, осыны, қане? Міне, маған бозбалалардың жанасқыштығының да, тұрақтамауының да сыры... Бір бүйірганы тұрған шығар, тағдырдан асып кете алмайсың деуімнің мәнісі осы. Менің тойыма сөйтіп әзір асықпаңдар, бауырларым!..

— Өте орынды, — деді бұл жолы Болат шындыққа тоқтап. — Заманымызға жараспайтын жағымсыз әдеттерді өте орынды айттың. Өршіп етек алмаса да әредік ұшырасатын жайтар ғой. Бірақ сондайларға өзіміз жол береміз, күресу жағы жартымсыз. Айтамыз да қоямыз. Сөзі жүзінде ғана... Мұны қауым боп қолға алу керек қой...

Біз, Сәулеге, Болатқа біртүрлі бүгін көргендей сүй-

сініп қайта-қайта қарай бердік. Ниет, мақсат, оргақ болғанына қуанып, іштегі кірден тазарғанымызға рақат сезім оянған еді.

Бұл кезде апам буы бүркүраған үлкен табақ ет алып келген. Біз қол жууга орнымыздан тұрдық. Серік апама жақындаған, көкемнің сәлемін айтып жатты...

Жолдастарды құліп-ойнап аттандырып салған соң, біз Байдос екеуміз ертең қорғайтын диплом жұмысымызды қайта қарап, пысықтауға отырдық. Уақыт тұнгі бір жарым болатын.

26 июль, дүйсенбі. Жолдама алған жерге жұмысқа орналасатын күн. Институтта үздік оқыған соң әуелгі тандауды өз еркімізге беріп, екеуміз де үлкен қалада қалғанбыз. Мені қалалық сауда басқармасына, ал Байдос – республика сауда министрлігіндегі кадрлар бөлімінің қарамағына қалды. Кешегі диплом алып, оны дүрілдетіп жуып, соңсоң бес жыл оқыған жолдастармен қимас қоштасулар, қалтада – диплом, енді бір жерде бейне алып тұлға бол көк тіреп тұра қалатындағы өркешті ойлар, менменшіл сезімдер бәрі артта, бүгін еңбек жолын бастайтын таңды кірпік қақпай атқызыдық. Жүрек лұпілдейді, аламан бәйгеге түсетін адамдайсың. Жуынып-шайынып ақ борықтай болдық. Ертеңгі ас та жөндең ішілген жоқ, батпады. Сөйтіп мұнтаздай бол киініп, значокты тағынып, сыртқа шықтық

Күн қайнап тұр. Тигеннен шекені қыздырады. Көңіліміз хош. Байдос жолда министрлікке қалды да, мен қалалық сауда басқармасына тарттым.

Сағат тоғыз болмай-ақ бастықтың қабылдауына жұрт толып кетіпті. Дефицит товардың кезегіне тұрғандай. Иә, дефицит кісі дефицит товардан кейін бе – кезекке тұрдым. Тұске таяу әзер жетіп, алдына барғанда қампайған бастық көкеміз бір ауыз сөйлесіп, ізет, емеурін де жасаған жоқ, шекесінен бір қарады да, жолдамаға бұрыштама соғып басын изеді. Бес жыл

бейнеттеніп алған қызыл дипломға мәу де демеді, сар топан қағазға қол қойып, тұғыжындаған қала берді.

Кадр бөлімінің бастығы орта жастагы қагілез, ашық жүзді кісі екен. Қолыма ұстап кірген документтерімді алдына жайып сап, әбден үнілді. Дипломды, оның қосымшасын, кадрдың ақпараты, паспортты түгел-түгел ыждағатпен қарап шықты да, мойнын бұрып енді маған көз салды.

— Демеуова Эсем... Асылхановна... — деді өресімді термелеп, әлденені ойына түсіре алмайғандай. — Солай ма қызым?

— Солай, көке, — деп басымды ізетпен идім. Құлімдеп, бетіне қан жүгірді. «Көке» деген сөзді көптен естімеген адам секілденді. Таңғалды. Қарсы үстелде жұмыс істеген бол, біздің барлық қимылымызды, сөзімізді бағып отырған иленгіш ақ дәке көйлегі бар қыз да телміріп көз тастайды. Манадан бері түрегеп тұрган мені үлкен кісі жаңа байқағандай:

— Отыршы, қарағым, — деді орындық ұсынып. — Отыршы? Осы сен көзіме жылы ұшырап бара жатсың, қалқам, әлгі «Айдынкөл» гастрономында товаровед бол істейтін Асылхан Демеуовтың баласы емессің бе? — Мен басымды изеп раstadtым. — Ілгеріде осы басқармада бірге қызмет жасағамыз. Кристалдай таза адам-тын. Қызын ұзатқанда бір тауқыметтермен инфаркт бол ауруханаға түсіп, кеселге ұшырап қалды деп еді... Казір қалай екен?..

— Рақмет сізге, ұмытпағаныңызға, жағдай сұрағаныңызға? Бүгін тура үш ай болды жатқанына. Кеселдің басы қайтқан сияқты, әлденіп, тәуір бол келе жатыр, — дедім бір сөзben.

Сондай ризалық бейілмен маған жаутаң-жаутаң қарап, жылтыр қасқа маңдайындағы бұршақтаған терді сұрте берді. Жанын бір зор мейірім тербегендей.

— Менен сәлем айт, қалқам. Орынбасар деген бір кездегі жолдасыңыз көп-көп сәлем айтып жатыр де.

Иә, ұмытпа, жаным! Ондай адамдардың аман болғаны жақсы! Ал енді қызмет жайы болса, сендей жақсы оқыған балаға қайтсек те табамыз. Экеңе тартсан қауда саласына онды маман келді деп сенеміз. Ондай шындықты жасырмай айтқан жөн... Қалалық жеміс-овощ саудасы дирекциясында бір орын бар, соған жібереміз, – деп шымқай қызыл папкениң ішінен жарты бет қағазды алып, менің аты-жөнімді тасқа басқандай етіп жазды... Сосын жолдаманы қолыма ұстатаңып, арқамнан қақты.

Алғысымды айтып дәлізге шыққаным сол еді, соңынан ақ марлевка көйлегі бар әдемі қыз бірге ілесіп келе жатыр екен.

Сізді бір минутке бола ма? – деп жанаса берді. Сүрмелі кірпіктері тікірейіп, көздері мөлдірей түсті. Тоқтадым. «Қандай шаруа?» – Айып ете көрменіз, құдай үшін. Мен сөздеріңізді есітіп отырған соң, іштегімді бүккім келмей, бір сырды сізге жеткізсем деп шештім. Егер Орынбасар Мизамович сізге шын жаны ашыса, қалалық базаның қоймашысы ертең-бір күн кетеді. Соның орнына неге сұранбайсыз? Бес айда-ақ байлық-қа белшeden батар едіңіз. Бұл ақылымды менің тура түсініңіз... Сіздің пайдаңызды ойлағаннан...

Рақмет, – дедім жалма-жан аузыма сөз түспей. – Рақмет, мен сізді жақсы түсіндім. Реті келгенде мен де пайдалы ақыл айтып көмектесермін, құрбым.

– Жастар бір-бірімізді сүйемесек бола ма?

– Сүйеудің де түр-түрі бар...

Ақыл-кенесін ала жүгірген қыз тар коридорда қабаттасып жүріп келді де, жоспарлау бөліміне кіріп кетті.

... Қалалық жеміс-овощ сауда дирекциясы шаһардың солтүстік жағындағы ескі, сырты ақталмаған еki қабат үйде екен. Ұзын бойлы, жылы жүзді қырықтағы директор орнынан тұрып ізетпен қарсы алды. Дереу үстелдің бауырындағы түймені басып қалып, секретарь қызды шақырды.

— Мәден Айболович келіп кетсінші, тез.

— Жақсы.

Қосарлы есіктен аюдай қорбаңдаған қызыл шырайлы, сәнді, қошқар тұмсық кісі салмақты жүріспен келіп, директордың әмірін тік тұрып күтті.

— Отырыңыз, отырыңыз, Мәден Айболович. Мына қыз бала, — деп маган қарады. — Басқармадан бізге жіберілген жас маман екен. Документтерін қарап шықтым. Тап-түйнақтай жақсы. Бір ыңғайлы орын тауып бүйрық бересіз, іске кіріссін!

— Жарайды, документтерін өзіңіз тексеріп, бізге сеніп тапсырсаңыз... қалғанын өзім нетем гой, — деп әбес сөзін әдейі түзеткенсіп, жайғастырам гой, — деді. Бұл ретте миығынан емес, мұртынан күлгендей болды. Намысым келді, бірақ бірден беттен ала кету қыын гой.

Мәден Айболович қармақты алыстан тастады. Та-тарша:

— Бек қуаныштымыз, — деп өзінің ыстық күшақ жаятынына дейін төгіп кеп: — Әрине, бар мәселе алдымен өзіңізге, тек өзіңізге ғана байланысты, — деді. Көзін мөлтілдетіп, әртістей емешегі үзілді. — Біз аянбаймыз, жас маманға бәрін үйретеміз. Көп жастар айтқаныңды аузынан қағып алып, лезде дөңгелетіп кете-ді. Ондай қыздар... — деп барып, — ондай жастармен істесу рақат қой, — деді. Өтірік жаңылысқаны сезіліп тұр. Үйі ішін, семья жағдайымды сұрады. — Даұрыс екен... Ал енді саудада сыр көп қой, жаным... Теориялық білімің бар, даұрыс. Дипломды бәріміз де алғамыз. Бірақ тірлік пен теория әйел мен еркек секілді емес. Құнделікті тірлік басқашалау... Сауда, өзімізше айтқанда адамзат өңешіндегі өткелдің қақпағы. Сол қақпаны қалай ашамыз, қалай жабамыз — бәрі мына бізге байланысты. Үлкен сыр осында. Сауда мәдениеті деген осы жерден келіп шыққан. Алдымыздан күніне мыңдаған, он мыңдаған адам өтеді. Онда данышпан да,

даңгой да, ұлы да, — әйтеуір неше түрлі адам... Бәріне жағу керек, бәрінің тілін табу керек. Өйткені халықтың тілегін қанағаттандырсақ, еңбек қарқынына үлкен үлес қосамыз.

Ая тазартқыш-салқындардың бар оңаша бөлмеге отырған кердең мінез кісі терезе жаққа қарап сәл бөгелді. Сонсоң, алдында жатқан жолдамаға қарап, негізгі әңгімеге еш қатысы жоқ сөз бастады:

— Иә, Әсем қарындас, Әсем десе Әсем екенсің. Ұнап барасың, минут сайын... Менің ақылымды тыңдасаң, жаман болмайсың, айналайын, Қолыңды — күнге жеткізем демеймін, ал жұлдызға жеткізерім анық. Ол үшін бір жеңнен — қол, бір жағадан — бас шығарарынтымақ болуы тиіс. Мен саған өте жақсы жұмыс бергелі отырмын, сондықтан... арғы жағын тәпіштемесе де айқын. Есті, ақылды бала көрінесің, айтқан сөзді емеуріннен танитын. Байқап отырмын, бағанадан. Тырс етпей тындадың. Жалпы, маған қатты ұнадың, жаным! Дұрыс па! — Шын сұрағандай қадалып қарады.

— Қайдам, ағай, — дедім қызырақтап сасып. Не жауап қайырганымды білмеймін. Аузыма ойлап отырған сөз түспей:

— Қолдан келгенше, аянбаспыз, — дедім.

— Міне, дұрыс!. Маған осы сөз керек, осындай уәде керек, — деп жерден жеті қоян тапқандай шаттанаңып, сыңқылдап күлді. Құлкісі әдемі екен, бір кездерде бұдан да әдемі күлген болуы керек. — Ертеңнен бастап Демеуова Әсем Асылхановна қалалық жеміс-овош саудасы дирекциясының ревизир бақылаушысы. Бұл жан баласының қолы жетпейтін қызмет!. Диплом жұмысының тақырыбында зерттеген мәселенұр екен. Біраз мәселе таныс болуға керек. Енді практика жүзінде көресің, Әсемжан!

— Бірден қалай, қыын боп журмесе? — деп шынына көштім.

— Жоқ, Әсем, қарындас, істі тура сол қыннан бастаған жөн. Үйретеміз, Бәріміз де әуелде осылай сен құсал тартынғамыз. Бұл — шаруаның ұңғыл-шұңғылын тез біліп, тез араласып істескенге жақсы. Ничево, саспа! Жастарға үнемі сенім білдіруіміз керек. Міне, солай, ертең тоғыздан қызметке келіңіз.

Алғыс, рақметімді айтып, сыпайылық көрсетіп шығып кеттім. Мәден Айболович қандай адам? Бірден түсіну мүмкін бе. Тек бір гана аңгарғаным — сөздерінде сыр көп.

Жолай ауруханаға соғып, әкеме көрген-білгенімді түгел айтып ем, ол бетінен сүйіп:

— Эр затқа сын көзбен қарағаның жақсы, балам, — деді. Шешемнің қуанышында шек болған жоқ. Мені бір министр қойғандай айналып-толғана берді.

Байдос та қолымды алғып, құшақтап құттықтады. Бірақ жүзінен әлдеқандай қызғаныш сезілгендей. Өзін сол министрлікке қалдырыпты. Мен оны бетінен сүйіп құттықтадым.

10 августь, сейсенбі. Алғаш еңбек жолының екі аптасы артта қалды. Бірінші күні бөлімдердегі қызметкерлермен Мәден Айболивичтің өзі ергіп жүріп таныстырыды. Көпшілігі әйелдер екен (қазір кеңсе қызметін де әйелдер «билеп» алған гой). Біреулері сыпайы жымысып, біреулері таңдану, жатырқауын жасырмай қарасып қалып жатты. Мені үлкен көше жақтағы жоспарлау бөліміндегі бір үстелге отырғызды. Төбесі биік, ескі қарагай үйдің бөлмесі. Қара көлеңкелеу. Іші біршама салқын. Еденнен аздал сыз иісі сезілді. Бұрыштар мен терезелер алдына қойылған үстелдерде қағаздарына шұқшиып, есептеу машиналарын тұртқілеп отырған қызметкерлер. Біреумен біреудің жұмысы жоктай. Төрде — бөлімнің бастығы. Ауыр денелі қартаң әйел. Тиесілі үстеліме жайғасып, бұрынғы іс қағаздарымен таныса бастағанда, телефон сылдырлап қоя берді. Бастық әйел:

— Алло, алло, — деп, тыңдап болып: — Демеуова деген сіз бе? Телефонға шақырады, — деді онша қаламаған салқын үнмен. Келмей, таныспай жатып артынан қоңыраулатып жүрген қандай жан деу керек. Трубканы алдым. Қыз даусы: — Бұл мен, басқармадан. Орекең ағайдың қасында отыратын инспектор. Жағдайыңыз қалай, жақсы орналастыңыз ба? Мәден Айболович өліпталып құшағын жайып қарсы алды ма? Иә-иә, аbaiлаңыз, ол кісі ертең-ақ жүрегін ұсынады. Сақ болыңыз! Сау болыңыз! — Телефондағы даудыс бөгелді де, тілдесу сонымен тыйылды. Бөлім бастығына рақметімді айтып, орныма жайғасып, қағаздарымды аударыстырамын. Бірақ ойыма әлгі қыздың сөзі. Негылған жан? Сәлемнің сыры неде? Сақтандыру ма, әлде арандату ма? Бәлкім, барып ол қыздың өзімен оңаша сөйлесу керек шығар. Эйтсе де сол қажет пе? Жоқ, қажет емес, басқа салғанды жұмыс барысында жол-жөнекей көре жатармыз.

Жұмбак жайлар көп ұзамай көлбендең көзге көріне бастады. Бір жылдың архивіне түскен кемшілік-олқылықтардың акті, шешім, кесім, бүйрықтармен танысып шығамын деген екі-үш күннің ішінде Мәден Айболович алдына жұз шақыртып, жаныма жұз келді. Тіпті ұят. Жоқтан өзгені сылтауғып жүздесу. Эуелде мән бергем жоқ. Кабинеттегі қызметкерлер Мәден Айболович кірген-шыкқан сайын көз астымен қарап, әр қимылды аңдып, жымында бастаған. Оның ештеңемен жұмысы жоқ, ештеңеге мән бермейді.

— Эсем Асылхановна, осы бір бақылаудың сыр-сипатына зер салыңыз! Керек болады, — деп жанымда қағазға үңілген бол біраз сипақтап тұрады. Сонсоң өзіне кетіп, жарты сағат өтпей болмашы желеумен шақыртады. Тегі, бір аптада-ақ мезі етіп, зықым шықты. Зорға шыдап жүрмін. Тұсінбеймін, бұл адамға не керек? Бұл қандай тәртіп, қандай әдіс? Мұның менен басқа жұмысы жоқ па? Не істеу керек? Директорға барып,

мән-жайды түсіндіріп айтсам қайтеді? Басым қатты. Үйге де, Байдосқа да білдіре қойғам жоқ. Не керек әзір дедім, көрген білгенімнің бәрін айта беріп. Олардың сау бастарына сақина салып неғыламын...

Екінші аптада көкөніс, жемістер сақтайтын қоймалар мен сауда нұктелерін аралап, олардың бастықтарымен, сатушыларымен таныстық, әңгімелестік. Мәден Айболович оларды маған мақтап, мені оларға дәріптеп шыж көбелек бол жүр. Не үшін? – қапелімде түсіну қыын. Мүмкін сауда мәдениеті, сауда кәсібі адамдарға елпілдеп, жалпылдаپ тұруды – жағымды, жұғымды болуды үйрететін шығар. Әр мамандықтың өз мінезі бар емес пе!.. Салғаннан қырсығын аңгару оңай емес.

Август айы – жеміс пен көкөністің көл-дария бол тасылып-төгіліп жиналатын кезі. Қарбалас науқан. Қаланың маңындағы колхоз, совхоздардан мықшылдаپ келіп жатқан жүк машиналары. Қамбаларда да, магазиндерде де қызыл май бол енбек еткен адамдарды көресің. Қайнаған күн астында жүріп жинаған байлықты рәсүә етпей халыққа тарату қажет. Шіркін, шашылып-төгіліп жатқан помидор, қияр, капуста, сәбіз көзге түседі. Бұл қалай?.. Обалын кім көтереді? Менің тың көзben көп былықты байқап жүргенімді бастық та сезеді.

– Мәден Айболович, мынау іріп-шіріп жатқан тоннатонна көкөніс үшін кім жауап береді? – деймін ішкі ыза-куйінішті ұстай алмай.

– Дұрыс сұрақ, өте дұрыс сұрақ! Ондайды байқаганың тіпті орынды! Алдымен таза қабылдаپ алған товарды ірітпей-шірітпей реализовать ету біздің міндетіміз. Оның бер жағында тез бұзылатын тағам, соның ішінде жеміс, көкөніске қойылатын белгілі дәрежеде скидка бар ғой... Шіру жағдайы ескеріледі ғой...

– Оны білем, – деп сөзін бөлдім. – Мынау жүрттың қолына жетпей, түгел шірігелі тұрған байлықты скидканыз жаба қояр ма екен?

— Қайдам, Әсем, бұл арасын кесіп-пішу қын... Мәселе покупательдерге байланысты. Олар зор тәбетпен қомағайланып, тез арада талап әкетсе, біз қайтсан де аласын, деп ешкімді зорлай алмаймыз гой...

— Сіз... сіз бесіктегі бала билетін қагиданы айтады екенсіз, — деп бірінші рет өзімнің келіспейтіндігімді сездірдім. Сөзімді жақтырган жоқ, түксіп бір қарады да, үнде меді. — Мәселені бұлай қалдыруға болмайды.

— Сонда не істеу керек дейсіз, Әсем қарында?

— Әзірге қандай әрекет жасау қажеттігін ойға алғам жоқ. Менің байқағаным — қолға берген байлықтың қор боп бара жатқаны: халыққа жетпейді, мемлекетке қыпқызыл зиян. Оперативтілік аз ба деп ойлаймын. Мәслен, Мәден Айболович, сіздер бұл істе тәжірбиелеріңіз көп, бұрынғы жылдарда да болып келген жағдай ма бұл, жоқ әлде биылғы ғана ерекшелік пе? — деп бар шынымен сұрақ қойып, әлпетіне қадала қарап қалдым. Өзі сары адам, бетіне тез қан ойнайды.

— Биылғы ерекшелік қой... — деді екі ұштылау, сүйей салды. Әтірік айтты. Сосын жалтарды. — Әсем Асылхановна, расында өте қолайсыз көріністерге тап болдық. Бүгінгі жорығымыз қандай жақсы... Ойымызды жинақтап, директорға, басқармаға, тиісті орындарға мәселе қойып, дабыл көтерейік... Қалай қарайсың?<sup>2</sup>

Мен үндеғем жоқ, иығымды жай ғана қиқаң еткіздім. Сонсоң каладағы барлық дислокацияны аралап, тексеріп шығайық деген ұсынысымды күп көргендей сыңай берді де, «әуелі, түстеніп алайық, тексеру қашпас» деді. Шагындау банкет залындағы шеткери үстелге дастарқан жасатып қойған екен. Дастанқанды жайнатыпты: жылы-жұмсақ дәмдінің бәрі бар. Қазақтың қазы, қарта, шұжығы, кара, қызыл уылдырық, теңіз жәндігіне дейін алышыпты. Үстел үсті майысып тұр дейтіндей. Екі адам емес, он шақты кісінің асы. Шампан, коньяк, арак... Мәден Айболович асықтай жеңіл иіріліп қызмет етті.

Неден бастаймыз, немен жалғастырамыз деген жоқ, кәнігі қасапшыдай әбден үйренген кәсібі болу керек, дөңгелетіп ала жөнелді. Өзі де қарпып жеп, маған да еріксіз алғызып, әп-сөтте ыдыстар айнадай қалпына келіп жатты. Сонша сұғынған жоқ, сыпайы, әдемі-ақ жеп отырган секілді. Бірақ тістері комбайн шалғысында ма, лезде орып жібергенін байқай алмайсың. Мұндай сұлу жегішті бірінші көруім. Арасында: «Қайсысын қалайсыз» деген жоқ, маған коңыяк құйып, менің жаңа қызметім, денсаулығым, бақыттым үшін тост көтерді. Бүйірлі рюмкені бүйім ғұрлы көрмей сілтеп жіберді. Шыбын қонғандай әсер білінбеді жүзінен. Ішіне ел қонды-ау деймін, енді менімен айналысты. «Бір-екі рюмка коңыяк ештеңе етпейд» деп жата-жабысты. «Тұстің кезі, жұмыс уақыты, әлі аралайтын объектілер бар» деген себеп-сылтауларға құлақ асатын емес. «Осыдан бір рюмка коңыяк ішпесеңіз, мен тұрасында сұмдық жаман ойда болғаныңыз» деді. «Мені кісі қатарына санамағаныңыз» деді. Өлердегі сөзін айтып жалынды. Бір кезде сұрланып, қызарды, ісінди. «Қой, құрысын! Мынаның сұрқы жаман, буынып өліп қалар!». Іштім. «Бір жұттым коңыякте тұрған не бар!». Мәден Айболовичтің бет-әлпетіне өң кіріп, әйелі ұл тугандай мәз болды. Миғынан күліп, кеудесін керіп, денесін жинақтады.

— Иә, рақмет, Әсем қарындас! — деді елжіреп. — Сөзімді жерге тастамағаныңа мың алғыс! Осы күні адамдар бір-бірін қадірлеуден қалып барады гой. Бәрі — кер-а-мат, бәрі құ-дай!. Бірауыз сөзге келмей жағадан ап айқаса кетеді. Кісі бол жаратылған соң сыр, наз, әзіл деген шіркіндер іштей бір тістесіп, байқасып, қасынысып қалмаушы ма еді... Ата-бабамыздың сол қасиетінен ада-күде айырылып барамыз гой, — деп бір ойда жоқта сыр бастады. «Бұл философияның астары не болды екен?». Әрине, дәл қазір, бұл жерде пәлсәпа айтып жатуға уақыт аз. Сонда да... бірауыз! Мынаған

қаранызышы: қызмет, қызмет... жұмыс, жұмыс деп күн-діз-тұні шапқылап жүргеніміз... Сөйтіп, ала құйын бол, қос өкпесі қолында, саржеліске түскен бейшара басқа біреуді қойып, өз жаныңа үңілуге мұршасы келер ме екен?. Сол аянышты!..

— Сонда, сіздіңше, қалай етпек керек? — деп бүйірден әңгімеге килігүге тұра келді. Мұндай сауалды күтпеген ол қапелімде аузына сөз түспей, бөгелді де:

— Білмеймін, білмеймін, — деді. — Эр жағын ойлап көрген жоқпын. Бізде саяси тәрбие жұмысы әлі де болса әлсіз. Адамдардың жай күйіне үңілмейміз. Сөзіміз бен ісіміз үйлесе бермейді бар уақытта...

Маган мынау біртүрлі қызық адам көрінді.

— Кешіріңіз, Мәден Айболович, сөзіңізді бөлгеніме, — дедім.

— Артық болса айыпқа бұйырманыз? Сіз осы, бір жерлерден оқып алған жайларды қайталап отырған жоқсыз ба? «Сіздің тәрбие жұмысында неңіз бар? Оңай айтыла салған сөзден сескенуші ем. Бос жылтырақсыз бе деп қаламын. Иә, иә...».

— Ол қатты өкпелеп, баладай тұнжырап отырып қалды. Жалған сияқты. Бірақ сыр бергем жоқ, аңысын аңдиын дедім.

— Міне, көрдіңіз гой, қарындастым, — деді ол бір қиылды мұңайып. — Адамдар қазір бірін-бірі түсінуге тырыспайды, бірауыз сөзге бармай жатып, жағадан ала етеді деп, жаңа ғана айтып ем. Соның бір мысалы, міне... осы екеуміз...

Ол уәжден қайтсе де үтпақ, бірақ мен оңай берілгім келмейді:

— Жоқ, Мәден Айболович, олай деменіз, сыр бастаған өзіңіз... Сырттай сынағыштарды жаным жек көреді.. Мен әзірге тындаушыныз ғанамын...

— Дауласуым, жауласуым кейін деңіз...

— О, сіз «өнерлі» ғана емес, өкпешіл де екенсіз гой!..

Бастық ағай ынта-шынымен қарқылдап күлді. Зор денесі жел қозғаған тал басындағы солқылдады.

— Жарайды, Әсемжан, қаласаң, ол әңгіменің жалғасы бар дейік. Кейін ораламыз.

— Әрқайсымыз сөзден гөрі күніне бір жақсылық іс тындырсақ..

Орнымыздан тұрдық. Бастық әлдеқандай қысталанаң, тығыз шаруасын еске түсіріп, кеңсеге кететін болды. Мен магазиндерді жеке өзім аралап, істің барысының үңғылшүңғылын зерттеуге бет алдым. Жаяу-жалпы, автобустан автобусқа мініп жүріп, күн ыстыққа өкпені күйдіргенде не бары алты магазиннің жағдайын анықтадым. Қаланың шет жақтарында орналасқандары. Үйіліп, тау-тау бол жатқан көкөніс тұрлері көп. Әсіресе помидор, қияр, картоп. Моншаның буындағы қайнаған қапырықта помидор, капуста шыдар емес. Жаңа сарғайып, көкшіл кезінде үзілген дүниелік әжетке жарамай іріп-шіріп бара жатыр. Обал. «Қайран, нәпақа, ризық босқа езіліп бара жатыр», «Осыны елге таратудың бір оңай жолын неге ойластырмасқа!», «Жақсысын алдымен өздері пайдаланады». Магазин аралап жүріп, халықты тыңдасаң, өзара әңгімелесіп тұрып, осылай дейді тәртіпсіздікке наразы бол. Бұл сөздер менің жаныма шашудай қадалады. Бірақ көпшілікпен бірден тілдесіп анықтауга батылым бармады. Ұялдым. «Ревизор-бақылаушы болсан тіпті жақсы, міне, осындай-осындай сорақылар бар, шара қолданыңыз» деп кеуделеп кететіні даусыз. Содан ба, әйтеуір, ашық әңгімeden тайсақтамадым. Алғашқы адымым, тәжірибесіздігім шығар.

Ертеңіне мән-жайды түгел Мәден Айболовичқа баян-дап бердім. Халықтың көңіл күйін сездірдім. «Әй, олардың сөзін қойшы, адам баласына өмірі жақпайсың» деді ол қолын бір сілтеп.

— Егер іс насырга шапса, қайтеміз? — дедім мен мынау керенау кісінің ақылға көндіре алмаган соң. Ол селт етпеді,

талай емітіп, құлағы сасыған болар ондай сөзден. Бір кезде орнынан атып тұрды: «Менің бастықта жұмысым бар еді. Ұмытып кете жаздаппын. Сен осында отыра тұр. Не өзіңе бара бер. Қажет болса...» деді. Сөзінде береке аз. Асығыл-аптығу.

Бір сағаттан кейін коридордан әрлі-бері өткен Мәден Айболовичті ашық тұрған есіктен байқап қалдым. Кешікпей директордың алдында отыратын секретарь кеп: «Сізді Мәден Айболович шақырып жатыр» деді. Бұл – бастығымның соңғы уақытта тапқан әдеті. Әуелі менің орнымда отырганымды тексеріп көрді де, сосын «келип кетіңізші» дей салмақ арнайы «құрметпен» шақыртады. Ресми тәртіпке көшкен. Бардым. Манағы жабырқау ойдан жайдары қалпына ауысыпты.

– Директорға кешегі жорығымыздың жағдайларын айтып, алдына мәселе қойып шықтым, – деді көздері күлімдеп. – Сенің қырағылығынды мақтап, орнына лайық қызметкер тауыппыз деген пікір тастадым.

– Рақмет.

– Жоқ. Әсем, рақметпен құтылмайсың. Бастықтың сеніміне бір кіріп алсан, ол кісі еш уақыт ренжітпейді. Так что, жууың керек. Бір обед сенен... Жарайды, жұмысқа жаңа тұрып жатсыңғой, жақсы бастамаңды мен-ақ жуа салайын. Сен тек уақытын белгіле: бүгін бе, ертең бе?

– Әрбір басқан қадамды жуа берсек, онда қалтадан не қалады, – дедім әдейі. Менің аңқаусыраған әлгі ойымды түсінгендей:

– Бір тамағымызды тойдыра алмасақ неғып журміз, мұнда, Әсемжан-ау!.. – деді. – Ағаңның етегінен мықтап ұста, өмір бақи өкінбейсің. Ағаңның амандағын тіле...

– Ойнап сөйлесеңіз де, ойлап сөйлеңіз!

– Сен шошыма, Әсем! Мен сені күннен-күнге жақсы көріп... дегбірім жоқ.. ұнатамын...

Қалай жауап берерімді, қандай сөзбен тұсауды білмей састьм. Екі бетім ду етіп, кабинетті тастай қаштым.

17 август, сейсенбі. Ертеңгілік жұмысқа ертелеу кеп орныма жайғаса бергенім сол еді Мәден Айболович іздепті. Келдім. Бір өзі екен. Мені көріп ұшып тұрып амандасты. «Бұнысы несі!». Тіксінген түрімді байқап:

— Шошыма, айналайын, — деді. — Ағаң сені шынымен жақсы көреді. Бөтен ой көңліңе келмесін. Артық болса, мың кешірім сұраймын. Бірақ маган ең керегі сенің дұрыс түсінуің. Сабырлы, салиқалы мінезің екен... Ол өте жақсы... — Әңгімені айнала орағытқанда бұл кісі сонда не айтпақ? — Айтайын дегенім мынау... Әсемжан, өзің білесің, қазір үш апта болды сенің жұмысқа тұрганыңа. Сол үш аптадан бері... қасымдасың, қасымда жүресің де, әсіреке сен үйіңе кеткен сағаттарда сені ойлаң өле жаздаймын. Үйқы-күлкіден айырылдым... Көз алдымнан кетпейсің — бейнең мөлдіреп, күлімдеп тұрады да қояды...

Мұнан әрі тыңдауга шыдамым жетпей:

— Сізге не болған, Мәден Айболович, айтып тұрган сөзіңзге мән бересіз бе! — дедім ашуланып.

— Мен кешірім сұрап тұрмын гой, Әсемжан. Шынымды сездірмеске амалым қалмады. Өзімді-өзім ұстай алатын емеспін. Рас, рас... Күйеуің бар... Жаңа қосылғансыңдар, сүйетін шығарсыңдар бір-бірінді. Жоқ... оны білмеймін. Мен сені сүйемін. Сенсіз дүние маган қараңғы...

— Қойыңызышы!.. Не айтып кеттіңіз өзіңіз. Ұят қой...

— Әрине, ұят!.. Ұятты білмейтін мені ұтсыз гой дейсің бе! Жас емеспін. Осы күнге дейін бір әйел заты ұнаған жоқ еді. Енді қартайғанда... Елуден асып барамын. Сүймесем, үйленбеймін деуші едім. Сол мендегі жоғалған махабатты сен тауып беріп тұрсың. Үш апта аузымды будым, мәңгі буайын деп ем... бірақ, ол мүмкін емес екен. Бір жылы сөз байқатпасаң, қор болып өлетін шығармын...

«Мынау масқара гой, бұл кісіні кім деуге болады! —

деп бағанадан бір қырында отырган мен енді туралап бетіне қарап ем: солқылдан жылап жас тамған Мәден Айболовичті көрдім. Сұмдық-ай!.. Бұл кім: жынба, сайтан ба?! Жылаған деген не пәле! Елуден асқан еркек адам... Менің семьялы екенімді біле тұрып... Қалай түсінесіз... Не істеген жөн?..». Ақылым айран болды.

Мәден Айболович, осы әртістігіңіз де жетер... қойыңыз, — дедім кекесінмен құліп. — Жалған рөлде тәуір ойнағанмен, түбінде жақсы атаққа жете алмайтын сиқырыңыз бар екен.. Осы жерден тоқтағаныңыз жөн.

Ол басын көтермей еңкілдеп жылай берді:

— Қор болған жаным-ай, қор болған өмір-ай, — деді. — Өмірде бір адамды сүйген екем... О да үқпады, жүрегімнен қанжар сұқты. Эйел деген осы ғой: өтірік айтсаң сенеді, шыныңды айтсаң қашады. Ал қаша ғой, сонда қайда барасың. Сениң анау үрпек бас, қуыс кеуден, жалаңаяғың алақанына сап, қадірлей, бағалайды деймісің... Ертең-ақ ажырасысыңдар... Қолдан соққан кең сарайдай үйім бар, ГАЗ-24 «Волгам» бар, гаражым бар, дачам бар... Жинаған дүнием, өлгенімше жетеді...

Соның бәрі — сениң алақаныңа түссе, аз ба? Жыл сайын демейін, екі жылда бір рет шетелдердің біріне қыдыртар ем...

Енді мен бұл адамның ішек-қарнын ақтарып, жансырын білгім келеді.

— Мен сізге сенбеймін, — дедім. — Шын ниетіңіз емес, әшейін... ермек етіп аз гана күн... Сосын алдала... Жайыңызға кетесіз.

— Табалама ағаңды, Әсем, — деді. — Суга итеріп көрейін, шыға алар ма екен деп сынағалы келесің... сынай түс, қай сынныңа салсаң да шыдаймын. Тек мәңгі бір болуға қолыңды бер? Ой, екеуміз қандай керемет өмір сүрер едік! Жағдайдың бәрін жасар ем. Бір жылда бөлім менгерушісі, екі жылда сауда басқармасында, одан тағы өрлеу... бұған таныстарым, жолдастарым жетеді!..

Жақсы, Мәден Айболович, сіз мені енді сендердіңіз ойланып көрейін. Дей тұрғанмен, сіз жұмыс кезінде жүргіңді жайып сала берменіз. Бұл жерде кез көп қой...

— Онда... үй оңаша ғой... Қала сыртында өзі..

— Асықпаңыз, ағай!..

— Жарайды, алтыным, Әсемжаным!

Кабинеттің есігін жайымен жауып шығып кеттім. Есімді тез жия алмай әрлі-берлі сенделіп біршама жүрдім. Бұл не сыр? Мақсаты не бұл адамның? Түпкі дергін қалай білуге болады? «Мәден Айболович, сіз оңбаған жан екенсіз! Мен сізден жиіркенемін. Сізді көргім келмейді».

21 август, сенбі. З күн бойы оны көрген жоқпын, өз жұмыстарыммен жүрдім. Қаладағы барлық сауда орындарын аралап, жағдаймен толық таныстым. Кеңсеге екі-үш мәрте ғана соқтым. Қайда жүр жеп сұраудың қажеті де болған жоқ. Бір тапсырма берген шығар директор, не командировкаға кетуі мүмкін. Іздей әлек-шәлекке түсетін ділгір шаруа шамалы. Оның үстіне әнеугүнгі «махаббат» мәслихатынан кейін көңілім жаман сұып қалған, бетіне қарағым келмейді.

Бірақ бұл әңгімені Байдосқа айтуды жөн санамадым. Қызғаныш білдіріп, көңілінде кір ұстаса, бекер болар деп тосылдым. Залым адамның пасық пиғылы деп күлкі-мазақ ететін жайт. Соңда да көрген-білгенінді тегіс күйеуіңе таси беру – естілікке жата ма?

Ал сауда нүктелеріндегі алармандар арасында естігенді сөздерді айтып ақылдасуға тұра келеді. «Сатушылар магазинге жаңа түскен жеміс, көкіністің жоғары сорттарын іріктеп алып, базарға саттырады». Осыны бақылап, анықтауға болар ма екен дедім Байдосқа. Ол ойланып қалды. Сосын тез ширығып: «Давай, көрейік» деді. Сонымен біз тұнге қарай жұрт көзінен тасалау, магазиндерді анықтап алып, бақылауға шықтық.

Кісі аяғы басылған тұнгі сағат 11–12 шамасы. Қала сыртынды оқшау тұрған бір-екі магазинді айналып

өттік. Жым-жырг. Аулада жәшік-жәшік помидор, алма, жүзім. Бір шетте үйіліп жатқан картоп, капуста. Күзетші көрінбейді, мөлтек бөлмеде көміліп ұйықтаپ жатқан болар. Ұйықтасын! Мазалап неғыламыз. Ілгері кеттік. Үшінші магазин де мұлгулі. Мылтығын беліне ұстап күзетші шал жүр. Төргінші магазиннің жанына кеп кідірдік. Қора ішінде жүк машинасы тұр. Әлдекімдер жәшіктерді сатырлатпай ақырын тиеп жатыр. Екі-үш кісі аула ішінде күбір-күбір, сыбыр-сыбыр етеді. Біз қора жанына, ағаш қорғанға ақырын тақап кеп, тыңдағық. Сығалап қарап едік, ешкімнің тұр-тұсіайқын байқалмады. Сыбырласып, сақ сөйлесіп тұрган үш адам. Еңзегердей ер кісі және қаншырдай қатқан екі әйел. Эйелдің біреуі осы магазиннің менгерушісі ме деп қалдым. Еркектің тұлға пошымы... таныс па деймін. Жоқ, қайдағы таныс. Үні талып-талып естіледі. Сиқырлы, жымысқы үн. Бір жерден естіген жоқ па екем? «Қаладағы базар сымакты қойып, тұра маңайдағы поселкелерге алып кету керек» дейді еркек. Бұл жолы даусын анық ажыратқандаймын. «Ой-бай!» Аузымды әзер жауып ұлгердім. «Мынау Мәден Айболович емес пе!». Өз ойымнан өзім шошыдым. «Қой, жөні жоқ жосығы жоқ артық ойланып не керек! Ол кісі мұндай қылмысқа бармайтын шығар... Не көрініпті сонша!». Машина жақтауынан жәшіктер көрінер-көрінбестей тиеліп болды. Ақ арқанмен шырманап бекітілді. Шофер кеп «жолға дайынбыз» деген ишарат білдірді. Біз қоршаудың бұрышына қарай айналдық. Жайлап сырғыған мотордың үні қатты гүріл шыгармай үлкен көшеге өтпекші. Нөмерін көрдік: «АПЛ-41-97». Кешікпей магазинді, қорғанның кақпасын жауып екі әйел мен әлгі еркек шықты. «Сол! Солар!». Сыбырлай сөйлеп, ішін тарта күліп, Мәден Айболович рақат тұңғиығына батқандай. Сонда да алаңдап жан-жағына қарап қояды. Енді бұлар қайда жол тартпақ? Іздеріне түссе қайтер еді. Енді не істеу керек?

23 август, дүйсенбі. Ертеңгілік өз бөлмеме соқпай,

бірден директордың кабинетіне қарай өттім. Секретары жаңа кеп жайғасып жатыр екен. Телефон шыр етті.

— Ал-ло! Иә-иә, тыңдал түрмyn. Иван Михайлович. Жақсы, жақсы. Түсінікті, — деп тұтқаны орнына қойып маған қарады. — Иван Михайлович қалалық басқармaga соғатын көрінеді. Келген кезде өзім хабар берермін...

Кешегі тұнгі оқиғадан бері жүргегім өрекпіп, қатты толқулымын. Басымда қым-қиғаш ой. Сауда қызметі.. Сауда мәдениеті.. Халық мұддесінің, халық тілегінің айнасы бол деп оқытты гой бізді. Тұпкі мақсат — сауданы таза, кіршіксіз жолға қою.. Ал сұғанақтар мен сұық қолдар ше?! Олардың көзін қалай жоғалту керек? Ол үшін қандай шаралар лайық? Шешімі мың тарау, миң қатады. Сауданың сырлары көп, әлі бәріне үйренесің!.. деген кезде Мәден Айболович алғаш рет нені бағдарлады екен? Мұндай суайттар сауда орнына кіріп алып, талай ақ жандардың жүргегін лайлайды екен-ау! Сауда қызметкеріне осындағы қылмыскерлердің жымысқы дүниеқоңыздығынан тарайды екен-ау! Саудагерге бір алданған адам екінші мәрте оған жолай ма!

Қағаз, қалам алып өзіміздің директорымыз Иван Михайлович пен мемлекеттік сауда инспекциясының атына жұмысқа тұрған бір айдан бергі тексерген, тапқан, ұстаган фактілерді мағлұмдайтын хат жазуга кірістім.

Тікелей бастығым Мәден Айболович шақыртты. Бардым. Көңілді. Көздері шоқтай жайнап, оң алақаның құшырлана қасып отыр екен. Оңай олжаның ырымы болды гой. Орнынан ұшып тұрып қарсы алып, өзіне икемдеп құшақтағысы келгендей. Менің салқын қабыма қарап кідірді. Жайғасып қайта отырған соң халімді сұрады.

— Жаман емес. Рақмет.  
— Немене, жаным, жүзің пәс қой. Тыныштық па?  
— Қайдан тыныштық болсын! Бір қарамай кеттіңіз, көңілдің хоши жоқ содан.

Бұл сөздерді естігенде, қуаныштан жүрегі жарыла жаздады. Не айтарын білмей қалбалақтады:

— Рақмет, рақмет, айналайын! Бәсе, менің үмітімді жерге тастамас деп едім. Ойлаған жерден шықтым гой. Біз өмірдегі ең бақытты адамдар боламыз. Үлде мен бұлдеге ораймын сені... не қаласаң, бәрі болады...

Аюдай денесі қорбаңдаپ сыртымнан келе жатыр. Шап бермекші ме, қалай!

— Бұл не әрекет, Мәден Айболович! — дедім даусымды қаттылау шығарып. Кеңсе тәргібін ұмытып кеткесіз бе? Ұят қой мынауыңыз, тіпті... Мен сізге тұнгі он екіде жорыққа шығып, қолтықтасып жүрер 112-магазиннің меңгерушісі емеспін...

Әуелдебұл сөздің ішкі мәніне түсінбей, ақырын отырып қалды. Сосын есіне түсті-ау деймін, көзі бақырайып кетті. Айла іздел тосылғандай. Аузы-басы тұксип:

— Сіз не көкіп тұрсыз, Демеуова жолдас, — деп мені түтіп жеп жіберердей айтай салды. — Қайдағы магазин!.. Қайдағы тұн!.. Менгеруші деген не пәле тағы!..

— Сабыр етіңіз, Мәден Айболович, сонца айқайланыңыз қалай? Сіз мені жақсы көрмейтін бе едіңіз, сүймейтін бе едіңіз!.. Мынау әрекетіңізге жол болсын?.. Мен айтсам, көзіммен көрген жайды айттым.

— Қайдағы жай, қалқам-ау, — деп үнін жұмсартты. — Біреумен шатастырган шығарсың, Әсем. Мен төрт күн жол жүріп бүгін таңертең келдім гой. Ал, сен қарғам, қайдағы жоқты шатасың. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле деген бар. Мен өзіңе ұлкен... үміт артып... келешекте...

Күмілжіген күйкі сөзін бөліп жібердім:

— Сіз менен еш үміттенбей-ақ қойыңыз, Мәден Айболович! Қақпанға түсіріп қолбала ететін адамыңыз мен емеспін. Айла-шарғыңыздың шын сыры түсінікті болды.

Одан әрі тәжікелесудің қажеті шамалы еді. Есікті тарс жауып шығып кеттім.

24 август, сейсенбі. Тұні бойы науқан кезінде кездесер саудадағы сырлар жайын айғақтайдын көлемді хатты жазып шығып, қалалық басқарма мен Мемлекеттік сауда инспекциясына өз қолыммен апарып тапсырдым.

26 август, бейсенбі. Әкемнің ауруханада төсекте шегеленіп жатқанына бүгін аттай төрт ай болды. Қашан сауығып шығатыны әлі белгісіз. Күнара көңілін сұрап барып, қасында тағы ұзақ-ұзақ отырамыз.

27 сентябрь, дүйсенбі. Арада бір айдан астам уақыт өтті. Кеңседегі гу-гу әңгіме басылған жоқ еді әлі. Әлсін-әлі қалаға да тараған ба деймін. Таныстар: «Қалай өзі, не болған, бара салысымен жүліктердің жағасынан алғасың ба?» деп сыр тартып, телефон шылдыратады. Қызметтес жолдастардың көбісі менің бұл әрекетіме ризалық білдіргендей сүйсініп, жарқылдай сәлемдеседі. «Көп жыл ұстаптай жүрген тұлкіге қақпан күрған-ақ екенсің, қадамың қайырлы болсын!», «Жас адам осындағы батылдық жасап, тазалығын көрсетпесе, қогамымыз алға жылжи ма! Жабулы қазан жабулы деген жарай ма!» деген сөздерді есітіп қалып та жүрдім. Шын жүректен айтылған ықыласты сезімдерді байқаймын. Сонда да әлденеге қысылып, екі бетім дұылдап кетеді. Елден асқан ерлік жасай қойған жоқ секілдімін. Бар болғаны екінің бірі орындауга міндетті азаматтық парызымды өтедім. Қызмет жөні солай емес пе. Бізді мемлекет мүлкін, халық қазынасын қорғай білуге баулыды. Мен сол адалдық тапсырманы атқардым. Бізде қогам игілігіне көзқарас осылай. Менің орнымда болса, басқалар да солай әрекет ететіні анық. Эрине, «пәлден аулақ сау басымды саудага салмай, тыныш жүргенім жақсы. Ондай жалмауыздарды түгел күрта алмайсың» дейтін де керенау, жаны ашымастар да табылады. Көзінді бақырайтып қойып айтпағанмен, ондай сабазды емеурінінен, құлқынын тану оңай. «Әй, осы қаршадай қыздың қолынан не келеді. Айдаң сап, қолдаң отырган біреулер бар ғой!». Мұндай

кертартпа сөздерді де құлағым шалды. Эр жерден бір күнк етіп қалып, жігерінді күм етпек. Бейшаралық. Қорқақтық. Шала-жансар, митың-митың өмір кешу – қоғамымызға оралғы. Оған де байтарап, нем кетті қарай алмайсың.

Қалалық басқармадагы ақ көйлекті акылгөй құрбым күнде телефон соғады:

– Эсем, қатырған екенсің, – деген әуелгі жаңалық хабар естісімен. – Бөлемнің өзіне сол керек еді. Нахал!. Сондай дандайсып кеткен... Өмірі ұсталмаймын деп жүрді ғой. Енді құтыла алмас. Сен алған бетіңнен қайтпа енді.. Қорықпа! Мұндағылар да тісін қайрап отыр.

Хабаршы құрбымда тыныштық жоқ, күнде бір аман-дымды біліп, естіген жаңалығын жеткізіп тұрады. Қалалық мемлекеттік сауда инспекциясы мәселені тұп-тамырына дейін қопарыпты дейді. Ұсталған жүк ма-шинасының шофері көп сыр ақтарыпты дейді. Сөйтіп, Мәден Айболовичтің қызмет бабындағы қылмыстары түгел ашылып, істі прокуратураға берген құсайды. Енді мен аудандық прокуратурадан келген шақырту қағазын алғып отырмын. Тергеу. Беттесу. Айыптау. Сот... Біргүрлі жүрексінем. Әлденеге үрейленем. «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп». Қалай болар екен? Немен бітіп, немен тынар екен? Қойшы, соншама дегбірсізденіп? Алда-жалда қылмыс жасаған мен емес қой. Ұрыны ұстап бердің деп ешкім жазғыра қоймас, тегі! Заң бар, әділетті оргамыз бар, тиісті басшы орындар бар, аландайтын, елегзитіндей жалғыз емеспін ғой. Қайратқа міндім, бекідім. Еңсемді көтеріп жігерлене түстім. Қоғам қазынасына қол сұқ-қандарға кешірім жоқ. Олар тез арада тиісті жазасын алуы керек. Еңбекшінің маңдай терін аяққа басып, алшаңдал өмір сүргісі келетін мұттәйімдерге жол жоқ.

Мен ерген тергеу үстінде өзімді қалай ұстау, қалай сөйлеу керектігін ойландым. Соған іштей әзірлендім. Ширығатын түс келді.

## ЖОШБОЛ, АЛЬБОМ!

Шілденің ми қайнатар ыстығы. Аспан астында емге талшық етер бұлт жоқ. Түбі тесік алғып ақшыл қазан аударылып түсіп, соның алақандай тесігінен алтап жа-лын лапылдалап, айналаның тынысын тарылтып тұрган секілді. Көз жетер жердің бәрі бүйра бас қара көк тал, жазықтығы тақтайдай бол түгел ақ, қызыл, сары гүл ашып жайқалып жатқан жасыл алқап, сап түзеп тізіле қалған ақ шаңқан үйлер алтын күннің сәлделі сары сағымына оранып, терлеп-тепшіп, ентігіп әлденеге елп-елп ететін сияқтанады. Жоқ, бәлкім, елпілдеп демігіп тұрган менің тынысым болар. Керімсал, аңызақ жел кейбіреудің ауа жолын ауырлатып, екі иығынан дем алдырганмен дәл мына маган көп әсер ете бермейді, ыстықта өн бойым жазыла түседі. Ауылға сондықтан жазда келгенді ұнатамын.

Оған таңғалатын дәнеңе жоқ, бұл менің туып-өскен ауылым, күнге күйген ұндай ұлпа ыстық топырағын бала кезде жалаңаяқ бұрқылдатқан жерім. Кейін оқу ізден қалаға кетіп, одан соңда дәм-тұз бұйырып тұрып қалдық та, айында-жылында ғана елге сағынып келетін жағдайға ұшырадық. Концерттік бригада құрып, облыс орталығынан таяуда соққан бетіміз; әлі бір-екі совхозда да болып ұлгергеніміз жоқ. Үймырт жабылып, ел аяғы басылған соң, шаруашылықтың бар тауқыметін мойындарына қамыт қып іліп жүрген еңбекшілердің көңілін көтереміз, шағын спектакль қойып, соңынан концерт береміз. Түннің бір уағына дейін сонсоң жүртты ән-күйге бөлеп кеш жатамыз да, ертеңіне түске қарай екінші шаруашылыққа кетеміз. Обалы не керек, «Әртістер келді» – деп, ауыл аянбай күтіп күшақ жаяды, малын сойып, арағын суша ағызады. Біз де аянып көр-ген емеспіз. Ауыл әлі домбыраға қосылып терме айтқан-ды ұнатады, демдерін ішінен алып, қалың ойға шомып

тыңдайды, Әсірсөе гармонымен қосылып шырқайтын Нартай сазын қоңыр қаздай қаңқылдатып жіберетін маған ынтық. «Осы жерде өскен екенсің, осы ауылдың баласы екенсің, дауысынды естиін деп келдік». Екі-үш ән айтып, иіліп, шұлғып құтылып кететін бұл қала емес, елдің өлшемі өзінше, өңешің жыртылғанша шырқап әрен құтыласың.

Ауыл атқамінерлерінің қолпаш, ізет құрметінен зорға ажырап, сыртқа шықсан бетім. Бір жағы соған да көнілім елпілдеп қуанып тұрмын, арқа-басым кеңігендей. Жұрт ыстықтан үйге тығылса мен сыртқа қашамын. Көп адам жиналышп, ән тыңдаймыз деп гүілдескен соң бөлменің іші де тымырсық.

Екінші қуанышым және бар. Әлгіде үй ішінде ән кезегін жолдасыма ауыстырып, бет желпитін газет іздеп, шифоньердің үстін қарағанымда қолыма қалың бір дәптер іліне кеткен. Әрі-бері сермен, желпүш жасап көріп ем, онды леп үйірілмеген соң парактап ашып қарадым, әдемілеп өрнектеп жазған: «Қош бол, альбом!» деген шәкірт балалардың қолы. Оқи түстім, біртүрлі тартымды сыр, өзіне еріксіз еліктіріл барады. «Үстықтадым, желдеп қайтайын» — деп, атып сыртқа шығуымның сыры сол.

Тұс қайтып барады екен, лап еткен керімсал бағыт-бағдарсыз лекіп тұр. Саялы жер іздедім. Аулакта көркем талды қос ініне жайқалтып өсірген ағын сулы өзенше бар. Соған келіп көлеңкелеп, аяғымды суға салып қойып, әлгі дәптерді оқи жөнелдім. Бір класта оқитын жеті баланың үні екен. Сандаққа салып қоятын құпия сыр емес, көпшілік сынына түссін дейтін хикая тәрізді. Мұны неге ашық-шашық қалдырып тастап кеткен, неге қолжетпестей алсырақ жерге жасырмажан? Иелері қайда?

Жас адам арманға әуес. Жас адам шындыққа құмар. Адам арманы мәңгі сарқылмай ағатын бұлақ сияқты.

Екпіні кейде күн сәулесінен де жылдамырақ көрінеді. Сол арманның бір тарауы – өзіңнен кейін тамшыдай болса да із қалдыру. Бұл ой әсіресе, қанаттанып өсіп келе жатқан бозбала шақта жақұттай жарқылдалап, алуан үшқын шашар еді. Мектеп босағасынан алған бір қолтық білімімен тау асауга талпынар біздің геройларымыз да сондай өжеттік жасап, жастықта тән ерлік, өзімшілдік, жалғандық атаулыға жиіркеніш, қиянаттықа қарсы, әділеттік үшін алсып, шындық үшін шарт сынса, өкшемізді басып, көргенді үрпақ келе жатыр деп қуанайық. Кигені мен жегеніне, тойғаны мен тайраңдағанына мәз мейірімсіз мақұлықтардан сақтасын!

Бұлар өзі бір кластан жетеу болып шыққан екен.

Жә, біз ұлкендер, сәл қоя тұрып, мінбені енді жастарға берейік.

*Жарас:*

*Ар мысың, альбом!*

Осы Әділеттің шығармайтыны жоқ, қай-қайдагыны ойлап табады.

Оныншы кластың ортан беліне келген кезіміз. Бір күні әдебиеттен беретін мұғаліміміз: «Өзің жайлы, өмір жайлы толғап көр», – деген шығарма тақырыбын ұсынды. Қызық! Сасып, қысыла қызарып қалдық. Бүкіл класс тәбесінен жай түскендей болды. Алдында өзімізше соқтауылдай жігітпіз, ержеттік деп кеудемізге наң пісіп қоразданып жүргенбіз. Бізден асқан ешкім жоқ, бізден күшті ешкім жоқ, бір мектептің басы болмасақ та иығымыз. Сол иыққа мықтап табан тіреп алып, енді жақсылап қарғысақ қалаған қияға қыранша самғап, ұша жөнелетіндейміз. Тек ә дегеннен онтайлы, сәтті екпін алсаң, болғаны. Сондай лептірген, тайраңдаған бозтайлақ көңілімізді мұғаліміміздің ноқталы да тауалы тапсырмасы, басты қасытып, кідіртіп тастаған. Дағдарып отырмыз. Балалардың біреулері үкінің көзіндей бақжиса,

қайсылары қорқақ қояндай бұғынқы. Соны аңғарды ма  
Мұжайтпас ағай мырс етіп күліп жіберді. Сонсоң:

— Сендер қорықпаңдар, — деді. — Сендер еш  
абыржымаңдар. — Бұл үнемі мұртынан күліп жүретін  
биязы мінезді кісі. Класымыздағы балалардың бәріне  
ұнайды. Ернінен күлкісін жиып алыш: — Тек ойланып,  
бағдарлап көріңдер, — деді, сөзін одан әрі жалғап.  
— Отыра қалып, тап қазір табан астында жүйткітіп  
жазыңдар демеймін. Ұақытты да өлшеп, қысымдарым  
жоқ, бүгіндері біз үшінші тоқсанның бір айын артқа  
тастадық па, яғни айтқанда, ақпан айының он төртін-  
ші жаңасы. Осыдан сонау мемлекеттік емтихан-  
ға дейін қалай көсілсеңдер де мезгіл — көрпелеріңе  
жетеді. Қалай, қанша жазасыңдар, өз еріктерің.  
Тақырып аясы өте кең. Өзің кімсің, қабілетің қандай,  
арман, ой, қиялың, қындыққа кезіктің бе, оны қалай  
жеңдің, жолдастарыңың сен жақсы көретін ерекше  
қасиеті, кімдерден өнеге аласың, нені жек көресің,  
болашағыңың жақсы болуы өз қолыңда, кім болғың  
келеді, қай мамандық жаныңа жақын, осыларды  
және жүргінді тербер өзге нендей сыр бар, соларды  
ерінбей-жалықпай жүйелеп жазыңдар. Көлеміне шек  
қоймаймын, бір дәптер, тіпті екі дәптер болар, жоқ сол  
ойды екі бет, үш бетке, мазмұны бай, тілі сай дегендей  
аз сөзбен жеткізсөңдер де, өздеріңнің еріктерің білсін.  
Бұл менің сендерді әдебиетке үйреткендегі еңбегімнің  
нәтижесі, жемісі деп ұқсаңдар да болады. Мемлекет-  
тік емтиханда әдебиеттен жазар шыгарманың еркін  
тақырып боп келуі де гажап емес.

Мұгалім: «Сендерге тартар сый осы», — дегендей,  
барлап қарап тұр. Біз енді ғана иығымыздан ауыр жүк  
түскендей жеңілденіп қалдық.

— Егер жаза алмасақ қайтеміз? — деп, бір бала сұрақ  
қойды.

— Онда еш зорлық жоқ. Әркімнің өз еркі.

Үзіліске деген қоңырау соғылды. Мұңайтпас ағай журналын жинап алып шығып кетті. Біз жиырма жеті үл мен қыз класты басымызды көтеріп у-дуга түстік. Біреулер: «Несібар, жазамыз» — дейді. Екіншілері: «Қын екен, желкеміз қылып, жұлынымыз үзіліп жүрмесін» — деп, жүрексінеді. Содан мықтылар іріктеле, сұрыпталада келіп, жеті оқушы қолга қалам алатын болып келістік.

Бәріне үйтқы болған — Әділет. Ойлы, отты жанары үшқын атып жайнап кеткен:

— Ей, балалар, неге тайсақтаймыз сонша! Бізді «жазсан да — жаз, жазбасаң да — жаз» — деп, алқымнан алып жатқан ешкім жоқ екен, олай болса өзіміздің естияр бол қалғанымызды көрсетейік. Азар болса, жөнді ештеме шықпаса, бетті сипап қоя салармыз. «Көз — қорқақ, қол — батыр». Көрелік. Мен бір ой таптым, тіпті аты-жөнімізді де дәл атамайық. Мысалға мен Әділетпін... болсын. Ол көкейдегінді жасырмай айтуға жақсы. Одан да ештеңе өнбесе, бір-бірімізге арнаған жан сырымыздың ескерткіші болсын. Немесе бәріміз бірігіп, бір ортақ шығарма жазайық, бастан кешкен жайларды айтайық. Альбом жасайық. Ортақ альбом. Был он жыл бойы оқыған мектеппен қоштасамыз. «Қош бол, альбом!» — деп, ат қояйық шығармаға.

Көкейkestі байлам Әділеттікі. Бәріміз мақұлдастық. Бұл ойымызды имене қысылып, Мұңайтпас ағайға айтып едік, ол қабағын теңдеп көзін сүзіп біраз тұрды да: «Дұрыс екен. Жөн ақыл. Олай да болады» — деп, құптады.

Сонымен шығарма жазуға үйгарған жеті оқушы шек салыстық. Бірінші кезек маған тиді. Мен бастауды керек, қалғандары жалғастыруы керек. Он жетіге қарай жол тартқан ес кіргелі бергі ойда қалғаныңды инежіпке тізе берсең, оған қағаз, сия шақ келмес. Аткөпір шимай жасағаның кімге дәрі. Жаңа жауған үкілі аппақ қарға жалпылдақ шөптің мол күлін бүркүрата шашып жібергендей кесепат келін ісіндей қылық көрсөң, таза

жаның бір тіксініп қалмас па еді. Сондай оқиғалар болғаны рас. Оны қалай жазбай тұра аласың.

Жиырма үшінші февраль күні болатын. Совет Армиясы мен Соғыс-Теніз Флотының күрылған мерекесі. Бұл мейрамды соңғы кезде еркектерге еншілеп берді гой. Эйелдер ер кісілерге сый-сыяптар жасайтын болды. Артынша әдейі қарымта қайтару үшін ойластырылғандай сегізінші март келеді. Мұнда енді жігіттер мырзалығын танытатын тұс. Аянбай шабылып, шама жеткенше шашылу әдетке айналғандай. Бұл жақсы дәстүр ме, жоқ, жарамсыз әдет, бос да рақылық па – ол арасын бізге сынау қайда, әйтеуір осы той мезіреті мектептерге де аш мысықтай мияулап кеп кірді гой. Ең ақырғысы бірінші кластағы аузынан ана сүті ажырамаған бөрікті де, тұлым шашын жуа алмайтын құрбысына шоколад конфет ұсынады. Эйтпесе, кепісінше, қыз бала кішкентай ұлдарға танауыншының сүйн сурте жүр дегендей бет орамал сыйлайды. Ал орамалмен салыстырғанда біз жыңғылдай жігіт емеспіз бе, сегізінші март жақындағаннан магазиндеңі әтір, сабын, айна-тарақтан түк қалдырмаймыз. Ауыл, аудан орталығындағы магазиндер жылан жалағандай күйге түседі. Осындай өлшеусіз сый-сыяптардың арты жақсы бол, жұрт рухани еселеп өсіп жатыр дегенді әзір естіген жоқпын.

Класымыздағы он төрт қыз биыл не күрмет көрсетер еken деп жүрміз. Осы сұрақ бас көтеріп тыным таппайды. Жылдағыдай магазинде өтпей тұрган бір-бір жаман галстук беріп, қайыр қош дейтін шығар. Онда оңбады. Биыл мектеп бітіреміз. Сонсоң: «Ұлымыз ұлан асып, қызымыз қиян асып» дегендей, дәм тартқан жаққа кетеміз. Кетпесек те, бұрынғыдай күн сайын алты-жеті сағат қабат отырып, ойша сырласар, сабак өткізіп, сайран салар заман жоқ. Есейген тірліктің өз әрекет, күйбеңі бас көтереді. Оны көріп жүрміз гой.

Сондықтан да оныншы класта ұшырасатын әрбір мереңені естеқаларлық етіп өткізу арманың арманы. Есептеңіз: бес мереке екен. Сонда жыл он екі айдың бес күнін мейлінше көңілденер, сауықкеш жасауга болады емес пе.

Қыздар затында қу, түсінгіш халық қой. Жиырма үшінші февральға түп-тура жарты күн қалғанда қолымызға бір-бір открытка берді. «Балалар, әскерлік мейрамдарыңмен құттықтаймыз. Соған арнап жасаған кешімізге шақырамыз. Күнімкүлдің үйіне, сағат жетіге келіңдер. Кластас құрбы қыздарың!».

«Балалар» деп, кемсініп басталған көңілімізге ұнамсызыдау сөзді «қыздарың» деп сүйкентіп жібергені лезде ұмыттыргандай, кесімді мерзімге таранып, тазаланып қаладағы сияқты қаздыып-қаздыып жетіп бардық. Күнімкүл есікті өзі ашты. Есік ашқанда төргі бөлмеден қыздардың сыңыр-сыңыр күлкісі естілді. «Үйбүй, келіп қалды ма?» – деген, жіңішке дауыс та аңғарылды. Сыпайылық сақтал, әдеп көрсетейік десек те іштегі түнжыр қуаныш жыбыршып, шапшып шығып, ерік бермей, бір-бірімізді жөнсіз итермелеп, «сен жур, сен жүрдің тұрткісіне салып, үйге кіріп жатырмыз. Қыздардың қыстыға ұялып шыққан күлкілері мамыражай көлдегі шабақ балықтың шолпылына ұқсайды. Таңертең көрісіп, түсте ажырассақ та:

- Сәлеметсіздер ме?
- Кеш жарық!

– Орта толсын, қыздар! – деп, сәлем сөздерді жауалып жібердік. Әлденеге қысыламыз, әлденеге қуанамыз. Жүректерді лүпілдетіп, ақ нұр бол тербелген бір жайлы күй, ыстық сезім.

Қыздар бүгін ерекше әдемі, шеттерінен гүл шоғын-дай үлбірейді. Ұялып майысып, беттерінде ал қызыл қан ойнап, шын мереке сәнін көрсеткендей.

- Хош келдіңдер! Төрлендер!

- Мерекелеріңмен құттықтаймын!
- Өлә, сен кімнен үялып тұрсың, ей?!
- Қысылмаңдар, жоғары шығып жайғасып отырыңдар.

— Жарас саған не болды шегіншектеп? Мейрамыңмен! — Бұл біздің кластағы Балқаймақ деген қыз. Балқаймақ десе дегендей ақ қайыңның жапырағындај жеңіл желбіреп тұратын сергек, сезімтал жан. Өзіне біздің мектептегі көп бала ынтық. Сол ынтықтарын білдіре алмай, бәрі сыртынан ұрлана көз тастап жүреді. Дегенмен олардың ешқайсысы да тура мен сияқты жан-тәнімен емірене жақсы көрмейді. Қайсыбір есер соқтар кейде тұртіп, шұқып ойнап, ит жыныңды келтіреді. Сондағы Балқаймақтың мінезіне толық түсіне бермеймін: бірде бұртиып ашуланса, бірде сықылықтаап күліп мәз болады. Күлкісі жаныма түрлідей тигенмен, қолдан келер шара қанша?! Бұл не сезім, өзім де байқамай қалам. Әйтеуір оған шық жуытқым келмейді. «Қызың қырық жаны бар» дейді қазақта. Қайсыбір мінездерін үқласам, барлай алмасам, ол тылсым тұнғиықтың әлі ой көзі жете қоймаган тереңдігі шығар.

Бұғын Балқаймақ мен күтпеген балдай тәтті ерке қылық көрсетті. Дастанқан жайып, ас жабдығына кемектессе де, құрбыларына назданып күліп қараса да, жүртты үйіріп ән-биге шақырса да, бүкіл болмыс-бітімі ерекше қымбат қасиет танытты. Бақырайып, әлде көз сүзіп тесіле қарауга дәтім жоқ, айналадан үяласың. Оның үстінен бозбаланың түйсігі – қарлығаштың қанатының дыбысын есітетін сезімтал сергек кез. Мысықша аңдымағанмен жалт еткен жалғыз көзқарас көп сырды аңғартып қоюы мүмкін жүртқа. Көпшілік білген сырдың күлкіге айналмай қалмайтын әдеті. Мазақ болғанды кімнің жаны сүйеді дейсіз. Сонда да жүртқа қарап мәз боп отырып, арасында Балқаймаққа көз тастап өтем. Оның да бүйрекі маған қарап бұлқілдейтін секілді.

Кім білсін, бұл әлде өз жан күйімнің отты шарпуы ма, жүрек асаудай тулап алып үшады. Неге? Білмеймін. Сую деген ұлы сезімнің әлде әлсіз, балғын қанатын қаққаны шығар, қайдам. Мерекеге он төрт ұл, қыз жиналыпсыз.

Жастар жайғасып, құргақ дәм мен қара шайдың өзіне балқып, бұрын мұндай кездесуге бой үйренбекендіктен қысылып қымтырылу енді ұмытыла бастағанда, үйдің сыртқы есігі қағылды. Күнімкүл мен Балқаймақ елең етіп, күбір-күбір бірдене де сыртқа ұмтылды.

— Балалар, қарсы алыңдар, — деді екі қыз қабат тұра қалып қосарлана. — Ағай мен апай келді. Құрметті қонағымыз. — Екеуі екі жарылып қос кісі кіретін босағага жол жасады. Ендігі сэтте сәнді киінген Мұңайтпас ағай әйелімен бірге жоғары аттай берді. Әлдекім әмір еткендей барлығымыз орнымыздан ұшып турыпсыз. Таңғалу ма, ұялу ма, қорқу ма ненің күші екенін білмейміз.

— Жоғары шығыңыздар, ағай! — деді, Әділет бәрімізден бұрын.

— Апай, ілгері өтіңіз.

Қадірлі ұстазымызға төрден орын бердік. Бақсак, қыздар бізбен келіспей, өздері үйгарып, ағайды жиынға әдейі шақырган екен.

Шай алдына келгенде Мұңайтпас ағай отты қара көздері электр шамынан жалт-жұлт шағылысып, бәрімізді түгел шолып бір қарап шықты да:

— Ұялмаңдар қалқатайлар, бізден, — деді, ашық жарқын үнмен. — Мерекеге жасаған кештеріңе арнап шақырган екенсіңдер, оларыңа мынау апайларың екеуміз рақмет айтамыз. Ержетіп қалдыңдар, ертең кәмелетке толасыңдар. Мен сендердің жақсы азамат болатындарыңа сенемін. Бәріміз де жас болғамыз, — деп, ақ сары әдемі келіншегіне қарады. Бұл ағайдың ерекше қасиеті адамды әрқашан өзімен тең қатар дәрежеге қойып сөйлеседі. Жайдары мінезімен алақанына

алғандай еркелете сырласқанын жаңың сүйіп тұрады. Мұндай ұстаздың, мұндай көреген кісінің жолында өліп кетудің өзі шексіз бақыт дер ем мен!

Шай ұстінде неше түрлі ән айттық. Көбіне Күнімкүл мен Балқаймақ бастайды, қалғанымыз көшке ілескен тайлақтай боздап еріп жөнелеміз. Көпшілігі осы күнгі «Елігім», «Нәзігім», «Еркем», «Сағындым», «Сағыныш», «Қайдасың», «Іздедім сені» деген көгілдір әндер. Айқайлауга да жеңіл, сыр байлауга да жеңіл. Ара-арасында туган жер, Отан, мектеп туралы асқақ, жарқын саздарды самғата шырқап кетеміз. Бірақ таразының басын жастықтың, желікпеліктің әуездері басып кетеді. Енді қайтеміз?..

Табақ-табақ ет тартылып, оны ұяла отырып жайлап жайғағаннан кейін, қол жуылып, бой жазып қайтадан өнерге кезек бердік. Жеке сайыс басталды. Жұрт алдын ала келісіп қойғаңдай бірауыздан Балқаймақты қауқаулады. Оның әдемі сырлы да ерке назды ашық дауысы бар, мектебіміздің аудан көлемінде жүлде алып жүрген жүлдызы. Сыңғылаған таза үнінен балалық пәктік пен жастықтың асау екпіні егіздей өріліп шарықтайдын. Біз Балқаймақ өнерін бүкіл класс, мектеп болып мақтаныш етеміз. Әуелде мектеп сахналарында жеке мондолин, баянға қосылып айтып жүретін кішкентай қыз бала ақырғы бірер жылда қоярда қоймай домбыра үйреніп, өзін-өзі сүйемелдеп шертегін тұсқа жетті; мектептегі домбыра оркестрінің пайдасы тиді-ау деймін. Әйтпесе, әке-шешесі ондай өнерден құр алақан, сауда қызметкерлері. Көпшілік кеу-кеулеген соң Балқаймақ қолына домбыра алды. Құлағын бұрап қос ішекті кезек шертті де, құлақ күйін саздал, ойланған елеңдеп дыбыс іздегендей, бота көзін алысқа қадады. Енді бір сәтте шыбын ызыңы естілердей біздің тына қалғанымызды шұғыл байқап, сәл қызара күлімдеп, өзінің ерке қылымымен иек қақты, ол ән бастаймын дегені. Ендігі сәт-

те домбыра шанағын қатты сабалап, ойнақы да екпінді жұлқынған халық әнін әуелете жөнеле берді. Жастықты, асау көңілді, гүл жарған сезімнің шалықтауын аңсатып, ерітіп, балқыта түскендей. Іштей үйып, телміре тыңдалап отырмыз. Сұңқардай самғап шығып, садақша сұылдайды, сөйтіп, қалқытып әкеп, әдемі қондырады. Жақұттай жалтылдаған алуан ашық ыргақта, әсіресе, көненің қоңыр бояулы кескіні мен мұндалап бой беретін сәттері мол. Құшақтасып, қол берісіп серт үстінде шарт үзілген текті тілек бебеуі ме, қара заманның қорғасын құйып өрген қамшысына байланған қарындастың қошқыл иісті қос өрім бұрымы ма, әйтеуір асыл арманның өзекжарды күрсініс күйі жетеді жүрекке.

Ән тоқтаганда отырғандар тәтті үйқыдан оянғандай селт етісіп, ерекше ықылас, сүйініш білдірді.

— Тағы бірін, жұп болсын, Балқаймақ, — деп шуласты. Ол келесі әнге дес бермей:

— Кезек ер балалардікі, Жарас жұп жасасын, — деп, ұсынысын да, қолқасын да қабат айтып, домбыраны маған қарай сырғыта берді. Бұл мен күтпеген тосын ырым еді. Күмілжіп абдырап қалдым. Бетім ду етіп, шоқтай қызыарып, құйындаі ыстық қызу өн бойымда лап етті. Қыз ұсынған өлең кезегімен бірге оның сырға толы жүрегі ендігі сәтте домбыраға айналып, маған қарай елпілдеп өтіп келе жатқандай, арманды алақанымды жая бердім. Неден бастарымды білмей, жүрек орнықпай әр пернені бір басып, шертіп отырдым.

— Күй тартсын!

— Ән айтсын! — деп дабырласып жатыр достарым. Дегбір тауып, асау ойды тоқтатқаннан кейін бұрынсонды мектеп домбыра оркестрінде ойналмаған, бұл жиынға белгісіз бір күй тарттым. Мұны нағашы атамнан былтыр үйреніп, анда-санда жасырып шертетінмін. Ескі жүртта жасырынып қалған алтын жүзіктей әуес үн төгілетін сағағынан. Сол күйді бабымен орын-

дап шықтым, Балалар аң-таң: «Қандай, күй, кімнің күйі, кім шығарған», — деп жан-жақтан сұрақ жауып кетті. Шынымды айттым. Сонсоң алғашқы ұялыс, қысылу пердесі сәскедегі тұмандай түріліп, жүректі тербеп жүрген әнге бастым. Оңаша, ішкі жан сырды әннің әуезі, мұны арқылы жеткізудің сәті келіп жеткен сияқты.

«Амал жоқ – қайттым білдірмей,  
Япырмау, қайтіп айтамын?  
Қоймады дертің күйдірмей  
Не салсаң да тартамын.

Әлімше мен де ұялып,  
Білдірмен дедім өлсем де.  
Шыдар ем, күйіп мен жанып  
Айында бірер көрсем де.

Шеш көнілімнің жұмбағын,  
Әлде бәрі – алданыс.  
Жас жүрек жайып саусағын  
Талпынған шығар айға алыс».

Барша нақыш ыргағымен шеберлігім жеткенше төгіле шырқадым. Бұл тұма наздың кімге арналғанын, ән жолдарының бас иесі қайда екенін пайымдал үлгірген жұрт:

— Мынау қалай-қалай зарлайды-ең!  
— Кімге арнадың мұны, Жарас?  
— Татьянаның Онегинге жазған хаты емес пе! — деп қағытып қалжындағы іліп әкетті. Мейлі, қанша қағытсанда да, мен өз айтарымды айтқан тәріздімін. Неге үйгару әркімнің еркінде. Ал менің көнілім болса — Балқаймақ.

Күнімкүл орнынан атып тұрды. Байқаймын, мына әңгімені басқа жакқа бұргысы келді.

— Ағай, рұқсат болса, енді биге ауыссақ.

Пластинка айналдырып, вальстің үйірме ыстық толқыны жас денелерді шарпи бастады. Қыз-жігіт бол оңаша бас қосып, жиналып, кеш жасап көрмеген тал шыбықтай солқылдақ бозбалаға ұяңдық деген де жіпсіз тор, ұлдар қипыжықтап, бір-бірімізді тұрткілеп: «Сен шық, сен шақыр», – деп қоямыз. Сыбыр-күбірмен біріміздің артымызға біріміз жасырынамыз. Биді ағай бастап, онан соң Күнімкүл мен Балқаймақ дөңгелене жөнелді. Қулар қайдан үйреніп алды екен, бұл қыздарды қойсайшы, білмейтін бәлелері жоқ. Біз ғой ұлдар, қой жаюға ғана тұғандай асықпай баяу жетілеміз.

Бар бітіретініміз өзара тұрткілесіп, жыртың-жыртың күлу.

Музыка екінші рет ауысып басқа ыргаққа көшкенде Мұңайтпас ағай Күнімкүлді биге шақырды да, мен босап қалған Балқаймаққа ұмтылдым.

– Сені биге шақыруға бола ма? – дедім, ішкі қайрат, күшімді тізгіндең. «Жоқ» десе, жылап жіберіп, есікке қарай ата қашатындеймын.

– Болады, Жарас! – деді, қыз жымышп назбен қарап.

Ықыласы ма, әлде бұлаңқүйрық па, есімім де қоса айтылды. Қалай билегенімді өзім де бүге-шіге андағаным жоқ, әйтеуір ұялған тек тұрмас деп тарпылдатып, лөкектеп шықтым, Бұрын ара-тұра Алматыдан каникулге келіп-кететін студенттерден көрген, үйренген шоқырагым бар еді, қарап тұрмай тисе терекке, тимесе бұтаққа деп, соны тарсылдаттым. Сақал сипап қарап тұрғаннан жақсы ғой.

– Ничего, жақсы билейді екенсің, Жарас! Қайдан үйрендің? – деді би аяқталғанда.

– Ел ішінде өнер жата ма, рақмет! – дедім мен де қыз әзілін түсініп. Өкпелетіп аламын ба деп сезіктенсем де, тіл ұшына келген сөзді тартып қалмадым. Балқаймақ тағы да:

– Ничего! – деді. Бұнысына түсінгенім жоқ.

Тұн ортасы ауганда Мұңайтпас ағай әйелін ертіп, бізді оңаша тастап, үйлеріне кетті. Манадан бергі ұялып, сзылудың ер-тоқым, тартпасы, жүген-шылбыры сол үлкендермен бірге кеткендей, кеш сәніне бой үйренген бозбалалар бірыңғай, енді келсін-келмесін бидің әкесін танытып, ел-селін шыгардық. Қаладағы жастардың ойындарындағы неше алуан ыргақтарға еліктеп, сәнді-сәнсіз елбектеп құтырынған алақұйын екпінге ілестік. Сұлулық пен сәннің құйқылжып үйлесуінен хабарымыз жоқ, кинофильмдерде көріп қалатын шапырлап бет-бетімен билеуге үқсатқанымызға мәзбіз.

Мәз болғанның көкесін ертеңіне көрдік. Бастаңғы жасаған он төрт ұл, қызды мектеп директоры кабинетіне шақырып жатыр дегенде тіксіне шошып, бір пәленің желденіп дауылдатайын деп тұрғанын әлі ақауы жоқ ақжүректер шымырлап сезіне берген еді. Иә, шынында да, солай болды. Биікке самғаймын деген бала қиял, тұнжыр көңілдер табиғаттың тіршілік заңын үйренбей жатып, дүниенің қызығын талғамай тұтас сімірген мұнарлы бозбала дәуренде жақсылап тұрып бір тоңқалаң асып тұрды. Мейлі, бұл да үлкен өмірге қадам басардағы адамдар ара қатынасының бізге деген мықты мемлекеттік емтиханы шығар.

Қалған сөзді жолдастарыма беремін.

Сырты жылтыр, іші бұлдыр құпия – қатпарлардан сыр шертпейтін аңқау аңғал досым, қош бол, альбом!

Сайлау:

А р м ы с ы ң, а л ь б о м!

Мен не дейін сендерге. Айтарым көп. Көкірек шіркін бұлбұлдай сайрайды. Бірақ қолға қалам алғанда бәрі үріккен торғайдай ұшып кететін бір бәле. Мен өзі темір түюге болмаса, ой түюге шорқақпын. Жұрттың сөзін жалғастырайын.

Сонымен мектеп директоры әрқайсымызды жекелеп шақырып тергеуге алды. Аузымнан – сөзім, қойнымнан

— бөзім түскен босбелбеу деп, мені бірінші шақыртса керек, бар сырды біліп алмақ.

— Кел, кір, Айнап-бек! Үп! — деді, директор мен есікті тақылдатып сығалап ашқаннан. Зәрем қалмады. Тура осы қалпында абақтыға алып кететіндей. — Кеше, жоқ, суббота күні қайда болдыңдар?

— М-м-мен бе?

— Иә, тура сен?

— Ү-ү-үйде... — Қорыққанымнан тұтығып қалдым. Өмірімде бұлай кекештеніп көрген емес ем.

— Бешірді қай жерде жасадыңдар? — Шегір көзі инедей қадалып, өн бойымды сұққылап бара жатқандай. Мен: — Көрген жоқын, ағай — дедім аузыма сөз түспей.

— Эй, найсан, бетің быліш етпей көрген жоғымың не?! — Досанова Күнімкүлдің үйінде арақ ішкен кімдер? Жынайнақ жасаған кімдер? Сендер емей мен бе?

— Білмеймін... Сақаулығым сейіліп кетті. Директордың бетіне тура қарал: — Бұл жалған сөз! — дедім.

— Ә-ә, солай де. «Тісімізден шығармаймыз» — деп, ант-су ішкеміз деңдер! Жарайды, жарайды! Бара бер, тегі, ертең көзіңнен сораң аққанда өкпелеуші болма!..

— Өкпелесем, көшке берген тайлағыңызды қоса алыңыз, — деп есікті жауып шығып кеттім. Бұл қырсыққа қараңыз, не де болса ашық айқасуға барамыз деген қамшы тастау еді. Не сонша біреудің бақшасына түсіп, бауын ұрлаптыз ба?! Азар болса бір кеш ойын-сауық жасап, би билегеніміз шығар.

Бірақ іс насырға шапты. Арамызда «шпиондар» бар бол шықты. Таяқтың бәрі Күнімкүл мен Мұңайтпас ағайға кеп тиді. Менің жүрегім нашар, бұдан аргысын айта алмайтынымды өздерің де шамалап отырган шығарсыңдар! Сөзді жек көремін.

Қош бол, альбом!

Балқаймақ:

Ар мысың, альбом!

Иә, оқушы құрбы-достарым бәрін менен көретінге үқсайды, оны сыпсың-сыпсың сөздерінен есітіп қап та жүрдім. Бірақ амал не, қалай дәлелдейсің. Атыңа бір жаманат ілінбесін, ілінген соң қалмайды. Одан арылу үшін көп уақыт, не төтенше ірі әрекет жасау керек. Уақыт болса тығыз, көсеудің сабындағы қысқа, мектеп бітіруімізге бір-екі ай-ақ қалды. Үлкен әрекетке барудың жолын, амалын білмеймін, анығырақ айтқанда, жүрегім дауаламайды, қорқамын. Өзімшілмін. Суырып шығып, жөн-жосығын айтып, ақ-қарасын ажыратып беруге өзімшілдігім жібермейді. «Менің жазығым не сонша!» – деймін. «Кеш жасап жігіттерді шақырайық» – дептін бе? Өлең айтып, би билегеннен басқа не істептін? Жалпы, сонда тұрган не бар? Есейіп, адам бол қалдық, он-солымызды танитындағы дәрежеге жеттік. Той-томалак, думан жасап, мейлі қатар ойнап-құлсек, сол үшін жеркөкті шулататындағы не қирапты. Жас болған соң, оның жел шайқаған құрақтай елпім-желпімі болмай ма екен. Сол үшін жазалап, қылмыс бұрышына тұрғызбай-ақ қойса қайтеді?

Кеш тарқап, таң алажеуімде үйді-үйімізге келе жатқанда Елемес:

- Балқаймақ, бір сыр айтсам ешкімге айтып қойып жүрмейсің бе? – деп еді қуланып.
- Жоқ, айтпаймын. Не сыр ол?
- Кой, қыздардың аузында сөз тұра ма, тағы да ертең Елемес таратыпты, – деп, бәлеге қалар жайым жоқ.
- Сенбейді екенсің, жыбырлап нең бар?! Айт, айтпа өзің біл, – деп бұртия қалдым өтірік бәлсініп. Боз ала таңмен жүзім де сазарып тұрган болуы керек, мұның үстіне одан әрі бұғып қалса, күдік күшіне түсер деді ме:
- Жарайды, – деді. – Саған өзімдей сенгендіктен айтамын. Бір жан Балқаймақ айтты десе, онда өкпелеме...
- Елемес қызықтыра, ынтықтыра түсті. Бұл бір сұмдық құпия жариялаганы тұргандай көрінді.

- Мейлі, енді айтшы, айтатын болсаң.
- Ант іш!
- Іштім.
- Қандай?
- Аузынан шықса, алдынан мынадай таң атпасын!
- Мақұл, онда. Тыңдай бер, — деп ол сыбырга ауысты.
- Мұңайтпас ағай мен Құнімкүл жүреді екен!. Екеуінің уәдесі бар көрінеді. Ағай бедеу әйелін қоя беріп, Құнімкүлге үйленеді дейді. Алтын медаль әперемін деп жанталасып жүргені сол екен...

Мен сонда Елеместі шапалақпен тартып-тартып жібермегеніме өлі өкінем. Бұл мениң арыма түскен алғашқы таңба болып қалар, бәлкім. Өзімшілдік деген — тікенек темір тор шарбақтан қарғуга батылым бармады. Кейлегімді жыртып, тәнімді тіліп кетер деп қорықтым. Бар бітіргенім:

— Жоқ, жоқ, жалған, өсек, — деп үйге қарап жүгіріп жылап кете бердім. Елемес аң-таң боп, шошып тұрып қалған. Бармағын тістеп тұрган секілді. Мейлі, мен де жетіскеңім жоқ, өз бармағымды шайнаған күйі үйге кеп, төсекке білдірмей жата кеттім. Мәнісі, Мұңайтпас агады мен де үнататын ем. Ол керемет жайсан жүректі, мол мінезі мен ақыл, парасатына қоса сұмдық сұлу кісі еді! Ондай өзі жас, сұлу әдемі еркек еш жерде жоқ-тын. Біз мектептегі шашын тарап, бойын түзеген қыздар оған ұрлана, қызыға қарайтынбыз... Енді Елеместің жаңағы айтқаны шын болып шығады дегенге біртүрлі сенгің келмейді; қызғаныш сезім араларына қиқу сап қарсы шығатындар. Құнімкүл ақсары өңді, толықша келген, әдеміше ғана қыз. Сұлу, көркем кескіні жоқ, Сымбатты дегеннен артық баға берерлік еместей. Әлі күнге: «Құнімкіл — сұлу қыз» — деп, аузының суы құрыған баланы көрген жоқпын. Бірақ жайдары, көпшіл мінезі, қогам жұмысына белсене араласатын ашықтығы, бауырмалдығы, әсіресе оқуға зеректігі қосылып, оны

мектебіміздің шамшырағындаі көрсететін. Мектеп комсомол комитетінің секретары да сол. Оның жылы қабағына жақындау, әр оқушының арманы. Екеуміз тату көніл құрбы едік, менен жасырган сырғы болғаны ғой. Мұңайтпас ағай екеуі қосылса, иә, құлақ күйі келген домбыраның қос ішегіндей үндестік табары сөзсіз. Бірақ екі жақсы қосылмайды деуші еді, бүйрық бола қояр ма екен! Бұйыртпайтын біздің өзіміз ғой... Адамдардың өзі ғой.

Өсек бықсып жанған көмірдің тұтініндей қапқара боп қояланып кетті. Аудандық оқу бөлімінен комисия шақырылып, ол сөз жинағаннан басқа, гу-гуді көбейткеннен басқа салауатты іс жасай алмай тайып тұрды. Оқуымыздың да рәсусасы шықты. Күнде жиналыс, күнде айтыс, Күнімкүлді комсомол комитетінің секретарьлығынан босатпақ болған жиналыста, комсомолдар аяулы досын жалалы қолға бермей, қорғап қалды. Директор бір дегеніне жеткендей, педсовет шақырып, оның мәжілісінде: «Оқушы мінезіне келіспейтін қылышы үшін, онынши класс оқушысы Досанова Күнімкүлдің тәртібіне қанағаттанарлық деген бағашығарылсын» – деп, ұйғарым жасапты. Оқушы тәртібіне ондай баға қойылса, алтын медаль өзінен өзі-ақ қош айтады екен. Комсомолдар бұл жерге ара тұра алмады.

Бір жағы Күнімкүлдің өзінен де болды. Тұщы етіне аңы қамшы тиген соң ба, өжеттеніп өршеленіп кетті. Мүмкін ерегісейін деген де ойы болмаған шығар, кейінгі тұра әрекетінің барлығы неге екенін қайдам, терісіне айналып кете берді.

Сөйтіп, мектеп бітірдік, мектеп бітіргені бар болсын, ақ мәлдір арманымызға жарықшақ түсіп, әркім қалаган жағына қарай мұндана аттанды, ойланған аттанды.

Мен сол бетіммен, Күнімкүлге жаным удай ашыған күйі, шарасыздығыма налыған күйі, аттестат алсымен июль айында емтихан болар, Алматыдағы рес-

публикалық эстрада студиясына оқуга түсуге кетіп барамын. Алаңдал аулыма қараймын, агараңдал көрінген екі этажды мектебіме қараймын. Он жыл бірге оқыған балалардың біреуі көрініп қалар ма екен деп, жалтақтаймын. Қоңырау үні де естілмейді. Қош бол, мектеп, он жыл тәрбиелеген асыл ұя! Қатем болса, кеше гөр. Алдынан оң сапар күтіп, ақ тілеу тілеймін.

Қош бол, альбом!

Күнімкул:

Армисың, альбом!

Не жазайын, мен саған. Қай өмірбаянымды айтайын; айта берсең әңгіме көп: соның бәрі тәтті тіршіліктің тырнағына тұра ма! Қыз сырсы – қырық шемен, тас құдық. Оның суының дәмін ыдысы мен құралы бар адам гана біледі. «Сырғақтағаның – сыр сақтағаның ғой» – демендер, достарым. Менің жан баласынан жасырар құпия тірлігім жоқ. Бәрін өздерің білесіңдер.

Әке-шешеден ес білмейтін ерте кезде-ақ айырылыппын. Мен үшін олар көз жасындағы ыстық, арманды сағыныш. Қазірге шекті мандайымнан бір сипап қана кетсе, бұл жалғаннан өзге тілегім болмас еді деймін. Іс жүзінде аспайтын мұddenің үлесі – отты өкініш.

Нагашы әжемнің тәрбиесінде өстім. Бұл етек-жеңі мол пішілген, өмірде кейімейтін, жанынан жақсылық лебі есіп тұратын мейірімді жан екен, оны есейе келе білдім. Қазір де солай, ақымақтығыңды айналып-толғанып тұрып-ақ тұздықтап жібереді. Егер жұрт менің жанымда кіслік нұр бар дейтін болса, ол ең алдымен әжем берген қасиет қала берді, кітаптан оқып, біліп алғаным. Тұыссыз өсу – адамды тәмірдей шынықтыра ма, онша-мұншаға жаси қоймаймын.

Бірақ қанша берікпін десем де, оныншы кластың ақырғы айлары қатты бір шайқалтып, қабыргамды қайыстырып жібере жаздады.

Бәрі сол мен үшін қырсықты жиырма үшінші фев-

ральдан басталған. Сол кезде әжем үйде болмай, екі-үш күнге бір жаққа қыдырыстап кете қойған еді, қасақана. Қыздардың қазір қайсысы екені есімде жоқ, Балқаймақ па, әлде басқасы ма: «Ұлдардың мерекесін осылай өткізсек» – деп, қиылған соң, оңаша гой деп біздің үйге жиналған ек. Мұңайтпас ағайды шақырайық, – деген ұсыныс менікі еді. Ондағым: «Жігіттермен қосылып бастаңғы жасапты» – деген, ел аузына қақпақ болар және ұлдар да аяқтарын тарта отырсын деген ой еді. Аңғал басым, ол ойдың екінші жағынан бұрылып согарын білмеппін.

Директор шақырады дегендеге де көніліме арам пиғыл соғып, алаңдаған емен. Тек Сайлау жылап шыққандаған басыма бір бұлт үйірілерін сезіп, алдымен өзімді емес, қарт әжемді аяп кетіп ем.

Мені ең соңынан, он төртінші етіп шақырды. Оған дейін әр баланың айтып шыққан сөзіне жарылардай намыстанып отырғамын.

– Иә, жолдас Досанова, кіріңіз! – деді директор таптанып сөйлеп. – Отырыңыз. Халіңіз қалай?

—Хал-жайымды білмек болсаңыз, бірінші шақырмадыңыз ба? Сыртымнан тергеу жұмысын үйимдастырганыңызға жол болсын, ағай?

– Ә-ә, солай ма? Айыптының айбарақ әрекеті де. Корқытып, үркітіп аламын де. Оның бола қояр ма екен, Досанова?

– Айыбым не, ағай, сонда менің?

– Сүттен ақ, судан тазамын дейсің гой. Ешкім көрген жоқ, бір жан естіген жоқ, дейсің гой. – Директорымыздың сыпайылығы үшінші диалогке жеткен жоқ. Ақырып, айғайлап, ұрсып айтпаған сөзі қалмады. Күшеніп, бақырып сөйлегеннен ақылды әңгіме шықпайтынын білмейді екен бұл кісі. Ызаға булығып тұра бердім. Тұнімен ойнап, күліп жасамаған қылымыз қалмапты. Оқушы атына кір келтіретіндегі жексүрын

тілектер бопты. Арақ-шарап ішіп, шетімізден мас боппыз. Осы кеште менің іштей уәделесіп жүрген кісім – Мұңайтпас ағай әдейі шақырылыпты. Екеуміз би билеп, жұрт көзінше абыройымыз ашылып бара жатқан соң, әйелі жанжал шыгарып күйеуін үйіне қуып алышп кетілті. Мұнан әрі жантүршігерлік жат сөздерге шыдалп тұра алмадым.

– Осының бәрін кім айтты, ағай, сізге? Және соған толық шын деп сенесіз бе? – Қатты сұрлана безеріп, бетіне қарадым. Селт еткен жоқ, ол да сазарып боп-боз боп тұр екен.

– Кім айтқанында шаруаң болмасын, – деді зәрін шаша түсіп. – Шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды. Одан да рас деп мойында.

– Біз соншалық сіз айтып тұрғандай сұмдық жасаған жоқпыз.

– Бешір өткізгендерің рас қой?

– Рас.

– Сенің үйінде екені рас қой?

– Рас.

– Мұңайтпас ағайларыңың бар болғаны рас қой?

– Рас.

– Оның сені жақсы көретіні рас қой? – Жақсы деген сөзге ерекше мән, екпін бергеніне қарап, иені меңзеп тұрғанын жүрегім сезді.

– Өтірік, өсек! Сізді де ұстаздарды басқаратын ұстаз дейді-ау! Тым ұсақ адам екенсіз ғой. Егер білгініз келсе, Мұңайтпас ағайды жек көретін осы мектепте бір бала, бір қыз жоқ. Мен де. Тек өз жамандығыңыз үшін өзгеден өш алмаңыз!

Ол көздері шарасынан шығып, сілейіп тұрып қалды. Мұндай оқыс соққы аламын деп ойламаған-ау, шамасы, дірілдеп, қалшылдаپ кетті. Жаным өксіп, көзіме жастолса да, уәжден ұтқаным еңсемді жоғары ұстап шығып бара жатқанымда:

— Осы сөзіңе өмір бақи өкінерсің! — деген сөзі естілді. Тірлігімде алғаш рет қорлана қатты жыладым. Жазықсыз жаныма кітаптан оқып, кинодан көретін азулының әлсізге көрсетер әділетсіздігі, қиянат, зорлық, қара жүректікпен бетпе-бет кездестім. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегенге көзім жеткендей. Сонда мен мектеп директоры Жұрынбай Жөргековке не жаздым? «Ағай, ағай» — деп, мектептің қогам жұмысына жалбаңдал жүргеннен басқа не істедім? Барлық кінәміз кеш жасап, бір рет дем алғанымыз ба?

Мен жан күйзелісімді тірлікте бейнеттен өзге рақат көрмеген бірақ онысына емен агаشتай еш қайыспаған, ендігі бүкіл арман үмітін маған артқан қарт әжеме білдірмеуге тырыстым. Бірақ ел кұлағы елу, ауылда сөз жата ма, түгел естіпті. Боз інгендей боздар ма екен деп едім, айналып-толғанғаннан бөтен налыс, реніштің үшқынын да көрсетпеді. Тек кейіннен білгенім: мектеп директорына барып, таяғымен үстелін тоқпақтапты. «Әжептәуір азамат па десем, ауыл-үйдің өсегін баққан азғын ба ең! — депті. — Бықсыттай жүр айналаңды ерек кіндік болсан. Құдайдың жазалағаны да жетеді менің жалғыз немеремді. Бермесең бармақтай темірің өзіңе, он жыл жақсы бол келген қыз сеніңше, бір күнде бұзылған екен гой. Қарғадай балаға жалған жалаңды жалаңдатсан, сені де Құдай тапсын!».

Директор ерегісе, шиеленісе түсті. «Кезінде кешірген — кеңпейіл адамның ісі» — дегенді естігенмен; қайырымсыз, қatal болса, амал нешік! Комсомол комитетінің секретарьлығынан түсіре алмаған соң, менің әрбір басқан ізімді аңдыды. Алдына барып иілер, қайысып ығып, жалынар не кінәм бар, еңсемді биік үстап, бұрынғыша жарқылдал жүре бердім.

Төртінші тоқсан аяқталып, мемлекеттік емтихандарға әзірлік басталды. Директор жаңа идея тауыпты. Оныншы кластың балалары үлкен сынға дайындық-

тары жөнінде ата-аналары мен мұғалімдердің алдында есеп берсін! Тоқсаннан тоқсанға қарғып дегендей әлі ешкімнің ес жиып, «ақтық майданға» толық күш сала қоймаған кезі. Соңғы тоқсаннан кейінгі әудемдік бір тыныс еді, балалар мыңқылдаپ ешкім жөнді жауап берे алмады. Бұл жас жанды жөнсіз қинау еді, қылбұрау сап қинау еді. Зорығып өлмекпіз бе, не керек?

Шыдай алмай орныман ұшып тұрдым:

— Бізге жаны ашыған адамдар бізben бұлай сөйлеспеуі керек. Аясаңдар етті, өлтіремісіңдер енді! Сөреге өліп-өшіп сұлдері кеп тұрган спортшыға солығын баспай жатып, одан да қаттырақ жүгірмедің деп жазғырған жаттықтырушыны көрдіңдер ме? Мыналарыңыз тура сол ғой! — Директор айғай салды:

— Көрдіңдер ме, мына Досанованың іріткі салуын! Мұның ойынша, білім береміз десек бұлдіреді еkenбіз. Қыз басымен қақаңдалап балаларды бұзып бітті.

Мұнан кейінгі сезін тыңдауга арланып мен есікті жауып, далага шығып кеттім. Соңымнан ұзамай бүкіл оқушы ерді. Бұл наразылығымыз үшін мектеп директоры бітірушілер кешін жасатпауға әмір етті. «Олар жыл ортасында-ақ ол кешін өткізіп қойған» — деген көрінеді. Қалайша бұл кісінің айтқаны бола береді? Мектептегі өзге педагогтер қайда, педсовет қайда? Біз ыза бол класымыздың астан-кестеңін шыгарып, парталарды бірінің үстіне бірін үйіп, тақтаны ең төбесіне қойып: «Қош бол, мектеп!» — деп кінәсіз тақтаға бадырайтып жаздық та, шығып кеттік..

Басым ауыратынды шыгарды. Мен әлсірей бастадым. Директордың сабагы – тарихтан емтиханға дайындалып жатқанбыз. Қажыған секілдімін, ұмытшақтық пайда болды. Әл-дәрменім құрып, жүйкем сыр бергендей, зейінім алғырлығын азайтты. Дәрі іштім, ол да әсер етпеді. Әзірлік әлсіз болған соң кейінгі 10 «б» класымен бірге тапсыруға рұқсат сұрадым: бұл жолы құдай иіп

директор келісіпті. Жан ұшырып дайындалым, басым өлі мең-зең. Біруыс дәріні асап жібердім... Не болғанын білмейтін, ертеңіне оянсан, ауруханада жатыр әкем. Кейінрек ұл-қыздар келіп көнілімді сұрағанда, ақырына шейін күресе алмаган әлсіздігім үшін халыққа, Отанға пайдалы адам болайық деген ортақ мақсатты аяқасты ете жаздағаным үшін, жолдастар алдындағы осы күнәм үшін өлердей ұялып кешірім сұрадым. Олар мені түсінді, қуаныштан мөлдіреген көздеріне жас алды. «Беу, Күнімкүл, өміріңе бекер қатер жасай жаздадың. Оның дұрыс емес. Жеке өз басың болған күнде де бұл әрекетің – кешірімсіз қылмыс» – деп тұргандай еді балалардың жана шыр жақын жанаарлары. Айналым, сендерден достарым! Мен тарихты ғана ақыры беске тапсыра алмадым. Бұл кезде директордың да басы салбырап қалған еді.

Біз мектеппен қоштасу кешін жасадық. Мен жеңілгенім жоқ.

Қош бол, альбом!

Қаһарман:

Ар мысың, альбом!

Жиырма үшінші февральдің алдында әкем мектебіміздің директорын қонаққа шақырган еді. Қасында бір топ мұғалімі бар. Кейбіреулері әйелдерінсіз.

– Келіндеріңіз келе алмады.

– Ауырып қалыпты.

– Төркіндең кетіпти.

– Балалардан шыға алмады.

Түгел сұлтау, «Жаныма алып жүргім келмейді» демей ме төтесінен.

– Әйтпесе, Мырзекеңнің үйінен дәм татқанды кім жек көрсін!

– Совхозымызды тіреп тұрган кісі кімге таңсық емес дейсің. Көпе-көрінеу жағымпазданы бір ағайлар. Мен ішкі бөлмеде сабағымды орындаң, бәрін есітіп отыр-

мын. Бөгде біреу немесе жас балалар естіп, ыңғайсыз болар деп қысылсайшы!

Әкем «Коммунизм» совхозының директоры екені рас. Дүние, мал-мұлік, ішім-жем деген белден. Шешем қолы ашық кісі, тамақ жағынан біздің үйде баяғыда коммунизм орнаған! «Коммунизм» совхозына директор болғаннан бері! Бірақ, обалы не керек, әкем адад, өділ кісі. Кейде жұрт қолпаштап құртады, немесе заты тура, таза жан. Өз әкем болған соң мақтап отырганым емес, тегі, жұрт солай дейді. Мен үйдегі төртінші баламын. Алдағы үшеу әр жерде «адам боламыз» – деп оқып жүр. Білімдері онша мәз емес. Әкем балаға жұмсақ, тізгінді тым бос тастап жіберді-ау деймін. Менен кейін және үш сумұрын бар. Кішкенесі – төртінші класта. Төгіліп-шашилып жатқан тұрмысқа семірсем, менің де шайқақтауыма болады. Енді ойласам, жастайынан кітапқа үйір болғаныма қуанамын. Байлық, адамды бұзады деген рас. Көңілім көтеріліп аспандай бастағанымды сезсем, көркем кітапқа жармасамын. Ұнатарым – қайыршылар жайлы шыгармалар.

Сонымен құрметті қонақтарға деп, әкем бордақыға ұстаған екі тоқтыны сойдырып тастады. Қуырдақ қуырылып жатыр. Иісі мұрныңды жарады.

– Бұл дүниенің қызығы сапырып, шашып өткен ғой,  
– деді залға кіріп жайғасып отырган ағайлардың бірі самбырлап. – Шіркін, агроном, не зоотехник болғанда ғой, ең қойғанда мына Мырзекең құсан... Баламның баласын мұғалімдікке оқытпаспын. Мұғалімдерден сорлы ешкім жоқ қазір...

Мен бұл сөздерді онан әрі тыңдағым келмей, залға қарай атып шығып:

- Саламасыздар ма! – дедім, ағайларыма.
- Ой, Қаһарманбысың! Жағдай калай?
- Өзі Мырзекеңе тартып зіңгіттей бол келе жатыр.
- Бұлар күн сайын емес, сағат сайын өседі ғой. Қайт-

се де мені көріп әлгі сөздеріне абыржып қалды. Оны анық сездім. Өйткені жөнсіз марапат, мақтауға ауысты. Шыдаپ тұра алмай тысқа шығып кеттім.

Мұгалімдердің арасында Мұңайтпас ағай жоқ екен. Ауылда болмаған ғой, әлде шақырмашығар. Шіркін, ұстаздардың бәрі сондай болса!.. Жаңағы үйдегі сөзді айтқан педагог бізге не тәлім-тәrbие бермек? Ал менің ұстаздыққа жаңым күмар, Мұңайтпас агадан жүққан қасиет болса керек. Мұхиттай шалқар біліміне кеңпейіл жайлау жаңы мен перштедей сұлу көркі жарасып, ашық жүректілерді өзіне магниттей тартар еді! «Жақсыны құдай бір жерден қысады» – деп, көздегі тұнған уайым – жалғыз перзент зардабы. Өзі бір адамды мұңайтқысы келмейтін кісіні мұңайтып қойған тағдырдың шеберін қараши!

Мен әлденеге ыза бол, әлденеге қайғырып жалғыз өзім ауыл сыртындағы кішкене өзен жағасында көп жүрдім.

Тұн ортасынан ауганда үйге қайтып оралсам, ішкілікке әбден қызып масайраған қонақтар киініп, қайтайын деп жатыр екен. Мені көріп қалған бір ағай:

– Ө-өй, Қаһарман-ау, сен қайда жоғалып кеттің, бағана іздегендे, – деді, тілі оратылып, көзі жіпсіл.  
– Эй тентексің ғой, үйіне қонақ келгенде кісі қашып кете ме екен? – Бұл мені еркелетіп, тең қатар қойып, сөйлегендегісі. Сонсоң өзіне таман шақырып, арақ иісі бүркүрап, құлағыма бірдене деп сыйырлады. «Алтын... деді ме, медаль... деді ме, аласың» – деді ме, ыстық картошка шайнап сөйлегендей ұғынықсыз лебіздер.

Оның сырын кейін түсініп, жаңым түршікті. Бұл кезде Күнімкүл үйіндегі кеш ақырының хикаяға айналып құйындағы үйтқып тұрған шағы болатын. Мектеп директоры Күнімкүлдің «теріс қылышы» жайлы педсоветтің қарагын да шығарып қойған. Мен әкеме жүгіріп келдім.

— Көке, — дедім ентігіп, біреудің суга батып бара жатқан хабарын жеткізіп тұргандай. — Бұныңыз қалай?

— Немене ол? — Экем де елең ете тұсті. — Жай ма?

— Жай емес. Бүкіл мектеп шулап жур: «Досанована әдейі құлатып, алтын медальға Қаһарманды ұсыныпты. Мұғалімдердің тамағын тындырса әркім-ақ алар» — деп. Осы сез рас па?

— Қой, балам, аузына ие болмаған жұрт не айтпайды! Кімге не беру — мектептің өз жұмысы. Оған сен араспа.

— Арасам.. Мен сізді бұлай деп ешқашан ойламап ем... Осыдан қараңыз да тұрыңыз, — деп ашуға булығып жылап жібердім. Теріме сыймай жарылуға шақын.

— Эй, ақымақ болма! — деді, әкем әлі де сабырлы қалыппен.

— Бұл — әділетсіздік, заңсыздық! Менің айта берсеңіз «5»-імнен «4»-ім көп. Қоғам жұмысына да қатысым жоқ, медальға қалай ұсынған?

Өз ойыма өзім булығып, үйден атылып шықтым да, Мұңайтпас ағайдың үйіне қарай беттедім. Жүрегімді тырнаған қапа-кейісті алдына жайып салдым. Ол арқамнан қағып:

— Жарайсың Қаһарман, — деді бетінде қан ойнап. — Жігіт екенсің нағыз! Мен сенен осындай ерлікті күтуші ем. Көрерміз әлі. Шындық үшін аянып қалмаспсыз.

Ағай оқулықтарда жазылмаған, бірақ жас адамның санасын оятар талай ақыл айтты. Иықтан басқан ауыр жүк өзінен-өзі түсіп, айнала сәнді сәулесіне қайта оранғандай.

Мен аппақ арыма өмір бақи таңба болар қаракүйеден арашалап қалатын аяулы адамды мәңгі ұмытпаймын. Ол біздерді ар тазалығына баулып еді.

Кошбол, альбом!

Елемес:

Армысың, альбом!

«Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ». Өлсөң де ойындағы шындықты жаз — дедіңдер гой ақыры. Жазайын. Жасырарым, жалтарарым жоқ, қысыларым, қорқарым жоқ ешкімнен. Езуін тіліп тұрып кімге болса да турасын айтам. «Есек есекті қарызға қасиды» — дейді, жұрттың құпиясын мойныма қарыз етер хақым жоқ. Адам шыншыл, ашық болуы керек, ойын ешқашан бұкпеуі керек. Біз — лениншіл комсомолмыз. Жалғандық, жарамсақтық — біздің бүгінгі қас жауымыз. Кітап солай дейді, мұгалімдеріміз солай дейді.

Сезем. Күнімкүлдің үйінде өткен кешті елге жайған мен деп жүр жүрт. Рас, мен айттым. Сұраған соң көрген-білгенімнің, байқап, сезгенімнің бәрін алақанға жайып салдым. Мен өтірік айта алмаймын. Қолыма жалауғып ұстар бір ғана құралым — туралық, әділдік. Күнімкүл сол кешті әдейі, Мұңайтпас үшін үйымдастырды. Оны сезген мен ғана. Ол — Мұңайтпас ағайға өлердей ғашық. Эйтпесе, өзімен тең десе тең жапжас менің тілегімді итеріп тастап: «Аспан асты кең, сұлу қыздар көп қой» — дер ме! Ағайдың алдына арак қойғаны рас па? Рас. Екеуінің жабыса билегені рас па? Рас. Ағайдың әйелінің мұнданып, көзі жасаурағаны рас па? Рас. Ағай Күнімкүлмен билеп жүргенде: «Мен сені жақсы көремін» — дегенін құлагым шалып қалды. Сонда құдайдан жасырмаданда, адамнан жасыру адалдық па?

Балалар менің осы туралығымды қаламайды. «Тұрасын айтсаң тұысқаныңа жақпайсың» — деп, қазақ тауып айтқан. Бәрібір түбінде сен жеңесің, анық екеніне сенсең, басқа көзге қарама, қасқа маңдайдан қан шығарғандай ғып соққыла.

Мен көп жолдастарыма осыны үйрете алмай қор болдым.

Анау Жарас Балқаймаққа ғашық болып сұзілгенде:

— Экем-ай, ол қызда ойың болса, қойға барамын деген ақымақтығынды тастап, Алматыға оқуга бірге кет, —

дедім. Герой болмақ ойы барғой. Жұлдыз кімге жетпек, соны түсінбесе қайтесің!

Шопандардың абыройы, атағы, табысы жақсы екені рас. Бірақ әртіс қыз бен шопан жігіт қалай жараспақ? Аспандағы жұлдыздың жердегі жұлдызben қарашы түнде жымыңдақсанынан не пайда, не қайыр?

Ол екеуінің болашағы бір болады дегенге сенбеймін.

Өмірдің күретамырының соғуын қалтқысыз байқап, барлау керек. «Заманың тұлкі болса, тазы бол шал» – деген ғой, өткен дәуірдің ділмарлары. Сол сөзде жан бар.

Қазіргі уақытта ең алдымен білім, диплом қажет. Дипломсыз ертең қой бағуда қолыңдан келмейді, далада қаласың. Менің аузымен құс тістеген, от ауыз, орақ тілді әкем колхозға председатель де, зоотехник те, қоймашы да бол еді, ақырында, қарам таяқтан қор болмады ма.

«Шіркін, бір жапырақ көк қағазым болғанда ғой!» – деп, осы күнге дейін көкірегі қарс айрылады. «Бір ғана адал еңбекпен ешқайда бара алмайсың. Жүзіктің көзінен өткендей пысық, бөтелкеге кіріп шыға беретіндегі ептілік керек», – деп отырады әкем. Шынын айтқанда, сол кісінің ойына жүз процент қосыламын. Бірақ бөтелкеге кіріп шығу түгілі, жүзіктің көзінен өту де қолымнан келмейтін шаруа. Жұртқа жуысып кетсем, шенгел сияқты тырнап түсетін бір бәлемін. Бетке айтқанды ешкім жақсы көрмейді дейді. «Тура биде тұған жоқ». Менің арманым – заң факультетіне түсіп, прокурор, не сот болу. Ертең ел билеп, жұртты аузыма қаратқанда, баяғыда бірге оқып ек деп сыртымнан «Біздің Елекең сол кезден-ақ еті тірі еді ғой – деген сөздерің жетер құлағыма. Бұл ойымды әкем де жан-тәнімен құптарап отыр. «Астымдағы жалғыз атымды сатам, ағайын-тұған, тамыр-танысымды саламын, қайткенде сені сол оқуға түсіремін» – деп серт етіп тұр. Мен де өз тарапымнан қарап қалмай Алматыдағы бір ағайынымызға хат

жаздым: «Көке, осы бастан таныс іздей беріңіз. Аттестат қолға тиісімен тапқан-таянғанымызды алып, артынып-тартынып әкем екеуміз барамыз. Қанша сұраса да келісе беріңіз, сіздің жүзіңізді төмен етпейміз. Бір ту-сірсеңіз аргы жағын өзім-ақ алып кетемін, бес жыл сүйреймін деп қорықпаңыз. Сізді ұятқа қалдырмаймын. Аянбаңыз, еңбегіңіз жанады. Аттестаттағы бағаларды түтел жөндептірдім. Мінездемені де өкіртіп берді. Сіздің жарамдылығыңызға сенген Елемес ініңіз деп білерсіз! Ескерту: «Адамның күні адаммен». Жасасын, шын-дық пен пендешілік! Е». Эне-міне деп оқуға аттанғанша жауап хат та келіп қалар. Апрель айында жіберіп ем, кісідегінің кілті аспанда, әзірге сәті болмай іздеғенім табылмай жатыр ма. Қазір тек қана өз білімімен оқуға түсем деу алмағайып нәрсе. Әсіресе заң факультетіне өту қыын көрінеді. Тағы да сондай бір-екі қыын мамандық бар дейді. Халық айтса, қалып айтпайды, біздің ауылдағы үлкендердің сөзі осы. Ол ойларын ешкімнен, балалардан да жасырған емес. Біздің мектептен алған білімі орташа, су мен сілтінің формуласын білмейтін оқушылар есебін тауып оқуға түсіп жүр қайтсе де. Институттың есігінен бір кіріп алған соң ілініп-салынып оқып, диплом алып шығу қыын емес көрінеді. Көк кітапшаны қойынға бір салып алғасын өндірісте, өмірде өзіңің Құдай берген пысықтығың өзінде, өзіңің Құдай берген пысықтығың біледі. Мұны мен талай адамнан есіттім. Өтірік болса ағайлар айтпасын ондай сөзді.

«Өзің жайлы, өмір жайлы толғап көр» – дегендегі, менің байқағаным осылар. Мен қателессем, түзетіндер! Шындық үшін бәріміз жалтармай құреселік. Шындық көзге шұқиды.

Үлкен өмірдің алтын босағасын аттайын деп тұрмыз. Жаңа отау есігін ашқан келіншек сияқтымыз. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «Жақсы ауылға тускен келін – келін, жаман ауылға тускен келін – келсан».

Өмір сырын танығыш етіп үйреткен ата-анам мен

ұстаздарыма рақмет. Сендердің айтқандарыңмен жүрсем, қателеспейтініме сенемін, көрегендерім!

Мениң шын көңілім осы.

Қош бол, альбом!

Әділет:

Армысың, альбом!

Көп ойға тұрткі болған мен едім, жоқ, дәлірек айтқанда идея тізгінін ұшына ұстатқан Мұңайтпас ағайда, соның жебеушісі жәмшігі бол шықтым. «Өзің жайлы, өмір толғап көр!». Мұны өз ұғымдарымызша таратқанда – өзінді-өзің тану, өзіңе мінездеме беру, сен кімсің, қандайсың? Қайырымдысың ба, қатыбассың ба? Қайсарсың ба, қорқақсың ба? Адалсың ба, арамсың ба? Кісіге жолдастырың, ата-анаға перзенттің, көршіге қолқабысың, бар ма? Кішкене өмірде кімге көмегің ти-ді? Жалпы алғанда, өзің кімсің?

Шарт былай болған: әркім не болса, соны мыжып жаза бермеуі керек, жанын тербейтін бір мәселені ғана тілге тиек еткен жөн. Егер шындықтың бетін ашуға тайсақтасаң, әлде адамға білдірмейін деген жансырың болса, онда ерік өзіңде, күпияңды қалтаңа салып қой. Жоқ, қолыңа қалам алады екенсің – әділ сөзден жалтарма, тайсақтама! Келісім, уәде осы болған.

Мен өзім ақындықты армандаимын. «Өскен елдің ақыны қөп, өспес елдің әкімі қөп» – деген, неміс мақалы бізге арнап айтылған ғой деймін. Қазақта ақын да қөп, қайсысының басым екенін әзір анық білмеймін. Өз аулыммен, өз ауданыммен есептеп көрсем, өлең шығаратындар да аз еместей. Өлең жазатындардың көңілі көктемнің күніндей елжіреп, жайма-шуақтаннып кемерінен асып төгіліп тұрады ғой, ауаның ылғал, қысымдылығын өлшейтін аспап сияқты. Шындық жолында жүректері шамыгрқанып аласұрады, әлемді адамдықпен суарылуға шақырады, қиянат, қысымға төзбейді.

Сырымда ақтара түсейінші. Сәби жүрек – ақын дейді педагогтер. Олай болса бәріміз де дүниеге ақын бол келеді екенбіз. Жаратылысында жауыз бол туатындар сирек, айналаның бағзы бір жауыздығынан таза көңіл жараланады екен, оған қарсы тіксініп төзбейтіні бар, қайырылып тозатыны бар.

Біз он жеті жасқа жаңа толдық, әлі толмағанымыз да табылады, бізде әзір еш өмірбаян жоқ, ол жаңа басталғалы тұр. Мектепті бітірген отыз шақты бала жан-жаққа тарағалы тұрмыз. Жарас бастаған он бала, бір бригада болып шопандыққа серт етті. Олар жұмысқа шетінен тиянақты, тындырымды, шыдамды еді, бір нәрсе шығарар деп ойлаймын. Сайлау бастаған ендігі бір он шақты қыз бен жігіт (біз жігіт бол қалдық-ау, расында) совхозда механизаторлық жұмысқа қалмак. Бұл екі топтың да түйгені: «Оқуды артынан көре жатармыз, алдымен ел иғлігіне араласамыз. Он жыл оқытқан еңбегін өтейік!».

Иә, жүрегіміз таза, оған дақ түсе қойған жоқ. Ал февральдан бергі өміріндегі, класымыз ішіндегі оқиға бізді қатты есейтіп жіберді. Жазықсыз Күнімкүл үшін жанымыз күйзелді.

Директор шақырып тергеуге алғанын ертеңінде-ақ Мұңайтпас ағайға барып, ашу-ызамызды ақтарып ек, ол кісі де әлденеге жабырқау екен.

Біз айыптымыз ба, ағай?

- Бұл көпе-көрінеу қиянат емес пе?
- Күнімкүлдің жазығы қанша?
- Онда бәрімізді айыптасын!
- Мектептен кетеміз бе, қайтеміз!..
- Оқығымыз келмей қалды..

Арамызда Күнімкүл ғана жоқ, кешке қатысқан өзге он үшіміз шулап кеттік. Ағайдың мәлдір қара көздерінен жылы үшқын жылт етті. Әрқайсымызға жеке-жеке жағалап қарап ойланғандай қабагын түйді. Сейтіп:

— Жә, мен де қиналып тұрмын-ау, жігіттер, — деді, арғы ішінен терең күрсінгендей. — Сендердің әрекеттерінді теріс санаған болсам, обаста тартынып қалып қойған болар ем ғой. Орталарыңда отырғаным үшін қазір мен де кінәлі боп тұрмын. Бірақ сендердің әлгі айтқан сөздерің артық «Кетеміз, оқымаймыздарыңа» жол болсын! Біріншіден, мектептен қуып жатқан ешкім жоқ, екіншіден, кішкене қыншылықтан қаша жөнелмексіндер ме! Сондай-ақ қоян жүрек қорқақ па едіндер? Үлкен азамат боп, оң-солдарынды танып қалған жоқсыңдар ма? Бұларыңа мен қарсымын. Олай десендер, мектептерінді ренжітесіндер. — Мұңайтпас ағайдың бетінен жігер байқалды, толқу байқалды. Біз манағы емес, ыстығымызбасылып сабырга түскендейміз.

— Жарайды, сендер де жұндерің жығыла кетпесін, біз де педсоветте сөйлесіп көрерміз.

Шешім осы болды. Бірақ педсовет мүшелерінің көпшілігі директорды қолдады деп естідік. Оған Мұңайтпас ағай мұқалып, тоқтап қалған жоқ. Алғырлығына қоса өжеттік танытты. Сейтіп, біздің ұстаған туымыз жығылған жоқ, жендік деп те айта аламыз. Директор: «Күнімкүл Досановаға алтын медаль бергізбеймін, қайтсем де!» — деген сөзінде тұрды. «Тәртібі» үлгілі емес қанагаттанарлық деп үйғарылып, тарих пәнінен «тәрт» қойылды да, класымыздың арына, нағызына, жүргегіне әділетсіздіктің аяусыз оғы атылды. Ол оқтан Күнімкүл жараланбаса да жанымызды бір түршіктіріп, шоштылып кетті. Біз жыладық, қорқып емес, қорланып жыладық.

Оқу бітіру кешінде ол жара сәл жазылғандай еді, бірақ қуаныш, қапа аралас көңілдеріміз ептеп өксіді.

Бітіру тойымызға ауруханадан жаңа шыққан Күнімкүлді алып келдік. Оның жүзінде уайымнан гөрі өзіне сенген, жақсылыққа сенген үміт шоғы жылтылдаپ тұрды. Достарының арманына, жеке басының мұнын жалғағысы келмеген шығар.

— Сен ренжіме, Күнімкұл.

— Сағың сынбасын!

— Біз қасындамыз. Бірге боламыз.

Ол бәрімізді шетімізден құшақтап сүйді. Өзінің ағат ісі болса, содан кешірім өтінгені ғой деп ұқтық біз.

Сол кеште бес-алты бала Елеместі аулаққа апарып көк ала қойдай етіп сабапты деп естідік. Ал мектеп директорын сабайтын орындар барын ел өзі айтып жүрген көрінеді.

— Мектеппен қоштасу кеші ертеңгі ақ таңға дейін созылды. Алдымыздан ақ жарылып мөлдір таза таң атып келе жатты. Біз сап түзеп құшақ жазбай, ауыл сыртындағы өзенше жағасына қарап «Армандастар» әнін айтып бара жаттық. Көңілде қуаныш, көңілде мұң.

**Қош бол, альбом!**

**Қош бол, бейғам балалық!**

\*\*\*

Мен сендерді бірге тұған бауырларымдай жақсы көріп қалдым, бәлкім, алдарыңда әлі үлкен өмірдің әрқиылдықтын шыныбы, тауқыметі мол тіршілігі кездесер, бірақ қайтпаңдар, жасымаңдар, таулы жердің қыранындай үшқан сайын топшыларың қатая түссін! Алда сендер асар көп сұңғыла биік асуладар тұр.

Жас достарымның артынан қол бұлғап, менің де:  
**«Қош бол, альбом!»** дегім келеді.

## ЖЕМЕРЕН

### 1

Шал қараптан-қарап отырып күйінді. Элденеге өлердей бұлқан-талқан бол:

– Итше күшіктеуін қарамайсың ба! – деді. – Жылына жеткізіп туса да мейлі еді–ау!..

Атасы Жақыптың даусы шаңқ-шаңқ естілгеннен-ақ дастарқан шетіне енді отыра берген Асқарбек әңгіменің кім туралы екенін түсіне қойды. Көк шайнекті алдына алып шай құюға дайындалған әжесі Мәуекүлге қарап еді, сәл қабақ шытынғаны болмаса, сабырлы қалпын бұзбаган екен.

Атасының «итше күшіктейді» деп келе жатқаны Әшірдің әйелі Айбике. Жеті баласы бар. Ал Әшір – Мәуекүлдің немере інісі. Дәл осы ауылды жатқызып-тұрғызатын бастық та сол. Ферма бастығы, айдалада жатқан он-он бес үйлі құмды ауылдың қожасы – өзі. Асқарбектің есітуінде, совхоз орталығы машина мінген адамға да өте ұзақ жол. Аптасына екі рет қатынайтын қос қанатты самолеттен өзге көліктің жөні жоқ. Сондықтан ба екен, бұл ауылда қит еткен жаңалық болса, ол жаңалық шығыстағы көкжиектен көрінуі керек. Тек анда-санда кездесетін шілдехана сияқты тойтомалақ болмаса, әншейінде жым-жырт. Кәдімгі көз үйренген күндергі күйбің тіршілік. Атасының айғайына да құлақ қанық. Расына келгенде, Жақып шалдың күйіп-пісетін де реті бар. Әшір әр баласына думандатып тойқылады. Ағайын-туыс демей тұп-түгел қағаз тарататын. Ол қағазда не жазылатынын Асқарбек жақсы біледі. Асқарбекпен кластас баласы Көпбайдың дәптерінен тілдей қып қып алды да, «Аса құрметті жездеміз Жақып! Жас сәбиіміздің шілдехана тойына шақырамыз. Сенбі – қонақасы, жексенбі тарқайды. Әшір». Бәрекелді!..

Айбикенің аяғы ауырлап жүргенін есіткенде-ақ

Жақып шал тас-талқан боп бөрліккен-ді. «Бұл менің ісегіме келген бала болады әлі... Көр де тұр!» деп ауылды басына көтергенді.

Ішке кіре бере Жақып қолындағы тілдей қағазды Мәуекүлге қарай лақтырды. Эйелінің дәл тұмсық тусын көздеген. Бірақ қағаз қағаздығын қылды: бұлың-бұлың қалықтап барып, көк шайнектің қасына тұсті.

— Баласына ат қояды екен! — деп шаңқылдады Жақып басындағы ақ қалпақты іргеге атып тұрып. — Осымен жеті ісегім кетеді. Тойда қайтады дейтіндей кімім бар менің ертең, бұрсігүні дүркіретіп той қылатын. Соны айтшы!..

Осы тұста атасы Асқарбекке карады. Немересінің бойын көздегендей. Сонсоң тағы шақылдады.

— Мына күшік жігіт боп үйленгенше, бармын ба, жоқпын ба?.. А?.. — деп боп, Әшірге ауысты. Мал десе өлген ит!.. Қарынбайдан да астығой бұл.. Сонда да тойым жоқ.

Мәуекүл енді ғана тілге келді.

— Қимасаң, берме, — деді жай ғана. — Тойына шақырса, осы үйде мен бар дейтін шығар. Сүйегім еді дер... Оны Жақып түсіне ме? Сүйектен өтер сөз айтып қорлайтынын Әшір қайдан білсін... — деп алдында жатқан тілдей қағазды қалтасына салды. — Апарып беремін өзіне... Мына қағазыңды қайтып ал деймін Әшірге... Апаңды бұл күнде Жақып адам санатына қосуды қойған деймін. Құдайдың берген жалғыз баласы тірі жүргенде адам есебінде бар едім, енді қаңсыған қақпасты басына ұра ма, Жақып деймін... Жалғызымнан айрылған соң кімге керек едім мен! Менен Жақыптың мұрны бұрқыраған жаман ісегі артық деймін...

Әжесінің айтып отырғаны Асқарбектің әкесі Накып. Осыдан он жыл бұрын қайтыс болты. Күйеуі өлген соң көп ұзамай шешесі Асқарбекті кемпір-шалдың қолына тастап түу-түу... Қостанай асып кетіпті. Сол жақтың қызы екен. Онан аргысынан ешкімнің хабары жоқ...

Мәуекүл орамалының ұшын көзіне апарды.

— Жалғызымнан айрып, мені несіне тірі қалдырың  
құдай-ау?.. Осы қорлықты көрсін деп пе едің?

Бұдан әрі Жақып шал абыржиды. Баласын айтса-ақ жүні жығылып, бар қаһарынан айрылады. Кемпіріне тік қарай алмай қибыжықтап сәл ғана отырды да, жеткіріне берді. Байыз таппай орнынан түрегелген. Кемпірі: «Қайда баراسың?.. Шайыңды іш» деген жоқ.

Дастарқан басынан береке қашқан соң, Асқарбек те сыртқа шықты. Атасы мал қорада жүр екен. Өзінен-өзі күңк-күңк сөйлейді.

— Өстетіні бар енді, — дейді қасында бір адам тұрғандай-ақ. — Қит етсе, Нақыпжанды айтып шыға келеді, байгүс... Сай-сүйегімді сырқырататын сөзді неге айтады екен а?.. Мені мәз бол жүр дей ме?.. О несі-ай?

Жақып қызыл жыңғылдан істелген мал қораға арқасын сүйеп, көлеңкелеп отырды.

— Ух! — деді сонсоң. — Бәрі жалған екен да... Нақыш дүниеден кеткенде: «Тірі қалмаспын, өлермін-ақ» деп едім. Мына жүрек соғуын тоқтатар емес... Қанеки өлгенім? Жауда алған жоқ... Күнің бітпей қара жерге кірмейді екенсің, әлі жүрмін жербасып... Эйтпесе... — Осы тұста атасының даусы дірілдеді. — Эйтпесе, тірі қалғанда қай төбеге ту тіктім?.. А?.. Айналайын, Нақыпжаным?.. Құлыным! Неге тастап кеттің біз бейбақты зарлатып?!

Атасының иығы селкілдеді. Жылап отыр. Асқарбектің де көзінен жас шығып кетті. Шарбақтың тасасында тұрып, Асқарбек үнсіз егілді. Қызыл жыңғылдың еki шыбығының арасында көрінген атасынан көз алмай, шұбырып ақсан көз жасын жұтады. «Даусым шығып кетпесін» дегендей білегін аузына басып апты. Сонда да жылаған даусы еміс-еміс естіліп қалды.

Осы кезде Мәуекүл де сыртқа шықкан. Шалы мен немересінің еki жерде жылап тұрғанын көріп, кемпір жүгіріп кеп Асқарбекті баурына баса берді.

— Сен неге жылайсың, құлыным-ау?. Жалғызым-

ның көзі-ау!.. Алтын аяқтың сынығы-ау!.. – деп бүгіліп отыра кеткен. – Айналып қана кетейін!.. Толғанып қана кетейін!.. Еңді сені жылатқанша, қара жерге неге кірмеймін, ойбай!..

Мән-жайға енді түсінген Жақып шал апыл-ғұпым қаупалақтаң о да жеткен. Жол-жөнекей көзін сұрткілеген. Келе сап:

– Қарашиғым менің! – деп алақанынан сүйе бастады. Мықтысына жалынып-жалбарынып жүр.

– Айналайын, құдай! Жазғаным-жаңылғаным болса, кешір.. Енді осының жаманшылығын көрсетпе...

Жаңагы дау-дамайы есте жоқ кемпір-шал немересінің асты-устіне түсіп, шыж көбелек болды да қалды.

Бұл кезде Асқарбектің есіне әке-шешесінің жоқтыры түсіп, тіпті егіліп кеткен еді. Балғын кеудедегі құйттай жүрек тағы да зар тартты. Әжесінің бауырына бетін басып, көпке дейін жұбанбай, ұзак жылады...

Бұлар дастарқан басына қайта оралған. Жақып малдас құрган қалпы өз төсегіне жайғасқан-ды. Ыстық шайды сорпа ішкендей сораптай тартады. Мәуекүл де үнсіз. Ойланып қалды. Асқарбек жұмсақ таба наңды сары майға көсіп ап, аузына бұралақтата тығады. Егде кіслердей Асқарбек те шайға құмар. Айран-сүт іше сап, ойынға айналысып кететін емес. Өзге балалар құсан, арсың-құрсіңге де жоқ «Нақыпжанға тартқан, мінезі ауыр жігіт болады» дейді атасы.

Асқарбек биыл онға аяқ басты. Үшінші класқа өткен. Бұл ауылда үшінші класқа өткен бала ересек іспеттес. Өйткені, мектептегі класс саны үшеу-ақ. Қызығы сол, үш кластиң баласы бір бөлмеде оқиды. Бірінші қатарда – үшінші кластиң балалары отырады. Бұл терезе жақ. Далада не боп жатқанын түгел көріп отырасың. Қай үйдің есегі босап кеткенін де, қайсы төбеттің таласқанын да, мектептің дәл қасындағы магазиннен кімнің мас боп шыққанын да елден бұрын білесің. Терезе жақтағы

қатарға Асқарбек екі жыл бойы қызығып келген. Биыл оқушылардың үлкені өздері болмақ.

Асқарбектің есіне дүкенші Өрікбайдың көк есегі түсіп еді.

— Ата, — деді Жақыпқа қарап. — Серікбайлардың есегі жөтеледі...

Серікбай дегені – Өрікбайдың баласы. Асқарбекпен бірге оқитын. Бұрын-соңды есектің жөтелгенін көрмегендіктен бе, Асқарбекке қызық сияқтанған.

Мына сөзге Жақып шал кеңкілдең күлді.

— Темекі шегеді-дағы, — деп тағы да біраз уақыт өзінен-өзі мәз бол отырды. — Мәгәзінші болған соң Өрікбай темекіні аясын ба!..

Атасының сөзіне енді Асқарбек күлді. «Есек темекі шеге ме!» деген.

— Есекті мал қатарына қосады ма, Өрікбай бүгін... Қыс бойы далада қалған соң, жөтелмегенде қайтеді!..

Жақып шал табанастында тулай жаздады. Эншейінде, осындағы әңгіменің тұсында Өрікбайды бір сыбып тастар еді. Қазір еріксіз тоқтаған.

Мәуекүл сөзге араласты.

— Айналайын! — деді немересін басынан сипап. — «Балалы үй – базар» деген осы. Бұған да шүкіршілік. Асқаржан онға келді, санға кірді.. Әлі-ақ жігіт бол атасының қолынан ісін алады...

Жақып шал қауқалақтады.

— Осы кезде-ақ жұмсағаным жарап қалады... Атасының жанына жалау болып жүрген жоқ па?.. Асқаржанның төбесін көргенде қалжырап келе жатсам, қуаттанып қалам...

Шал мен кемпір немересін айналып-толғанып бір серпіліп еді. Енді дастарқан басында әңгіме өрістеді. Сөз басталды.

— Болмашыға боз-боран қылмасаңшы үй ішін, — деп Мәуекүл шалына қарады. — Айналадағы Әшірді айтып

көңілге тигеннен не ұтасың?.. Мынау өмірден көрген құқайымыз аз бол жүр ме?.. — Менің қай қуанышымды көпсінесің?.. Тойға шақырмаса, Әшірге тағы өкпелейсің. «Көзге ілмеді... Көңілге ескермеді» дейсің. Шақырса және жақсы ат жоқ..

Бұл тұста Жақып дауласа алмайды. Айтарға дат уәжі жоқ. Қолынан бар келетіні – шегіншектей беру.

— Е... Оның енді несі сөз... — деп пияласын ұсынады. Сөз арнасын өзгертуінде келгендей. — Сұйықтау қүйшы.. Удай гой... — дейді.

Бірақ Мәуекүл сөз жүлгесінен жаңылмайды. Шалын тақымдап апарып, тығырыққа қысады.

— Әшірді боқтап-бұралаудың ұят... «Итше күшіктейді» дегенінді қой. Келіннің құлағына жетсе, не дейсің? Азарлығы Әшір жаман шығар. Сатып алыптын ба? Құдайдың жаратқаны сол... Экесі қандайлық еді.. Бұткіл Бөгежілді аузына қаратқан бедел иесі-тұғын.

Жақып қипақтады.

— Е... оның бәрі рас қой... Әсіл қарияны көрдік қой өзіміз.. Мәуекүл тағы да сөйледі.

— Әшірдің әкесін боқтаганың, сол кісі Әсілді боқтаганың... Осы тұста Жақып шаңқ етті.

— Бұл ит мінезді түзей алмай-ақ кеттім гой мен... Үа, мың жерден «қояйын-ақ» десем де, «үнімді өшіріп жүрейін-ақ» десем де айқайлап қалған ит ауыз... — деп бол және көтерілді.

— Анау... Әшірге ашум келеді де... Пасықтау болды гой, антұрган.. Әйтпесе, бір қойды аяппын ба?.. А?.. Бір қой түгілі, жұз қой қырқылып жатқан жоқ па, осы?.. — деді көзі шатынап.

Мәуекүл сабырлы қалпынан өзгерген жоқ. Байыппен жауап қайтарды.

Пасықтау екенин бүгін көрген жоқсың... мың жерден туласаң да жөнделмейді енді... Тек үйдің берекесін кетіріп, босқа бөрлігесің...

Шал сөзден тоқтады. Аты-жөні жоқ сөз таластыра беру – Жақыптың әдетіне кері. Тerezе жаққа осқырына қарап, желкесін қасылады.

– Жаманды-жақсылы жездесің... Эшір – пасың деген сөздің сенің аузыңнан шығатын жөні жоқ. Жасың болса жер ортасына жеткен кез.. Аз да болса, алпысқа кеп қалдық. Басқалар айтса, мейлі.. Сенікі ерсі..

Асқарбек шамалап отыр. Эжесі сөзден жеңген кезде атасының түқшия беретін әдеті. Кінәлі баладай, қарсы сөз айтуға шамасы аспайды. Атасының тағы да жағдайсыз халге тап болғанын көріп. Асқарбек ыңғайсыздана бастады.

– Ата, – деді сөзге араласып. – Қойларды көріп келейін бе?..

– Сөйтіші, қарагым...

Асқарбек дағаға қарай тұра жүгірді.

## 2

Үйдің бұғатына тізгінін іле салған торы ат қалғыш тұрган-ды. Асқарбек кеп үзенғіге жармасқанда сәлғана мойын бұрды. «Енді сен келдің бе?» дегендей, Асқарбек ес білгелі торы аттың арқасынан түскен емес. Құйттайынан-ақ атасы атқа отырғызып үйреткен. Бұл күндері Асқарбек атасының торысы ғана емес, Эшірдің астындағы арқыраған қаражорға да көз салады. Әсіресе Эшірдің осы Асқарбекпен бірге оқитын баласы Нәсір қара жорғаны ауылдың бас жағындағы бұлаққа мініп барып суарып қайтқанда қатты қызығады. Торыны маңайлатпай желдей есіп кететін. Эшірдің өзі мінген кезде жолдағы адамдарды қағып кете жаздайды. Қарыс жерге жай жүрмейді.

Асқарбек торының маңайынан сипады.

– Отарға барып қайтайық..

Торы кіртігін бір қақты. «Жарайды» дегендей. Тартпа

астында сұға салған тобылғы сапты қамшыны сұрып алды да Асқарбек тізгінін сілкіді. Үй көлеңкесінде жатқан арыстай маң төбет денесін созып керіліп алды да, торының соңынан ілесті. Асқарбек байқап келеді. Әшірдің есігінің алды абыр-сабыр. Той қамындағы қатын-қалаш зыр жүгіріп жүр. Темір дарбазаның тілдей есігінен бір адам кіріп, екі адам шығады. Бұл ауылдағы еңсесі биік зәулім үй – Әшірдікі. Тебесін тот баспайтын ақ қаңылтыр жапқан; жылтырап жатыр. Оның бер жағында Өрікбайдың мекен жайы. Тамның арты үйілген жәшік. Онан кейінгі үйде Қаратай тұрады. Бұл ауылдағы Әшірден де, Өрікбайдан да қорықпайтын, ықпайтын жалғыз еркек. Мұғалім. Асқарбектің естуінде, Қаратай мен Нақып түйдегі құрдас болған. Тіпті екеудің егіз қозыдай еді деседі. Әкесі де Қаратай сияқты ұзын бойлы, сымбатты жігітсің деп атасы мен әжесі үнемі айтып отырады. Бірақ Қаратай сияқты қызба емес, мінезі ауыр еді дейді. Асқарбек әкесінің суретіне жиі қарайтын: шынында да Қаратайға бір ұқсастық бар. Көзі ұлкендеу сияқты. Қасы да қалың. Асқарбектің анасын әкесі мен Қаратай түу-түу Алматыда оқып жүрген жерінен әкелген екен. Сондықтан ба, Асқарбек Қаратайды іштей жақсы көретін-ді. Оның биік бойына, саңқ-саңқ сөйлегеніне, ешкімнен қорықпайтынына сүйсінетін. «Менің папам секілді» – дейді іштей. Қазір де Қаратайдың үйінің тұсынан өтіп бара жатып, әуелі ішіне мойын соза қарады. Қаратай мектеп маңдайшасында ілулі тұратын «Қош келдіңіздер» деген жазуы бар қызыл матаны жаңасымен ауыстырып жатыр екен. Үш күннен соң оқу басталатыны Асқарбектің есіне түсті. Осы кезде іргеден:

– Берейін десе, белшеден қылатын құдайға не дерсің!  
– деген дауыс естілді.

«Апасынай келін» екен. Асқарбек бұл әйелдің шын есімін білмейді. Ауыл арасында бар өсек-аянды сапырып

жүретін жүйрік осы. Көрші отырған екі үйді келін бол түсे салысымен төбелестіріп, қырып жібере жаздаған соң, ауылдың бір шалы:

— Бұл өзі апасынай келін екен, — депті. Содан бері бала-шагаға дейін «Апасынай келін» атап кеткен.

Енді сол зарлап тұр:

— «Мың бала берейін бе, мың балаға арзитын бір бала берейін бе?» деген құдай, міне, Асқарбекті айтқан.. Қаршадай бол қариядай байыпты-ай!.. Малсағын қараң!.. Біздің жетпегір бір есекке қарай алмай, көк жөтел қып өлтіруге айналды... Бұған таңғалмай өл дейін бе енді?..

Расында да, самолет кестеден тыс келген-ді. Сондықтан ба екен, Асқарбек неге екенін өзі де білмей, «Осы самолетпен анам келе жатқан шығар» деп ойлады ма, торыға қамшы басты. Самолет қонатын жерге тез жеткісі бар. Ауылға қарай атойлап шапқан жас баланы қызық көргендей ұшқан самолетін сәл қисайтқан-ды. Қанатын бұлғағандай сезілді Асқарбекке.

— Анамды өкеле жатырсың ба-а-а?! — деп айғайлады Асқарбек.

Ұшқыш қолын бұлғаған сияқтанды. Қуанышы қойнына сыймай Асқарбек жұлдыздай ақты. Бейне бір, ат үстінен көтеріліп ұша жөнелетіндей бар кеудесін алға созады.

— Мамам!.. мамашым!.. — дейді қайта-қайта. Айналайын анам!.. Келдің ба?.. Келдің бе рас?..

Асқарбек жағы тынбай сөйлеп келе жатыр. Өзі біле-тін нелер шырын сөзді анасына арнап айтады. Кейде іштей күбірлейді.

—Сағындым ғой әбден!.. Бәрінің мамасы бар.. Бәрінің папасы бар...

Асқарбек жеткенде самолет қонып та ұлгеріпті. Есігін енді ашып жатыр. Қонарда көтерілген қою шаң баяу ығып барады.

Есіктің ашылуы мұң екен, қуыршақтай сұлу қыз

көрінді. Рені аппақ. Жүзі де дөп-дөңгелек. Етегі қысқа екен, аяғы баспалдаққа созылғанда тізесі түгел жарқ етті. Асқарбек ілгері ұмтыла беріп қайта тоқтады. «Анам сияқты екен» деді ішпінен. Артынша «Анам емес бұл» деді тағы да. Бұл кезде жаңағы сұлу қыз омырауын желге ашып бүктеліп отыра кеткен-ді. Шамасы, жүргі айныған болу керек. Асқарбек самолеттің есігіне қайта қарады. Домбыра, қобyz, арқалаған жіп-жіңішке шалбар киген жігіт көрінді. Оның соңынан аккордеон көтеріп тағы бір дудар бас түскен. Барабан да әкепті. Гитара ұстап ұзын бойлы сары қыз секіріп түсті. Мәз. Әлденеге сылқ-сылқ күледі. Асқарбекті қол бұлғап шақырады.

«Шешем жоқ» деген ойдың келуі сол-ақ екен, Асқарбектің іші үдай ашып жүре берді. Анасы келменті...

Енді Асқарбек ат басын бұрып ап, айдалага қарай лақты...

Асқарбек торыны бүйірге тепті. Торы сәл ентелей беріп, қайтадан көңіл жықпас аяңға ауыспақ еді, Асқарбек қамшы сілтеді. Жүқа шапқа шарт ете қалған қамшының ұшы зәрлі келеді. Торы желе жөнелді. Қамшы тағы да шып етті. Аттың жанына батты бәлем, құйрығын шипаң еткізді де, қатты жортып жөнеле берген. Асқарбектің көйлегінің омырауын жел кеуледі. Кеудеге желік кірді. Жаңа ғана сампылдаған Өрікбайдың қатынының әңгімесі естен шықты. Екі көз де алда. Әлденеге асығып ілгері ұмтылады. Жанарында қуаныш нұры ойнайды. Торының қара қоңыр жалына бетін тосады да, күлімдейді.

Үш-төрг белден асқан соң Асқарбек тізгін тартты. Бұл тұста жыңғыл көп. Сексеуілдің де қалыңдайтын жері осы. Топ-топ жыңғылдың арасы тұнып тұрған от. Мал басын көтермейтін шиыр. Отар да ұзамапты: Жусан сайдың табанында шашылып жатыр. Жал үстіне көтерілген қалпы Асқарбек дағдарып тұр. Мал орнында, қайтпек керек?.. Кері қайта ма?.. Ауылға барғанда не бар?..

Асқарбектің есіне анасы түсті. Әншейінде де, сәл оңаша қалса, аныны ойлайтын әдеті. Әжесінің айтуында, анысы сұлу екен. Ибалы еді дейді. Жас еді дейді. Накып өлген соң, Әсемкүл бір жыл аралатады да, ата-енеден рұқсат сұрайды. Еңіреп отырып, еліне кетегінін айтады. Онсыз да күйреуге шақ тұрған Жақып пен Мәуекүл тым болмаса Асқарбекті қалдырып кетуін өтініп жалынады. Сөйтіп немересін ап қапты. Мәуекүлдің айтуынша, Әсемкүл кетерінде самолетке жеткенше, еңіреген қалпы жүгіріп барыпты да, екі бүктелген күйі бас көтермепті. Сонда да ұшатын осы екі қанатты самолет екен. Бұғінде дәл төрде ілулі тұратын шешесінің суретінен өзге Асқарбек анысы туралы ештеңе білмейді. Суретке анысы құлімдеп түсіпті. «Қабақ шытуды білмейтін еді» дейді әжесі. Келіні мен баласын айтып-айтып кеп, ақыр соңында көз жасын сығып алады Мәуекүл...

Осы кезде жапан даланы жаңғыртып қос қанатты «АН-2» самолеті жал-жал құмның арасынан шыға келгендей болды. Әлде ой үстінде тұрып байқамады ма, самолет жақындал қапты. Бар даусымен барылдан келе жатыр. «Әй, бұнысы несі?..» деп ойлады Асқарбек бейmezгіл келген самолетке таңданып. – Бұғін қай күн, осы?..»

### 3

Ауылдан біраз ұзап шыққан соң ғана Асқарбек ат тізгінін тартқан. Артына бұрылып, самолетке жақтырмай бір қарады. Бейне бір самолет кінәлідей-ақ. Көзіндегі жасты сұртті. Сонда да тоқтау таба алмай өксіп-өксіп қап еді.

Осы кезде ауыл жақтан Ақбоз арғымағын арқыратып Қаратай шыға келді. Бұғін Әшір көкпар береді. Жаңағы келген әртістер де сол тойдың қамы. Ауданнан әдейілеп әншілер алдыртатын Әшірдің ежелгі әдеті. Асқарбек

көз жасын сұртті. Өйткені Қаратай Ақбоз атын ағызып, осылай қарай бет алған-ды. Бұл додаға түсер алдындағы Қаратайдың ескі әдісі. Атының етін қыздырмақ.

Ә дегенше, Қаратай құйындаған қалпы жақындаған қалды. Жебедей ағып келе жатыр.

Асқарбекті көріп Қаратай тізгін тартты. Арындаған Ақбоз ат көзі қанталап аузы айырылып кетсе де, тоқтагысы жоқ Бірақ иесінің әлуекті қолының тегеурініне шыдай алмай, аузын барынша ашқан қалпы тұмсығын көкке соза қырындаған бұрылып келеді. Қайратты аяғымен құмды суша шашып, бұрқ-бұрқ лақтырады.

Сонадайдан орағытқан Қаратай:

– Негіп тұрсың?.. – деп айғайлады.

– Жа-а-ай!..

– Ер соңымнан!.. – деді де Қаратай тізгінін қоя берді. Өзі де біраз шапқан соң желігіп тұрган торы ауыздықты тістеп ап, Асқарбекті бүйым құрлы көрмей ілгері ұмтылды. Енді Асқарбектің кеудесіне желік кірген. Жанарында жалын ойнайды. Жаңа ғана егіліп тұрган көңіл қатайған. Көзінде өжеттік бар. Балғын дененің жас қаны қызынып алған-ды. Зымырап бара жатқан Қаратайдан көз айырмаган қалпы Асқарбек өзі де ересек адамдай:

– Шүу, жануар!.. – деді неге екенін анық түсінбей. Әсіресе Ақбоз аттың үстіндегі ақ көйлекті Қаратайға қатты қызыққан. Маңдайын шарт байлаған ақ орамал ше!.. Жалт-жұлт еткен жанары қандайлық! Әншейінде қысықтау көрінетін көздері ұлкейіп кеткендей от шаша қарайды. Қаратайдың қара торы жүзіне қан жүгіріп, ақшылдана түскендей ажарлы. Асқарбектің көз алдына «Халық батырлары» деген кітаптың мұқабасындағы найза ұстаган Ер Тарғын елестегендей.

Иен даланың төсін дүбірге толтырып отыздағы отағасы мен онға енді аяқ басқан қаршадай бала заулап бара жатты...

Дарылдап самолет келгенде-ақ мән-жайға қанық Жақып шал:

— Баяғыда зордың арты диірмен тартады деуші еді — деді өзіне-өзі. — Бұл кезде самолетінді ұшырып-қондыратын болдығой...

Жақыптың сөзінде жан бар. Бүгінде самолет әдеттегісінен ерте келген. «Әшір ауданнан әртістер алдыратын болыпты» деген әңгіме бір аптадан бері-ақ ауыл арасында гүлдеп тұрган-ды. Қонақ дегенің де қалтайтын. Ыңғай ығай мен сығайлар. Осы самолет екі рейс жасайтын да кезі болушы еді. Тіпті самолетіңе қойешкісін салып ап мынау ел тойға баратын бол жүр...

— Әртістер!.. Әртістер!.. — деп ауылдың бала-шағасы тұра кеп жүгірген соң, Жақып шал да жол шетіне аялдаған-ды.

Жап-жас балалар мен жалба шаш қыздар екен. Қысқа етектен жалт-жалт көрінген ақ сандарға қарап, «Таңын жарқыратып жүре беретін болды-ау бұл кезде.. Аят-ұятың адыра қалды-ау осы...» деді ішінен. Жіңішке шалбар киген мұртты балаға жақтырмай қараган.

Ақбоз атын сылаң қақтырып Қаратай үй тасасынан шыға келгенде, Жақып шал: «Е, айналайын, сөйтіш!..» деп қап еді. Оң бүйірлеп ойнақтап бара жатқан Ақбоз аттан жасқанғандай әртістер жолдан ығыса берді. Бәрі антарыла қарап, Қаратайдан көз айыра алмайды. Екі тізесі аргымақтың құлағын қакқандай бол отырган отыздарға енді іліккен сымбатты жігітке қысқа етек қыздарың телміре қарайды. Күтпеген жерден кездескен келбетті жігіт тұлғасы бәрін тұтқындалап алғандай...

Бұл кезде Қаратай Ақбоз аттың тізгінін қоя берген. Ә дегенше, ауыл сыртындағы қысқа жотадан асты да, көрінбей кетті.

Өзінен-өзі Жақып шал мерейі көтеріліп, жымың-

жымың етті. «Көрдіңдер ме?» – дегендей жан-жагына қаранды. «Уа!.. – дегісі келді шалдың. – Қаратайдың тырнағына арзитының бар ма, тегі?.. Мениң Нақыпжанымның жөні бөлек еді. Оны білесіңдер ме сендер?!».

– Ассалаумагалейкүм! – деді Жақып шалға жіңішке шалбар киген бала.

– Уағалайкүмассалам...

– Ата, жаңағы жігіт балаңыз ба?..

Жақып шал «балам емес» дей алмады. Басын изеді.

– Мынау байтақ далада... Мынау шалқар далада дәл осындай перзентіңиң жүргені қандай жарасымды еді!.. – деді жіңішке шалбарлы бала жігіт тақпақтап. Қызғанып емес, қызығып түрекен. Қаратайдың соңынан қарап біраз бөгелген.

– Біздің Құмар тағы бір өлең жазатын болды-ау, – деп әдемі қыз сыңғырлап күлді.

Оңаша қалған соң Жақып шалдың жан сарайы әлем тапырақ бол, қараптан-қарап тұрып,abyржи бастады. Жаңағы баланың сөзі құлак түбінде ызындаپ тұр. «Мениң Нақыпжаным тірі жүргендे, бұл даланың көркі еді-ау!» деп іші үдай ашыды. Жүректің басына у құйылғандай өзегін бір өрт аралап бара жатыр. Шашыранды ой жан-жаққа тартқылады. Есіне қай-қайды оралды. Атам заманнан кіндік қаны тамып, кір суы араласқан киелі мекен осы. Ес біліп, етек жиғалы Жақып шалдың бауыр басып өскен жері бұл. Сона бір жыл ғана ел басына күн туган тұста Жақып шал елден жырақтаған: түтүтү Герман жерінен қайтқан-ды. Өзге елге қаңғып, жат жерге мекенде мемепті. Ой жүгіртп көрсе, өз өмірінде өкініш те, шаттық та көп кездесіпті. Бұландаپ жігіт бол өскен шағы қандай шырын еді! Мәуекүлге асық бол, естен айрылған шағы ше!.. Өлең айтып, жыр арнап мынау даланы әнге толтырған іңкәр жылдар жадынан өшер ме, сірә!.. Бертін келе Нақыпбай перзентінің

қуанышын көрді. Ер жетгі, тұғырга қонды. Жұпар иісті жусанды дағаға тағы да ән толды. Үлкеннің алдынан көлденең өтпейтін ибалы Нақып ел аузынан түспей тұрган-ды. Бірақ арыс ұл Жақыптың тайқы маңдайына сыймай кетті ғой...

Енді ойланып байқаса, Жақып шалдың бір сүйініші бар. Ол тағдырына разы. Қарақан басы қақып қалмады. Маңдайына Нақып сынды перзент бітті. Елдің алды болды? Жақыпты қуаныштан қағыс қалдырмады бұл тағдыр. Шал осыған риза. Енді, міне, жаман немересі бар. Ә дегенше-ақ, жігіт боп шыға келеді...

Қалың ойға шым батқан Жақып шал елең етіп басын көтеріп алды. Ауыл шетіндегі қыраттан екі аттылы төмен құлап келеді екен. Алдыңғысы – Қаратай. Ақбоз аты ауыздығымен алысып, біресе оңға, біресе солға қарай ойқастап салтанат көрсетеді. Қаратайдың сонын ала торыны шоқыта Асқарбек келеді. Отырысы мығым. Тізгінді шірене тартады. Қуанғанынан Жақып шал абдырап қалды.

–Тіфә!.. Тіфә!.. – деп екі жағасына түкірінді. Тілкөзден аман қыла гөр.. Жалғызымнан қалған тұяқты сақтай гөр..

Сөйтті де:

–Құлыным!.. Құлыншағым!.. Қуатым!.. – деп Жақып шал немересінің тізгінің ұстамақ боп қалбалақтай ілгері ұмтылды.

## 5

Күн еңіске еңкейе бере ауыл сыртындағы жазаңға қызыл тұмар көпшілік қаптап кетті. Бала-шағаға дейін түгел жеткен. Барлығы көкпар көрмек. Шошқабұлақ аталатын ауылдан он кісі кепті. Қызылдың құмындағы шашылып жатқан малшылар тегіс хабарланған екен. Шабандоздар андыздал жүр.

Жақып шал бәрін танитын құсайды. Әрқайсысымен атап-атап амандасып қалды. Қайсыбіреулеріне:

— Да, іргеге кеп жатқанда неге келмедің үйге?.. Сұхбаттассақ болмас па еді?.. — дейді. — Бір қойдың басын жеп, төрімде шалқайып жатсаң жараспас па еді!..

Анау риза. Арқа-жарқа.

— Ат сұтып... Таза ауда терін үгіп жаттық та, Жақа... — деп боп. — Жаман немерен аман ба?.. Бәйбішен қалай?..

— деп айғайлайды ауыздығын шайнаған қарагердің тізгінімен алысып тұрып.

Сонадайдан жауаптасқан кісі Жақыптың қасында торыға мініп тұрған баланың кім екенін білмейді. Асқарбекті танымайды.

Енді біреуге Жақып шал тағы айғайлады.

— Да, Есен, Ақмаңдайың қайда?..

— Сатылып кетті, Жақа!

— Да, кімге саттың?

— Қараөткелдегі қазақтарға кетті...

— Да, қаншага? — деп өңешін созды Жақып шал.

Анау сұқ саусағын шошайтты.

— Былтыр сегіз мыңға бермеген еді... Жануар он мың сом бопты да....

Бар әңгімені есітіп тұрған бағанағы жіңішке шалбар киген жігіт:

— Пай!.. Пай!.. «Газ-24-тің» құны ғой мынау... — деп таңғалды.

Жекіп тастағалы Жақып шал тез бұрылып, әлгі жігітті таныған соң, сабыр тапты. Қалада өскен баланың түсінбегеніне ренжімеді.

— Ақмаңдай аман болса, он мыңды сатып алған адамға анық екі көкпарға қатысқанда-ақ әпереді... — деді жай гана.

— Балаңыз келді... — деді жіңішке шалбарлы Жақып шалға. Ақбозын арқыратып Қаратай жеткен екен: елден ерек биік бойлы. Ақкөйлек, мандайға шарт байлаған

ақ орамал. Топ-топ шабандоздарды бір өзіне қаратып, атын ойнатып жақындай берген.

— Қандай ғажап!..

Таңданған жіңішке шалбарлы жігіттің есіл-дерті Қаратайда. Өзге дүниені ұмытқан. «Қақылдаған заржақай!» — деді ішінен Жақып шал.

Осы кезде серке ортаға тасталды. Көкпар басталды да кетті. Бас-аяғы қырық шақты аттылы кісі бір жерге ұмаржұмар төңкерілген. Қаратай ғана шетте жүр. Шамасы, апыр-топыр топтың селдіреуін күтетін сықылды. Бірақ құж-құж қайнаған шоғыр ажырар болмады. Енді Қаратай ат мандайын додаға түзеді. Омырауы есіктей жануар сынадай жарып кие жөнелген. Қайсыбір аттар арт жағы дөңгеленіп көткеншектеп кері кетуде.

Көкпар қызығына қаншалықты құмартса да, Асқарбектің көзі жіңішке шалбарлы жігіттің қасындағы дөңгелек жүзді сұлу қызда. Бір келбеті анасына ұқсайтын секілді. Бұл да жап-жас. Кірпіктері ұзын екен. Әрі сөйлеген сайын күлімдей береді. Рені аппақ қуыршақтай. Самолеттен түскенде «Анам екен» деп қалған қыз осы. Көзі де ұксас: үп-үлкен. Ойға шомған сайын Асқарбектің жан дүниесінде бір ыстық ағыс пайда бол, өзекті өртеп бара жатты. Сәби жүзіне мұн ornaғan. Қаршадай баланың иығынан батпан салмақ жаншып еңкейткенді. Торының үстінде тіп-тік отырган Асқарбек бұл кезде иіле түскендей еді.

— Әкетті!.. — деген аңы дауыс Асқарбекті селк еткізді. Айқайлаған жіңішке шалбарлы жігіт екен. Дәл өзі дода бұзғандай еліріп атты. Екі көзі көк серкенің бір аяғын ұстал төрт аттыны ілестіре ала құйын бол келе жатқан Қаратайда. Серкенің артқы аяғына төрт қол қатар жабысқан. Өлмей айрылыспайтын сықылды. Ақбоз аттың тізгінін бос қоя беріп, Қаратай ер үстінде кері бұрылып алғандай екен. Екі көзі ажыраспай келе жатқан қарсыластарында. Алдында жар тұр ма, жартас бар ма

— онымен ісі жоқ. Ағып келе жатыр. Қатар жарысқан үш-төрт ат құйрықтары шаншылып, өздері бәсендеп қалғандай. Олардың соңын ала қиқулаған қалың нөпірдің сыйбыты сұмдық. Селдей қаптарап төніп келе жатыр.

— Пай!.. Пай!.. — деді жіңішке шалбарлы жігіт шаңқ етіп. Жақып шалмен сөйлескен кісінің біреуі еken. Қаратаймен тартысып келе жатқан төртеудің алдыңғысы. «Немерең қалай?» деген адам осы.

— Елуден асса да Асаубайдың қайрат бар әлі... — деп сүйсініп тұр Жақып шал. — Бірақ Қаратайға қайдан пар келсін-эй...

Бұл кезде көпшілікте дегбір қалмаған. Бәрі шулап тұр.

— Тарт, Қаратай!..

— Жұлын ап кет, көкетай!..

— Иә, аруақ!.. Медет бер...

Қалың айқай шынында да Қаратайға қуат бітірді ме, қайдам, бір кезде арыстандай ақырып қалды:

— Иә, бақ!.. — деді-ау шамасы.

Сол-ақ еken, көк серкені солаң еткізіп жұлып алды. Оны көрген қалың елде ес қалған жоқ.

— Айналып қана кетейін!..

— Жан кекешім!..

— Тусаң ту!..

— Атаңа рақмет!.. — десіп гүлдеп кетті.

Қаратайдың қайратында есеп жоқ еken-ау, көк серкені тулақ құрлым көрмей бір қолымен төбесіне көтеріп, зулап ақты.

— Пай!.. Пай!.. — деді тағы да жіңішке шалбарлы жігіт шаңқ етіп.

Енді ерекше шабыттанып:

— Сұр жебедей атылды-ау алға!.. Ұлыстың ұлы күні еken-ау бүгін!.. Неткен сұлу көрініс!.. Неткен бақыт еді мынау!.. — деп кеудесін ілгері созып барады.

Бұл кезде Қаратай жалғыз самғап кеп мәреге көк серкені атып ұрган болатын.

— Бірінші салымды Қаратай алды! — деп айғайлады.  
«Беларуське» тіркелген тележканың үстінде қазылық  
қып тұрған Өрікбай. Он қой, екі бұқа, бір бие... Бес жұз  
сомы ақшалай...

— Бұл жолы салымды Әшірдің қайнағасы тігіпті... —  
десіп жатыр.

— Ә, құдалар де... Жөн-ақ...

Көк серке тағы да додага кетті. Бұл жолы Қаратай ат  
басын іркіп қап еді.

— Не болды, Қаратай?.. Неге тұрсын?.. — деп ауыл шу  
етті.

— Келген қонақтар да сыбаға алсын, — деді Қаратай  
жайғана.

Жақып шал ризалығын жасыра алмай:

— Айналайын... — деді Қаратайға елжірей құрап. —  
Оның да жөн... — Күні бойы іргеде қимылсыз тұрған  
жұдырықтай бейтаныс жігіт:

— Қаратай аға, ендеңе менің өнерімді бір көріңіз. —  
деп тізгінің қағып қалды.

Сөйтті де ұра жөнелді. Бойы бір қарыс-ақ дегендей.  
Бірақ шымыр.

— Да, бұл қай бала?!

— Кімнің ұлы? — деген көпшілік аң-таң. Тек Жақып  
шалғана күңк етті.

— Бегімбеттің баласы болмагай... — Жиырма бесте  
деген... — деп өз-өзінен сөйлеп тұр. — Сонау жырақтан  
қалай келген?..

Бейтаныс жігіт күренін сорғытып қан додага жетті де,  
бір айналып шықты. Шамасы, ортада не болып жатқанын  
анық көре алмаған. Енді ер үстінде тік тұрды. Жұдырық-  
тайғана жігіттің ат үстінде қаққан қазықтай шашшылып  
ап шауып жүргенін көргендер жағасын ұстасты.

— Апырай, әлгі үиркте көруші ек мұндайды...

— Ат құлағында ойнайды деген осы-ау... Жақып шал  
тағы сөйледі.

— Аның сол... Бегімбеттің баласы болды... Бегімбеттің баласы додадағы жұрттың оңайлықпен тараспайтынын білген соң, ат басын сонау шет-шетте тізіліп тұрган көрермен көпшілікке қарай салды. Ақжал күренді ат үстінен шалқалап құлай берді. Көріп тұрган қалың ел гу ете қап еді.

Жақып шал:

— Өнеріңнен айналайын, Күйкентай!.. — деді жай ғана.

Бұл кезде Бегімбеттің баласының оң қолы жерді сзып келе жатқан-ды. Сол аяғының ұшымен ер басына ілініп апты. Басы да жерге тиер-тимес. Сонау шетке жете бере бойын тіктеп, түрегелді. Аттың басын қайырып ап кері шапты. Бұл жолы Бегімбеттің баласы құйғытып келе жатып, секіріп түсे бере, аяғы жерге тиер-тиместе қайтадан қарғып мінді. Сол өнерін он шақты рет қайталап, ат үстінде ұршықша айналды.

— Бұған не дерің бар!.. — деп таңдай қақты жінішке шалбарлы жігіт.

Дәл осы тұста дода сөгілген. Топ жарған Асаубай екен. Екі көзі аларып апты. Желімдей жабысып ілесе шыққан үш-төрт кісіден құтылуудың қамымен әлек. Басқа көп қол үзіп қала берген. Осы тұста Бегімбеттің баласы Асаубайға сол жағынан жақындаған берді. Серке жақтан қамшы салар тұстан келмей Асаубайдың ту желкесінен кеп асыра жармасқан. Ел сияқты оң жақтан тартыспай, арқаға кеп асылған пәледен құтыла алмай Асаубай ер үстінде шырқ айналды. Бірақ артындағы адамның кім екенін көре алмай-ақ қойды. Енді міне, серкені ел секілді төмен тартпай, жоғары сүйреп барады. Тіпті арт жақтағы адамның не айла істеп жатқанын білу де қиын. Серкенің бір аяғына шылбыр іліп алатын қулар да болады. Мынау да сөйтті ме, кім білсін, шыдатар емес. Сурып барады. Асаубай ат үстіне тас бол жабысқысы келді. Қос тақымды темір құрсаудай қысты. Бірақ желкеден жабысқан күш ересен.

Асаубай қорлыққа шыдай алмай:  
— Айналайын ата-бабамның аруғы!.. Абырой бер!.. —  
деді көзі жасаурап.

Сөйткенше болған жоқ, Асаубайдың оң тақымы ажырап кетті. Жалт қарап еді, жұдырықтай ғана жас жігіт екен. Асаубайдың көз алды түманданды. Құлақ түбінен пойыз гүлдегендей. Қаны қарайған. Астындағы Қасқараға қамшыны осып-осып жіберіп, алға ұмтылды. Құйғытып жеткен Асаубайдың жынының келгені сонша, ат үстінен көк серкемен қосып, анау баланың өзін де жұлып алғысы келген. Бірақ Асаубай қол соза бергенде Бегімбеттің баласы құлақ есітіп, көз көрмеген іс қылды. Жақындай берген Асаубайды ат үстінде, оңға қарай, өз денесін лақтырып тастай бере иықпен кеп соққан. Асаубай аударылып қала жаздады. Бегімбеттің баласы болса оп-оңай қайта түрегеп ап, мәреке тартып бара жатыр.

Елу жасқа келгенше, Асаубай дәл мынадай сұмдықты көрген емес. Эйтсе де жұдырықтай баладан алпамсадай Асаубай жеңілді деген сөз өліммен тең. Бұл жолы Асаубай ақыра ұмтылды. Мәреке жете бергенде, көк серкеге қолы ілікті. Бір серкені қатар сілкілесіп мәре үстінде шырқ айналып тұрып қалды. Ендігі мақсат біреу-ақ: қарсыластың қолынан серкені жұлып ап жерге тастау. Серке жерге тұспесе, мәреке жеткенимен, ол есепке кірмейді. Осы кезде Бегімбеттің баласы тағы бір іс қылды. Серкені құшақтаған қалпы ат үстінен өзін-өзі жерге тастаған. Қанша мықты болса да, дәл осындай сэтте серкені ұстап айрылмай қалу қын. Асаубай ес жия алмай қап еді.

Қаратай саңқ-саңқ құлді.

—Апыр-ай!.. Мына баланың қасында біздікі әншнейін-ақ екен-ау!.. — деп барынша разы боп тұр.

Бұл кезде Асқарбек те өз мұнын ұмытқандай еді...

Әшірдіауласына ұзыннан ұзак етіп, үш қатарорындық қойылған екен. Қазір бір орын бос емес. Үстел үсті ығыжығы. Дүниенің бәрі бар. Бөтелкенің неше атасы тізіліп қапты. Ауланың ішкі дуалына қызылды-жасылды қып кілем іліпті. Самаладай электр шамы жарқырап тұр. Елдің алды қыза бастаған шақ.

Күн бойы төрағалық жасап топ басқарып тұрган, жағына пышақ жанығандай арық қара:

— Ха-лай-ық!.. — деп шаңқ етті. — Бір сөзге мұрсат берсеңдер мен сөйлегелі тұрмын...

— Е, сөйле...

— Әлі сөйлеп бітпеген бе... Төрағасы сөйледі.

— Аяулы да абзал азаматымыз Әшекең ауданға ғана емес, облысқа аты әйгілі беделді кісі. Ел ағасы Әшекең.. — деп шаңқ-шанқ етті бейне біреумен ерегіспіп тұргандай екіленіп. — Әшекең басқарған пермеден әр жұз саулық жұз жиырма-жұз отыздан қозы беріп жүр... Әшекең СЖК-сыз-ақ мол өнім алуда...

Қаратай мырс етіп күлді.

— Әй, мынау қайда лақты-ей!. Анау сөзін бітірмеген екен.

— Абыройы аспандап тұрган ағамыздың денсаулығы үшін, жаңадан дүниеге келген перзент үшін тост көтерем... — деді де өзі тартып жіберді.

— Тамаданы ұрды құдай... Мас бол қапты... — деп Қаратай тағы мырс етті.

— Біздің елдің тойына иелік қылатын кім өзі бұл? — деп шатынады Жақып шал. — Осындей шілтиген ит табылмады ма бір қауым елден?..

— Е-е, мунда гәп бар.... Өзі шілдей болса да, қызметі зілдей... Аудандағы «Заготскоттың» бастығы осы... — деді іргелес отырған көзі қарақты біреу. — Есепті дүние да...

Атасының қасында отырған Асқарбекке мына әңгі-

менің көбі түсініксіз. «Неге есепті дүние болады?.. «Заготскоты» несі?.. «Бастықтың бәрі той басқару керек пе?...».

Ел түгел кесе көтерісіп жатқанда, Қаратай ғана қозғалмай қалған. Ол ішпейтін.

—Кезекті әнге береміз!..

Сол-ақ екен, аула іші жаңғырып жүре берді. Асқарбектің анасына ұқсайтын сұлу қыз жарқырап ортаға шықты. Микрофонды аузына тақап ап, бір әсем ән шырқады. Өзі әрі билеп тұр. Жел соққан қоғадай иіледі кейде. Танадай жайнаған қос жанаң тұп тұнық. Мөп-мөлдір... Кірпіктері найзадай. Сүмбідей...

Жіңішке шалбарлы жігіт гитар тартады екен, мың құбылтады-ау... Бәрін басқарып жүрген де осы құсайды. Кенет шам сөнді. Қайта жанды.

— Ya, — деп бақырады Эшір. — Ya, анау тырылдаққа сыбага жібермеген бе едіңдер?..

Электр беріп тұрган Боранбай өзін осылай еске салатын. Біраз күтеді. Тойдан сыбага жетпесе, осылай бір өшіріп, қайта жағады. Онысы — «Әкеліңдер» дегені. Тамақпен арақ болмаса, анау движок бұзылады. Сонсон, отыр қараңғыда қабанша күркіреп.

Кең даладағы кішкентай ауылдың үстін ән кернеді. Тұнді түріп тастап ән кетті әуелеп. Мұндай тамаша әншіні Асқарбектің бірінші көруі осы. Дауыс деген бір гажап: қалай созса да шырқап кете барады. Құлаққа жағымды, жүректі елжіреткендей. Өзі де әсем жанның сұлу әнін есіткен соң ес қалмайды екен адамда. Осыны түсінді бүгін Асқарбек. Туасы, мынау дүниедегі ең әсем нәрсе екеу-ақ-ау шамасы, — деген де ой кеп еді Асқарбекке. Олар: ана мен ән. Оның екеуі де әсем, екеуі де сұлу... Анасының Әсемкүл аталауы да сондықтан болар. Мынау әнші қыздың есімі Базаркүл екен. Жаңа ән айтарда таныстырып жіңішке шалбарлы жігіт аты-жөнін айтқан-ды. Мәдениет институтының ушінші курс

студенттері бол шықты. Бәрі де осы ауданның тұлектері, қазір жазғы демалыста жүргенге құсайды. Тап ертең-ақ тіке облыс орталығына кететінін де жасырмagan. Өйткені оқу жақын. Тек Әшекеңнің тілегін қимай келген жайлары бар...

—Оқушы балдар екен да... — деді өзіне-өзі Жақып шал. Әртістікке қомсынғандай.

Ән аяқтала бере ел шулап кетті. Асқарбек өзге дүниені ұмытқан. Екі көзі Базаркұлде. Өз шешесінен бір белгі қалғандай, әлденені іздегендей болады. Көз алмай қарайды. Сонша қадала көз салған жас баланы байқаган Базаркұл күлімдегі қас қағып жауап берді. «Неге сонша тесілдің?» дегендей. Асқарбек төмен бұғып кетті. Ұялып қалған-ды. «Менің не үшін қарағанымды ол қайдан білсін...» деп ойлады ішінен. Ренжіп жүрсе...

Бірақ тағы да қарағысы келеді. Өз анасын көргендегі болады. Басқа дүниенің бәрі ұмыт. Тек анаға деген өрттей ыстық сағынышы ғана бар. Анасына ұксас жанға барынша қарап қалмақ. Қарай бермек, қарай бермек...

Ән кезегі балаларға тиген соң Базаркұл Асқарбектің қасына кеп жайғасты.

— Балақай, атың кім?.. — деді иығына қолын сап. Асқарбектің жүрегі аузына кеп кептеліп қалғандай-ды. Әп дегенде, дегбірі қашып сөйлей де алмады.

— Ас... Асқарбек, — деді де тынды.

— Оқисың ба? Асқарбек бас изеді.

— Қай кластасың?

— 3-ке өттім...

— «Бесің көп пе? Асқарбек тағы да бас изеді.

— Қанша «төртің бар?..»

— «Төрт» жоқ...

— «Үш» ше?

— «Үш» те жоқ... Базаркұл қуанып кетті.

— Эй, сен жігіт екенсің гой. Маладес... Мамаң қайда?.. Асқарбек мұңайып төмен қарады.

— Не болды?! — деді әлденені бұлдіргенін сезген Базаркүл.

— Мамам жоқ, — деп біраз үнсіз отырды да, — Атам мен әжем бар... — деп қосты.

Базаркүлдің реңі онан сайын ағара түскендей болды. Демек, мына баланың әкесі де жоқ болғаны да... Одан арғысын сұрауга Базаркүлдің батылы жетпеді. Енді не деудің де ретін таппай, бөгеле берген.

Сөзді Асқарбек бастады.

— Сіз анама ұксас екенсіз...

Қасында біруыс бол отырған жас баланың қасіретін түсінген Базаркүл жылап жіберуге шақ қап, ерінің қиқалап тістей берді.

— Өте ұксайсыз... Үйде маманың суреті бар... Сен-бесеніз, жүріңіз, көрсетейін... — деді Асқарбек жалт қарап. Үкінің көзіндегі үлкен қос жанарын бейтаныс қызыға қадап қапты. Сол қос жанаарда сонша мол сенім, таусылмас мұң, сарқылмас сағыныш толып тұр еді.

Ай-шай жоқ Базаркүл Асқарбектің соңынан ерді. Ләм-лим деуге шамасы жетпейтін сықылды.

Есік ашық екен. Бұл ауыл құлыпты білмейді. Күндізтүні сол. Бәрі ашық-шашық жата беретін. Төрдегі сурет, расында да Базаркүлге өте ұксас еді. О да дөңгелек жүз, танадай жарқыраған қос жанаар тұнық, тұңғиық... Кірпіктері қалың, сүмбідей ұзын. Сәл күлімдеп қарайды.

— Рас па? — деп Асқарбек суретке бір, Базаркүлге еki қарайды.

Бұл кезде Базаркүл еңіреп жіберуге шақ қап тұрғанды. Асқарбекті бас сап құшактап бауырына қысты да, үн-түнсіз отырып қалды. Ағыл-тегіл көз жасын көрсеткісі келмей, үнсіз егілген. Неге екенін өзі де анық түсінбей, Асқарбек те қатты жылап жіберді. Алдындағы адамның анасы емес екенін білсе де, Базаркүлдің бауырына тығыла түсіп көзінің жасын көл қылды.

— Айналайын... — деді Базаркүл өзі өксіп-өксіп қап. —

Қарағым-ай... Қой енді, Асқаржан, жыламайық... Бір күні мамаң да кеп қалар...

Айтарын айтса да, Базаркулдің тағы да зәресі қалмады. «Бәлки, қайтыс боп кеткен шығар...» деген ой келген-ді. Ал Асқарбекке бұл сөз тіпті басқаша әсер етті.

— Келе ме?! — деді жұлып алғандай.

Екі көзі шарасынан шыға қадалып қапты.

— Неге келмесін!.. Сендей үлкен баласы болса, қалай келмейді, өзің ойлашы?

— Мен де «келеді» деп ойлаймын... — деді енді Асқарбек нық үнмен. — Самолет келген сайын күтемін... Бүгін сізді мамам екен деп қалдым... Ақыры келеді, ә?..

Базаркул күлімдеп бас изеді.

Енді Асқарбектің жүзіне де күлкі жүтірген еді...

## 7

Тұннің бір ортасы болғанда ғана думан тарқаған соң, Асқарбек үйге қайтқан. Жақып шал мен Мәуекүл де Асқарбектің әнші қызды айналышқұтап шықпай жүргенін сезген. Өздері де алғаш көргенде: «Біздің келіннен айнымайды екен-ау» дескен-ді. Іштей егіліп қалған болатын. Қазір таңғы шайды екеуі ішіп отырып, шырт үйқыда жатқан немересін сөз етеді.

— Анасын іздейді екен-ау, күнім...

— Бала — көкірек деген қиын... Ана — көкірек деген де қиын...

— Келін кетті ғой... Біреудің есігінің алдын сыпырып жүр-дағы, — деп Мәуекүл көзінен жасын сығып алды. — Эйтпесе өзгеге қиятын жан ба еді сол.. Мандаіымызға сыймады да...

Осы кездетарылдаған самолет даусы естілді. Асқарбек үйқылы қалпы күлімдеді. Шамасы, осы самолетпен анам келді деп жатыр-ау тағы да... Кенет Асқарбек басын жастықтан жұлып алды. Атасы мен әжесін көріп,

біраз ғана түкке түсінбегендей қадала қарап отырды да, самолет даусын тағы да есіткен соң да лаға қарай тұра ұмтылды.

Ауыл үстінен бір айналып өткен самолеттің тере-зесінен Асқарбекке қол бұлғағандай болды. Амалы таусылған Асқарбек жалаңаяқ құм үстінде алыстап бара жатқан самолеттен көз алмай тұрып қап еді.

# ӘҢГІМЕЛЕР

## ҚОНАҚТАР

— Келді! — деп айқайлап жіберді балконнан қарап тұрган Қалия бөлмеге жүгіре кіріп.

Қонақтарды қарсы алуга бәрі екі-үш сағаттан бері тап-түйнақтай бол дайын отырса да Айнаш абыржып қалды. Жүрегі кеудесіне сыймластай бол, алқымына тығылған. «Құдайым-ай... Астанадан келген адам... Жержүзінің талай-талай елдеріне де даңқы кеткен... Сүйікті композитор біздің тұрмысымызға күліп кетпесе игі еді...», — деп бөлме ішіндегі гарнитураға көз жүгірткен. Бәрі айнадай-ақ жарқырап тұр. Анау-мынау емес, араб елінің ою-нақшысы салынған әсем дүниелік. Тек реңі сарғыштау.. Қара қоныры табылмаған. Әйтпесе, Әтем сорлы ақшасын аяған жоқ...

Айнаш өткен аптада ғана сатып алынған торшердің үстін қолындағы пұліш шүберекпен бір сипап өтті. Әдемі-ақ. Аққудың мойныңдай иіліп тұр. Оның қасында кебежедей радиоқабылдағыш. Бұрыштағы алты жүз сексен сомдық «Горизонттың» оң жағында пианино. «Кімнен кембіз?.. — деп түйді Айнаш. — Атағы аспан мен жердің арасына кейде сыйып, кейде сыймай жүрген дарынды композитор біздің дастарқаннан дәм татқанын естісе...» деп шаттанды. Ол әдетінше өзінің құрбы-құрдастарын еске алған. Әсіресе Қаныбектің қара қатынына өш: сыйқына қарамай, алтын жүзік, алтын тісін жарқыратып... бір көйлекті екі күн кимей... керіліп-созылып!. Айнаш қүйінгеннен оған «Қара періште» деп айдар таққан... Енді сол «Қара періште» есітсе екен!..

Күйеуінің тіл алыштығына Айнаш разы. Ашса — алақанда, жұмса — жұдырығында. Тіпті, ауылдағы кемпір-шалды да жуытпай қойған осы Айнаш. Соған да

мыңқ етпейді сорлы. Шымкентке осынау Алматыдан труппа келіпті, басқарушысы Қамшыбай екен деген хабар дүңк еткелі-ақ Айнашта ес қалмады. «Әй, Әтем, – деген күйеуіне звондал. – Атакты Қамшыбай қаламызға кеп қапты... Қонақ етсек қайтеді!.. Ырысымызды жеп, несібімізді ішіп кетпес... Есесіне, бүткіл жаһанға аты әйгілі дарын иесі үйімізде болады... Сүйінер дос, күйінер дүшпансыз емеспіз...»

Әтем де қостай кеткен. «Жаным-ау, өзім де айтқалы жүр едім саған... Бір табақ қайда қалмайды... Ет жағы болмаса...», – деп еді, Айнаш жөн сілтеді. «И-и, бармаймысың ауылға... Кемпір-шалдың бір қойын әкел. Өзімізге де ет керек. Қамшыбай жесе, басын жер...».

Енді, мінеки Қамшыбайды, әдейі такси жалдап барып, Әтем үйге әкеле жатыр.

– Бетім-ай!.. – деп Айнаш радиоқабылдағышқа қарай жүгірді.

Қамшыбайдың әні жазылған көк пластинканы ойнатып қоюды ұмытып барады екен. Ә дегенше-ақ, бөлме ішін әсем ән кернеді.

Есіктен кіре беріп, қияқтай мұрты бар, ақшыл реңді жігіт ағасы:

– Сәлеметсіз бе, – деді Айнашқа қолын созып.

Айнаш сәл иіліңкіреп амандасты: қайын атасына да осынша құрмет көрсетпейтін-ді. Қамшыбайдың қолы матадай жұп-жұмсақ сезілді Айнашқа. «Бұлар нәзік болады да», – деді іштей. Әйтсе де, қала тәртібін сақтап:

– Айнаш, – деді Айнаш өз есімін өзі атай. «Танысайық» дегені. Қамшыбай «Мені білесіздер гой» дегендей қияқтай мұртын қылдырып күлімсіреді.

– Қамшыбай деген қайныңызбыз...

– Сіздей қайындарымыздың келгеніне өте қуаныштымыз... – деп Айнаш төр жақты нұсқады.

Осы кезде Айнаштың дәл желке тұсынан:

– Сәлем бердік, – деген жуан дауыс күж ете калды.

Қамшыбаймен ғана шұрқырасып жатқан Айнаштың мінезін мысқылдағандай ұзын бойлы, дудар шаш қара жігіт сәл ыржия күліп тұр екен. Тіпті, Айнашты мазақтайтындей сиқы бар. «Мынаның мінезі қандай еді!» – деді Айнаш іштей жақтырмай. «Өзге түгілі өзбайымның да сөзін басымнан асырган емеспін» деп шаңқ-шаңқ ете қалар еді... Ұят та...

– Төрлетіңіз, – деп қылды Айнаш сыр берместен. Ұзын қара ай-шай жоқ қақ төрден бір-ақ шықты.

Жарқыраған шифонъер, үстелдерге кіржие қарайды. Екі көзі осынау бір шеттегі кітаптарға қадала беретін секілді.

– Бұл жігіт... – деп Қамшыбай «Ұзын қараны» Айнашқа таныстырыды. – Белгілі ақын... Тамаша талант... Қажығалин Әжіали...

Үшінші жігітті Айнаш бірден таныды. Ол осы облыстың әртісі. Домбырамен өлең айтады. Есімі – Ескермес.

– Өзіңіздің мамандығыңыз? – деп қыла қарады Қамшыбай қияқтай мұртын сипай өтіп.

– Дәрігермін, – деп Айнаш қызара күлді. – Терапевт... Әтем әзілдегісі келді білем:

– Жүрек жағына шебер, – деп қосты. Қажығалин Әтемнің әзілін ұнатпады.

– Аяқ жағына да осал болмас... – деді күж етіп. Түйеден түскендей қып қорс ете қалатын Қажығалиннің мінезін қалай түсінерін білмей, Әтем ыржақтап, әзілге бұрган болды:

– Дағыс айтасыз... Аяқ жағына келгенде алдына жан салмайды...

Қаралы жандай қап-қара бол түнеріп отырган Қажығалиннің аласы үлкен қос жанары жалт етіп Әтемге бір қарады. Соңғы әзілін ұнатқан секілді.

Бірақ Айнаш жақтырмай қалған. Әтемді көзімен атты.

– Ә-ә, мына кісі кім? – деп Қамшыбай Қалияға назар салды.

— Қарындасым... Мұғалім... Был бітірді... — деп бол, Этем үстел үстіндегі дәмге қарай: — Ал, Қамеке... «Ұрыста тұрыс бар ма» деуші ме еді... Қайтеміз?

Қамшыбай Ескермеске үрүлды.

— Осы жағынан билікті Есекеңе берейік...

— Қалия!.. Айеке, — деп дауыстады Этем, ауызғы бөлме жаққа, — шайларың бар ма еді!..

— Бар, ойбай, бар... — деді Айнаш Этемнің құлақ тубіне кеп сыбырлай. — Баяғының бай-шонжары құсамай тұяғыңды қимылдатсай!..

— Дұрыс айтасыз.. — деп Қамшыбай Айнашты қостады.

— Қазақтың осы әдеті нашар... Жәрдемдесу керек-ақ...

Этем қозғалмады.

— Айтқаныңыздың еш айыбы жоқ, Қамеке... Бірақ біздің ауылға тура келмейтін құсайды...

Айнаш та сөзін көбейтпеді. Этемнің мінезін біле-тін. Әншейінде үн демегенмен, дәл осындай жағына келгенде, еркек пен әйел міндетті деген секілді әңгіме болса-ақ қасарысып қалады. Тұртқілесең тіпті тас-талқаны шығатын ит мінезі бар...

— Есеке, — деді Этем шай келтірген соң. — Өзіңіз білесіз... Біздің ауылда Кошқар мен Теке аралас... Ертеректе жиі төбелесіп тұрады екен...

— Рушылдықта, — деп қостады Ескермес.

— Бірде өңкей Теке жиылып отырса, ортасына бір Кошқар келіп қапты. Текенің қулау біреуі: «Уа, ұратынымыз Кошқар болса, осы жерден неге бастамаймыз» депті түрегеле беріп... Сол сияқты...

Қажығалин қаһарына мінди.

— Екі сезініңің бірі төбелес, ұрудан басталады екен!.. — Сол сияқты деп бізді ұратын ба ең...

Этем күлді.

— Жоқ, ә!.. Ішетініміз осы конъяк пен арақ болса, осы жерден неге бастамаймыз демекпін де...

— Ә!.. Бұның жөн.. — деп Қажығалин сабасына тұсті.

Үстел үстіндегі бөтелкелер үшінші рет ауыстырылуға жеткенде Әтем ойланайын деді. Іші шиіткіген. «Әй!.. Мына композиторың мен ақыныңда тоқтау деген болмайды екен-ау... Сөздері де, көздері де шектен шыға бастады. Соны немен тынбақ?» деген ойға тірелген. Алғашқы көңілділік жоқ. Тек сырттай ыржыып құлғен болады. Сыр беру ұят та.. Арағын қызғанғандай...

Бір кезде Қамшыбай аруағына мінген. Тірі жанға сөз бермейді. Жалғыз сайрап отыр. Аят-ұят дегенді жиыстырып тастап, көңілдес келіншектеріне дейін сықпыртуда. Оның айтуында, Қамшыбайдан қалмаған әнші келіншек жоқ құсайды. Анау Шегенова Айсұлу да, Қарасаева Жарасай да осы Қамшыбайдың нақсүйерлері екен... Қамшыбай онымен тынбай Айнаш пен Қалияға да телміре қарайды.

— Айнаш!.. Айым!.. — дейді елжіреп. — Қасыма отыршы!.. Қойшы сол Әтемді!..

Айнаш сыпайылық сақтап:

— О не дегеніңіз!.. Сіздің қасыңызда бүгін отырганыммен ертең қайтем? — дейді әзілге бұрып: — Әтем маңына жуытпай қояды ғой...

— Ой, Әтемнің аузын... — деп салды Қамшыбай тікесінен. Сонсоң, өтірік қарқ-қарқ құлді.

Ескермес елпектеп Әтемге сыбырлап жатыр.

— Көңіліңе алма... Ішсе осындай... — дейді құлағына аузын тақап, сыбырлап. — Тік боқтайды...

— Эй!.. деп шаңқ етті Қамшыбай. — Эй! — деп тағы айғайлады Ескермеске. — Сүйісп җатырсыңдар ма, ей!.. — деп, боп, Айнашқа қайта бұрылды. Екі көзі қып-қызыл. — Айналайын!.. Қасыма келші... Анау аш беліңнен бір құшақтайын...

Қажығалин басын төмен сап жым-жырт отырған. Эншейінде дудырайтын шашы тіпті шашырап кетіпті.

Қамшыбайдың шаңқ еткен даусынан селк етіп, басын көтерді.

— Жау шапты ма?.. — деді Қамшыбайға дікілдеп. Қамшыбай тыңдамаған соң, Қажығалин орнынан қарғып тұрды.

— Тоқтат! — деп күж ете қалды. — Тоқтат, дүние дабырды!.. Тоқтаңдар, жалтақ-жасықтар!.. Қажығалин сөз алды. — Өшірсін үнін пасықтар!..

— Браво!.. Браво!.. — деп шиқылдай құлді Қамшыбай...  
— Маған айтты, «пасық» деп... Хи—хи—хи!.. Сендерге емес, маған айтты... Сендер пасық емессіңдер... Хи—хи! Айнаш!.. Жаным!..

— Өшір! — деп Кәрмен ақырды Қажығалин Қамшыбайға. — Ақын аруағына мінгенде, композитор қайда кірерін білесің бе?..

Әтем мырс етіп құлді. Қасындағы Айнашқа қараған. «Жағдай қалай?» дегендей. Қалия асханада жүр. Залға жуымайды.

Бұл кезде Қажығалин алдында тұрған бөтелкеден шөлмекке шүпілдете құйып ап, сіміре бастаған. Қамшыбай да коңыякқа қол созды.

— Бізді қайтар енді... — деп жалынғандай бол сыйырлады Ескермес Әтемнің құлагына. — К..к..кетейік...

Қажығалин түрегеле беріп қолын бір сілтеді:

— Бәрі өтірік!.. Бәрі жалған!.. Әкесін танытып кеп мақтаймыз... Жәкесін танытып тұрып сынау жоқ.. Қайдасың, о, Белинский!.. Қайда сенің семсерің!..

Тұнеріп әудем уақыт үнсіз тұрған соң, Қажығалин Әтемге тік қарады.

— Сенің уайымың не екенін білмеймін!.. Бәлки бақытты тоғышардың бірі шығарсың... Әйткені, мынау! — деп жарқырап тұрған гарнитураға қолын созды. — Мынау!.. — деп торшерге сұқ саусағын шұқшита қадады... — Анау! — деп телевизорды көрсетті. — Осының бәрі сенің кім екеніңнен маған мағлұмат бергендей... Ал менің

күйігімді білесің бе?.. Бәлки, аты әйгілі – ақын, бақытты деп тұсінерсің... Кешір достым!.. Менің бақыттым, өкінішке қарай, сендердің бақытыңдай оңай бақыт емес! Бәлки, қын бақыттым үшін де мен көбінесе бақытсыз шығармын... Сендерде уайым жоқ, қайғы аз. Көңіл тоқ, киім бүтін... Ағаш пен темірдің неше атасы бар. Уа, енді не керек тағы да!.. Болды ғой, жетті!.. Ха-ха-ха!.. Төрт құбылаң түгел...

– Хи-хи-хи! – деп Қамшыбай қосыла күлді. – Эй! Кім еді ей, атың?.. – деп Әтемге шүйлікті. – Әкем бе еді?..

– Әкең!.. – деп ту желкесінен Қажығалин гүж етті. – Әке де... Ха-ха-ха!.. Эй, айтсайшы атыңды, мына сорлы композиторды зарлатпай!..

– Айтпаса қойсын!.. – деп шошаң ете қалды Қамшыбай.

– Неге зарлауға тиіспін... Аттың атасына нәлет...

Әтемнің реңі бұзылды. Қамшыбай нағыз жынды екен, айылын жиюдың орнына үдең кетті. – Бажырая қалғанын!.. Е!.. Ұрасың ба!.. Атыңды неге айтпайсың сұрасам... Мен кіммін, сен кімсің?!. Эй, мен сұрағанда жауап бермейтін кім едің!.. Соны айтшы! – деп орнынан жұлқына түрегелді.

Ортада отырган Ескермес арашалауга кірісіп еді.

– Уа, Қамеке!.. Көкетай!.. Орныңа отыршы... Аты – Әтем... Құда түссенде...

– Отыру үшін шарт қоямын, – деді Қамшыбай сіресіп.

– Шартым орындалса, отырамын... Орындалмаса, кетемін...

– Шартыңды айт, көкетай! – деп Ескермес елпектеп тұр.

– Анау, – деп Қамшыбай Әтемді көрсетті. – Айнаш екеуі қосылып менің «Бабама» деген әнімді орындасын.. Сонсоң, Айнаш бетімнен сүйсін...

– Бабаңа арналған әнің орындалмайды, – деді Әтем сыйданып.

Қонағына тағы да қадала қарады. Бұл жолы кіжі-

ніп, жақ жүні тікірейген жоқ. Көзінде күлкі бар. «Ал қайтесің енді... Кетесің бе?.. Кете ғой...» дегендей...

— Кетем! — деп шошаңдады Қамшыбай. — Бір минут те бөгелмеймін еңді.

Устел шетіндегі шөлмекті қағып жіберіп, жерге түсірді. Хрусталь шөлмектің талқаны шықты. Жұлқынған қалпы Қамшыбай есікке беттеген. Қажығалин мен Ескерместің ілескен-ілеспегенінде ісі жоқ. Сыртқа шығып кетті.

Былқ етпей отырган Әтемге Қажығалин тесірейе қарап біраз отырды да, орнынан көтерілді.

— Ал сау бол... Бізді шығарып салмай-ақ қой, жарқыным! — деп есікке жете беріп, жалт бұрылды. — Міне, біз осындеймымыз... Дерт те бізде, серт те бізде... Ми да бізде, жан да бізде... Сыртмызыдан он жылға азық қып, күліп жүріңдер енді... Ха-ха-ха!.. Уа, айналайын, тәнірім!.. Көрсеткениңе шүкір!.. — деп шығып кетті.

Қонақтарын таксимен жатын жайға жеткізіп сап қайта келген Әтем ұзақ ойға шомды. Жанын жегідей жеген екі күдік маза берер емес. Пайғамбардай құрмет тұтқан композиторы қып-қызыл жынды сияқты да, ақыны пайғамбар секілді ме қалай...

«Расында да сонда мен кіммін?.. Қуанышым не, қайғым қандай?.. Уайымым бар ма, тегі!..»

Тұні бойы Әтем кірпік айқастырмады.

## *ШІРКІН, ДәүРЕҢ-АЙ!*

Былғарымен қаптаған орындық күйіп тұр екен, Қаратайдың арқасын күйдіріп кетті.

— Оңбагандар! — деді Қаратай терісі тарылып. Автостанцияның қызметкерлеріне тиісіп отыр. Өйткені автобустың жүрер мерзімі болғанына да ет қайнатып, сорпа-суанымен ішіп бітетін уақыт өткен-ді. Күн ыстық. Автобусқа мінген адамды тіпті санай алмайсың: ығыжығы. Иін тіресіп, бірінің үстіне бірі шыққалы тұр.

«Әй, — дейді іштей Қаратай. — Автобус дәп резеңке бол кетпесе, енді қай жағына тыға береді, әй, мынау оңбагандар! Ақша десе өлген гой сүмелектер. Халықтың жағдайын ойлап, басын ауыртып: «Уа, бұлар адам, жұмыстан шықты, шаршаган шығар, Ауру-сырқаты бар болар-ау... Осылардың жай-жапсарын жасайық» деп отырған бір адамды көрсем, көзім шықсын!» деп қаны қарайады. Дәп қазір жүгіріп барып анау вокзалдың ішінде, саяжайда сылқ-сылқ күлісіп, ыржактасып тұрған автостанция қызметкерлерімен мықтап сөйлескісі келді.

Осы кезде шопырдың төбесі көрінді-ау әйтеуір. Тексеруші де бірге келе жатыр: билет тексермек те. Қаратайдың долданғаны сонша жақ жүні тікірейді.

— Бәріңде билет бар ма? — деген контролер келіншектің даусы саңқ етті.

— Ба-ар! — десті он шақты адам жарыса.

— Әй, жігіт, көрсетші билетінді! — деді келіншек. Жігіт қара жаяу емес екен.

— Ойбай, сіздің көргіңіз келсе, немді аяйын мен, — деп еді, автобус ішіндегі адамдардың құлкісі гу ете қалды.

Қаратай да әлгі жігітке жалт қараған: орта бойлыдан сұңғақтау, бидай өнді, балаң жігіт екен. «Айналайын!» деді ішінен.

Контролер келіншек бажылдарап шыға келді. Аяқ-

астынан жәбірленген бейкүнә періштедей-ақ дoldансын кеп.

— Ұятсыз, оңбаған! — деді жігітке айғайлап. — Қазір милиция шақыртып, ап қаламын... Саған мен билетіңді көрсет дедім. Сенің көркінді көрейін дегем жоқ... Ұятсыз!..

«Қарай гөр, — деді іштей Қаратай. — Бұл бала қолыңа түссе, «кет әрі» дей қоймассың... Қаратай гөр шажалаңдауын... Сендердің жайларыңды білеміз гой біз»...

Автобус жүріп кетті. Контролер келіншектің ту сыртынан Қаратай көз жүгіртті: мүше-мүшесі айқын, сиықсыз емес екен. Сонда да іші жылымады.

«Долы екенсің!» — деді іштей.

— Оқ қағарың бар екен, бала, — дед біреу әлгі жігітке әзіл баставы. — Жаңағы келіншек ап қалғанда қайтер едің!..

Қаратайдың дәп желке тұсынан сыңғыр-сыңғыр күлкі естілді. Екі-үш қыз тұр екен. Жап-жас. Бағанағы жігіт қыздарға бұрылды.

— Неге күлдіңіздер, қарындастарым?.. Қыздардың біреуі, жауап берді:

— Алғаш арыныңыз жақсы-ақ еді, артынан үніңіз шықпай қалды. Ап қаламын дегенге зәреніз үшты-ау сәрі...

Сыңғыр-сыңғыр күлкі тағы естілді. Қаратайдың өзегі өртеніп бара жатты. Осы күлкілер Қаратайға емес, анау балаң жігітке арналған-ды.

«Беу, дәуренім-ай! Өтіпсің де... Кетіпсің де...» деді іштей күйзеліп. Әңгімеге араласа кетуге тіпті жөні келмейді: самайы аппак. Бақса, қыздарға екінші рет бұрылып қарау да ерсі.

Мың жерден қарагысы келсе де, мың жерден іші күйіп, өзегі өртенсе де шыдайды.

— Атыңыз кім? — деді жігіт жауаптасқан қызға.

— Атымыз жоқ, жаяумыз...

«Әбден жауыры шыққан жауап болды-ау» деп ойлады Қаратай.

Жігіт тапқырлау сықылды.

– Біздің ауылға барсаныз, ат тауып берер едік... Жаяу жүргізбес едік... – деді.

Қаратайдың жүзінде күлкінің табы білінді. «Анау қыздың саңылауы болса, түсінсе... Сойдың», деді іштей.

– Кім біледі сырын білмеген аттың сыртынан өтпе деуші еді біздің ауылдың кемпір-шалдары; атыңыз жығып кетіп жүре ме?..

– Біздің ауылдың атына мініп, сосын жығылсаңыз, өкінбейсіз, қарындас, – деп жігіт сонау жақтан бір-ақ шықты.

Сыңғыр-сыңғыр күлкі Қаратайдың дәп желкесінен тағы да естілді.

– Атыңызды сонша мақтадыңыз... Өзіңіз кім боласыз?

– Ауылым алыста...

– Адасып неғып жүрсіз, біздің ауыл жақта?

– Жоқ іздең жүрген жайым бар. Жоғалтқаным – қара көзді, домалақ қана, өзінізден аумайтын сұлу қыз...

«Бөгелме тек!.. Ағыт жүрек шіркіннің айт дегенін, ақтар тегіс, айта түс!..» – дейді Қаратай ішінен анау жігітке. О да сөзге шебер құсайды, зарлап бара жатыр.

– Тұнде түсімнен, күндіз көз алдынан келбетіңіз бір кетпейді. Сыңғырлаған үніңіз үйқымнан оятады, қарындас... Алыстағы ауылымнан арман іздең шығып едім, қарсы алдынан кезіктіңіз-ау... Сол қара көздер, сол дөңгелек жүз, сол шырын әуезді күміс күлкі.. Сенейін бе, сенбейін бе көзіме!..

Жігіт асықпай-аптықпай айтады әр сөзін. Шынымен-ақ ғашық жандай тереңнен толғап сөйлейді. Қыздардың сыңғырлаған күлкісіне қуаныш араласқан сияқты: шаттық күлкісі автобустың ішін толтырды.

Күні бойы жауапсыз тұрған қыз:

– Мақтау сөзге сене берме деуші еді біздің ауылдың

кемпір-шалдары... Эйтсе де, жылы сөзіңізге рақмет! – деді.

Жігіт ренжіп қалды.

– Адамдарға түсінсем бұйырмасын... Адалыңды айтсаң, «Аллады» дейді, Арманыңды айтсаң, «Арбады» дейді... Жалғаныңды айтсаң – сенеді... – деп автобустың терезесінен сонау алысқа көз тастады. – Көңіліме ұнап едіңіз, жасырмай-ақ, жаппай-ақ сол шынымды айтып ем, иланбадыңыз, қарындас... Ұшқыннан жалын лау етпейтін бе еді, неге өшіресіз өз қолыңызben жалт еткен ұшқынды!..

Қыздар бұл жолы күлген жоқ. Дағдарысып қалған сыйылды.

– Әп-сәтте өше салса, ондай ұшқын қаншаға шыдасын! – деді тағы жаңағы қыз.

Жігіт бөгелген жоқ.

– Бекер айтасыз... Менің жүргегімдегі сезім әлі әлжуаз. Алғашқы сәтінде бәрі де әлсіз болмай ма. Жас нәрестені есіңізге алынышы! Аяламаса, әлпештемесе болушы ма еді, туасы!..

– Көріп тұрсыз ғой, – деп тағы да жалғады сөзін жігіт.

– Жалған сөйлейтін адамға ұқсаймын ба?! Айтыңызшы шыныңызды!..

– Мына түріңізге қарасақ – ұқсамайсыз...

– Нагашыма келе жатыр ем, – деп жігіт сыртқа енкейе қарады. – Мен түсетін де уақыт жақындағы қалды-ау, осы... Сіздер қайда барасыздар?

Жауап бөгелді. Бейне бір қыздар қайда баарын білмей, дағдарғандай.

– Ауылымызға барамыз да, – болды жауап. Жігіт күлді.

– Ауылыңыздың кемпір-шалдарға сәлем айтыңыздар: бұдан былай адалын айтқан жігітке сеніңдер деп үйретсін қыздарына...

Автобус қиқылдаң-шиқылдаң тоқтауға айналды...

— Қош, қыздар, — деді жігіт есікке беттей беріп. — Адалымды айтсам деп артық кеткен жерім болса, айып етпеніздер...

Қыздар күлген жоқ.

— Сау болыңыз, — деді үшеуі қатарласа.

Жігіттің ақ көйлегі жолаушылардың арасынан ағарында бара жатыр. Қаратай көз алмай жігіттің сыртынан қарап қалыпты. Өйткені бір кездегі өзінің де қыздарға дәл осылай от тастай сөйлейтін өрт дәурені есіне түскен-ді. Мына жігіт те ойландырып кетті қыздарды. Өзі де оңбай бара жатқан болар. Қай оңсын: шынымен-ақ көңілі аудығой мына қызға... Оның да іші әркі-тәркі бол жидіп бара жатыр да... Қас қағымдай қысқа уақытта не айта алсын ой бейбақ!.. Қыздарға да кінә жоқ: аяқастында қалай гана «мақұл» демек! Бұл кезде жаңағы жігіт көшениң арғы бетіне өткен-ді.

— Эне!.. Анау кетіп бара жатыр жаңағы бала! — десіп қыздар сыбырласып қалды. Қаратай да со жігітке қарап күрсінді: бейне бір өзінің де он сегіз жастағы кезі осы жігітпен бірге кетіп бара жатқандай. «Рас-ау, — деп ойлады Қаратай. — Өмір дегенің мынау автобус секілді. Біз — жолаушылармыз. Он сегіз бен жиырма бес те көп аялдамалардың бірінде түсіп қалған шығар артта...».

## ҚАЙСАР

Таң қылаң бере кебісін сүйретіп үйінен шыққан Шулығанның осы ауылға, өткен аптада көшіп келген Қайсаардың үйіне жеткені қазір. Ертеңгі шайдың үстінен шығыпты.

Төрге салынған көрпеде қақшиып алған Шулыған жағы тынбай сөйлеп отыр.

— Бейшара қызық кісі еді, — деп Қайсаар көшіп келген үйдің бұрынғы иесін әңгіме етеді. — Қартайса да келін-кешікке әзілдегенін қоймайтын... Ерсі екен-ау демейтін... Біз де елемеуші ек... Аңқылдақ мінезі шығар деуші едік...

Шулыған өзінен-өзі кеңк-кеңк күледі. Бойы бір қарыс қана боп, торғай шырылдамай шай аңдып жүрген мынау адамға Қайсаар таңдана қарайды. Әсіресе таңырқайтыны Шулығанның бір қарыс қана бойы. Қайсаардың көз алдында молдаторғай елестейді. «Құдайдың неше түрлі пендесі бар-ау» дейді іштей.

— Қаншаға алдыңыз?

Қайсаардан мынау үйді қаншаға сатып алғанын сұрады.

— Екі мың...

— Ә-ә, — деп Шулыған жерге қарады.

— Жері жақсы екен... Сонысына қызықтым, — деді Қайсаар шайын ұрттай.

«Сандалып отыр» деп түйді Шулыған. «Жердің бәрі бір жер де... Астында алтын бар ма екен, әлде» деп іштей кекетті.

— Су мәселесі қиын, — деді Шулыған есіктің алдындағы көлденең жатқан қыратты иегімен нұсқап.

Расында да, әлгі үйдің жеріне су іргесінде ағып жатсада, елдің сонында жететін. Дәл қасындағы Көмештің сұмен Қайсаар үйінің арасында ұзындығы бір шақырымдай дөңес жіңішке бел жатушы еді. Ені үлкен де емес.

Әрі кетсе, жиырма бес-отыз метр, әйтпесе оған да жетпейтін шығар. Сол дөңүң кесірінен-ақ жаңағы үйге су сыйзықтап елдің ең ақырынан келуші еді. Әйткені тіке су өтпейді. Анау ұзыннан ұзын сұлап жатқан дөңді айналып жеткенше, жол-жөнекей бүкіл ел ішіп болатын. «Су мәселесі қыын», – дегенде Шулыған осыны айтқан.

– Үа, оның несі сөз, несі әңгіме! – деді Қайсар қолды бір сілтеп. – Тікесінен мына төбешікті кесіп өтсе, тынбайсың ба сонымен... Осыдан кейін-ақ Шулыған Қайсарға желімдей жабыса кетті.

– Апырай, – деп санын бір-ақ ұрды. – Атам заманнан осында туып, осында өсіп келе жатып біреуміздің басымызға неге келмеген, - ә! Расында да, тік кесіп өтсе, тынып жатыр екен да...

Шулыған мынау Қайсардың ағайындарында трактор ма, әлде анау жер қопаратын экскаваторы ма, әйтеуір бірденесі бар шығар деп ойлап еді.

– Тракторға сөз емес...

– Тракторы несі! – деді Қайсар таңданып. – Мынау тілдей жерді күрекпен-ақ кесіп өтуге болмай ма, тәйірі!. Әлде жері тас па еді?

Шулығанның іші күлкіден бұлк-бұлк етті. «Мынауыңың иә бір шәрігі артық, иә бір шәрігі жетпейді» деген ой келді оған.

– Ойбай, тас қайдан келсін!. Бөлке нандай бас, тура-лып тұр... – деп боп, Шулыған түрін өзгерте қойды. – Дегенмен, Қасеке, кесіп өту оңайға соға қояр ма екен?..

Қайсар айтқанынан қайтқанды бойына лайық көрмедин. Жаңа ауылға келмей жатып сөзін жұтқанды ерсі санады.

– Е, несі бар!. Бала кезімде бір ауылдың арығын бір өзім-ақ қазып беретінмін...

– Ер-азаматқа, шынын айтқанда, бұл бел түк емес. Дәл мына тұстан кесіп өтсөңіз, жаныңыз кіреді де қалады. Әншайінде, су ішу сізге ақыреттің азабымен бірдей: жол-жөнекей жұрт жырымдал... Көпшілікке топырақ

шаша алмайсыз, құлақ қуалап жүтіріп жүргенде бар өміріңіз өтеді, – деп Шулыған Қайсардың сөзін құптап біраз жерге апарды.

Қайсар мен Шулыған екеуі үйдің алдында сұлап жатқан белге шығып, арлы-берлі жүрді Енін шамалап көріп:

– Эй, аса алшақ емес-ау осы, – десті.

Дәл үстінде тұрған соң ба, биіктігі де онша ерен сияқтанбады.

– Ерінбеген кісіге әрі кеткенде екі алталық, әйтпесе оған да жетпейтін жұмыс, – деді Қайсар көзбен шамалап. – Тасы жоғы ақиқат қой, әйтеуір!

– Осы дөңнің астынан бір тас табылмайды десем өтірікші болам, бірақ екі тас табылса, мына мұрнымды кесіп берейін – деді Шулыған өзеуреп.

– Болды, – деді Қайсар қолын бір сілтеп. – Ендігісін айтып, басымды ауыртпа! Құдай қуат берсе, мына құрдасың бүкіл ауыл-аймақты мың жыл шулататын іс қылады, – деді Шулыған сөзді кесіп-кесіп айтты.

– Болды ма? – деді Шулыған сөзді пысықтап.

– Болды! – деді Қайсар қолды тағы бір сілтеп.

Қайсар ертеңіне-ақ іске кірісіп кеткен. Көктемнің мамыр күні жадырап-ақ тұр. Қүрек салған сайын Қайсардың жаны енгендей. Жер жұмсақ Тіпті дыбысы шақпайды. Э дегенше-ақ, Қайсар дөңнің аргы бетін біраз жерге дейін әкеп таstadtы. Бірте-бірте жер деңгейі биіктегенімен әзірше онша емес. Тек белуардан келеді. Емшек тұсқа жеткен жоқ. Шайға шақыра келген әйелі күйеуінің біршама жерді аударып тастағанын көріп, қуанды. «Қайратты екен-ау, байғұс», – деді іштей.

О күні Шулыған көзге тұскен жоқ. Ертеңіне келді. Бұ кезде Қайсар қара терге тұсіп арық қазып жатыр еді. Бүгін кешегідей емес, іс өніңкіремей тұр. Барабара мына дөң биіктеп барады. Оның үстінен Қайсар да шаршаған ба, қол-аяғы дірілдейді. Бетен ауылға кеп бір былықты бастап, оны аяқсыз қалдыра алмайды енді.

— Қасеке, іс рақатты болсын! — деді Шулыған көңілді амандастып.

— Айтқаның келсін! — Қайсар қысқа жауап қайырды.

— Біраз жерді аударып тастапсыз да... — деді дәл Қайсардың төбе тұсына отырып алған Шулыған. — Айттым гой, тас жоқ деп. Бір тас та таппайсыз әлі... Апрай, айтсан әйтқандай бар екенсің, Қасеке!.. Кеше өзіңнен есітіп кетсем де, сенбеп ем. «Е, әзілдеген де. Осынша төбені аударуга батылы қайдан жетсін» дегем. Сейтсем шынымен іске кіріспіп кетіпсіз да, — деп Шулыған басын шайқады.

— Е, енді... Айтқан соң орындармай бола ма! — деді Қайсар қеудесін тіктеп ап.

Жаңа ғана өкінішпен өртенген кезін ұмытты. Көңіліне қайтадан сенім кірді. «Е, деді іштей, бар болғаны бір күнде осынша жердің топырағын аударып тастағанда, қалғаны сөз бе, тәйірі!.. Бір апта болмаса, екі аптада емін-еркін бітпеймін бе?» деген ой келді. «Молдаторғайдай болған ныспысының атасына нәлет» деген Шулығанның таңданып отырган кейпіне қарап.

— Естіген елде танданатын іс қылдыңыз, Қасеке, — деп тағы бастады сөзін Шулыған. — Тіпті, бұл ауылға үлкен мін болды-ау, қап! Осынша ел, осынша жұрт нешеме жылдан бері, нелер заман дәп осы төбенің төңірегінде жүріп қолынан келмеген істі бір ғана Қантайдың баласы кеп тындырып тастапты деп күлетін болды-ау... Келіндерден де үялып өліп барамын. Күні ертең-ақ бізге сәлемін іstemей қойса да сауап! Бізге белін ауыртып, иілгеніне арзымаймыз, ойбай!

Мына сөзге Қайсар қарқ-қарқ күлді. «Сені де еркек деп бір елдің қызы келді-ау ә!.. Есігіңің алдын сыпрып, сен иттің кірінді жуып, асыңды пісіреді-ау, ә!» деп қыжыртты. Дәл төбесіне қонған торғайдай Шулығанды күрекпен бір ұрып, соғып алғысы да кеп кетті.

— Әй, — деді Қайсар ананың жылт-жылт еткен

көздеріне қадала қарап тұрып. – Сенің атыңды әкешешен «Шулыған» қоюы неден?..

Шулыған көпке дейін шиқылдап күліп, отырып алды. Оңайлықпен Қайсарға жауап қатқан жоқ Тек әудем уақыттан кейін ғана Шулыған тілге келген.

– Қасеке, ешкімге айтпаған сырымды сұрадыңыз, айтайын, – деді күрсініп. – Мен мына сіздер сияқты балпаңақтай денелі ме едім, қазіргі түрім мынау.. Шешемнің күрсағында жатканда менің бар-жоғым туралы дау, әке-шешемнің арасында күн сайын үдей түскен. Жұдырықтай бол жатқан мені жұрт қайдан білсін, бәрі менің шешемнің аяғы ауыр деп ойламайды. Аяқастынан шешем мені туганда бүгіл ел түгел шулаған.. Қайсар қарқ-қарқ күлді. «Болса, болғаны-ақ» деді іштей.

– Шүкірлік, – деді Қайсар бейілденіп. – Бізді туганда бүкіл ел білген, шешеміздің екі қабат екенін..

Арада бір апта өткенде, Қайсар титықтайдын деді. Соңғы күндер анық алты қадым жылжымайды. Эншайінде бәсек көрінгенімен мына атаңа нәлет төбешік бертін келе нағыз төбеге айналды. Тіпті Қайсардың бойы көрінбейтін болған. Бұрынғыдай жоғары лақтырып, тысқа тастайтын топырақ ендігі жерде әрі аспай, қайтадан ішке құйылатынды шығарған. Амал жоқ, Қайсар қазып алған топырақты ін үңгіген көртышқанша сонау артта қалған тесік арқылы сыртқа шығарады. Оның үстіне, әбден қалжырап бітті. Екі аяқ, екі қол сал бол қалған. Көтертпейді. Онымен бітер іс жоқ. Ұзын белдің ширегіне жетті ме, жетпеді ме, белгісіз...

Бүген де Қайсар таң қылаң бере кәдімгі «ініне» кеп түскен. Алақанға түкіріп ап, кетпен сілтеген. Қайсардың енді ілетіні бір ғана нәрсе: иә өледі, иә мына төбені қақ тіліп өтеді. Бір апта болмаса, екі апта: екі апта болмаса, екі ай, қайткен күнде де Қайсар қазып біtedі. Су ағатын орын қаза ма, өзі жататын көрін қаза ма, енді Қайсар үшін бәрібір. Әйтеуір, қазады. Қаза береді, қаза береді..

Осы кезде ақ сақалды бір кісі кеп:

— Негіп жатырсың, қарағым? — деді жайғасып отыра беріп.

— Ассалаумагалейкүм! — деді Қайсар жауап берместен бұрын сәлемдесіп.

— Естіп кеп отырмын, — деп қарт жөткірінді. — Бүкіл ауыл шулап жатыр. Қантайдың бір тентегі кеп, «Тентек төбеле» тиісіп жатыр деп бала-шағаға дейін мәз...

— «Тентек төбесі» несі! — деді түкке түсінбеген Қайсар. Шал асықпай жауап берді.

— Жаныңдағы елге жайсыз жатқан соң бір атамыз «Тентек төбе» деп атай салған болуы керек. Біздің еліміз бұл төбені солай атайды... — деп қарт тағы да жөткірінді.

— Қарағым, алыс емессің, ауыл арасы жақын елміз. Сенің сыртыңнан күлгөн сырдаң жігіттерді ұрсып кеп отырмын. Қой, қарағым, мынауынды... Қазып біте алмайсың бәрібір...

— Бітем, — деді Қайсар қасарысып. — Азан шақырып атымды «Қайсар» қойғанда әке-шешем айтқанынан қайтсын деп пе! Титтей төбені кесіп өте алмасам, уа, несіне тірі жүрмін!..

Өзі өртеніп жүргенде мына шалдың келгеніне Қайсардың жыны қозған. «Бүкіл ауылға масқара бол» дейсің ғой сен шал...» деген ой ішін үдай ашытқан.

Шал қабағын шытынды. Қайсарға қаршыға жанарын қадады.

— Қаза бересің бе?..

— Қаза беремін.

Шал етегін қағып, орнынан түрегелді.

— Береке таппассың, Шулыған... Көрінде өкірерсің, — деп күңкілдей ұзай берді.

Қайсар кетпен-күректі қолына тағы да алды. Сілтеді-ай кеп. Тер одан да ақты, бұдан да ақты. Бір кезде мұрнынан қан сау-сау ете қалды. «Әй, мына атаңа нәлеттің мұрны қайтеді?» деген. Тез тыйылар деп түйген. Бірақ ыстық қан сорғалай берді. Кәдімгі самаурынның суындаі...

Қозы бағып жүретін балалар Қайсардың дап-дала қан болған тұмсығын көрген соң, есектерін сабалап:

— Доқтыр! Доқ-ты-ыр! — деп ауылды бастарына көтеріп, шаба жөнелісті.

«Әй, иттің балалары!.. Тоқта, атаңа нәлдеттер!.. Өліп кетсем де нелерің бар, а? Кім сендерден жәрдем сұраған, а!» деп айгайлағысы келсе де, басын жерден көтере алмады. Іші өткен баланың керіндей сауылдаپ тұрған мұрнымен әлек боп жатыр.

Әудем уақыт өтсе де қан тыйылар емес. Енді Қайсардың өзі де сескенейін деді. «Бұл ит доқтыр қашан жетеді» деп іштей боқтап та жүр.

Доқтырмен бірге ауылдың қатын-қалаш, бала-шагасы ілесе келді. Ә дегенше дәрігер келіншек Қайсарды машинаға мінгізді де, «Айт-шу!» деп ауруханаға тартсын...

Қайсар кейін білді: қан қысымы асып кетіпті.

Мұрнынан қан кетіп қана жаны қалыпты. Аудандағы ауруханада аттай екі апта жатты. Бойына қайтадан әл бітіп, өзіне-өзі келгенде жүрегі дүрсілдеп қуана берді. Ошағына қайта оралып, бала-шагасын аман-есен көрген соң, жан күйі толысып, бастаған ісін аяқтауға кірісті.

Бұл жолы ол асығып-аптықпай, баппен қимылдаپ, баппен дем алуды мақсат тұтты. Ең абзалы зорықпаған... Өзінше бірауыз өлең де шығарды.

Ентікпе, Қайсар, ентікпе!  
Алдың гой оның есебін,  
Аман болсаң әлі де.  
Талай тауды тесесің, —

деп мырс етіп күліп, кетпенін иығына алды.

Кетпеннің жүзі күн көзіне шағылысып, жалт-жұлт етті.

## ДОМБЫРЯ

Қадырқұл есіктен келе жатқан баласы Ерболды көріп сенерін де, сенбесін де білмегендей сілейді де қалды: кәрі буыны дірілдеп, аяғынан әл кетті.

— Құлыным! — деді сыбырлап, біреу естіп қала ма деп қорыққан жандай. — Жарығым! Келдің бе... Балам!..

Шілденің шаңқай түс мезгілінде ыстықтан бой тасалап үйге тығызып, үйиқтап жатқан бала-шага, келіні мен кемпіріне:

— Эй, ә! Шығындар, — деп айқалағысы келсе де, даусы шықпады. Ерболжан келді! Күнім туды, өлгенім тірілді!.. Жығылғаным түрегелді» деп жар салмақшы еді. Бірақ, кәрі жүрек аузына кептеліп қалғандай, сөйлей алмады. Бар болғаны «Жарығым! Күнім!» деп баласына қарай ұмтыла берген...

Әкелі-бала екеуі үлкен қора-жайдың қақ оргасында құшақтасып тұр.

— Құтылып келдің бе? — деді Қадырқұл.

— Құтылдым, — деді қысқа ғана баласы.

Жайдан сезгенін кім білсін, үйден кішкене баласы атылған оқтай ытқып шықты:

— Көкешім! — деп шырқырай ұмтылды.

Құйттай баланың құстай ұшқанына Қадырқұлдың ет-бауыры езілді. Немересінің орнында бейне бір қарлығаштың баласы шырылдап келе жатқандай сезілді. Моншақтай жылтыраған тамшы жас та баланың көзі алдында бір жылт етіп барып үзіліп түсті. Бұл — Ерболдың өте жақсы көретін баласы Серкеш еді. Әкесінің алдына түспей өскен бала екі жыл әкеден айрылып қалған кезде қатты сағыныпты. Шөптей боп қураған.

Тағы да әкелі-бала құшақтасып тұр. Бірі — қырықтан асқан денелі жігіт ағасы да, екіншісі — жас сәби. Серкеш әкесінің бетінен шөпілдетіп сүйіп жатыр, сүйіп жатыр. Тас қып құшақтап апты. Шыбықтай ғана әлжуаз

қолында қанша қайрат, қуат болса бәрін жұмсап, қыса құшады.

Ерболдың сай сүйегі сырқырады. Тістенген қалпы, әрең түр. Сәл босаңсыса егіліп кетпек, іштегі қасірет сөгіліп кетпек. Серкешtiң даусынан дүрліге шыққан бала-шага мен шешесіне де, сүріне-қабына жүгіріп келе жатқан әйелі Ажаргұлғе де сөз айтуга шама жоқ. Мынау титтей баласы ішін күйдіріп барады, өзегін өртеп барады...

Кешке карай Қадырқұдың үйінде думан-той болды. Ауылдың бар адамы Қадырқұлдың үйіне қарай ағылды. Бірге өскен қатар-құрбылар да, еңкейген қарттар мен елпектеген жастар да кеп жатыр.

— Балаң кеп көзайым болдың ба, Қадырқұл! — деп шалдар қауқылдаса;

— Ақ түйенің қарны жарылатын шығар бүгін, — деп қатар-құрбылар Ажаргұлғе тиісіп әзілдейді. — Ербол кеп, жаның еніп қалды ма...

Ерболдың келгеніне бүкіл ауыл боп қуанатын да жөні бар. Ербол осы елдің бәріне қымбат та. Осы елдің ойын-сауығын басқаратын әншісі де, күйшісі де өзі еді. Автодүкен айдайтын сері жігіт еді. Кино да, концерт те Ерболдың мойнында болатын. Жастарды жиып алғып, ауыл сахнасына пьеса қоятын да Ербол еді. «Ербол келіпті» дегенді есіткен соң бір топ жас жігіттер мен қыздар домбыра, гармондарын ала келіпті. Тіпті есіктен кіре бере Салиқа шырқатып әнге баса жөнелді. Оған анау жастар қосыла шырқаса бола ма?..

Міне, домбыра Ерболдың қолына барды. Салиқа ұсынды.

— Ер-ага, даусыңызды сағындық! Мынау көгенкөз інілеріңіз бен қара көз қарындастарыңызды сіз де сағынған шығарсыз... Шырқаңызышы бүгін, бұрқаңызышы бүгін! — деген тебірене сөйлеп.

Ербол күттірген жоқ. Ырғай мойын, торғай бас, сал

бөксе домбыраны қағып-қағып қалды. Сұнқарды тағыға салар алдындағы дабыл даусындай. Қос ішекті үзіл жіберердей, қолы қолына жүқпай төгілтіп бір тартты кеп тартты... тартты кеп... Өзінің жеке отыргандағы толгар сарыны-тын, соны шертті. Ешбір күйшінің күйі де емес, ешбір әншінің әуені де емес, тек өзімен өзі қалған кезде тартатын бір алаң сыр толғаны болушы еді. Мынау сол.. Енді байқаса, мұның өзі бір күй екен да... Күй дегенің осылай туда ма қалай! Үйлесім тауып құйылып жатқан гажап әуез. Бұл өзі Ерболдың Ербол екендігін білдіретін тамаша жансыры еді...

Ербол ұзақ толғады. Жаңа ғана ішкен бір-ақ шөлмектің әсері ме, әлде іште өзекті күйдіріп бара жатқан өкініш-сүйініштің толқыны ма – Ерболдың қос жанары жасаурағандай. Ерболдың бет келбетіне қарап-ақ оның не туралы шертіп отырганын толық түсінуге болар еді. Осы бір мұнды сарында мынау ғұмыр жайлыш, оның ықпыш-жықпышы мен адыр асулады туралы, қайсыбір құлық пен сұмдықтың шылауында талай ақ, адал арманың алаулап жанып кетіп жатқанын да жырга қосатын сәттер бар сияқты. Өмір деген өзенде мөлдіреген тазалықпен бірге қойыртпақ нәжіс те агады білем.

Бәлки осы бір күй арқылы Ербол осыдан екі жыл бұрынғы көктайғақта машинасымен авария жасаған, со жолы анау «Жигули» иесінің қарт жеңгесінің аяғы сынғанын баяндал отыр ма... Сонда да Ербол осы мінезінен тапты. Қаланың қақ ортасындағы көшемен жайлап-ақ келе жатқан. Аяқастынан бұрылыстан бір мысық шыға келді. Қап-қара құндыздай екен. Ербол рульді солға бұрып қалды. Сол-ақ екен аба жадай «ЗИЛ» мұз үстінде шыр айналса болар ма! Қарсы келе жатқан «Жигули» артқы бортқа кеп ұрылды... «Жигули» арық-қа барып қисая құлаған. Алдыңғы терезесі быт-шыт... Арада екі апта өтпей-ақ Ербол мен «Жигули» иесі тіл

табысқан. Машинасын жөндеп берді. Сегіз жұз сомға түсті. «Қарт жеңгемнің аяғын дауламаймын... Сен әдейі қаққан жоқсың... Уш мың сом берсең, ізденбеймін... Келісейік» деп келіп, уәде байласқан-ды. Со жігіт, араға бір ай салмай-ақ сотқа арыз беріп, іс қозгады да, Ерболды соттады да жіберді. Бар әңгіме осы. Уш мың сом ақша бергеніне Ербол тілхат та алмапты. Сөзден айнып, уәдеден тайып кетеді деп тіпті де ойламапты. Міне, содан енді кеп отыр...

Ербол ән де айтты. Тұннің бір ортасына дейін думандатты. Кейін біраз жолдастары оңаша қалып, әңгіме-дүкен құрды.

— Эн мен күйді еш уақытта да қоймақ емеспін. Қайда да әнші керек екен. Күйші керек екен... Мені осындағы ән-би үйірмесіне басшылық қылуға бекіткен, — деп Ербол өткен өмірінен әңгіме айтады.

— Сондай содыр-сотқарлар да әнге құмарта ма? — деп қалды Салиқа абайсыз.

Ербол жалт қарады.

— Олай деме Салиқа... Әннің қажеті болмайтын жер бар ма адамға?.. Тек өлгенде ғана... Ал олар — тірі адамдар... Бәрінің де басы, миы, жүрегі бар... Көздері көреді, құлақтары есітеді...

Неге екенін кім білсін, Ербол біреумен ерегіскендей екілене сөйлеп кетті. Қарсы дау айтқан адам болса, ашуызадан жарылып кетердей. «Қиын өткелдің әсері болар» деп жорамалдады жолдастары.

— Сендер қалай ойлайсыңдар, осы! — деп Ербол бәріне қарап өтті, — Жазалы болған адамдардың бәрі о баста анасынан бұзақы бол туды деймісіңдер!.. Әлде олардың маңдайларына «Сотқар» деп жазып қойып па? Елдің бәріне бір өлшем жасауга болмайды... Мен ше? Содырлық менен шығатын ба еді? — Осыны бір ойланып қойсандар, зияны жоқ..

— Мәселен, — деді Ербол ентігін басып, — Менен уш

мың сом алып, алдаң соққан адамға не істеуім керек, айтыңдаршы?

Қадырқұл ойланып қалды.

— Сабыр ет балам!.. Кешірімді бол, сүк сөзді аузыңа алма, қарағым... Аман-есен ошағыңың басына жеттің. Ездің ісін естен шығар... Уш мың сом дүние боп па? Сенің бір күн алдымда отырганыңа тати ма, сен айтып отырган дүние-боқ!..

— Қой, дем алайық енді... — десіп жұрт дүрк көтерілді.

— Сен де дем ал, Ербол... өткен-кеткенді ұмытқайсың... Жанды қинап, қайтесің... Уш мың сом деген басың аман болса, бір жылдың ризығы да...

— Мәселе, ақшада ма екен?! — деп күрсінді Ербол бәрін шығарып сап тұрып... — Тегі, ол онбаган да масайрай бермес. Қулық-сұмдықпен қайда барады! Бір күні жазасын тартады... Мені шыңыраудан алып шыққан домбыра гой, ән гой.

## *ӘДІЛЕТ САЛМАҒЫ*

Неге екенін кім білсін, Әлібек шалды осы ауыл ғана емес бүкіл аймақ қарақшы Қараторғай атап кеткен. Шамасы, екі адамның басы қосылса, сөз бермейтін заржақтығынан осылай атаса керек. Ал қарақшы аталу себебі түсінікті: бұл маңда мал ұрлаудегендегі алдына жан салмайтыны – жұрттың бәріне белгілі. Өзі жұдырықтай ғана кісі болып тұрып, бір қауым қарақшыны билеп келген бедел иесі.

Сол Қараторғай күн үясына батар-батпаста Санабайдың үйіне келді. Қарап келген жоқ, сықпыртып сөйлей келген.

– Қарашаш, шайың қайнады ма? Өз аяғыммен келмесем, шақырып: «Уа, Әлібек!.. Неге бас сұқпай кеттің! Үйге кір» демейсің-ау, тегі. Мынау Санабайдың аузына тығасың барыңды... Содан мүйізі шықса, көрсетсінші, қанеки! Тойынған сайын пейілдерің тарылып барады. Есік-тесікке темір тор қагып, бір емес, бірнеше құлып сап, үйлеріңе біреу келсе, титтей тесіктен сығалап, сонсоң ғана ашасыңдар, ашсанңдар!.. Баяғы біздің заман басқаша екен-ау... Айдалада малы да, жаны да шашылып жата беруші еді. Біздің ісіміз тез бітуші еді. Қагып ап кете беруші ек...

– Сендерге қыын бол жүрекен де! – деп құлді Санабай мырс етіп.

Қараторғайдың жанарында бір сұық ұшқын ойнады. Санабайдың кісімсінген түріне қарап: «Ей, сасық!.. Ерегістірсең тапа-тал тұсте істерімді істеп кетем гой!» дегісі кеп еді, сабыр етті.

– Е, қайтесің, Сәке... Біз діттемейік... Біз діттесек, тоғыз қабат қоймаға тығып қойсаң да аламыз... – деді жай ғана.

Санабайда зәре қалмады. «Осы қарабет неге кеп жүр біздің үйге?.. Жай жүруші ме еді, бұл антурған!» деп іш тартып қалды.

— Ойнап қайтсақ та артық па, Қареке!..

Қараторғай үндемеді. Қараашаш ұсынған кеседегі шайды сораптап жұтып отырып:

— Сөзімді жауапсыз қалдырың-ау, Қараашаш, — деді. Қарааштың көзі алақ етті.

— Ойбай, қай сөзіңді?!

Санабай да танданған-ды. Қараторғай қайта бастады сөзін:

— Ел тойынған сайын пейілі тарылып барады демедім бе!.. Баяғы аралас-құралас сап тыйылған. Бәрі де темір есік істетіп, іштен құлып сап алған. Мынау елдің сиқысыз құлқын айтпадым ба?..

Санабай есін жиды.

— Е-е, тәйір-ай... Айттың, айттың... сөзіңнің өтірігі жоқ, бәрі рас. Бес саусақ бірдей ме? Нысапсыздар да жоқ емес. Баяғы біздің заман жоқ...

— Иә, солай ғой, — деп Қараашаш та қостады. Қараторғай шап ете қалды.

— Сөзің аузыңда, мені тыңда енді... Мына Санабайдың туған інісі Данабай бүгін келін түсіріп, той істеп жатса, сен екеуіңнің омалып үйлерінде отыруларыңа жол болсын?.. Мейір шапагат кеткені ме сенен?.. Нысып болғаның ғой сенің!.. Білсең, екеуіңе айтқалы әдейі кеп отырмын. Осынша елде ағайынды татуластырар дені сау бір еркек қалмаган екен демесін деп кеп отырмын. Екеуің де тойға барасың қазір. Сөз осы...

Санабай шаңқ-шаңқ етті.

— Бұныңыз жерге пышақ салма, көкетай!. Бармаймын да, бетін де көрмеймін Данабайдың. Сөзім сөз, антым ант...

Қараторғай ренін бұзды. Үлкен жанары жарқ етті. Көзінің қарасынан аласы басым екен. Санабайдың өңменінен өтіп кете жаздады.

Қараторғай сыбырлай сөйледі:

— Бір гана сөзіңді айт: барасың ба, жоқ па?! Санабай зар-зар етті.

— Айналайын, Қареке! Қалай барамын, жағамнан алған... Міне, мынау жағамды жыртқан Данабайды қайтіп ғана кешір дейсің!. Мың жерден тентек болсам да, ит көйлекті бұрын тоздырған емес пе едім мен, а!. Ағасы емес пе едім мен, а?. Айдаладағы бір келімсектің баласы үшін менің жағамды жыртқан итті...

Қараторғай жай ғана:

— Қысқарт! – деді сұрланып. – Баrasың ба, жоқ па?. Санабай жылармандаі болды. Мандайдан шып-шып тер шықты. Қараторғай сөзін жалғады.

— Сені Әbdірей үшін үрган жоқ Данабай... Сенің надандығың үшін, пысықтығың үшін қол жұмсады інің... Сүйегіне таңба түсіргенің үшін жағаңнан алды ол... Өзі мұсәпір боп ауырып жатқан Әbdірейге қарыз алған елу сомды алған жоқпын деп бас тартуың адамның ісі ме, соны айтшы, қане! Данабайдың сол ісі болмағанда, елу сомның орнына бес жұз сомға шу түсірейін деп едім... Данабай үшін ғана... Ініңнің адамгершілігі үшін ғана амалым таусылып қалған... Санабайдың реңі боп-боз болды.

— Ә-ә, солай де... Қорадағы қойға шабамын де... Ағайынға ауыз саламын де...

Қараашаш араға тұсті.

— Құдайым-ай, сендерге не болды?. Бірге өскен қатар-құрбы деп кім айтады сендерді...

— Баrasың ба, жоқ па! – деп тағы қадалды Қараторғай.  
— Бір ғана сөзінді ұсташы қазір...

Санабай әйеліне қарап жалтақтады. «Қайтеміз?» дегені. Қараторғай Қараашашқа қадалды.

— Неге үндеңейсің, Қараашаш?! Саған алақтап отыр гой мынауың... Бар пәле сенде ме деймін, осы...

Қараашаш шоршып тұсті.

— Ойбай, жоқ... Ағалы-інілі адамның арасына от тастайтын адамың мен емес... Барсын тойына... Бармасын деймін бе!..

Қараторғай көзімен сандықты нұсқады.

— Аш ендеше, анау сандықты!.. Ал ішінен мата-  
сатаңды... — деп енді Санабайға бұрылды. — Эй, Санабай,  
анау сарайдағы торы құнанға үкі тақ. Қалған екі бие  
мен көк айғыр тақияңа тарлық қылмайды... Қолды бол  
кетіп, қалың өлдің алдында масқара болып, ойбайлап  
қалғаннан гөрі ініңің тойына апарып, абырой ал!..

Санабай қара терге түсті. Бармаймын десе мына  
қарабет ашығын айтып отыр. Бұл айтса, бітті... Талай  
жерде осылай алдымен ескертіп бол, қан қақсатып  
әкеткенін есіткен-ді. Өзі үйінде жатып-ақ, табалды-  
рығынан аттап шықпай-ақ алады. Қараашаш та орны-  
нан түрегеп сандық үстіндегі көрпе-көпшіктерді жерге  
түсіре бастаған.

Қараторғай тікендей қадалып:

— Бір ғана сөзіңді айт, кетемін, — деді тағы да. Санабай  
жылармандаған бол:

— Болсын, дегенің... Барамын... Сөзім осы... — деп  
отырып қалды.

Қараторғай етегін қағып орнынан тұрды да, шығып  
кетті.

Жаздың қара көк аспанына жымың-жымың етіп  
алғашқы жұлдыздар шыға бастаған екен. Қараторғай да  
сол жұлдыздарға қарап күлімсіреді.

## ШЫБЫҚБЕЛ

Әп-сәтте көк пен жердің арасы аппақ болды да кетті. Байжансайға баар жол Қаратудың бел омыртқасын кесіп өткендей қос жартастың арасымен кетуші еді. Оның бер жағындағы ойпаңда Леонтьевка аталатын елді мекен бар. Жүзге тарта үй тұрады. Міне, дәл сол ойпаңдан қазір сұрапыл жел ысқырынып кеп ышқынған боранға ұласып жатыр. Жаңа ғана жарқырап тұрган дүние қас пен көздің арасында түк көрінбес түнекке айналды. Бет қаратпас көк дауыл көтерілді. Ат үстіндегі Асқарбек ерге жабысып, әрең отыр. Жұлқынған жел арқасынан да итеріп, етегінен де тартып жатыр. Кейде жұлып кетердей бар екпінімен кеп килігеді.

Бәріне өзі кінәлі. «Бұгін жүрменіз... Далада жатқан жоқсыз. Елміз гой... Мына даланың сырын білеміз, біраз құтырынған боранның белі үзілсін» деп қанша жалынды жігіттер. Асқарбек көнбеді. Олай болатын да жөні бар. Бұлар командировкаға келгелі екі аптадан асып қалған. О кезде құтырынған жел де, ысқырынған боран да жоқтын. Асқарбектің бұл өлкеге алғашқы келуі осы. Бұрын бұл елдің боранын да, дауылын да көрген емес. Ауданнан шыгар кезде ғана қасына ерген Бөстекбай «Қыс кезінде Шыбықбелден асудың керегі жоқ еді» деген. «Ендеше неге айтпадың ертерек...» деп Асқарбек реніш білдірген. Бөстекбайдың бөтен бостекі әңгімеге құмарлығын аз жігіт екенін со жолғы жауабынан аңғарды. «Сіз үн демеген соң, мен де үн демеп едім» деді. Сол Бөстекбай үш күннен бері ауырып, төсек тартып жатыр. Оның ауданға жетуге де шамасы жоқ. Қатты сұықтап қалған сияқты. Келген шаруасы біткен соң Асқарбек бір күн де аялдамай кері қайтатын әдетіне басып, бұл жолы да тартып кетпек еді, боранбасылмады. Сондағы кедергі осы Шыбықбел. Ұзындығы екі шақырымға жете ме, жетпей ме – аттылы адам насыбай атып біткенше өте шығатын-

ақ жер. Асқақтап тұрған биік асу да емес, жіңішке ғана қырат. Өзінің екі жағы да ойпаң. Сондықтан болса керек, аргы сайдан ескен жел екінші сайға өтер тұста барынша құтыратын әдет тапқан. Кәдімгі ұстарамен сыпырғандай қырқып түседі. Тіпті телефон бағаналарын жұлып әкетеді екен. Шыбықбелдің бораны есіріп алған шағында жолда кездескеннің бәрін быт-шыт қылатын құсайды. Осы елдің айтудында, Шыбықбел талай адамның өмірін қиған, талай адам үсіп өлген. Трактормен іздел шығып та таба алмаған. Тіпті тракторыңың өзі де сенімді көлік саналмайды Шыбықбелдің үстінде. Соның бәрін есітіп тұрып-ақ Асқарбек жолға шыққан-ды. Бүтін боран басылып, күннің көзі жарқырап көрінген соң Асқарбек шыдамады. Бір-екі аптасыз машинаға жол ашылмайтынын есіткен соң, әсіресе, төзімі таусылған. «Қолсозым жерден атпен-ақ өте шықпаймын ба, тәйірі» деген-ді. Биікке көтерілгенше біраз жер екен. Асқарбек Шыбықбелге ілінгенше, сары сәске болды. Күн баяғыдай жарқырамаса да, сәл ғана құлақтанып тұрғанын байқап, Асқарбек «тәуекел» деген. Кері қайтуға да арланған-ды. Оның үстіне, Шыбықбелге көтерілген соң, оның екінші шетіне көзді ашып-жұмғанша жетіп қалатындақ көрінді. Алғаш атты желдіріп өте шығармын деген ой бар еді, енді ойдың күлі көкке ұшты. Жел айдаған қар сіреу боп сіресіп жатыр екен. Байқамаса, тегіс жер дегені, аттың омырауынан келетін оп-ойпаң боп кездеседі. Бар маңай аппақ, қай жер шұқыр, қай жер тегіс-біліп болмайды. Кәдімгі машиналар жүретін жол зым-зия. Сонау төменин кеп Шыбықбелге жеткен жол да бар, Шыбықбелге көтерілген жол жоқ. Оппа қарға малтығып Асқарбектің жүрісі өнбеді. Жалғыз ғана көңілге медеу – Шыбықбелдің қысқалығы. Біраз жүрген соң, Асқарбек кілт тоқтады. Өйткені, қардың арасынан бір нәрсе қарайып көрінген-ді. Анықтап қараған Асқарбек, қараған заттың телефон бағаны екенін байқады. Бейне

бір снаряд жұлып кеткендей, қақ ортасынан бөлініпті, ырсып тұр. Бас жағының қайда екені белгісіз...

Енді мінеки, ат үстінде әрең отыр. Қайда бара жатыр – ол да белгісіз. Ығып бара ма, тура келе ме – оны да анық білмейді.

– Үғу деген сөз – өлімге бас тігу деген сөз... – деп күбірледі Асқарбек өзіне-өзі. Сөйтті де аттан тұсті. Екі аяғы сіресіп қалған екен, құлап қала жаздады. Тізгінен тартып әрең бой түзеді. «Неге құламай, түрегелдің!» дегендей ысқырынған жел кеудесін итерді. «Оныңа көне қоймаспын мен!» деді іштей тістеніп Асқарбек. Ат дірдір етеді. Өзінен-өзі бүрісіп, ығысып бара жатыр.

– Жануар! – деді дауыстай сөйлеген Асқарбек. – Мен сені өлімге бермеймін! Ондай опасыз итің мен емес...

Неге екенін кім білсін, дауыстап сөйлегеніне Асқарбек қуанып қалды. Қасында сөйлесетін тірі жан иесі барына, жалғыз емес екеніне қуанған еді. Тіпті атты сонша іші елжіреп жақсы қоріп кетті. Асқарбектің көңіліне адамның сөзіне ат та түсінетін секілді. О да билетін сияқты басқа түскен қауіпті...

«Бір жарым – екі шақырым ғана» деп ойлады Асқарбек жол шамасын. Бет қаратпай ұрып тұрған қарлы дауылға оň иығын тосып, ол алға қарай тартты. Жел дедектетіп әкетердей бол сол жаққа қарай итерді. Асқарбек барын салып оň жаққа қарай ұмтылады. Жел өтіне бөксесін тосып ат жиі-жиі тұра қалады. Асқарбек тізгінді жұлқа тартып, ілгері сүйреді. Тіпті кейде ауызға қар тығылып, тұншығып қалады. Ондайда Асқарбек өз омырауына аузын тығып, біраз демалып алады. Бетті от қарығандай осқылаған боран үдемесе, бәсендер емес. Аңша ұлиды, жыланша ысқырады....

Жол ұзағандай секілді Асқарбекке. Өзі де шаршаган еді. Эншейінде әжептәуір көрінетін былғары қолғап нағыз боранда бүйім емес екен, екі қолы сіресіп илікпейді. Ат тізгінің тартқандағанда қолында жан бары сезіледі.

— Адастым ба? Ықтыйм ба?.. — деді сыбырлай сөйлеген Асқарбек.

«Жолдан қиыс кеттім бе екен? — деген ойдан соң ол өзін-өзі қайрагандай қуатқа мінді. — Қанша рет адаспап едің сен, Асеке!.. Бірақ соның бәрін жеңіп ең гой?!»

Осы бір дүркін ойдан соң Асқарбекке бір сергектік біткендей болды.

Ол енді қанша уақыт өткенін, қай тұске келгенін білген жоқ. Аспан мен жердің арасы тұтасқан ақ боран. Анық екі-үш қадым жерден аргысы көрінбейді. Бұл маңда құзар шынырау, кұлама жар жоғы ғана көңілге мedeу. Ауданнан келе жатқанда байқаған-ды: жазық, бір тегіс ылди болатын. Оның аяғы Шошақбұлаққа ұласу керек. Ығысып, ылдига ыққанда да Асқарбек көп үзай қоймаған болуы керек. Әрі кеткенде Қорықшының тамынан бірер шақырым жер төменде болармын деген ойда еді... Бірақ ешқандай дыбыс естілмеді. Шыбықбелде адасқандарды құтқару үшін әдейі қорықшы қойғанды бұл ауыл. Тіпті үй де сап берген. Қарамағында екі тракторы да бар. Боранда қалғандарды құтқару соларға тапсырылған деп есіткен-ді. Бәлки, іздеуге шыққан адамдар таппай жүрген болар...

Кенет Асқарбектің жетекке алған аты омақаса құлады. Өзі де ылдига құлап тұсті. Кішкентай ғана шұқыр құсайды. Бір жағы жарлауыт екен. Асқарбек пен аты ысқырынған боранда әрең дегенде тегістікке шықты. Жігіт дүр сілкінген атының басын өзіне тартып ап, көкірегіне қысып біраз тұрды. Аттың екі көзіне қарады. Жанары жаудырап тұр екен. Кәдімгі қоңырқай қос жанар. Кірпігін қағып-қағып қалды. Асқарбек тағы да ілгері тартты...

Жолаушы қанша жүргенін білмейді. Маңайға қара көлеңкеленіп тұн түсे бастағандай. Өзінің барынша шаршағанын сезіп келе жатса да, жігіт тоқтар емес. Әсіресе дәл осындағы қалжырау шағында бөгес тауып,

аялдар болса, оның соңы неге соғатынын ол сезеді. Ұйқы қысқандай бола ма-ай, денесі балбырагандай бола ма-ай, әйтеуір бір дел-сал халге ұшырады. Тұрган жеріне қисая сап, шырт үйқыға шым батып жата кеткісі де келді Асқарбектің. Ысқырынған боран бұрынғыдай емес, тіпті әлдилеп ән айтып тұргандай...

Асқарбек басын көтеріп алды. «Жо-оқ.. Бұл үйқы емес... Мынау боранның үні емес, ажал даусы ғой. Ешқандай да үйқыға жол жоқ... Жо-жоқ!» деп айғайлап жібергісі келді. Қалың үйқыдан оянғандай, бұрынғы қалпына келді.

— Егее-гей! — деп айғай салды. — Еге-ге-гей!

Асқарбек тағы да ілгері аяңдады. Қайда бара жатыр, әңгіме осында емес, мәселе қозғалыста. Ал қозғалыс дегеніңіз – дәл қазір оңай шаруа емес. Әсіресе табан асты көзге көрінбейтін қараңғылық тұскен соң, аяқ басу қиын бола бастады. Қасындағы аттың тек тұмсық тұсы ғана көрінеді. Басқа денесін қараңғылық жұтып кеткендей. Бұл кезде Асқарбектің үстіндегі қара тоннан қауқар кеткендей, екі жауырының арасы аши бастаған. «Бір жардан ұшып өлмесек, біз тоқтамаймыз!» деді іштей ол. Желді оң иығына алып Асқарбек ілгері аттады...

Құтырынған боран қалай басталса, солай кілт басылды. Бар маңай құлаққа ұрған танадай жым-жырттына қалғанда, Асқарбек аң-таң боп, серейген күйде тұр еді. «Құтырған дүлейді кім қуып кетті?» деген ой келді алғаш. Аты да жалтақ-жалтақ етеді. Бір сәт сілейіп қалған Асқарбек жан-жағына қарай бастады. Айнала аппақ қар. Аспан да бұлттан арылыпты. Жұлдыздар самсап-ақ тұр екен. Сол жұлдыздармен бірге Асқарбектің кеудесіне де жарқыраған жұлдыздар кіргендей болды. Қарсы алдында қолсозым жерде бір ауыл жатыр. Олардың үстінде де самсаған электр шамдары. Самаладай...

Асқарбектің қуанышы қойына сыймай, бір шаттанды дейсің. «Айналайын тұған жерімнің қасиетті

нұрлы тұні-ай!.. Қандай әсем едің!.. Қандай сұлу тұн еді мынау! Неткен ғажап дала! Сенің бораның да керемет!.. Сенің дауылың да ғажап!.. Осындай Шыбықбелің болмаса біздер батыл болар ма едік, біздерден шыныққан ұлан шығар ма еді, қыран туар ма еді бұл далада!.. Табиғатың да тәрбиелейді-ау біздерді!.. Айналайын, айналып қана кетейін туган жерім менің!» дегенде Асқарбектің жанарынан бір жұлдыз жалт ете берді...

Қуаныштан көзіне жас келді.

## МАЗМУНЫ

Жанарайм, жарық дүнием .....	3
Қыз күнделігі .....	101
Байдостың әңгімесі .....	150
Қош бол, альбом! .....	187
Немере .....	221
Әңгімелер .....	248
Қонақтар .....	248
Шіркін, дәурен-ай! .....	256
Қайсар .....	261
Домбыра .....	268
Әділет салмағы .....	273
Шыбықбел .....	277

**Еркінбай ӘКІМҚҰЛОВ**

**НЕМЕРЕ**

Редакторы Құандық ТҮМЕНБАЙҰЛЫ  
Техникалық редактор Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ  
Компьютерде беттеген Эйгерім ЖАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ

**ISBN 978-601-03-0450-5**



9 786010304505

A standard 1D barcode representing the ISBN number 978-601-03-0450-5.

**ИБ №10**

Басуға 14.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 84x108  $\frac{1}{32}$ .  
Қазақ оғсеттік. Қаріп түрі "LazurskyD".  
Көлемі 15 ш.б.т. Тарапымы 5000 дана.  
Тапсырыс №20/2296.

**"ҚАЗАҚПАРАТ" баспа корпорацияның баспаханасы**







© Viva! Augmenter la biodiversité  
Magasin, centre d'information et laboratoire



000001537752

